



ҮЗДІК ШЕТЕЛ КЛАССИКАСЫ

Әзиз
НЕСИН

Сиқыр айна

ӘҢГІМЕЛЕР

Аударған
Ғаббас Қабышұлы

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана – 2019

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44
Н 50

Несин, Әзиз

Н 50 Сикыр айна : әңгімелер / Аударған Ғ. Қабышұлы. – Астана :
Фолиант, 2019. – 344 б. – (Үздік шетел классикасы).

ISBN 978-601-338-249-4

Әзиз Несин – әлемдік әдебиет айдынында өзіндік қолтаңбасы бар тұғырлы жазушы. Ол қалам ұстаған 56 жылда әзіл-сықақ әңгімелерінің 34 жинағы, өлеңдерінің 5 жинағы, 8 романы мен 6 пьесасы жарық көрген. Бүкіл адамзатқа ортақ құнды дүниеге айналған оның әңгімелері белгілі жазушы, сатирик, аудармашы Ғаббас Қабышұлының көркем баяндауымен қазақ тілінде өз оқырманына жол тартып отыр.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44

ISBN 978-601-338-249-4

© Несин Ә., 2019
© «Фолиант» баспасы, 2019

ОҚЫРМАНДАРЫМА МЫҢ БІР СӘЛЕМ!

Сіздерге өмірімнен біраз сыр шертіп беруге рұқсат етіңіздер.

Әкем Стамбұлға он үш жасында Анатөлі маңындағы бір алыс ауылдан келіпті. Бірнеше жылдан соң шешеммен танысыпты, бейтаныс қалаға ол да Анатөлінің бір ауылынан жұдырықтай ғана қыз кезінде келсе керек. Жарық дүниені көруіме жәрдемші болған ол екеуі үлкен қалаға о қиыр мен бұ қиырдан келіп табысыпты.

Қашан, қайда туу мәселесінде менде, әрине, ерік болған жоқ. Ал мен мына өмірге келген 1915 жыл – тым қолайсыз түс – бірінші дүниежүзілік соғыстың ең қырғын сәті екен. Туған уақытым былай тұрсын, тіпті туған жерім Хейбелиадтың да аса қолайсыз болғанын қайтерсің – ол Патшазада аралдарының біреуі, жер бетінің жұмағы болған, ондай жерде мен сияқтылар тұруға тиіс болмаған. Әйтсе де мен қалтасы қалың қаһарлы түріктердің сол жұмағында туыпшын. Ал бұл дүниенің мықтылары кедейлерсіз күн көре алмайтыны анық қой, сондықтан біз Хейбелиадты мекендеп тұра беріппіз.

Өзімнің бай, текті, атақты әулеттен шықпағаныма күні бүгінге дейін шүкіршілік етіп жүрмін.

Маған Нүсрет деп арабша ат қойыпты, ол «Алладан медет» деген сөз көрінеді, шынында, маған лайық-ақ ат екен!..

Мен Алладан басқа кімнен рақым күтуге тиіс едім? Бүкіл үй ішіміз болып тек Алладан медет күтпедік пе?!

Баяғыда спартандар әлжуаз, дімкәс балаларын өлтіріп тастайды екен де, көнтері, төзімді балалары ғана өмір сүреді екен. Қазіргі кезде ондай іріктеуді өмір мен қоғам жүргізеді.

Егер ағайынды төрт ұлдан жалғыз қалғанымды айтсам, қаншалықты төзімді, тыртысқақ болғанымды түсінерсіздер. Шешем байғұс ұзақ өмір үшін, бақыт үшін жаратылған жарық дүниеде тіршілік тауқыметіне төтеп бере алмай әбден қалжырап, титықтап, ақыры жиырма алты жасында көз жұмды.

Мен он жастағы бозөкпе шағымда-ақ жазушы болуға бел байладым. Егер сол кезде дәл бүгінгідей ойлана білсем, өмірдің өзімді әлі талай тәлкек ететінін күні бұрын сезген де болар едім. Ал тұқымында әліпті таяқ деп білетін тірі пенде жоқ адам Түркиядай мешеу елде дәл сол тұста жазушы боп шықса, қандай ғаламат болар еді десеңізші!

Әкем де баласының болашағын ойлай білетін басқа әкелердей қамқор жан еді. Ол: «Шырағым, сен жазушы-мазушы дегенінді қой, күнкөрісінді ойла» дейтін. Амал не, әке тілін алмадым.

Ойға алған ісім көбінесе орындалмайтын болды, ал орындалатын істі мен ойға алмайтын болдым. Жазушылықты көксеп жүріп әскери киім кидім. Қолыма қалам орнына мылтық ұстатты. Ол кезде кедей-кепшіктің балалары әскери училищелерде ғана тегін оқи алатын. Мен де училищеге түстім, сөйтіп, азапты жолым басталып-ақ кетті.

1934 жылы бір заң шықты да, әрбір түрік өзіне аты-жөн алуға міндетті делінді. Кім қайсысын алса да ерікті болды. Бар пәле содан басталды. Өліп бара жатсаң аузыңа су тамызбайтын сарандар «Жомарт» деген атқа жармасты, сужүректер «Ержүрек» болып, жатыпшішер жалқаулар «Елгезек» болып шыға келді. Шимайлап қол қойғаны болмаса, өз

төтесінен хат та жаза алмайтын бір мұғалім «Ғұлама» дегенді иемдене қойды!

Ал маған тым болмаса бір уақ өркештеніп жүрерлік дені дұрыс аты-жөн бұйырмады, сонсоң «Несин» дегенді ала салдым. Жұрт атап шақырып сөйлескен сәттерде өзімнің кім екенімді, не екенімді ойлап жүрейінші деп ұйғардым.

1937 жылы маған офицер дәрежесі берілгенде, сірә, Наполеонмен теңескен-ақ шығармын деп ойладым. Ол кездегі жас офицер атаулының бәрі өзін Наполеонға балайтын. Даңққұмарлық кейбіреулердің сүйегіне сіңген сырқатқа айналады. Ондай әрі қауіпті, әрі жұқпалы дерттен тезірек айығуға тырысу керек. Ол сырқаттың мынадай белгілері бар: даңққұмарлыққа шалдыққандар Наполеонның жеңісін ғана ойлайды, жеңілісін ұмытады. Олар оң қолды омырауға сұғып сіресіп тұрады да, карта бетін қызыл қарындашпен оскылап, дүние жүзін бес минутта жаулап алады. Шатылған ойдан шақшадай бастары шарадай болады, төңірегіндегілердің берекесін кетіреді. Сырқаттың созылмалы түрі де ұшырасады. Өзін: Ақсақ Темір, Шыңғысхан, Аттила, Ганнибал, Мольтке немесе – бетсізге дауа бар ма – Гитлермін деп ойлайтындар өте-мөте қауіпті сырқатқа ұшыраған болады.

Жиырма үш жастағы желөкпе офицер шағымда мен де қызыл қарындашпен картаны тілгілеп, дүние жүзін күніне бірнеше рет жаулап алып жүрдім. Бірақ, сәтін салғанда, сырқатым бір жарым жылға ғана созылды, асқына қойған жоқ.

Әңгіме жазуды әскерде жүргенде-ақ бастадым. Ол тұста әскери адамдардың баспасөзге оны-мұны жазғанын ешкім құптамайтын. Сондықтан әңгімелеріме Әзиз деп әкемнің қолын қоюға мәжбүр болдым. Сол бүркеншік ат ақырында Нұсрет екенімді ұмыттырып, Әзиз Несин болып кеттім.

Көптеген жазушылар сияқты, мен де қадамды өлең жазудан бастадым. Бірде Назым Хикмет өлеңдерімнің нашар еке-

нін айтып, оған уақыт кетірмеуге кеңес берді. «Сен әңгіме жаз, роман жаз» деді ол. Жастық жаза баспай жүре ме: «Назым Хикмет менің өлең жазғанымға іштарлық жасады-ау» деп ойладым. Ал қазір әлдекім менен «Өлең жазуды неге қойып кеттіңіз?» дей қалса, оған: «Түркияда өлеңмен жан сақтай алмайсың» дер едім. Әйтпесе, шынымды айтсам, поэзиямен шұғылдануды қойған бір ғана себебім: өз басым әдебиеттің бұл түрін шексіз қастерлеймін. Әлдекім менің өлеңдерімді әлі ұмытпаған болса, оған таңданбай-ақ қойыңыздар, өйткені ол өлеңдерім әйелдің атынан шыққан болатын. Кезінде ол «байғұс әйелге» ғашықтық хат жаңбырдай жауғанын да жақсы білемін.

Тұңғыш әңгімемді жаздым да, журналға алып бардым. Редакторы бір қызық кісі екен, оқыған жұрт жылайтын шығар деп ойлаған әңгімеме ол сақылдап кеп күлді де: «Бәрекелді!.. Тамаша!.. Осындай етіп жазып, бізге әкеліп түр!..» деді.

Менің таусылмас таңданысым басталды. Әңгімелерімді оқыған жұрт жылаудың орнына күлетін болды. Сонсоң мен көңілсіз әңгіме жазып күлдіруге төселіп алдым. Дегенмен қазір атағы шыққан әзілқой болсам да, әзіл-әжуаның не екенін тап басып айтып бере алмаймын. Әзіл әңгіме қалай жазылатынын жұрт менен жиі сұрайды. Әлде солар менен әңгіме жазудың дайын рецептін, болса тіпті жұта салатын таблеткаларын алсақ дей ме екен?.. Тәжірибемнен таратып, жауапкершілікке сайдырып айтайын: Шырағым, әзіл-әжуа – ойыншық емес.

1945 жылы мен қызмет істеп жүрген «Таң» газеті өкімет орындарының айтағына ерген әлдебір сойқандардың соққысына ұшырады да, жұмысымнан айырылып қала бердім. Жұмыс таба алмай ұзақ сенделдім. «Әзиз Несин» деп қол қойылған әңгімелерді тірі пенде алмайтын болды. Газет-журналдарға оны-мұны жазу үшін әр түрлі бүркеншік атпен қол қоюыма тура келді. Сол тұстағы бүркеншік аттарымның

ұзын саны екі жүзден асты. Бас мақала, фельетон, репортаж, полиция кәсібін, ғашықтық хикаяларын, әңгімелер жаздым. Кез келген жанрда жаза бердім. Газет иелері сезіп қойған сайын бүркеншік атымды жаңартып отырдым.

Бүркеншік аттарымның былығы да аз болған жоқ. Мәселен, бірде қызым мен ұлымның аттарын біріктіріп «Оя Аташ» деп қол қойып, балаларға арналған әңгімелер кітабын шығардым. Ондағы әңгімелерім бастауыш мектептердің ойын-сауықтарында оқылып жүрді. Әңгімелердің авторы Оя деген қыз емес, Әзиз Несин деген жігіт екенін ешкім білмеді. Бір әңгімеме француз болып қол қойып жіберіп едім, оным дүние жүзі юмористерінің антологиясына француз жазушысының әңгімесі деп енгізіліпті. Қытай болып қол қойған әңгіме қытай тілінен аударма деп жарияланыпты.

Жан сақтау үшін әңгіме жазумен қатар бақалшы да, жидашы да, есепші де, газет сатушы да, фотограф та болдым, бірақ ешқайсысынан көсегем көгере қойған жоқ.

Әңгіме жазғыштығымның арқасында түрмеде бес жарым жыл жаттым. Жарты жыл өмірімді Египеттің королі Фарук алды. Менің бір әңгімеме ол қатты шамданды, «Сезікті сәкірер» демекші, «Мені мазақтады» деп Анкарадағы елшісі арқылы сотқа сүйреп есімді шығарды.

Бірінші әйелімнен екі бала, екінші әйелімнен екі бала бар.

Бірінші некелесуімді «Компарсито» тангосын құйқылжып, офицер жолдастарым қылыштарын ойнатып өнер көрсеткен думанмен өткіздік. Екінші жолы неке жүзігін саусағыма түрме торы арасынан кигізді. Торда отырып той жасап кім жетіссін!..

1956 жылы әзілқой жазушылардың халықаралық конкурсында бірінші жүлде мен «Алтын пальма бұтағы» медалін алдым.

Бұрын менің әңгімелерімнен ат-тонын ала қашатын газет-журналдар енді аяғыма оралып, есімді шығаратын бол-

ды. Бірақ ол күй ұзаққа созылмады. Күндердің бір күнінде менің аты-жөнім газет бетінен тағы ғайып болды. Оны жарық дүниеге қайта әкелу үшін тағы бір «Алтын пальма бұтағын» алуға тиіс болдым, сөйтіп газет-журналдарда қайтадан қылт-ия бастадым. Әзілқой жазушылардың 1965 жылғы халық-аралық бөйгесінде маған бірінші орын мен «Алтын кірпі» медалі берілді.

1960 жылы мамырдың 27-сінде Түркияда саяси төңкеріс болды. Мен оны қуана қарсы алып, «Алтын пальма бұтағының» біреуін мемлекет қазынасына сыйға бердім. Іле-шала мені түрмеге тағы жапты... Алдағы уақытта қажеті боп қалар-ау деген оймен екінші «Пальма бұтағы» мен «Алтын кірпіні» әзірше қолымнан шығармай жүрмін.

Көпшілік менің жиыны екі мыңнан астам әңгіме жазғаны-ма таңданады. Оның несі таң? Егер асырауымдағы жандардың саны онның орнына жиырма болса – онда мен әңгімені де екі есе көп жазған болар едім.

Төңірегімдегілерге әлі күнге сездірмей келе жатқан екі нәрсем бар: біреуі – қажып жүргендігім, екіншісі – жасым. Басқа құпия дәнеңем жоқ... Сен әлі жап-жассың деседі маған. Сірә, сіңбіруге мұршам болмай, қартаюға уақыт таба алмай жүрсем керек.

Кейбіреулердің: «Екінші рет тусам да, өмірден осы күйімде өгуді қалар едім» дегенін құптай қоймаспын деймін. Егер мен екінші рет тусам, бұған дейінгімнен әлдеқайда көп, әлдеқайда жақсы еңбек етер едім.

Адамзаттың тарихында ажалдан қашып құтылып кеткен бірде-бір айлакердің болмай келе жатқаны өкінішті-ақ, әйтпесе мен де одан қалыспас едім. Алдымда сондай өнеге болмаған соң, қайтейін, күні ертең көппен бірге өлмеске амалым жоқ, – бір жақсысы, әйтеуір, өлгенім үшін өзім кінәлі болмаспын...

Мен балаларды, өмірді сүйемін және сол үшін кейде өзімді-өзім жазғырып та жүремін.

Менің өмірім туралы әлі аяқталмаған әңгіме осы. Оқырмандардың шұбыртпа сөзді ұната қоймайтынын, істің ақырын тезірек білгісі келетінін тәжірибемнен байқадым... Істің ақыры немен тынарын өзімнің де тезірек білгім келеді.

1974 жыл

ДОСТАРЫМ, КЕШІРГЕЙСІҢДЕР!

Сабахаддин Әли¹ екеуіміз әзірлеген «Марқапаша» сықақ газетінің алғашқы саны 1946 жылғы қарашаның 25-і күні жарық көрді. Сонда шыққан бір әңгімемнің әуені былайша:

Өмірде қайғы да, қуаныш та – бәрі болады.

О, достарым! Сендерді аңдаусызда ренжітіп алған бейбақ болсам, кешіргейсіңдер!

Жайсаң жанды көрші-қоландарым, сендермен де жүз шайысып қалып жүрдім-ау деймін, ондайым болса, сендер де кешіре көріңдер!

Аяулы әке-шешем! Кешу-шешу жасасайық, бұл берекесіз ұлдарыңмен есептесіп қайтесіңдер!

Айналайын балаларым! Келіндерші, кел, көздеріңнен сүйгізіндерші! Мендей әкелеріңді енді көре аласыңдар ма, жоқ па, Құдай біледі. Ораларым беймәлім сапарға бет түземекпін...

Құдай қосқан қосағым! Бәріміз де күнәһар пендеміз ғой, оны-мұны иттігім болса, сен де кешіресің!..

Ал сіздер ғой: «Өй, мынау барса келмеске айдалмақшы ма?» деп отырсыздар, ә?.. Е, ол жақтан мен не табамын, құрысын!

¹ Сабахаддин Әли – түріктің озық ойлы жазушысы (1907-1948 жж.).

«Соғысқа аттанар» дейсіздер ме?.. Жо-жоқ, ат басындай алтын берсе де бармаймын!

Ақ адал өлімге ме?!. Оның бетін әрмен қылсын!

Әлде: «Өзіне-өзі қол жұмсар» дейсіздер ме?!. О деген! Ақымақты тапқан екенсіздер!

«Енді не көрінді?» ме?.. Не көрінгенін айтып берейін, тыңдаңыздар. Бізде бір газет шықпақшы. «Марқапаша» деп аталмақ. Сондағылар маған: «Бір фельетон жазып беріңізші!» деп жатып жалынғаны. Келістім.

Әрқашан жалбарынарым – Жаратқан Иеміз, одан кейін – баспасөз жөніндегі заң. Ақыры қалай боларына көзім жетпейді. Е, мейлі! Ішпесең – шарапқа обал, жазбасаң – қаламға обал.

Уа, достарым, көршілерім, жақын-жақыбайларым! Көңілдеріңізді көншіте алмасам, «Түйсіксіз неме!» дей көрмеңіздер. Тәуекел деп, баспасөз жөніндегі заңға сиынып алып, жазарымды бастайын. Сонымен...

ЕРІКСІЗ ДЕМАЛЫС

Қадамымызды қадағалап қадалып отыратын қайырымды иелерімізге мың бір рахмет! Күні-түні көз жазбай бағып, біздің, газетшілердің, қалай бейнеттенетінімізді, қалай титықтайтынымызды бес саусағындай біліп алды. Сонсоң бізге дұрыстап демалдыртуды жиі ойлап, жұмысымыздан күштеп қол үздіріп, алыс бір меңіреу түкпірге апарып тастайтын дәстүр шығарды. Сөйтіп, біз күнделікті күйбеңнен жиі-жиі азат болып, тып-тыныш жатамыз. Нені ойласақ та, қанша ойласақ та – еркіміз.

Оңашада басымызға небір жайсаң ойлар келеді. Миымыз бүлк-бүлк қайнайды. Қайдағы-жайдағыны үйрене бастай-

мыз. Мәселен, мен қағаздан қайық-кеме жасайтын керемет ермек таптым. Қағаз болғанда әлгі сигареттің биттің қабығындай пәлесінен жасаймын. Сіріңке қорабын иіретін де өнер шығардым. Иіріп кеп жіберемін – тас еденге шарт ете қалады. Жалпағынан түссе, жағынды ұсатты дей бер, ал қырынан түссе, қылбұрау салады.

Бізге ол жақта қағаз-қалам бермейді. Ойыңа келген өсиет-мөсиетінді түрме терезесінің не шаң басқан, не қырау басқан шынысына жазасың (қай мезгілде апарғандарына қарай). «Босатады, босатпайды» дейтін санамақ ойынға не көйлегіңнің түймелерін, не төбені жабуға тізіп салған салмаларды пайдаланасың. Мен санауға жарайтынның бәрін сілем қата сандырақтағанымша санай беретін болдым. Өлшеуге жарайтынның бәрін өлімші боп құлағанымша өлшей беретін болдым.

Ой ойлауыма ешкім ешқашан шек қойған емес. Тәулік бойы көз ілместен ойланамын десем де ерікті болып жүрдім.

Ақты қара деудің қажеті қанша? Шындықты айту керек. Әрқашан. Мен өзі – өлсем де шындықты айтып өлуге бейіл жанмын.

Рас, мені дәретханаға да күзетпен апарып жүрді, бірақ, обалы кәне, ой ойлауыма ешқайсысы бөгет жасап көрген жоқ.

Айтып-айтпай не керек, мен қашанда ол жақта есіріп кетердей еркіндікте боламын.

КЕҢІРДЕГІҢДІ АЯМА!

Қара жолдың қақ үстінде екі кісі қырғын төбелес салып жүр. Біреуі мылқау сияқты, ал екіншісі жер-көкті күңірен-тіп барқырайды. Көпшілік екеуін қаумалап алған. Әлдекім тұрып:

– Төбелестің көркі – айқай. Кеңірдегің қып-қызыл ет боп кеткенше айқайлау керек! – деді.

Төбелестің бүге-шігесін түгел білетін бұл кім деп оған қарап едім – шынашақтай ғана шидиген біреу екен. «Мен білем ғой» деп қойды ол. Екеуіміз төбелескендерді қаумалағанның қалың ортасынан жырылып бірге шықтық. Ол сөз бастады:

– Қиырдағы қалашықта жұмыс істеп жүрген кезімде бір жылы демалысымды Стамбұлда өткіздім. Екі жылда өйтіп-бүйтіп екі мың лирадан² астам ақша жинап алғанмын. Демалысым біте бергенде бір бикешпен таныстым. Оны алдап-сулап, сылап-сипап жүруге уақытым қалмағандықтан: «Маған тиесің бе?» дедім төтесінен. Оның жауабы да келте болды: «Жаным-ау, менің аңсаған арманым өзіңсің ғой!» деп мойныма асыла кетті. Он екі мүшесі сау ма, жоқ па, жақсылап көріп алайын деген оймен оны жағажайға жетектеп алып бардым. Екеуіміз қатар тұрған екі күркешікке кірдік. Мен тез шешініп шықтым, ал қыз шығар емес. Ары тостым, бері тостым, сонсоң күркешігіне барсам, қыз жоқ. Басқа күркешіктерді де сүзіп шықтым – қалыңдығым да... ақшам да, аллау әкбар, жоқ! Жын ба, шайтан ба?! Ә, құрып қал, деп қолды бір-ақ сілтедім. Оларды іздеймін деп жүріп уақыт өткізіп алсам, мені жұмыстан шығарып тастайды ғой.

Жанымда қалған ақшам жарты жолыма ғана жетті. Амал не, бір бейтаныс стансада түсіп қалдым. Асқазаным ән салып тұр, қалтада қара бақыр да жоқ. Үйге жету үшін енді екі күн жаяу жүруім керек. Не істеймін?.. Не істеуші едім, қалашықты бетке алып жолға шықтым. Жүріп келемін, жүріп келемін. Жол таусылар емес. Аспан айналып жерге түсердей аптап ыстық. Арып-ашып, аяғымды әрең басып келемін. Көзім бұлдырай бастады. Айналам – қу дала, қарайған бұта да жоқ. Аштық пен шөл қатар діңкелетті. Ілбіп келемін. Ал

² Лира – түрік ақшасы.

дыңғы жақта әлде алмұрттың, әлде алманың ағашы сияқты бірдеңе қараяды. «Ненің ағашы болса да мейлі, ең құрығанда жапырағын талғасам да, қайда жатыр» деймін. Оған дейінгі жүз қадамдай жер маған жүз шақырымнан да алыс тәрізденді. Әлдезаманда ол ағашқа жетсем – қара өрік екен. Күнге күйіп-күйіп, құр сүйегі ғана қалғандай. Не болса да лезде сыпырып-сиырып асап-асап алдым. Ағаштың жанында бастау да бар екен. Суы қышқылтым болса да, шөлім қанғанша сімірдім. Құдайдың бергеніне шүкір деп тағы да жолға түстім. Жарты сағаттан соң бір ауылға жеттім. Фонтаны бар кофехана жанында бірнеше шал отыр екен. Олардың біреуі маған жылы қарап: «Жол болсын, жолаушым! Бұрылып, мөп-мөлдір салқын су ішпейсің бе?» деді. «Рахмет, жаңа ғана жолда бастаудан ішіп алдым». Шал маған кәдімгідей таңдана қарады: «Бастаудан ба? Немене, асқазаның аурушы ма еді? Ол – шипалы су, асқазанды жақсы тазартады. Оның күштілігі соншама, артыңа тығын тыға қойсаң, бір-ақ ытқытады!». Ол аузын жауып үлгергенше менің ішім бұрап ала жөнелді. «Алла!» деуге ғана мұршам келіп, шалбарымның түймесін ағыта-мағыта, бұтаның арасына қойып кеттім.

Айтып-айтпай не керек, ауылдан өтіп болғанша, одан кейін де әр он-он бес минут сайын тұра жүгіруден көз аспадым. Аяғымды сүйрете басып ілбіп келемін. Бір қырқаға шығып едім, арғы қыр астында тағы бір ауыл көрінді. Ортасындағы алаңқайда жыпырлаған халық. Журна үні естіледі. Бір кезде жұрт маған қарай лап қойды. Мен қай бұтаның түбіне жүгірсем екен деп тұрғанмын. Жұрт мені қаумалап алып: «Құрметті чемпион!.. Қош келдің!.. Чемпион!.. Палуан!..» деп даурыға айқайласып, мені қолпаштап, қоршап алды.

Ауылға кіре бере ішім тағы бұрап кеп қалды. Шыдатар емес! «Ғафу етіңіздер!» дедім де, ішімді басып алып, мешіттің ауласына сүңгіп кеттім...

Ауыл халқы алаңға лық толған. Аяңдап ауладан шықтым. Екі кісі мені қошеметпен қарсы алып: «Бас палуанға тайынша беріледі!» деп хабарлады.

Мен аң-таңмын. Алаң шетінде ошақ асылып, ет пісіріліп жатыр. Сілекейім шұбыра бастады.

– Батыр, күресті қашан бастайсыз? – деседі.

– Немене, сендердің салттарың ба бұл? Ауылдарыңа келгендердің бәрі күресуге тиіс пе?

– Мазақтағың келеді, ә, чемпион? Сені бүгін біз шақырдық емес пе?

«О, тәңірім-ай! Мынау пәле болды-ау! Чемпион емеспін десем, аузым аппақ болғалы тұр! Күресіп байқайын: не жығармын, не жығылармын... Біраз жағаласып көрейін, шатаққа айналып бара жатса, жата кетермін. Тамаққа бір тойғызса болды!..

– Өй, менің киімім жоқ қой?.. – деп ептеп бұлданып құтылғым келді, бірақ үлгермедім, ішімді құшақтап тағы тұра бездім... Қайтып келіп қарасам, – ұнағанын кисін деп палуанның киімдерін үйіп қойыпты. Ал еттің иісі аңқып-ақ тұр!..

– Чемпион түзге неге жүгіре береді? – деп күбірледі әлдекім.

– Үстіне май жағып жүрген шығар...

– Осы да палуан ба? Инеліктей имиген бірдеңе...

– Иә, құлағынан көтеріп тұрғызғандай ғой?!

– Сиқында нең бар! Жігіттің құдіреті бетінде емес, білегінде!

– Кейбіреу тоқпақтай болып-ақ түйені көтеріп кетеді!..

Палуан киімдерінің біреуін киіп көріп едім, мен сияқтының оны бірден сыйып кеткендей екен. Басқасы да кең болды, әйтсе де біреуін иығыма іле салдым.

Барабан дүңкілдеп, зурна сарнап қоя берді. Менің бәсекелесім де пайда болды: төбесімен көк тіреген дәудің өзі! Мен оның бір санындай ғанамын...

Палуандардың күрескенін талай рет көргенім бар, олар қаһарлана айқайлап күш шақырып, бәсекелестерін де айбындырып-ақ бағатын. Маған да сөйткеннен басқа не қалды енді? Түрімді түнертіп, санымды сабалап, бар пәрменіммен ақырып кеп қалып едім, асқазаным аузымнан атқып кете жаздады. Бәсекелесім селк ете түсті. Соны байқадым да, бұрап тастардай боп шүйілдім. Анау шегіншектей бастады. Біразға дейін сөйтіп алаңды кезіп, аңдысып жүрдік.

– Сақтан! – деп қаһарлана тағы бір айқайлап, санымды тағы сабалап-сабалап қойдым.

– Ойбай-ау, ананы қара, біздің палуан чемпионға беттей алмай, сенің тазы итіңше тайсақтап жүр!

– Өйтпегенде ше! Анау бір ұстаса, сүйегінді күл қылар!

– Қолына, қолына қараңдар! Оңдыратын түрі жоқ!..

Мен бәсекелесіме: «Менің айқайымнан сескенбей-ақ қой, сен ұстай алсаң болды, мен өзім-ақ жата кетемін. Сенімен ұстасып өле алмай жүргем жоқ...» деп сыбырлауға тырысамын. Ал ол қашқалақтап жолатпайды.

– Сақтан! – деп барқ ете түсіп едім, бәсекелесімнің өңі құп-қу болып кетті. Сол сәтте аңдамай онымен соғылысып қалғаным ғой, сүйегім тура шашылып түсе жаздады. Өйтсе де: «Достым, бері қарашы...» деп сыбырлап үлгердім. Ал ол болса, қарадай қалш-қалш етіп: «Құрметті чемпион... Тәңір тілеуінді берсін, мені ауылымның алдында масқаралай көрмеші... Сенің даңқыңа қанықпын... Мені мертіктіріп тастап жүрме... Саған шамам жетпейтінін білем... ауылдағы жалғыз палуан мен болған соң, қайтейін, мені күштеп шығарды...» деп күбірлеп жүр.

Соғылысып қалғанымда ішім солқ ете түсіп еді, содан болар, тағы бұрай бастады. «Тез жата қалсаңшы» деп сыбырладым палуанға. Сонсоң қаһарлана айқайлап:

– Құрисың!.. Сақтан!.. – дедім. Ол сылқ етіп жата кетті, мен үстіне құлап түстім, сол сәтте ішім әкетті дейсің... мешіттің ауласына кіргенше әрең шыдадым...

Ауладан әлдезаманда шықтым. Әлсірегендіктен аяғымды әрең-әрең басамын. Бәсекелесім иіліп келіп, менің жуылмаған қолдарымды сүйді. Біреу мәңіретіп тайынша жетектеп келеді. Біреу аузыма ішімдік тосты. Ішімдікті қағып салып едім, бойым жеңілдеп жүре берді. Қазан-ошақ жаққа көз жүгірттім...

Біз той дастарханы басына тізе бүге бергенімізде баяғы қырқаға салт атты біреу шыға келді. Желдіртіп жетіп те үлгерді: ойпырым-ай, адам емес, ертегілердегі дәудің тура өзі!

– Күресті қоя тұрып қарынды толтырып алайық деген-сіңдер ме?! – деп күркіреді ол.

– Күрес аяқталғалы қашан!

– Аяқталғаны қалай? Мені шақырған сендер емессіңдер ме! Мен – чемпион Жүсіп Ақкөпірімін!

Ішім қылп етті. «Ғафу етіңіздер, мен қазір...».

Жаңа ғана қолымды сүйген бәсекелесім енді мені бас салып, тыраң еткізіп тулақша лақтырды. Сонсоң... сонсоң мені лақша сүйретті, допша тепкіледі... Мен ішімді басып әлекпін: «Бір минөтке босатыңдаршы, қоя беріңдерші!» деп жалынамын. Бір уақта сытылып шықтым-ақ, бірақ мешітті маңайлай алмай, орта жолда қор болдым...

Менің «Төбелес көркі – айқай, қашанда кеңірдегіңді аямай айқайлап, қарсыласыңды шошытып ал!» дегенімнің сыры осы... Ал айқайыңнан дәнеңе шықпайды екен, онда бұйырған бұтаңның түбінде отыр, тырп етпе!..

МОЙЫНДАЙСЫҢ БА, ЖОҚ ПА?

Адамзаттың атаңа нәлет бір дұшпаны – ұйқы. Күндердің күнінде ғаламат бір ғұлама сиқыршы шығып, бұл дұшпанның сазайын тарттырар болса, онда оған болашақ

ұрпақтар айтар алғыста шек болмас еді. Енді өзіңіз ойлаңызшы, адамның өмірі дегеніміз немене? Түп-тура үштен бірі ұйқымен өтіп келе жатқан жоқ па? Оны да қойшы, көзің ілініп кетсе болды – көдедей көп партияның біріне мүшелікке жазылып та қаласың.

Бірде мен ұйқының тауқыметі туралы теңдессіз терең ойға шомып жатып, бұрын-соңды тірі жан аяқ баспаған залдан бір-ақ шықтым. От оранған зал төрінде, жалындай лаулаған тұғырда Мүңкір-Нәңкір түйіліп отыр.

– И-иә, не істеп жүрсің? – деді маған. Сұмдықтай суық сұрақ!

– Түрме атаулыны түгендеп жүрмін. Қолым босаған кезде ештеп жазған боламын, – дедім.

– Не жазасың?

– Жай, әншейін. Оны-мұны. Судан – шалап, удан – шарап...

– Тоқтай қал. «Судан – шалап, удан – шарап жасайтынын айыпталушы өз еркімен мойындады» деп түртіп қоюымыз керек.

– Мен ештеңе жасаған...

– Жасамасаң жасайсың! Ерте-кеші жоқ. Солай ма?

– Тіпті де олай емес.

– Сотпен сорлылар ғана салғыласады! Су дегеніміз – еліміздің бір байлығы. Оған Су шаруашылығы министрлігі ие. Ал Су шаруашылығы министрі – үкіметтің шенеунігі. Солай ма?

– Солай.

– Демек, сен біздің үкіметті мазақ етпексің ғой, ә?

– Мен мазақ...

– Ондай қылмыскерге – бес жыл түрме! Енді шарапқа келейік.

– Жарайды.

– Шарап деген не? Ол – жүзімнің нәр-сөлінен жасалған шипалы ішімдік. Бізде шараптан басқа шипалы тағы не бар?

Сөз бар. Ол қайда? Парламентте. Ал парламентте сөз сөйлейтіндер кімдер? Депутаттар. Депутат кім? Ол – заң атаулыны шығаратын өкіметтің өкілі. Демек, сен өкіметтің де беделіне нұқсан келтірмексің, қалай, мойындайсың ба, жоқ па?

– Оны енді...

– Айыбын ағынан жарыла мойындады дейміз де, тағы бір бес жылды қосамыз. Жиыны он жыл. Енді әу бастағы «оны-мұны» қайта оралайық. «Оны-мұның» немене? Әрине, «оны-мұны» дегенің – біздің, яғни түріктің қарапайым адамы. Демек, сен біздің ұлтымызды мазақтадың. Қалай, мойындайсың ба, жоқ па?

– Мойында...

– Тағы бес жыл! Жиыны он бес жыл. Санап отыр. Тағы не жазасың?

– Мен ештеңе жазбаймын!

– Жазасың, жазасың! Жасырмай айт!

– Хат жазамын...

– Тоқтай қал! Айыпталушы кейбіреулерге хат арқылы құпия хабар беріп тұратынын өз еркімен мойындады деп түртіп қоюымыз керек. Қалай, мойындайсың ба?

– Кейбіреулерге...

– Тағы бес жыл. Жиыны жиырма жыл.

– Неше жылға жеткізу керек өзі?

– Бұл сұрағың – заң қызметкерін мазақтау! Мұныңды мойындайсың ба, жоқ па?

– ?!

– Мойындайсың ба, жоқ па?

– Мойындамаймын!

– Мойында, кәне!

– Жарайды, мойындайын.

Сот алқасы ақылдаса бастады: «Онысы, әрине, иә, иә...» – «Оның үстіне, ә-ә-ә, өзі де...» – «Одан соң, ә, иә, дұрыс, дұрыс!...».

Сот бірауыздан мынадай үкім шығарды: «Айыпталушының айыбы дәлелденді. Алайда қылмыстың жүзеге аспағаны, яғни қылмыстың ойдан іске көше қоймағаны ескеріліп, кесімді мерзім екі жарым күнге қысқартылсын. Айыпталушы жиырма жылға емес, он тоғыз жыл үш жүз алпыс екі жарым күнге түрмеге кесілсін және тамұқтың түкпіріне он жылға жер аударылсын. Егер қылмыскер жаза мерзімін өтеп үлгермей өліп кетсе, оның жазасының қалғанын мұрагерлері өтейтін болсын».

Үкім оқылып болысымен Мүңкір-Нәңкір мені дедекте-тіп ала жөнелді. Мен шошып... ояндым. Қара су боп терлеп қалыппын.

«Түс – түлкінің боғы» дегенді алғаш айтқан адамнан ай-налып қана кетейін-ай!

ДАМБАЛЫҢА БАУ АЛУДЫ ҰМЫТПА!

Таңертең қызметке жиылып-теріле бастағанымда, ол да бастады-ау:

– Саған қақсағанымызға, міне, үш күн болды, сонда да қа-періңе кіріп-шықпайды... Үйде бір түйір ірімшік қалмады! – деді.

Үш күн болса қайтейін! Ақшасыз қақсағанынан не қайыр?

– Иә, ірімшік әкелдің бе? – дейді кешке. Мен трагик-ак-терше маңдайымды алақаныммен сарт еткізіп, «Түһ! Ұмытып кетіпшің!» деймін.

Жол табылды. Таңертең басымды изеп-изеп шығамын да, кешке баяғы әніме басып, «Түһ! Ұмытып кетіпшің!» деймін.

Үшінші күні, «Иә, ірімшік әкелдің бе?» деген дәстүрлі сұрағын ести сала алақанымды ыңғайлай берім едім, әкем менше, «Түһ» деп кейіді де, жанындағыларға жабырқай қа-

рап; «Ол ұмытып кетіпті» деді. Әкемнен де қулық қалмаған екен.

Әдісім адыра қалды.

Келесі күні таңертең қырынуға кірістім.

– Ірімшік ала келуді ұмытпа!

– Жарайды.

Бәтеңкемді киіп отырмын.

– Сабын ала кел!

– Құп!

Баспалдақпен түсіп келемін.

– Қант сатып алуды ұмытпа!

– Жақсы, жақсы!

Сыртқы есікті аша бердім.

– Әй, шығып кеттің бе? Кофе, кофе!

– Кофеге не болды?

– Таусылып қалды!

– Әкелем!

Сыртқа шықтым. Сытылған-ақ шығармын деп қуандым.

Терезені тарсылдатты.

– Е, немене?

– Оқыралап барасың ба? Бері кел, ыдыс ала кет! Зәйтүн майы керек.

– Әкелем, әкеле-е-ем!

Қайырылмай кете бердім.

– Әй! Үйде бір түйір күріш те қалмапты! Кешке ала кел!

– Әкелем!

Міне, олар мені күнде таңертең осылай шығарып салады.

Бұл – бисмілләсі ғана. Менің қарам үзілгенше ар жағымнан әмірлі тапсырма қарша борай береді:

– Ә-ә-әй! Дамбалыңа бау алуды ұмытпа. Тәуірінен ал!

Ұмытпа!

– Бесінші шамның шишасын ал!

– Кәрәсінге пілте керек!

Пәледен қашқан машайықтың кебін киіп, жүгіре басып бұрышты айналып кетемін. Сол сәтте соңымнан бір балақай қуып жетеді.

– Апам айтты...

– Не айтты?

– Сарымсақ та бітіп қалыпты.

– Оған сәлем де. Есіне түскендерінің тізімін жасай берсін.

Басқасын кешке ала келем.

Өстіп қызметке барам. Барғанмен не тындыратынымды сезіп отырған шығарсыздар, ойымда да, көз алдымда да тек: ірімшік, май, сарымсақ, дамбалдың бауы, т.б. тұрады.

Бүгін де кеңсеме осы «жарықтықтарды жамыратып ала кірдім». Басымды бас емес, азық-түлік пен дүние-мүліктің дүкені дерсің.

Кешке жіберіп үлгере алмаған бір шұғыл қатынас қағаздарды дереу реттеп, тиісті орындарға аттандырып, «uh!» деп дем алып отырған бір әредігімде бөлмемізге директорымыз кіріп келді. Беті безеуленіп, мұрны делиіп кеткен. Маған бір қағазды ұсынып:

– Мынау не? – деді.

– Қағаз...

– Оқы! Дауыстап оқы!

Бөлмедегі машинистка, хатшы, қызметкерлер – бәрі елең ете қалды. Мен қағазды алып, оқи жөнелдім. «Бас басқармаға. Мәртебелі бастыққа. Пәленбай күнгі түгенбай нөмірлі бұйрығыңызға жауап. Шұғыл түрде шұқшия тексерілуге, нақты шара қолданылуға тиісті жайттардың бәрін жөнге келтіріп, алдыңызға жайып салып отырмыз. Осыған орай мына төмендегі мәселелердің басын ашып, бекітіп берсеңіз екен:

– Шаруаларға арнап шығарылған ірімшіктің бізге қажеті шамалы, себебі бағасы тым қымбат сияқты;

– дамбалдың бауын Махмұт-паша ауданындағы кезбе саудагерлерден сатып алған жөн;

– котлетке деген екі жүз елу грамм сиыр етін тұтас бермей, екі бөліп беру керек;

– шамның шишасын сатып алғанда өткен жолғыша сынығын ала салмай, бүтінін таңдап алу керек;

– сабынның қымбат екенін ескеріп, сабынды суды беталды төге салмай, тағы да кір жууға пайдалана білу керек;

– кофені үнемдеу үшін оның самасын екінші рет қайнатып ішу қажет.

Бұл документті сізге жолдағандағы мақсатымыз: басшылыққа алынып, көпшілікке таратылып, орындалуы қадағаланса екен дейміз...».

– Сонымен, бұл немене? – деп директор тағы ежірейді.

Ресми құжатты басымдағы барыммен толтырып, айдалаға қаңғып кеткенімді түсіндім.

– Саған не болған? – дейді директор.

– Білмеймін, – деймін.

– Сен сандырақтасаң сандырақтаған шығарсың, ал бастығыңның қол қойғаны несі?

– Жауапсыздығы! – деп бүрқ еттім.

– Мейлі, солай-ақ болсын... Ал хат бөліміндегілер ай қарап отыр ма?

– Олар да бетімен кеткен!

– Мейлі, олар бетімен кетсе кете берсін, ал директордың орынбасары не бітіріп отыр?

– Омалып отыр!

Директор сәл-пәл ойланды да:

– Бәрі де байқамай қалған болды. Ал мен ше? Мен бұл былжырақты бас директорға қалай ғана жібердім екен?! – деді.

– Иә, бұл енді...

– Немене-е-е?!

– Қатып кетті!

– Ал егер бас директор сенің бұл шатпағыңды оқымастан министрге жолдап жіберсе қайттік?

– Онда – құрыдық! – деп бөлмедегі бәріміз шу ете қалдық.
– Жоқ, біздің су ішеріміз бар екен! Бас директор асығып-үсігіп жүріпті де, бұл құжатты министрге деген конвертке салмай, бір көңілдес әйеліне деген конвертке салып жіберіпті.
– Уһ!

– Ал поштадағы алаңғасарлар ол әйелге деген хатты маған жіберіпті. Министрге жолдаған пакет ұшты-күйлі жоқ.

Бәріміз де көңілденіп, серпіліп қалдық.

Алаңғасарлар жасасын!.. Рас, кейде олардың «арқасында» газеттерден: «Пәленбай мекемеде жалақы үнемдеу мақсатымен жиырма екі қызметкер жұмыстан босатылды. Олардың орнына үш жүз адам алынатын болады» деген хабарландыруды оқимыз кейде. Оқасы жоқ. Өмірде бәрі де болады!..

СЮЖЕТ

Бұл жайт бәріміздің де басымызда бар.

Сәті түскен бір істі қолға ала берсең-ақ болды, байқап қалған көлденең көк аттыларға дейін алды-артыңды орап, ағыл-тегіл ақыл айта бастайды. Сірә, біреуге ақыл айтпасақ басымыз ауыратын дәрежеге жеткендігіміз шығар. «Шіркін-ай, ақыл сұрап алдымызға бір тірі жан келетін күн болар ма екен!» деп армандап та жүрміз. Жиырма адамға ақыл айтып, отыз адамнан ақыл естімейтін күніміз сирек. Өзіміз біреуден қарызға ақша сұрай қалсақ, ол бізге ой мен қырдағы өсиетін жиып айтып, ішімізді кептіріп жібереді, ал өзімізден біреу қарыз сұрай қалса, біз де оны оңдыра қоймаймыз.

Пәленбайдан ақыл сұрайыншы, түгенбайдан тағылым алайыншы деген бір де бір бейбақты көздеріңіз шалмаған болар-ау. Бүгінде жұрттың бәрінің де ақылы асып-тасып

жатыр ғой... Құдайдың бергеніне шүкір, сығарға биті жоқ байғұс болсақ та, ақылымыз атнөпір.

Кемеде де, пойызда да, трамвайда да көретініміз – не жанындағы, не қарсысындағы көршісінің құлағын түріп қойып сайрап отырған ақылгөйлер. Олардың беттерінен: «Сендер мені күрмеуге келмейтін қысқа жіптей ғана ақылы бар біреу деп отырсыңдар, ал мен сендерді қауашақтары кепкен құлар деп отырмын» дегенді оқуға болады.

Сөйтіп, бірімізге біріміз өсиет жаудырып жүріп жатырмыз.

Еңбектің ерен пайдасы барын сан сағат бойы түсіндіріп, ауыз жаппай тұрып алатындар да бар-ақ. «Адам әрбір минөтін өнімді пайдалануға тиіс. Өткен уақыт – өлген уақыт, ол қайырылып келмейді» дейді олар. Азанда жолықсаң ақшамға дейін айтары осы болады да, сонсоң санын бір салып, «Ойбу, оттаған басым-ай, пәлен жерге, әлгі кімге баруым керек еді» деп тұра жөнеледі.

Егер күндердің бір күнінде ешкімге ақыл айта алмай ішқұса болсақ, түнде алтыатарымызды ала сыртқа атқып шығамыз да, кезіге қалған кісіні бассалып; «Шырағым, тоқтай қал! Саған біраз ақыл айтпасам ұйықтай алатын түрім жок» дейміз.

Ал біздің әлгі мақала жазғыштарымыз не дейді? Күнделікті газеттерімізден оқитындарымыз: «Оны олай істемеу керек, былай істеу керек. Ананы істемеу керек, мынаны істеу керек. Анау анадай... мынау мынадай... себебі алай... себебі былай...».

Олар әсіресе маған ақыл-кеңес беруге құмар. Жаз деп тақырып ұсынудан, сюжет айтып беруден жалықпайды. Неге өйтетіндерін білмеймін. Әлде олар мені қаламды босқа ұстап жүрген қауқарсыз жазушы дей ме, ертенді-кеш ақыл айтып отырмасақ адам болмайтын ез дей ме? Әйтеуір, мені көре қалса-ақ болды: «Ә, тоқтай тұр, мен саған бір сюжет бе-

рейін!» деп айғайлайды. Бейтаныстармен таныссам да сол, олар да: «Менде сізге лайық бір сюжет бар. Қалайда кәдеге жаратқайсыз. Өзім жазар едім, шіркін, не керек, уақытым жоқ!» деп шыға келеді.

Рас, ол мырзалар жазар-ақ еді, бірақ уақыттары жоқ. Ал біз сияқты қаламгерлер, әрине, уақыттарын қайтіп өткізерін білмей босып жүреді. «Мен саған сюжет берейін, жазып таста» дегеннен басқа ештеңе естімейміз де.

«Е, саған одан басқа не керек? Сюжет бергеннің несі жаман дейсіз?»... «Саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған» баяғы.

Біреу-міреу саған сюжет берді дегенше, жағаңа қол салды дей бергейсің. «Қалқам, сен менің баяғыдағы сюжетімді қашан жазасың?» деп уақ-уақ сілкілеп қойып жүреді-ау.

Сен оған қарыздарсың. Борышың басыңнан аса береді. Ол кез келген сәтте қарызын қайтаруды талап етіп: «Сен менің сюжетімді әлі пайдаланған жоқсың ба?» деп шыбын жаныңды шырқыратып-шырқыратып қояды. Сюжетім жазыла қалса, оны оқыған кісінің де, естіген кісінің де езуінен күлкі кетпес еді деп ойлайды.

Сюжетін алмасына қоймайтын табаны бүрлі таныстарым да бар. Оларды көзім шалған секөнтте-ақ аза бойым қаза болып: «Ойбай, тірі сюжет тағыда келе жатыр!» деп ойдан қырға, қырдан ойға зытамын. Ал олардың кейбіреуі соңымнан тұра қуып:

– Әй, тоқта, тоқта! Мына бір сюжетімді ала кет! – деп айғайлайды.

Кейде олардың құрығынан құтыла алмай қор боламын да, ұсынған сюжеттерін алып, жанталасып жазып шығамын.

Содан кейін... олардың қай-қайсысы болсын:

– Оған ол сюжетті мен берген болатынмын! – деп жар сала бастайды.

Оны естіген жұрт:

– Сюжетті саған Хасан береді екен ғой? – деп күледі.

Мейлі, күле берсін. Тек:

– Жап-жақсы сюжетті іске алғысыз еткенін қарашы! Өңін айналдырып жіберіпті. Сөйтп жаз ма екен? Дені дұрыс кісі деп сенгенімді қайтейн... – дейтіндері жаман.

– Өй, сен пәленбайдың сюжетін қор қылыпсың ғой?! – дегенді ғана естисің.

Жап-жақсы сюжеттерін іске алғысыз еткен соң, талай-талай таныстарым мен бейтаныстарым менен сырт айналып кетті.

Ендігі жерде дос-жарандарымнан айырылып қалмас үшін ешкімнен, ешқашан тақырып та, сюжет те алмасқа ант етемін!

ПОЛИЦЕЙЛЕРГЕ ЖАНЫМ АШИДЫ

Болды! Тірлігімдегі салдыр-салақтықты дәл бүгіннен бастап тыямын да, түте-түтесі шыққыр терісқақпай кітаптарымды қаз-қатар тізіп қоямын! Өйткені полицейлерге обал болып жүр, байғұстарға тіпті жаным ашиды. Тінтуге келген сайын менің шағылып қалған шабадандарымды, қырық жамау қапшықтарымды, шұрқ-шұрқ тесілген сандықтарымды ақтарып-төңкеріп, қолдары ақжем болады. Көңше бұрқыраған көди-сөдидің ішінен керектерін тауып алғандарынша күн батып, таң да атады. Сондықтан мен барша кітаптарымды, мақалаларым мен жазбаларымды сұрыптап, жөнге келтіріп қойдым. «Менмұндалап» сөреде тұр. Қай сөреде қайсысы тұрғаны тайға басқан таңбадай. Менің үйімді апта сайын тінтетін полицейлер енді арамтер болмайды, көздеп келген кітаптарын, мақалаларын оп-оңай тауып алаады.

Әр аптадағы әрекет-қарекетімнің де кестесін жасап қойдым. Дүйсенбі сайын тергелуге барып тұруым керек. Стамбұлдың баспасөз жөніндегі прокурорынан мені тергеуге тек осы дүйсенбі күндері ғана шақыруын өтінемін. Бұйтыпеске лажым жоқ, тәртіптің аты – тәртіп.

Сейсенбі – шырылдап шындықты айтып жауап беру үшін участокке баратын күнім. Жауап алу үшін үйіме келетіндерге ол күні, әрине, есігім шалқасынан ашық.

Сәрсенбіде үйіме тінту жүргізілуге тиіс. Менімен дидарласуға құмар полицейлерден бұл күні дер мезгілінде келулерін ерекше қиылып өтінемін.

Бейсенбі мен жұмада сотта боламын. Аптаның қалған күндерінде газет шығарумен шұғылданамын. Қолымды қушырып қарап отыруға, әлгі: полицей, тергеуші, прокурор, сот сияқты суқансыздарды жұмыссыз қалдыруға хақым жоқ.

Ажал дегенді ойлауға уақытым болатын емес, әйтсе де, егер асатынан алып барса, мұндағы жұрт мені: «Іскер адам еді, қалам ұстауға икемі бар еді, тергелумен, тінтілумен, соттан сотқа тентіреумен күні өтпегенде жазушы да бола алатын еді» деп естеріне түсіре жүрер дегенді ойлап та қоямын.

СУ ТЕГІН ЖҰМЫСШЫ

Таң атқан. Ірі фабриканың иесі қызмет бөлмесінде таңертеңгі кофесін ішіп керіліп отырған. Кенет есігі шалқалай ашылып, үсті-басы алқам-салқам әлдекім алқын-жұлқын кіріп келді. Алқына кірсе де, ол бөгде кісі есік көзінде бөгеліп, жұмыссыз жүргендердің әдетінше бас киімін умаждай күмілжіп:

– Мырза, мен жұмыс іздеп келдім, – деді.

Қожайын қыбыр етпеді, оған көз астымен қарап қойып:

– Қолыңнан не келуші еді? – дей салды.

– Мен қолөнер училищесінде оқығанмын, бірінші разрядты слесарьмын.

– Маған токарь керек.

– Мен Германияның заводында токарь болып бес жыл істедім. Қуәлігім бар.

Қожайынның жүзі жылыққырады:

– Маған үлгіші токарь керек.

– Мен бірінші класты үлгішімін.

Қожайын жымыды:

– Тым құрыса балташы болсаң ғой!

– Мен төрт жыл балташы болдым, ағаштан түйін түйемін.

«Мынауың маған керек-ақ маман екен, – деп қожайын іштей қатты қуанды. – Бірақ жалақысына әкесінің құнын сұрайтын шығар».

– Бәрі де жақсы, ұлым, бірақ біз жұмысшыға зәру емеспіз.

– Мен жұмыс талғамаймын, не істе десеңіз де өзірмін.

– Жарайды, алайын. Тек есінде болсын: менің сөзім – заң. Саған соқыр тиын да артық төлемеймін, сен онсыз да басы артық жұмысшысың.

– Тәңір жарылқасын, мырза, әміріңізге құлдық, рахмет, бергеніңізді ғана аламын.

– Біз бірінші разрядты шеберлерге күніне бес лира төлейміз. Ал саған артық кісі деп... екі лира ғана төлейтін боламыз.

– Мейліңіз, мырза, мен оған келісемін.

Мерейі үстем болған қожайын қатулана сөйледі:

– Есінде болсын: бізде өлшемді жұмыс уақыты жоқ. Айтпады деме! Кейбіреуге жаның ашыса, жаманшылыққа жорып шыға келеді. Күніне кемінде он бір сағат жұмыс істейсің!

– Он төрт десеңіз де еркіңіз, мырза! Қолымнан түсіп қалмас.

Қожайын қуаттана түсті:

– Сен дұрыстап тыңдап ал: жұмыс орның әрі тар, әрі күңгірт болады.

– Бұйырғаны сол шығар.

– Содан соң: жалақыңды алдын ала сұрамайсың. Бір ай істейсің, төселесің, біз көреміз, егер ұнатсақ, қаласың – күніне екі лираны содан ары қарай төлей бастаймыз.

– Еркіңіз білсін.

– Иә, техниканы пайдаланғаның үшін, өнімнен қиқым-сиқым қалдық қалдырғаның үшін жалақыңның жиырма пайызын төлейтін боласың.

– Әрине, мырза, әрине!

– Содан соң...

– Құлағым сізде!

– Мен сен сияқты бөтен біреуге су жаңа станоктарымды сеніп тапсыруға тиіс боламын.

– Рахмет, мырза, рахмет!

– Ол үшін кепілдеме керек. Мың лира кепілдемеңді төлеп қой.

– Құп болады, мырза! Әкемнің лашығы маған қалған болатын, соны өткіземін де төлеп қоямын.

– Ендеше кідірме, цехқа бар да жұмысқа кіріс.

Бейтаныс шығып кеткен соң, іле-шала ентігіп екі полицей жетіп келді де:

– Мырза, сізге бір нақұрыс келген жоқ па? Жындыханадан қашып кетіпті, соны іздеп сандалып жүрміз, – деді.

КІМ НЕ ДЕЙДІ...

Ақын мен әйелі

– Ақымақ! Қайдан келген кемеңгерсің?! Сен кәдімгі ақымақсың! Ұқтың ба?!

– Ұқтым, қымбаттым. Көзімді бақырайтып қойып айтқаның не? Мені есекдәмелі болып жүре беруден де үмітін үзсін дейсің бе?!

– Менің төзімім таусылды...

– Қойшы, жаным, жыламашы... Қабырғамды қайыстырып жібердің ғой... Мен өзімнің данышпан екеніме сенемін, бірақ оны әлі ешкімге айта қойған жоқпын.

– Айт, жүгір, газетке: «Мен кемеңгермін!» деп хабарландыру бер. Бірақ хабарландыру берудің саған қажеті бола да қоймас, көмейіңнен көк түтіннің қалай шыққанын көрген кісі сенің кемеңгер екеніңді бірден-ақ білер... Жүріс-тұрысың, жөткіріңгенің, қала берді, түшкіріңгенің де ғажап, шынында, кемеңгерден аумайсың... Жұрттың бәріне асқақ қарайсың, бәрін қор санайсың.

– Сонда менің кемеңгер болғаным кімге зиян?

– Маған. Біздің үйге. Балаларымызға зиян.

– Үкіметтің кемеңгерлікке жалақы бермейтініне мен кінәлімін бе?

– Кемеңгерді қойып, тіпті данышпанның әйелі бола қалсам да – бақалшыға бәрібір: ақшаң жоқта аштан өлсең де қарамайды. Қыс келіп қалды, бір түйір көмірсіз, бір жағар отынсыз отырмыз... Аяқкиімнен де ада болдым.

– Жыламашы, жаным... Мен қол қусырып отырған жоқпын ғой, жанталасып-ақ жүрмін. Өлең жинақтарымының төртіншісі шықты...

– Пішту! Қырық төрті шықса да қарық бола қоймассың!

– Сенің жаныңа батқан менің жаныма батпайтындай сөйлейсің... Мен ғажап шығарма жазбайын деп, атақ-даңққа бөленбейін деп жүрмін бе? Кітаптарымның қолға тимейтін болуын, бұ дүниеде бар тілге аударылуын, сөйтіп шылқып байып алуды көксемей жүрмін бе? Даңқ пен байлыққа не жетсін шіркін!.. Оқасы жоқ, оған да қолымыз жетер! Тек ұлы шығарма ұлы оқиғаның негізінде ғана жазылады. Ондай оқиға болмай жатса, кемеңгердің амалы нешік? Мен сондай оқиғаны, сондай құбылысты тосып жүрмін; сәт сағаты соққанда тебіренермін де түлермін, ол ұлы шығарманы да жазармын. Ал сен болсаң, мені ыдыс-аяқтың маңында ұстамақсың. Маған аквариум тар, армансыз жүзіп жөнелу үшін маған мұхит керек!.. Мен сол сәтті тосып жүрмін. Саған не болды мұнша? Жылағанды қойшы, жаным. Садағаң боп кетейін, жыламашы! Тістеніп шыдап бақшы, енді тоса қоймаспыз. Менің сенімім берік. Ұлы оқиғалар мені тебірентеді де түлетеді. Күні ертең-ақ көресің...

Жендет пен әйелі

– Болды, жетті! Кетемін... Енді шыдай алмаймын...

– Қалқашым-ау... Соңғы кезде жұмыс болмай жүргеніне мен кінәлі емеспін ғой... Не істе дейсің маған? Көшедегі жұртты бас салып аса бермекпін бе... Соттар сараң боп алды... Мейлі, жұмыс бөрібір табылар. Таңғы тамақ тәңірден деген...

– Ол таңғы тамағыңды мен тата алмаспын. Өткен жыл онша жаман болмап еді. Балаларға нәпақа болып тұрып еді. Бірақ оны айта бергеннен не қайыр, балаларға тамақ бола ма ол...

– Жыламашы, қалқашым, жүрегімді сыздатпашы. Мені еркіме жіберсе, бөлемдерді күні-түні аса берер едім. Тіпті

ұйықтамас та едім. Мені еріншек дей аласың ба? Жұмыстан қашып жүр дей аласың ба?

– Бір ретін келтірсеңші!

– Не істеуім керек? Сот өлім жазасына кеспеген соң мен өз төтемнен не істей алайын?! Жалақыны жұмысыма қарай төлейді, ешкімді аспаған соң ештеңе таба алмаймын.

– Біздің ұлан-ғайыр елде ұры-қары құрып қалды деген!

– Оны енді... анау полицейлер мен соттарға айт... Шіркін, билік маған тисе ғой!.. Бірақ өйтсем, мені қуып шығып, мен сияқты біреуді жалдар да, менің өзімді асып тастар. Сен не білуші едің... Жыламашы, қалқашым, көз жасыңды тыйшы! Мен аянып жүрген жоқпын... Бала-шаға тоқ болуы үшін құдайдың құтты күні асар едім, не керек! Сәл шыдашы... Көп кешікпей-ақ айымыз оңынан туар.

Молашы мен әйелі

– Мен балаларды аламын да кетемін. Мүлде кетеміз!

– Бұл қай сөзің? Соңғы кезде бірде-біреудің өлмей қойғанына мен кінәлімін бе? Менің қолымнан мола қазу ғана келеді... Өлік тау боп үйіліп жатып, мен бедірейіп қарап отырыппын ба?.. Жұртты бас салып сүйреп, тірідей көме алмаймын ғой...

– Үйде бір үзім нан жоқ...

– Жыламашы, жаным, менің де көзіме жас келіп отыр... Бү дүние не боп барады өзі?.. Өлетін ешкім көрінбейді. Өлде о дүниеде орын болмай жатыр ма? Жыламашы, қалқашым, жыламашы!.. Жұмыс істе деп айтудай-ақ айтып жүрсің, қайтейін. Молашыда мола қазғаннан басқа жұмыс болушы ма еді? Өлік болмаса, бос молаға кім не төлесін. Сәл шыдай тұр. Біздің басымызға да бақ қонар. Ертең-ақ.

Журналшы мен әйелі

– Қыз күнімдегі армандарымның бәрі адыра қалды. Саған күйеуге шыққанда үлкен үмітпен шығып едім.

– Айналайын періштем, жыламашы, бері отыршы, сөйлесейік.

– Сөйлесетін не қалды?

– Жыламашы енді... Сен бақытты болса екен деп-ақ жүрмін ғой.

– Жүргеніңді қайтем, киімнен жүрдай болдым.

– Табысқа кенелуім үшін, хатшының міндетінен құтылып, газетке ие боп шыға келуім үшін маған төтенше оқиғалар керек. Сонда ғана маңдайым жарқырайды... Мысалы, аса ірі авиация апаты болса ғой, шіркін! Немесе астаң-кестең боп жер сілкінсе, жер мен көктің арасын өрт алса, сұмдық бір қылмыс жасалса десеңші! Мен оны қатырып тұрып жазып, басқалардың аузын аңқитып кетер едім!.. Әй, көрсетер едімау сонда! Өйте алмасам, мені адам да демендер, журналист те демендер... Материалды газет бетіне дәл менше орналастыра білетін, тақырыпты дәл менше менмұңдалатып қоя алатын да ешкім жоқ... Бірақ амал не?.. Ештеңенің қисыны келмей жүр... Дүние қатып-семіп қалған сияқты... Газеттің атын шығарам деп бас салып кісі өлтіре аларсың ба!.. Е, қашанғы бүйтіп тұрар дейсің, бір күні сәті түсер. Отбасымның үлде мен бүлдеге бөленуі үшін, аузынан ақ май ағу үшін аяна қоймаспын-ау! Мүмкін, бүгін-ертендер бір қылмыс жасалып та қалар. Оны кім оқыса да төбе шашы тік тұратын етіп жазармын, бәлем!.. Қойшы енді, жыламашы, жүрегім езіліп бітер болды. Күйеуіңе құдайдың көзі тұзу болуын тіле. Тым құрыса бір кеме төңкеріліп кетсе екен немесе топан су қаптаса екен де. Жыламашы, қойшы, мені де аяшы!.. Менің көзіме, де, міне, жас тола бастады.

Полицей мен әйелі

– Тәңірім-ай, осыншама тауқымет тартқызғаның неткенің!.. Мен сияқты әйелдің сорлы болатындай не жазығы бар еді?! Тарынып қалған тағдыр-ай!

– Мұншама неге күңіренесің? Мені түсінгенді қойдың-ау! Қызметім жоғарыласа, бір жылы орын тауып алсам, не ішеміз, не киеміз деп уайымдамайтын болсаң деп-ақ жүрмін...

– Әй, сорлы басым-ай!

– Сен сорлы емессің, мен сорлымын! Осындай жұтап жатқан елде туғанымды айтсаңшы. Күн құрғатпай қуғын-сүргін болып тұратын елде тусам ғой, сен менің кім екенімді көрер едің! Қайдағы бір комиссар боп жүрмес едім. Құдай біледі, ендігі қауіпсіздік бас басқармасының бастығы болып кетер едім. Мынадай жұтаған елде туған соң не шара! Ұсақ-түйек ұрлық қайбір жарытады... Дәрежең өсуі үшін дүние төңкерілердей оқиға керек. Жылама, бәйбіше, қой енді! Көз жасыңды көргім келмейді... Сәл-пәл шыдай тұр. Мен емін-еркін араласатындай бір дұрыс сұмдық болмас деймісің...

Дәріханашы мен әйелі

– Иығыма ілер өңі түзу дәнеңем жоқ... Таныстарға кез болғанда жерге кіріп кете жаздаймын... Қашанға дейін қайыршыланар екенмін...

– Қалқатайым-ау, қайт дейсің? Аспирин мен хинин мал болушы ма еді?! Шетелдің қымбат дәрілері қолыма түссе, ақшаның астында қалдырар едім сені. Ауру емес адам жоқ, бірақ соларды дұрыстап емдей алатын, қолдарына рецепт ұстатып, дәріханаға бара ғой дейтін дәрігер қайда, шіркін?! Ауру азайса өздерінің аш қалатындарын олар да біледі. Ал оның –

асқынған аурудың ақыры не болатыны айдан анық: елді індет жайлап, тып-типыл қылады. Жыламашы, қалқатайым, жыламашы!.. Жүрегім езіліп барады. Сенің жылағаныңды көргенде дарға асылып қалғым келеді. Бізге де күн туар, сырқаттар рецептерін құшақтап біздің есігіміздің алдында да тізіліп тұрар. Біраз ғана шыдашы. Біз де ертең-ақ бақытқа кенелерміз...

Дәрігер мен әйелі

– Мені де дәрігердің әйелі дейді-ау! Саған әйел болғалы көрген рахатым қайсы? Жастық шақ өтіп, оңып-солып барамын, өмір сүріп жетіскен жоқпын.

– Қалқашым, қуанышым...

– Осы сөздерің-ақ жынымды келтіріп болды!

– Жыламашы!.. Шынымды айтсам: емханаға ешкім, яғни бірде-бір ауру бас сұқпағалы он бес күн болды. Біздің хал-жағдайдың неге бұлай болып отырғанын осыдан-ақ түсінерсің. Келіп жәрдем сұрайтындардың бәрі – қалталарында көк тиын жоқ қулар. Өз беттерімен де келмей, көмек қоғамдарының жолдамасымен келетіндерін қайтерсің! Бү дүние не боп бара жатқанын түсінбеймін... Мен күн сайын жүз кісіні қарай алар едім... Бірақ келмейді, сұмырайлар! Полиция жіберіп алдыр дейсің бе енді?! Сенің көз жасың менің көкірегімді өртейді. Жылама. Емханаға ешкім келмейді деп өле қалайын ба?! Жауып тастайын, бармайын десем, емхананың есігіндегі құлыптарды тот басып кетеді... Шіркін-ай, бір күні алдыма шіріген бай ауырып келе қалсашы! Оны ауруынан айықтырар едім де, ол маған ақшаны үйіп-төгіп беріп, оның үстіне маған газет арқылы алғыс та айтар еді! Ай-хой, сонда ғажап болар еді-ау! Әлде... бұ жарық дүниеде жоқ біреудің атынан газетке хат жолдап, өзіме өзім алғыс айтсам ба екен?

Әйтпесе, мені ешкім елеп-ескерер емес, емханаға тірі жан келер емес... Шыдай тұршы, жаным, шыдай тұршы... Біздің де желіміз оңынан тұрар. Құдайдың бір құт-берекелі күнінде біз де бақытқа ие болармыз. Тақыр кедей сырқаттардың жүзі келгенше бір бай сырқат келсе екен!..

Адвокат пен әйелі

- Мен әкемнің үйіне, төркініме кетем!..
- Қойшы, қалқашым, қамықпашы!..
- Өлетін болдым! Сіңіріміз шығуға айналғанын көрмей-білмей жүрсің бе әлде? Адвокат болардың алдында берген сертің қайда қалды?
 - Жыламашы, көгершінім!.. Бізге ең қажеті кіршіксіз махаббат қой...
 - Махаббаттың тамақ болғанын көрген жоқпын...
 - Сәл шыда, жаным, шыдай тұр... Менің кеңсеме ешкім, яғни әлгі айыпкерлер мен айыптылар дегеннің бірде-бірі келмегелі көп күн болды. Жағдай жаман. Бұ жұртқа не болғанын түсінсем бұйырмасын. Бірі мен бірі ұрсыспайтын, жауласпайтын болған ба, бірін-бірі өлтірмейтін болған ба?! Мен ерекше істер жөніндегі адвокатпын... Айырылысу ісі орнына тым құрыса жер дауы туралы бір іс болса, соған да риза болар едім. Маған миллионмен бағаланатын іс керек, сонда менің кірісім де әжептәуір болар еді, газеттер де жабыла жазып, атағым біраз жерге барар еді... Сонда сен де байып, принцтің, корольдың бәйбішесінше шалқыр едің...
 - Олардың, немене, басы – алтын, басқасы – күміс пе екен?
 - Мен олай деген жоқпын ғой... Сонда сен өзіңе сай сәулетті өмір сүрер едің дегенім де... Бірақ қисыны келіңкіремей жатқан жоқ па... Миллион тауып жүрген адвокаттардың менен несі артық? Мен де ақыры қайырлы болсын деп жүре

тұрамын. Күндердің бір күнінде менің ауыма да алтын балық түсер-ау... Сәл шыда, жаным... Жыламашы, жанымды жарамай бермеші. Маржандай қымбат көз жасыңды төкпеші...

СОНЫМЕН, СӨЙТІП, НЕ БОЛДЫ?

Азуы алты қарыс бір алпауыт сотқа арыз түсірді. «Пәлен деген ауыл – менің ата-бабамның жері, оны растайтын, міне, мынадай заң қағаздарым бар. Сондықтан ол жер маған қайтарылуға тиіс. Онда отырған жарлы-жақыбай жатақтар табандарын дереу жалтыратсын, менің меншікті жерімнің маңына жоламайтын болсын!» деді. Шетелдермен сауда-саттық жасап жүрген жоталы байға оны-мұны шаруасын шалқыта түсу үшін қосымша жер керек еді.

Әліпті таяқ деп білмейтін мұңғыл кедейлер қолына мөрі бар қағаз ұстаған мықтының қайдан тап болғанына таң қалды. «Бұл жерде біздің аталарымыз, әкелеріміз отырған, бұл – біздің жер» десті.

Алпауыт бір танысы арқылы адвокат жалдап алды. Талайдан бері ай қарап әрекетсіз отырған адвокат жігіт екі алақанына кезек-кезек түкіріп, іске құлшына кірісті.

Қолында күдіретті қағазы бар алпауыт айылын жимайды, әрине. Бірақ шаруалар да шегінер емес, олар қағаз-мағазыңды білмейді. Сөйтіп, дау күшейді. «Бұл маңды ғана емес, бүкіл елді дау-дамай жайлап алған болды, оңбай жүргеніміз де содан ғой» деп тұжырым жасаған алпауыт ақылынан адасардай ашуланды. Ашудың ақыры жақсы болған ба, – асқазаны бүлініп тынды. Асқазан бүліншілігі қандағы қант құрамын құбылтты, ол – бойдағы қанды құтыртты, ол – алпауытты алып ұрды. Сондай бір сырқаттың қолға түсуін жатпай-тұрмай тілеп жүрген дәрігер қарық боп қалды. Ай-

налайын алпауытын ажалға да бермеді, сауықтырып та жібермеді. Қалтасы қалыңның қайырылып келіп-кетіп жүргені жөн деп білді. Шетелдік қымбат дәрілердің біразын тізіп рецепт жазып берді. Ұсақ-түйек, оны-мұны дәрісымақ сатып сандалып жүрген дәріханашының да айы оңынан туды: шетелдік дәрілері дереу сатылып, ақшаның астында қалды. Жер қожасын емдеген дәрігердің атағы шартарапқа жайылды.

Соттағы іс тәуір-ақ созылды. Ақыр-аяғында жас адвокаттың жолы болып, істі ұтып шығып, табысқа әбден кенеліп, байлардың қатарына қосылды. Туып-өскен жерлерінен қуып тасталған шаруалардың бірі миғұла надандық, тасырлық танытып, нақақтан жәбірлендім деп, әлгі алпауытты аңдып жүріп, пышақпен төрт ұрып, тырапай асырды. Ақылы аз болғанмен ешкімге білдірмей-ақ өлтіріп еді, бірақ ондай қылмыс қашанғы жасырын қала берсін, баяғы жұмыссыз зеріккен комиссар тексеруге тым қатты кірісіп, күні-түні күлкі де, ұйқы да көрмей жанталасып, қылмысты ашты, қылмыстыны тапты. Құрмет грамотасы мен сыйлық алды, қызметі өсетін болды. Сөйтіп, тағы да бір отбасының бақыты жанды.

Редакцияның хатшысы ол қылмыстың құпиясын бірінші болып біліп, басқа газеттердегілерге сездірместен ғажап репортаж жариялап кеп жіберіп, онысына журналшыларға арналған жылма-жылғы жүлде берілді, ал өзі редактор болып тағайындалып, оның да шаңырағына бақыт ұялады.

Жұмыссыз отырған жендеттің де қуанышы қойнына сыймады. Өлім жазасына кесілген шаруаның мойнына дұзақты дегбірі кете кигізіп, миығынан күліп-ақ жіберді... Оның да бала-шағасының беті бал-бұл жанып шыға келді.

Молашы да молықты. Ебей-жебей екі қабір қазды. Ол, әрине, жағдайдың онала бастағандығының белгісі еді... Момақан молашы да жоқшылықтың құрығынан құтылды.

Сонымен, талайлардың тағдыры қолы канға боялған күнәһар шаруаның тағдырымен тоқайласып жатқан боп шықты.

Ұлы оқиғаны ұзақ тосқан ақын бұл драманы дереу зерттеп, шабытына қанат бітіріп, жер үшін күрес туралы дастанын жазды да тастады. Ондаған мың дана боп басылған дастан бір-ақ күнде сатылып бітіп, басқа тілдердің талайына аударылып және тарап, ақынның қойны-қонышы ақшаға толды, атақ-даңқы әлемді шарлап кетті, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болды.

Кемеңгерлік дастан жазған ақынның құрметіне арналып мерекелік кеш өткізілді. Оған елдің жайсаңдары мен қасқалары түгел шақырылған. Жиналған игі жақсылардың арасында бізге белгілі дәрігер де, дәріханашы да, адвокат та, журналшы да, комиссар да (ол полиция бастығының орынбасары болыпты) бар еді – олардың әйелдері күйеулеріне ерекше жылы көзбен қарайды. Әсіресе ақынның әйелі асыптасып жүр, шарап құюлы тостағын толқи ұстап, күйеуінің құлағына ернін сүйкей сыбырлап:

– Жаным, сен данышпансың! – деді.

– Тым еркелетіп жібересің-ау, осы! – деді күйеуі күлімсіреп.

Ақынға арналып сөз сөйлене бастады. Ол тостардың әредігінде ақын әйгілі дастанынан мынадай үзінді оқыды:

*Даңққа құрбандықпен жете алсаңдар,
Қажет пе оны-мұны орден-медаль
Жер үшін жанды пидә етер еңдер!
Жүрегім сендер үшін болды жара!
Шыдаңдар, сәл шыдаңдар, бейбақтарым!
Қояндар тағы иттермен туыстасар!
Бізде де әлі талай тойлар болар! –*

дегенде тыңдаушылардың кеңсіріктері ашып, мұрындары жібіп кетті, ақынның өзі де көзіне жас алды. Әсіресе: адвокат пен дәрігер, дәріханашы мен журналшы, полиция бастығы жұбату бермей боздады. Олар көздеріне ие бола алмаған

күйлерінде тост көтерісіп, елдің ақиқат халін айтып бергені үшін ақынға ыстық ықыласты алғыс жаудырды.

ЕШКІМ ЕШТЕҢЕ БІЛМЕЙТІН ЕЛДЕ

«Егер ит адамды қауып алса, оған тірі жан тіпті мән де бермейді, ал егер адам итті қауып алса, онда ол – газет үшін ғажап жаңалық!..» дейді журнал ілімінің көне қағидасы.

Еліміздегі ең атақты газеттің редакциясына бір ит құйғытып кіріп келді. Иттің редакцияға баса-көктеп кіргенін бұрын-соңды көрмеген қызметкерлер оған тұра-тұра ұмтылды. Өзін қазір ұстап алып, есіктен тулақша лақтырып жіберетіндерін түсініп үлгерген итекең:

– Мырзалар, бір минут мүрсат беріңіздерші! – деп зар ете қалды.

Тап бергендер талып түсе жаздады: адамша сайрай жөнелген итті кім көрген, ойбай-ау?! Мұны ит деу керек пе, әлде кісі деп сыпайы сөйлескен жөн бе?.. Қызметкерлер әуелі оның неге келгенін білуді ұйғарды. Итекең бас редакторда бұйымтайы бар екенін айтты.

- Ол мәслихатта, – десті қызметкерлер.
- Онда газеттің иесімен жүздесем...
- Ол да сонда.
- Онда жауапты қызметкерлердің бірімен...

Жауаптылардың бәрі таңертеңгі мәслихатта еді, газеттің соңғы саны талқыланып жатқан-ды.

Ит дереу жеткізуге тиіс аса маңызды хабары барын айтып, мәжіліс залына ертіп баруды өтінді.

Қызметкерлердің бірі оны мәжіліс залына ертіп жөнелді де, айтып шықпаққа алдымен өзі кіріп кетті. Үстел басында

он төрт кісі – шығарушылар алқасының мүшелері отыр екен. Қызметкер газет иесіне қарап:

– Бейәпенді, бір ит сізбен сөйлесуге келіп тұр, – деді.

Әншейінде салмақты, байсалды бейәпенді:

– Ол қандай ит?! – деп баж ете түсті.

Қызметкер иіле тұрып:

– Мен иттің тұқымын айыра білмеуші едім... Бүп-бұйра, әп-әдемі ит, мойнында қарғыбауы жүр, яғни иесі бар. Әйел жынысты... ә, иә, қаншық екен, – деді.

Газет иесінен басқалары ду күлді. Қожайын түсін жылытпаған күйі қызметкерге:

– Сен біздің мәжіліс құрып отырғанымызды білесің бе?! – деді.

– Біз оған айттық, бірақ ол «аса маңызды хабарым бар, дереу жолығуым керек» деп дес бермеді, – деді қызметкер.

– Кірсін ендеше!

Қызметкер есікті ашып, итті кіргізді.

– Мазаларыңызды алғаныма ренжімегейсіздер, кешіріңіздер, мен аса маңызды хабар алып келдім, – деді ит.

Көргені мен түйгені көп кілең тәжірибелі журналшылар «маңызды хабар» дегенді естігендерінде иттің адамша сөйлеп тұрғанына таң қалуды ұмытып, аңтарыла қалысты.

– Сен оны бізге дейін басқа бір газетке жеткізіп қойған жоқсың ба? – деді бас редактор.

– Жоқ, ең алдымен сізге жетуге асықтым, өйткені менің қожайыным тек сіздің газетіңізді оқиды.

– Ол не хабар?

– Мені кісі қауып алды!

Газет иесіне қосыла бәрі де қарқылдап кеп күлді.

– Сен өзі адамша сөйлеуді ғана емес, журналистиканың заңын да біледі екенсің...

– Иттік тап-таза сөзім! – деп итекең бөксесін бұрып, сол жақ жамбасындағы таңбаны көрсетті.

– Оны баяғыдан білеміз, – деді бас редактор.

– Білеміз дейсіз бе? – деп таңданды итекең.

– Иә, газетке иттің кісіні қапқаны керек емес, кісінің итті қапқаны керек. Құлығыңды асыра алмайсың бізден! – деп газет иесі бастырмалата жөнелді. – Атағым бір шықса дейсің ғой... Суретім қоса шықса дейсің баяғы... Оның болмайды, қызым... – Ол тілін тістей қойды. Шығарушылар алқасының көзінше итті «қызым» дегеніне қатты қысылып, қызарақтап қалды. Әйелдер айтатын сөз аузына қалай түскенін білмей, біраз абыржып отырды да: – Ол солай... Өтірікті соқпа. Кісі... итті кісі қауып алды деп бірде-бір газет жазбайды. Ал егер ақшаң болса, онда хабарландыру бер, – деді.

– Бейәпенді, сіз мені көп иттің бірі деп отырсыз. Құдай ақына, маған сене көріңіз. Мені шынында кісі қауып алды. Атым шықсыншы деп арпалысып жүрген мен жоқпын.

– Ендеше неменеге келдің?

Мені қапқан кісі құтырық шығар... Оның басқа иттерді қауып тастауы да мүмкін. Егер оны газетке жазсақ, жұрт білетін болады, сақтанады. Ол кісіні аман алып қалу үшін денесіне дәріден екпе жасау керек болар...

– Оныңды қайдан табамыз?

– Ол – менің қожайыным...

– Сені сонда қожайының қауып алды ма? – деді газет иесі таңданып.

– Қожайыным.

– Өйдейт! Сенің мұныға кім сенбек?!

– Иттік шыным... Экспертиза жасатып көріңіздер.

– Қожайыныңды құтырып кетердей етіп ыза қылған шығарсың, сонсоң еріксіз қауып алған ғой...

– Ол мені ғана емес, әйелін де қауып алды.

Газет иесі жанындағыларға қарап:

– Меніңше, кісінің өз әйелін немесе әйелінің міндетін атқарушы адамды қауып алуға хақысы бар, солай емес пе, достарым? – деді.

– Әрине, ерлі-зайыптылардың арасында одан зоры да болады, – деді шығарушылар алқасының бір мүшесі, оны қоспай қойып.

– Ол әйелін әлгі жататын бөлмесінде қауып алды ма? – деді екіншісі.

– Жоқ, дәретханадан шыға бергенінде қапты, – деді ит.

– Ойда жоқ оқыс шаруа бола беретін жер екен ғой, – деді газет иесі.

– Құтырған кісіше бас салып қауып алды, – деп ит күйзеле түсті.

– Ол жерде оның қалай бас салғанын кім біледі, кім көріпті? Солай емес пе, достарым?

– Оның сілекейі қалыпты, – деді ит.

– Ол жерде қалмаған сілекейі қайда қалушы еді? – деп бас редактор салмақтана ырғалып қойды.

Газет иесі сөз біттіні аңғартар кейіппен:

– Жоқ, мырзалар, бұл газет материалы емес, өйткені... – дей бергенде ит оның сөзін бөліп:

– Кісі итті қауып алды дегенге ешкімнің сенбейтінін мен де білемін. Біздің білетініміз – иттің кісіні қабатыны. Бірақ өздеріңіз ойлаңыздаршы, кейде керісінше болуы да мүмкін ғой, ә? Өмірде бір-ақ рет болса да, әйтеуір, болуы мүмкін ғой? – деді.

– Солай де?!

– Солай. Құтырды да, қауып алды.

Газет иесі кіржің етіп:

– Бізді ақымақ қылғың келген екен! – деді.

– Сонда сен құтырып кетемін-ау деп қорқып келдің бе мұнда? – деп бас редактор итке кекесінмен қарады.

– Мен қара басымның қамымен келіп тұрған жоқпын. Менің қожайыным маған дәрі ектіріп тастаған. Мен құтыра қоймаймын... Басқа иттердің қамымен келдім. Егер кісі атаулының бәрі сіздердей болса, кісі құтырып итті қауып алды

дегенге сенгілері келмесе, біз екі дүниедегінің бәрін бес сау-сағымыздай білеміз деп бой бермесе, онда баяғыша тағы да біз сорлаймыз. Құтырыққа қарсы деп тағы да күрес ашады да, бізді тағы да қырып салады...

Итекең итәуресі шығып қаншама дәлелдесе де, газет иесі итті кісі қапты дегенге сенбей-ақ қойды. Итекенді иттей ғып қуып шықты.

Итекең енді басқа бір газетке барды: ол оншама атақты газет болмағанмен, философиялық беті бар еді. Алайда ондағылар да иттің сөзіне иланбай қойды.

Сонсоң ит газет-журнал редакцияларының бәрін түп-түгел аралап шықты, бірақ, амал не, «Мені кісі қауып алды» дегеніне ешқайсысы сенбеді. «Сен атақ іздеп, атыңды шығарғың келіп жүрген итсің ғой!» десті.

Баспасөз маңынан сөзіне құлақ қояр кісі таба алмасына көзі жеткен, алайда ит қауымын қырғыннан құтқарып қалу ниеті жетелеген итекеміз енді радио директорына барды. Директор оның сөзін аяқтатпады да. «Мұндай пәле өмірде болған да емес, болмайды да, мұныға есі дұрыс адам сенбейді» дегенді айтты. Итекең құтырық аурудың тарап кетуіне жол бермеуді ғана көздеп жүргенін оған да дәлелдеп бере алмады.

Директор тіпті ақыра сөйлеп:

– Сол үшін ғана өліп-тіріліп жүрсең, кәне, ақшанды шығар: оқиғалар бөлімінен өткізбегенмен, жарнама бөлімінен жариялайық! – деді.

– Сонда қалай, жұрт жарнамаға көбірек сене ме?

– Жо-жоқ. Бірақ жұрт оны әзіл деп ұғады, ал әзілге әркім-ақ құмар.

Итекеңнің үнжырғасы түсті:

– Менде ақша қайдан болсын?! Ақша адамдарда болады ғой, хайуандарда ақша қайда! Адам мен хайуанның айырмасы да сонда емес пе. Адам – ақшалы хайуан...

Теледидардың директоры да бір қырсық екен. Бізде итті кісі қауып алды дегенге ешкім де сенбек емес, ал егер керісінше айтсаң, онда бәріміз де сенер едік деді.

– Айналайын адамдар-ау, бір уақ ойланып, өздеріңе-өздерің бір сәт күмәнданып көрсеңдер, нелерің кетеді? Мүмкін сендер де қателесетін шығарсыңдар? Жақсы білеміз деген нәрселеріңді бір уақ зерттеп көру сендерге шынымен қиямет пе? – деп қиылды итекең.

– Жақсы білетін нәрсемізге күмәнданып, оны зерттеп не жынымыз бар?! – десті оған...

Ит ары ойланып, бері ойланып, басы әбден қатып, ақырында Денсаулық сақтау министріне тартты. (Адамша сөйлей алмағанында оның алдын көру жоқ еді оған). Министрге шаруасының мән-жайын тәптіштеп айтып, шұғыл шара қолдануын, өйтпесе құтырық ауру етек алып, бейкүнә иттердің бостан-босқа қырылып қалуы мүмкін екенін түсіндіріп бақты.

Министр оны қырыс тыңдап:

– Сен ғой, кісінің итті қабуы тым тосын оқиға деп еліріп тұрсың, ә? Өзің сенер-сенбесіңді білмейсің де, оған бізді сендірмек боласың. Сонда қалай, адам сенен ақымақ болғаны ма? – деп қабағын түйе түнеріп қарады да: – Жаның барда шық!.. Жоғал! – деп ақырып-ақырып жіберді. Итекең құйрығын борбайына қысып алып зытты.

Ол Мал шаруашылығы министрлігіне де, малдәрігерлік қызметтің бас басқармасына да, малдәрігерлік емдеу орнына да, тіпті құтырықтардың ауруханасына да барды. Бәрі бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай:

– Біз білеміз, бәрін де білеміз. Сенетінді тапқан екенсің! – десті.

Иттің иті шығып, үйіне қайтып оралды...

Сол әредікте сол маңайда құтырық ауру басталып кеп кетті. Оның неден басталғанын дәл қазір тап басып айтып

беру мүмкін емес. Итті кісі қапты ма, кісіні ит қапты ма, әлде бәрі бірін-бірі бас салып қаба берді ме – Құдай білсін. Өкімет орындары, әрине, дереу шара қолдануға кірісті: адамдарға дәрі егіп, иттерді шетінен қыра бастады.

Біздің итекеңнің үйі иен қалды: қожайыны мен оның әйелі дер кезінде дәрі ектірмегендіктен ауырып қалды да, құтырықтардың ауруханасына түсті.

Итекең қолайлы сәтті пайдалана қойып, түн ортасында қаладан тайып тұрды.

Ол бір күні жол-жөнекей бір үйге бұрылды. Ел шетіндегі еңселі ол үйде бір қарт ғалым тұратын еді, оның өзі сияқты бір кәрі төбеті бар еді. Ғұламаның жанында өмірін өткізіп келе жатқан ит те ақылға байып, жұрағатына танылып, ит қауымының Ойшылы атанып еді.

Терезеден жолға қарап отырған Ойшыл біздің итекеңді көрді – оны көптен бері білетін, сондықтан дауысын көтере үріп шақырып:

– Қайда тартып барасың? – деді.

– Шет елге кетуге төлқұжат алуға бара жатырмын.

– Е, немене, мұнда тұра-тұра тойып кеттің бе?

– Жо-ға. Отаннан қымбат не бар, бірақ қайдағы біреудің ақымақтығынан күнімнен бұрын өлгім келмейді.

– Аулап жүрген адамдардың қолына түсіп қалам ба деп қорықсаң, үйінде тырп етпей отырсаң еді, болмаса, кел, бізде бола тұр.

– Мен ажалдан қашып бара жатқан жоқпын.

– Енді не болды?

– Осындағылардың «Біз бәрін де білеміз» дейтіні-ақ жыныма тиіп болды.

– Бәрін де білем дейтіндер, әлбетте, ештеңе білмейтіндер болып шығады, – деді Ойшыл ойлана сөйлеп. Сонсоң: – Сонымен, сен қайда бармақшысың? – деді итке.

– Халқы бәрін де біле бермейтін, біздің білмейтіндеріміз де бар-ау деп күмәнданбайтын да бір өлке табылса деймін де...

Ойшыл серги сөйлеп:

– Бұл ойың қызық екен, ғажап ой екен!.. Жүр, бері жүр. Менің иемнің бай кітапханасы бар, содан энциклопедия, карта, атластарды алайық та, сен аңсағандай өлкені іздеп көрейік, – деді.

Олар кітапхананы қаншама ақтарып қарағанмен, қажет еткен өлкені таба алмады.

Ойшыл ең соңғы энциклопедияның соңғы бетін жауып тұрып:

– Ондай өлке бұл дүниеде жоқ, – деді.

– Енді не істеу керек?!

– Сен тұрған қалаға, түбі бір тұқымдастарымыздың ортасына барайық. Қырғыннан аман қалсақ – төзімді серік етіп өмір сүрейік. Сен аңсаған заман келмес деймісің?! Келеді! Тек күту керек!..

* * *

Екі ит бірауыздылық танытты. Бірінің қарғысын бірі тістелеп үзіп, кітапханада қалдырып, өздері қасқайып жолға шықты. Қалаға қарай бет алысты. Не көрсе де, қаладағы қандастарымен бірге көрмек.

ТАРИХ НЕДЕН БАСТАЛАДЫ НЕМЕСЕ МҮНШАМА АҚЫМАҚШЫЛЫҚ ЖАСАҒАНЫМЫЗ НЕЛІКТЕН?

Шығысқала.

Мәрмәр теңізінің ауыл жақ жағасында бір ауыл бар. Бетін солтүстікке беріп тұрған оның қарсы алдынан түс ауа үнемі пойраз – терістік жел соғады. Теңізге барып құятын кішкене өзенге қарай көсілген еңістікте орналасқан үйлердің терезелерінен Мәрмәр теңізінің жұмағы – Патшазада аралдары көрінеді. Ауылдың төңірегінде құнарлы жер тым аз болған соң, тұрғындар атам заманнан бері балық аулап күнелтіп келеді.

Бұдан отыз жыл бұрын бұл жерге қаладан әлдекімдер демалуға келе бастаған да, жұпыны да шағын жатақ тіршілігі өзгеріп жүре берген: жергілікті тұрғындар Стамбұлдан келгендерге жалға жеке бөлмелерін, тұтастай үйлерін ұсынған, сөйтіп саяжай қынаша қаптап, көп ұзамай көлемді ауыл пайда болған. Кедей жатақ кісілері туризмнен де пайда көруге болатынын түсінгеннен кейін шағын пансионаттар да салған. Алайда онымен байып, асып-тасып кеткен ауыл жоқ, себебі бұл жаққа нағыз байлар аяқ баспады. Келгендер өздеріне жетер ғана орташа дәулеті бар қызметкерлер, қоғамның рахатын көрудің орнына бейнетін арқалап титықтаған түрлі-түрлі қаратаяқтар болатын...

Ауылдың жазғы меймандары, әлбетте, қаланың у-шуынан безген егде адамдар немесе кәдімгі қажыған кәрі бейбақтар болады. Жан тыныштығын күйттегендердің тірлігін теңіз жағасындағы шайханаға көз салғанда-ақ байқайсың: айлақтың үштен бір көлемін алып тұрған шайхананың шын-ныланған жаппа жағында қарттар отырады да, ашық-шашық жағында жастар отырады.

Шілде айының аяқ шені. Күн күйіп тұр. Шайхана бос. Түске дейін дуылдасқан жұрт үйді-үйіне тараған. Олар түскі тамақтарын ішіп, аздап көз шырымын алып, сонсоң кеш салқыны түсісімен шайханаға қайтадан жиналады, әңгіме-дүкен құрып шай ішеді, бес асық немесе топай ойнайды, өздері Ширек деп атандырып жіберген белгілі аңқау Жәмелді ортаға алып ермек етеді. Жастардың көсібі, әрине, басқаша болады.

Ол күні шынылы жаппа астында отыздан астам адам отырды. Көпшілігі – мұндағы орындарын әсте суытпайтындар: араларында үш адвокат бар. Адвокаттың бірі – әйгілі месқарын. Жұрт оған: «Құдайдың құтты күні осы жерде быршып отыра бергенше теңізде шомылып жүрмейсің бе?» дейді. Месқарынның жауабы да біреу: «Мына денем суға батпай қойса, қалай шомылмақпын?! Менен басқалар суға батып кетпеуге тырысады, ал мен суға бата алмай қор боламын, орындық иіскеп үйренген мына жерім ғана суға сәл-пәл батады. Міне, мәселе қайда?!» дейді.

Екінші адвокат – біріншіге кереғар бітімді, шынашақтай ғана байғұс.

Үшіншісі – салы суға кетіп кілмиген, дімкәс біреу. Мойынын шілдеде де шарфпен қымтап орап отырғаны. Су десе, аза бойы – қаза. Серіктері оған: «Айналайын, абай бол. Байқа, суық тиіп қалмасын!» деп, күнде қағытып қояды.

Муниципалитеттің бұрынғы дәрігері, мемлекеттік қызмет атаулыдан қол үзген зейнеткер де осында жиі болып тұрады. Үнемі шала мас болып жүреді.

Зейнетке шыққан тағы бір доктор-профессор бар. Көзі нашар көреді: газет оқығанда көзәйнекпен емес, мұрнымен оқып отырған сияқтанады.

Жазды осында өткізетіндердің енді бірі – азық-түлік дүкенінің иесі, бақалшы. Ол білімді адамдармен араласып жүргенін аса жоғары мәртебе деп біледі және өзінің олармен

тең екенін ойлап, үнемі өркештеніп жүреді. Ол да жақында өзін-өзі зейнетке шығарып, дүкенінің тізгінін күйеу баласына берді де, өзі зиялылар қауымына біржолата қосылды. Қазір кез келген әңгімеге кез келген сәтте кірісіп кетіп, шала-пұла білімін шалап қылып жүр.

Мұнда таяқ таянып әрең жүрген полковникті де көресің, ол асқазанына ауыр ота жасатып, әлі оңала алмай келеді.

Демікпесі бар ояз бастығы да осында: ол теңіз жағасының таза ауасын жаз бойы тегін жұтып қайтуды әдетке айналдырған.

Мүгедекке бергісіз мына бір ақсақтың кім екенін, не істейтінін ешкім білмейді, тек әлдекімдер оны азын-аулақ пұлы бар өсімқор екен деседі.

Ал анау бір қусүйек болса, пойраз соққан кезде күзгі жапырақтай қалтырап жүрсе де, жеке меншігіндегі дүкендері мен үйлерін жалға беріп, тәлтектеп тегін мал табады екен.

Әне, лицейдің отставкаға шыққан мұғалімі отыр. Құлағын кесіп алсаң да үндемейтіннің нақ өзі. Ешбір сөзге, дау-дамайға араласпайды, аузын ашпайды, тіпті түрік тілінен саңылауы жоқ сияқты.

Күн күйіп-ақ тұр... Төңірек тым-тырыс: жапырақ біткен сыбдырсыз, теңіз жарықтық қыбырсыз – бетінде дір еткен сызат жоқ, айнадай жалтырап жатыр.

Жуан адвокат бетін жуған терді сыпыра бір сүртіп, кілмиген әріптесіне көз тастап:

– Құдай үшін шарфыңды алып тасташы. Сенің сиқыңа қарасам-ақ пысынап, ағыл-тегіл терлеп кетем, – деп қалды...

Бстықтан қалжыраған жұртта дәл қазір қылаяғы Ширекті ермек етер де хал жоқ.

Ширек Жәмелді мұндағылардың бәрі де аңқау Ширек дейді. Бірақ кейде оған қарап отырып: «Ей, осы өзіне тиімді әлдебір себеппен әдейі аңқауланып жүргеннен сау ма?» деп ойланасың. Алайда ол ауылдарда жиі кездесетін аңқаулар-

дан айнымайды, кәдімгі сүп-сүйкімді, бейкүнә аңқаудың өзі. Оның аты – Жәмел, ал фамилиясын ешкім білмейді. Ширек – лақап аты. Әлдекім: «Құдай бұған ширек қана ақыл берген» депті де, ол содан Ширек атанып кетіпті. Ауылдың бала-шағасына дейін оған әуес: әжуалайды, мазақтайды, ыза қылады. Ылғи ішіп жүретін Жәмел күйіп-пісіп ашуланады, бірақ ашуын тез тарқатады, өйткені өзіне жұрттың қалайда жаны аштынын, әжуа-мазақтың ақырында ақша беретінін біледі. Шынында солай болып шығады: Ширекті ашуландырып айызы қанған соң жұрт оған тиын-сиын береді, ал оны жиып-теріп жұмсау Ширекке оң-оңай. Іше салады. Қалай ішері «қаржысына» қарай: көңіліндегідей болғанда – көсілтіп виски ішеді, аздау болғанда – арақ-шарап ішеді, болыңқырамай қалса – техникалық спирт сияқты оны-мұны қылғытады... Безеу басқан мұрнының ұшы қызара добалданып, үнемі қызыл жалқынданып тұратын бетінің тамырлары көкшілденіп, көзі қанталап кеткен, қолы дір-дір етіп, аяғына әрең ие болып қалтылдап келе жатады. Кейбіреулер: «Жәмелдің денесіне шоқ тигізе қойсаң – лап етіп жана жөнелетін шығар-ау» деседі.

Иә, ол күні Жәмелді қолға алуға ешкімнің зауқы болмады, ал біреу-міреу түртпектей қалса, оған ашуланар шама Жәмелде де жоқ-ты.

Шайханаға шайқақтап муниципалитет дәрігері келіп кірді. Ешкіммен сәлемдеспей қойқиып тұрып:

- Мен тұншығып өлетін шығармын, – деді.
- Араққа ма? – деп шынашақ адвокат «шағып алды».
- Ыстыққа!.. Ыстыққа!.. Дем ала алмай тұрмын...
- Сірә, не нөсер, не дауыл болатын шығар, – деді шайхананың иесі. Ол жергілікті тұрғын-ды.

Бақалшы да, әрине, қарап қалған жоқ, әрқашанғы қыстырыла кететін әдетіне басып:

– Мұндай ыстықтың ақыры жер сілкінісіне апарып соғуы ықтимал, – деген болжау айтты да, ұзын-сонар бір әңгіме бастар ниетпен: – Тарихта... – дей беріп еді, оның мылжыңынсыз да сіркесі су көтермей отырған ояз бастығы:

– Қай тарихта? – деп дүңк етті.

Сол-ақ екен, тарих туралы талас сөз басталып-ақ кетті.

– Сіз айтыңызшы, осы тарих дегеніміз не? – деді отставкадағы профессор жуан адвокатқа қарап.

Жауапты, әрине, тағы да бақалшы қайтарды:

– Тарих дегеніміз – бұрын, баяғыда болған іс, – деді ол.

– Тарих дегеніміз – тарих. Тарихқа айналған оқиғаның тарих екенін тарих деген сөздің өзі-ақ айтып тұрған жоқ па?! – деді муниципалитет дәрігері.

Сөз таласы өрши түсті:

– Әпенді, тарих дегеніңіз баяғыда бір шарт жасалған екен, немесе одақ құрылған екен... Пәленбай деген кемеңгер пәлен жылы қайтыс болған екен деп бастайды. Француз революциясы қашан болды? Түріктердің Шығыс қаланы алуына жол ашқан шайқас қашан, кімдер мен кімдердің арасында болды? дейді. Жоқ, әпенді, ол тарих емес...

– Енді немене? Спорт па?

– Тарих...

– Сонсоң?..

– Мырзалар, рұқсат етіңіздерші, мен айтайын...

– Меніңше, тарих дегеніміз... дәлірек айту үшін не десем екен... Ол – бізді атам заманғы оқиғалардың тууына себепші болған оқиғалардың себептерімен таныстыратын сабақ...

– Дұрыс... Мен де осыны айтқалы отыр едім...

– Бірақ, достар, мұнда бір құйттай гәп бар. Сіз тарих дегеніміз – сабақ дедіңіз. Тауып айттыңыз. Бірақ тарих, егер ол бізге әлгі оны-мұны себептерін айтумен ғана тынған, бүгінгіге жол сілтей алмаған болса, онда ол тарих емес. Жарқ еткен

шамның түнгі қараңғылықты қақырататыны тәрізді, тарих бізге алдымыздағы жолды жарқыратып көрсетуге тиіс...

– Сіз айттыңыз, тарих оқиғалардың себебін анықтап береді дедіңіз... Дұрыс-ақ. Алайда сол оқиғалардың тарихының өзінде ішкі және сыртқы себептер болады. Солай ғой, ә, әпенді? Ал оның ең бастысы – сыртқысы емес, ішкісі, ішкі себептері!..

– Меніңше, тарих...

– Бейәпенді, тарихта меніңше, сеніңше деген болмауға тиіс. Тарихтың аты – тарих... Мысалы, Наполеонның өлген күні – бәрімізге ортақ бір ғана күн. Ендеше сіз: «Меніңше, Наполеон былтыр өлді» дей алмайтын шығарсыз, солай ма, әпенді?

– Бізде тарихшы бір мұғалім болды...

Тарих туралы талас қызған сәтте теңіз жақтан желемік ескен-ді. Бірақ ол мұндағыларға салқын леп әкелмеді, қайта оты қаулап жатқан пештің аузын ашып қалғандай жалын жеткізді.

Теңіздің тып-тыныш төсінде ағараңдаған әлдене көрінді. Ол ақ ноқат Бұйыққада жақтан жылжып шықты. Әуелде қалбалақтап ұшып келе жатқан ақ көбелек сияқтанып еді, сонсоң бірте-бірте желкенді ақ кемеге ұқсай бастады. Теңіз бетіне таңдай бедер салған жаңағы желемік ақ кемені түп-тура шайхананың тұсына айдап алып келді. Кеме жағаға жетіп, зәкірін түсірді. Кеме тұмсығында ақ киімді, бойшаң да қапсағай жігіт пайда болды. Оның суға шомылып, күнге күйіп әбден рахаттанғаны құлпырған қоңырқай өңінен бірден байқалғандай... Оң қолындағы қорқорын сорғылап, түтінін бұрқыратып, сол қолымен оң қолының шынтағын демей ұстап, жағаға қадала қарап тұр. Жаңа жерлер ашып жүрген әйгілі теңіз саяхатшысындай. Күшейе түскен жел оның сабан қалпағының жалпақ етегін жалпылдата бастады.

Шайханада сөз таластырып отырған тарландар жағаға түмсық тіреген әдемі ақ кемеңі де, оның иесін – орнатқан ескерткішше тіп-тік тұрған ақ киімді жігітті де аңғармады. Олар желдің аздап салқын леп әкелгенін ғана сезді.

Ширек Жәмел шайхананың шынылы жаппасына кірер есік көзінде отырған. Мынау түсініксіз талассөз қашан бітер екен, жұрт мені қашан қолға алар екен, біраз әжуалап айыздарын қандырып, сонсоң берер бір-екі лирасын қашан берер екен деп тықыршиды – ішімдік көксеген іші ұлығалы қашан!

Ал сөз таласы толастар емес.

– Біз тарих деген анау, тарих деген мынау деп текке қызыл кеңірдек болып отырмыз, ал біздің арамызда оны өте жақсы білетін маманның, тарихшының дәнеңе демей отырғаны мынау, – деді отставкадағы полковник.

Лицейдің бұрынғы мұғалімі көп жыл бойы тарихтан сабақ берген-ді.

– Е, бұл үншықпастың өзі ғой, – деді шынашақтай адвокат.

– Шынында, бұл мұғалім мырза бізге тарихтың не екенін түсіндіріп бермес пе екен? – деді профессор.

Ешқашан ешбір әңгімеге араласпай жым-жырт отыратын мұғалім:

– Бүгінгі тарих – кешегі жағрафия. Әуелде жағрафия болғанның бәрі артынан тарихқа айналады. Егер мұны басқаша айтар болсақ... – дей бергенде оның басқашасы түгіл, бас қайғы болған оқиға сап етті – шайханашының айтқаны келді. Теңіз бетіндегі қапырық ауаны астаң-кестең сапырған дауыл басталып кеп кетті. Шайханадағы сөз таласы бірден тыйылды. Жұрт теңіз жаққа жалт қарап, айлақтағы кемеңі де, ақ киімді адамды да енді ғана байқады. Ақ киімдіміз ескерткіш кейпінен айырылып, екі қолын бірдей бұлғап арпалысып, бірдеңе деп айқайлай бастаған-ды. Дауыл оның аузындағы сөзін де, басындағы қалпағын да жұлып әкетіп,

жанталастырып тұр; кемені көбік шашқан толқынмен төмпештеп, зәкірін суырып, өзін жағаға лақтырып тастағысы келетін тәрізді... Кеме иесі шоқ басқандай шоршып, ары-бері атқақтап жүр.

Шайханадағылар кәрі-жасы қалмай үкідей ұшып жағаға жетті де, ұйлығып тұрып қалды. Көмекке ұмтылуын ұмтылды-ақ, тек не істерлерін білмей тұр. Ақыл айтқыштары кемені қалай құтқару керектігін талқылауға кірісіп, қилы-қилы ұсыныс жасай бастаған кезде делқұлы Ширек киімін сыпырып тастап, теңізге тыржалаңаш күйі күмп берді. Кеме жағадан оншама қашық емес еді, сол себепті Ширек құлаштай малтып әп-сәтте жетті де, кеменің түмсығына қол созды.

Жағада қалғандар жапа-тармағай қол соғып: «Ширек жасасын!.. Жарайсың, Ширек!» деп айғайға басты. Ширекті ермек етіп мазақтайтындарын естерінен шығарып, енді оның ерлігіне сүйсініп, қошеметтеп тұр. Шынында ғажап іс болды!.. Ширек қаһармандық көрсетті!..

Ширек барған тұстың тереңдігі кісі бойлайтындай ғана еді, сондықтан ол су түбіне табан тіреп, аңыз ертегілердегі алыптарша еңсесін айбындана жазып, сонсоң жағада шулап тұрғандарға:

– Әй, сендердің қошеметтеріңнің құны – көк тиын. Сөйтпін тұра бересіңдер ме?! Кәне, секіріңдер суға! Бері келіңдер, кемені құтқарып алайық! – деп ақыра айқайлады.

Жағадағылар оның бұйрығын ғана күтіп тұрғандай, жалма-жан шешініп, суға жапырлап түсе бастады. Жуан адвокат бәтеңкесінің бауын шешуге иліге алмады да, көйлегін ғана шешіп, суға шалбаршаң, бәтеңкешен қойып кетті. Жаз бойы етіне су тигізбеген бейбақ енді, міне, бірінші болып ұмтылды. Шынашақтай адвокатымыз шешіну жарысында үнемі жүлде алып жүрген жанша лезде шешініп, суға секіріп кеп кетіп еді, толқын жұтып жібергендей жоқ болды – тек әлден уақытта ғана су бетіне сопаң етіп қайта шығып, кемеге қарай жүзіп

берді. Ширектің шақыруынан масаң дәрігер де бас тартпады: шалбарының балағын жақсылап түріп алып, бөтеңкесімен су кеше жөнелді. Көзәйнегіне тірелгенді ғана көретін профессор да шешініп тастап, кемеңі құтқаруға көппен бірге ол да аттанды, тек ол кемеңі көрмей, басқа жаққа жүзіп бара жатыр еді, жуан адвокат оны ұстап алды да, бетін кемеге қарай бұрып жіберді. Ең тебіреністісі отставкадағы полковниктің әрекеті болды: ол кеше ғана ауыр операциядан шыққанына қарамады, жолдастарынан жырылып қалмай шешініп, дамбалшаң күйінде таяғына сүйене шоқандап суға түсті.

Үйлері мен дүкендерін жалға беріп тегін мал тауып жүрген қу сүйектің халі мүшкіл еді. Шаң көтермес желемік құлатып кете жаздайтын оған дауыл мен дүлей толқын не істемесін! Кемеңі құтқарғаннан оны құтқару қиын болар-ау!.. Дегенмен, ол сау сиырдың жапасы емес екен: көппен бірге көзі ежірейе ұмтылып, суға күмп беріп сүңгіп кетті де, кемеңің дәл іргесінен лып етіп бір-ақ шықты.

Демікпесі бар ояз бастығы суға түскен бойда тұншығып өліп кете жаздады, әйтсе де ол да серіктерінен қалмады, бір қысылтаяң сәтте оған әлгі ақсақ өсімқор қол ұшын беріп, қолтығынан демеп, есін жиғызды, ал оның есесіне полковник оны мықтап ұстап, толқынның аударып алып кетуінен сақтап қалды.

Ширектің айтқанын екі етпей алдымен орындаған адам бақалшы болды. Ол Ширекке жанұшыра көмектесіп, оның бұйрығын басқаларға айғайлап жеткізіп те жүр.

Жаңағы бір әзірде жағада аңырып тұрған кәрі-жастың бәрі лезде кемеге жетіп, мінеки, жан-жағынан қаумалай қоршап алысты. Дімкәс адвокат шарфын да тастамаған: суға малшынғанда да шарфы оны салқын тиюден сақтайтын болса керек, мойнына әдетінше әлденеше рет орап алыпты.

Ал ширек қана ақылы бар Жәмел – кәдімгі әкіміңнің өзі. Өмір бойы көргені қорлық болып келе жатқан байғұс енді

қолына билік тиіп, төбесімен көк тіреп, жұртқа әмір жаудырып тұр:

– Әй, мына жағынан басыңдар!.. Әй, былай тұрыңдар! – дейді.

Отставкадағы полковнигіңнің өзі Ширекке балаша бағынып лыпып жүр.

– Әй, сен астыңғы жағынан ал! Әй, айтқанды ұқсайшы! – деп Ширек шынашақтай адвокатқа жекіп қалып еді, анау Ширек нұсқаған тұсқа үйрекше сүңгіп кеп кетті.

Жұрт жарлығын жанын сала орындаған сайын Ширек масайрап, бұйрықты үсті-үстіне беріп тұр. Жанталасқан кәрі-жастың қайсысы болсын: «Кемені құтқаруға бірінші болып ұмтылғанда-ақ бұл не істеу керектігін білген екен, ендеше бұйыратын жөні де бар» деп ойлап жүргенге ұқсайды.

Еріккендердің қолжаулығына айналған, бардың алақанына көз сүзіп үйренген Ширек енді солардың бәрі өзіне бағынып, әміріне құлдық ұрып жүргеніне іштей таңданды да, ойда жоқта екі тізгін, бір шылбыр қолына тиген соң, қамшыны аянбай басты. Ақырып бұйрық жаудыра бергісі келеді. Оған дәл қазір кемені құтқару да, тауды талқандау да, сүңгуір қайықты су түбінен сүйреп шығару да, көпірдің күлін көкке ұшыру да – бәрібір. Бұл бұйрық бере берсе, мынау бір кездегі мықтылар мен шонжарлар қыңқ етпей орындай берсе – болды!..

Ширектің әрбір сөзін жаңғырықша қайталап бақалшының да мерейі үстем болып жүр.

– Сүйрендер, бері сүйрендер! Әй, ары қарай емес, бері қарай сүйрендер деп тұрмын ғой! – дейді Ширек айғайлап.

– Бері сүйрендер! Әй, ары қарай емес, бері қарай сүйрендер деп тұрмын ғой! – дейді бақалшы барқырап.

– Кәне, жабыла басыңдар! Жұмыла басыңдар! Ал, кәне! Бір, екі, үш! – дейді Ширек.

– Көне, жабыла басыңдар! Жұмылыңдар! Ал, көне! Бір, екі, үш! – дейді бақалшы.

– Тағы да итеріңдер! Қаттырақ итеріңдер! Көнеки!..

– Тағы да итеріңдер! Қаттырақ итеріңдер! Көнеки!..

– Былай қарай деймін! Былай қарай!..

– Жабыла ұстандар! Айырылып қалмаңдар!..

– Ал, көне! Бір, екі, үш!..

– Ал, көне! Бір, екі, үш!..

Ширектің төте бұйрығына, бақалшының қостау бұйрығына бағынған жұрт кемеңі қайырлап қалмас үшін теңізге қарай сүйреудің орнына жабылып жағаға қарай сүйреді. Өліп-тіріліп сүйрегендері соншалық, кеме енді өмір бақи кейін қайта алмайтын болып қайырлап қалды. Кемеңің салмағын теңдеп, күшті дауылда ауып кетпеуін сақтап тұратын темір төс қалағы теңіздің жағаға жақын түп құмына қанжарша тіле сұғынды. Тырп ете алмастай тіреліп, ұрар оңтайына келген кемеңі дүлей толқын үсті-үстіне соққылай бастады.

Ширек ақылы Жәмелді ширықтыра түсті. Кемеңің мәңгі бақиға шөгіп қалғанын көрген Ширек ата жауын жалғыз жеңген батырша айбаттанып:

– Тез барып трактор алып келіңдер! – деп бұйырды.

Бұйрығы бұлжымастан орындалды. Трактор келе қалды. Кеме темір арқанмен «бұйдаланып», тракторға тіркелді. Жәмелдің ширек ақылы тракторшыға:

– Тарт алға! – деп бұйрық берді.

Трактор жұлқына жөнелді, темір арқан жазылып, созылып барып, атылған оқтай түп-түзу бола қалды. Кемеңі құтқаруға жиналғандар арқанға күдіктене қарап, не боларын күтіп тұр.

Трактор ышқына дарылдап, жұлқып-жұлқып қалды. Шақыр-шұқыр, тарс-түрс етті. Әдемі аппақ кеме әп-сәтте әлденешеге бөлініп, жан-жаққа жапырақша шашылып қалды. Қайран кеме көрген түстей ғайып болды. Су бетін тақтайдың

сынығы, желкеннің жұлым-жұлымы, киім-кешек, көди-сөди бірдеңелер басып кетті. Көпшілік мәлие қарап тұрып-тұрып, қолдарына іліккенді алып, жағаға қайтты.

Іс бітті дегендей, дауыл да тына қалды.

Көпшілік жағаға шығып, қолындағысына қарап, ұйлығып тұр.

Ширек жағаға жұрттың ең соңынан шықты. Оның да қолында құрыған кемеден ескерткіш бар, бірақ онысы тақтайдың сынығы немесе басқа қажетсіз бірдеңе емес – бір бөтелке виски.

Көпшілік Ширекке алакөзбен қарасты. Ал Ширек қырылдай сөйлеп:

– Мені жаңа көріп тұрсыңдар ма?! Егер мен болмасам, ол кемеден қолға ілігер де ештеңе қалмас еді!.. – деп ажырайды.

«Құтқарушылар» қолына іліккен дүниесіне қарап қалыпты. Шынашақ адвокат судан құшақтап шыққан тақтай сынығын тастай салды. Отставкадағы полковник те олжасына бір түкіріп, лақтырып жіберді.

Көпшілік сүртініп, жағада қалдырған киімдерін жиып алысты. Үйлеріне бүйтіп сүлкіген күйлерінде бару ыңғайсыз болатындықтан, бәрі қайтадан шайханаға беттеп, шынылы жаппа астына жайғасып, ыстық шай сұрасты.

Дімкәс адвокаттың мойнына ораған шарфынан су тамшылап тұр. Ояз бастығы деміккенде ішетін дәрісін ішіп, ес жиып отыр.

– Мырзалар, осы біз не істедік? – деді жуан адвокат.

– «Не істедігің» қалай? – деді оған профессор.

– Ол солай. Ширек ақылы бардың жетегінде кеттік. Егер біз Ширектің айтқанын істеп кемеңі жағаға қарай сүйремегенде, ары қарай, теңізге сүйреп шығарғанымызда, ол кеме қайырламайтын да еді, тас-талқан да болмай, сап-сау қалатын еді, – деді жуан адвокат.

– Рас-ау... – деді отставкадағы полковник.

- Шынында, – деді мастығынан айығыңқыраған дәрігер.
- Сонда бәріміздің сол ақымақтың айтқанына көніп, айдағанына жүргеніміз қалай? – деді дімкәс адвокат.
- Кілең ақылды адамдар сол бір делқұлыға бағынғанымыз-ай! – деді өсімқор.
- Өзі турасын айтыңдаршы: мұншама ақымақшылық жасағанымыз неліктен? – деді жуан адвокат, ашынып айғайлай сөйлеп.
- Тарих, міне, осындайдан басталады! – деп қалды тарих пәнінің мұғалімі. Ол шайхананың төр жақ түкпірінде отырған. Үсті-басы құп-құрғақ. Көпшілік оған жалт қарасып:
- Қайдағы тарих? – десті.
- Кеме құтқаруға тұра жүгірердің алдында тарих туралы сөз таластырғандарың естеріңде ме? Менен тарих дегеніміз немене деп сұраған жоқ па едіңдер?
- Сұрасақ ше?
- Мен түсіндіре бастағанда сендер теңізге қарай тұра жүгірдіңдер де, сөзіміз аяқталмай қалды. Мен енді сендердің сол сұрақтарыңа жауап берейін. Сендер жаңа ғана: «Мұншама ақымақшылық жасағанымыз неліктен?» дедіңдер...
- Иә, дедік.
- Адамдардың ақымақшылық жасауы, былайша айтқанда, өмірдегі дерек қана. Ал тарих адам ақымақшылық жасауын жалғай түсіп: «Мұншама ақымақшылық жасағанымыз неліктен?» деп біріне-бірі сұрақ қойған сәттен басталады. Көп жыл бойы тарихтан сабақ берген маған, егер тарихтан тағы да сабақ берер күн туса, онда мен шәкірттеріме тарихтың негізі: «Ақымақтың жетегінде кеткеніміз қалай? Делқұлыға бағынғанымыз не? Мұншама ақымақшылық жасағанымыз неліктен?» деген сұрақтарда жатыр дер едім.
- Сіз бәрімізден ақылды екенсіз. Ақымақтың соңынан бізше тұра жүгірмедіңіз, суға малшынған жоқсыз, – деді отставкадағы полковник.

– Ә, жоқ, жо-оқ. Мен сендерден ақылды болғандықтан бармай қалған жоқпын. Менің ішім ауырып, есім шығып отырған, сендер теңізге қарай жөнелгенде мен басқа жаққа жөнелдім... Сендермен бірге бола алмағаным... қатты ұялып отырмын... – деді мұғалім.

– Қалай болғанда да тарих дегеніміздің не екенін біз енді білеміз. Айналайын адамдар нақұрыстың уысына жиі түсіп қалады да, артынан: «Ақымақ болғанымызды қарасаңшы!» деп таңданып, өкініп жүреді, яғни тарих сондайдан басталады, – деді профессор...

Ыстық шай келді.

Сол сәтте кеме иесі келіп кірді: айғыз-айғыз болған ақ кеудешесінен су сорғалап тұр; қолында әлгінде ғана кемесіне сән беріп желбіреп тұрған жалауының жалаңаш сабы ғана бар.

ПЕРІШТЕ БОСАП ТЫНДЫ

Ерте, ерте, ертеде жан біткенді ебеп-жебеуші ұлы мәртебелі бір періште болыпты; жерде де, көкте де, суда да ол туралы ағылып аңыз тарап, оның: әскери сотқа тартылғандарға, жау қоршауында қалғандарға, аш-жалаңаштарға да, азап шеккендерге де, қайғы-қасіретке душар болғандарға да, тіпті отырып қалған кәрі қыздар мен әлгі бедеу әйелдерге де қол ұшын беретіні мадақталыпты. Ебеп-жебеуші періште жаны кейігенді әп-сәтте жадыратып, сағынып-сарғайғанды сүйінтіп, сырқатты сауықтырып, борышқа батқанды байытып жүріпті. Қай жерде болсын әлдебір қыз оң жақта отырыңқырап қалып: «Оу, ебеп-жебеуші періштем, зарыма құлақ сала жүр!» деп сарнай бастаса болды – періште оған дереу жетіп барып, тағдырын түзеп, таңдағанындай күйеу та-

уып алуына жәрдемдеседі екен. Егер әлдебір әйел күйеуінің құр далбаса екенін ашып айтып, шикіөкпе көре алмай жүргенін мұң етіп шақса, күш-қуаты құдіретті періште ол әйелге қолынан келген көмегін беріп, ұрпағын ұзартып кетеді екен. Өлім аузында жатқандар тартқан тауқыметтерін тізіп айтып: «Бір өзіңе сендім. Рақымшылық жасай көр!» деп жалбарынғанда, ебеп-жебеуші періште оларды ажалға бермей қояды екен. «Өзіңнен басқа кімім бар, көз қырыңды салшы, қанатыңның астына алшы!» деп құлдық ұрған борыштыны қарызынан құтқарып, кедейді байытып, азды көбейтіп, тауды шағып жол салып кете беретін көрінеді.

Ерте, ерте, ертеде осындай бір қайырымды, мейірімді, мырза періште болған деседі. Ал қазір ондай жақсы періште жоқ. Қазіргі періште дегеніңіздің көзі жер бетінде болып жатқан әділетсіздікті, қарапайым халықты зар илеткен қанаушылық пен қорлаушылықты көрмейді, құлағы адамзаттың мұң-наласын, қайғы-қасірет үнін естімейді. Ол неліктен? Оның себебі: біздің ерте, ерте, ертедегі бірден-бір ебеп-жебеуші бейәпенді періштеміз Алла тағалаға әлдебір хал-жағдайын айтып, қызметінен өз өтініші бойынша босап кетіпті.

Енді біз ол оқиғаның қалай болғанын, құдіреті күшті бейәпенді періштенің қызметінен неге босап кеткенін әңгімелеп берелік.

Сонымен, мәселе мынада.

Біздің жердегі миллиондаған қыздардың арасында бір қыз болыпты. Алла тағала оған түсінде көрген адам шошып оянатындай сиық беріпті: қосжұдырықтай мұрыны аузын басып, айтқан сөзі кеңсірігін қуалап кері кетеді екен де, ешкім ештеңе ұқпайды екен; бармақтай-бармақтай безеу толы беті көрген кісінің құсқысын келтірсе керек; аяғы қыпқысқа, қып-қысық, үйрекше талтақтап әрең жүретін көрінеді; омырауы тақтайдай тап-тақыр екен; бөксесі бөшкедей болған; екі көзі екі жаққа қарай ма-ау, үш жаққа қарай ма-ау,

әйтеуір, атысып-шабысып тұрған ғой. Жасы отыздан асқалы талай жыл болса да күйеу дейтіннен бейхабар болыпты, бірақ, үмітсіз – сайтан деп, әр түнді дөңбекшүмен өткізіп жүрсе керек. Солай бола тұра сиықсызыңның қолынан сан сапалақ сылқымдардың фотосуреті басылатын газет-журнал түспейтін көрінеді: киноның кербез-қыландары, сұлулар конкурсының жеңімпаздары, басқа да әйгілі бикештер күнді қалай, кіммен батырып, таңды қалай, кіммен атырып жүр деген мәселеде ол бұл жарық дүниедегі жалғыз білгір болыпты.

Сол қыз күндіз-түні құлдық ұрып: «Оу, жаратқан жалғыз ием, атыңнан айналайын! Мейірім-рақымыңнан садаға кетейін! Өзіңе бір ғана тілегім бар, соны қабыл алшы, мені бұл дүниедегі ең мандайалды сұлу етші!» дей беріпті.

Жерде сонсоң бір қортық өмір сүріпті. Ол өзіндей қортықтардың ешқайсысына ұқсамайды екен, өйткені он екі мүшесі түп-түгел оңбай жаратылыпты: ат басты, түйе тірсекті, бақа денелі бөтшағар көрінеді. Сол неме сымбатты атлет-чемпион болуды көксеп, құдайға құтты күні жылап жалбарынып: «Жер-жаһанды жаратқан ием, мені теңдесі жоқ сымбатты атлет-чемпион етші!» деп жүріпті.

Сондай-ақ бір месқарын болыпты. Аузың қайсы десе, мұрнын көрсететін, екі аттап бір құлайтын, үстіңгі ерні көк тіреген, астыңғы ерні жер тіреген сол әбілетті республика президенті болсам деген ой жегідей жейді екен. Сонсоң ол: «О, ұлы тәңірім! Мені республика президенті ете салшы, нең кетеді!» деп жалынып-жалбарынып жүріпті.

Сонсоң бір желөкпе әйел бар екен. Ол кез келген жерде кез келгенмен тіл табыса береді екен. Оған үй де – бір, көше де – бір болса керек. Әуелі кешкі бар мен түнгі клубта күн өткізген, содан кейін жезөкшелер үйінен шықпайтынды тапқан, ақырында әйел сықпытынан айырылып, ауру ұялаған құр қаңқа болып қалған. Оның да бір ғана арман-мақсаты, жалғыз ғана тілегі болса керек. Ол премьер-министрдің әйе-

лі болуды көксепті. Істейін десе іс жоқ, ауырайын десе ауру жоқ, әмірі әйдік, құрметі көп бір өмір сүрсем дейді. «Қүдіреті күшті Құдайым, мені премьер-министрдің әйелі етші! Одан өзге ештеңе сұрамайын!» деп зар еңірепті.

Одан кейін бір алпауыт болыпты. Оның байлығының шексіздігі сонша, ақшасының есебіне санай-санай өзі де жете алмапты. Ол алпауыттың екінші байлығы ауру екен – ол бұ екі дүниеде бар аурумен де, жоқ аурумен де ауырып, есі ауыса жаздап жүріпті. Бір күні заводын аралап келе жатып қараса: бір жүкші қара нанға сарымсақ қосып соғып отыр дейді. Алпауыттың аузының суы ағып кетіпті, өйткені ол адамша тамақ іше алмайтын ауруға да шалдыққан екен. Жүкшінің рахаттанып отырғанын көрген сәттен бастап ол: «Оу, Ұлы Тәңірім! Маған оң көзіңмен бір рет қана қарап, тас жесе де бойына балдай батып, судай сіңетін анау жүкші жігіттің орнына мені жүкші етші. Бар-жоқ тілегім осы болсын!» деп жалбарынуға кірісіпті.

Сөйтіп біреудің орнына құмартқандар көбейе беріпті. Олардың құлдық ұра жалбарынған жалынышты үндері Құдайдың құлағына зор күңіреніс болып жетіп, мазасын кетіріпті. Құлдарының зарынан құлағы тұнған соң ол ебеп-жебеуші періштені шақыртып алып: «Уа, әулие, сөз тыңда. Адам ата мен Хауа ананы жерге жіберіп, адамзат ұрпағын өрбіткенімізге жүздеген жыл, жоға, мыңдаған жыл болды, ал сол ұрпақ бүгінде бірінің орнын бірі алғысы келетінін айттып зар еңіреп жалбарынатынды шығарды. Бай мен кедей де, сұлу мен сиықсыз да, сау мен ауру да, атақты мен атақсыз да, күшті мен қауқарсыз да – құдды келісіп алғандай – шетінен көз жасын көл қылып жалынады, бірінің орнын бірі көксейді...» деген сәтте біздің бейәпенді періштеміз: «Тәңірім, бәрімізді жаратқан – бір өзіңсің. Біздің әміршіміз де сенсің. Сондықтан біздің табанымызға кірген тікен сенің маңдайыңа кіреді» деп қойды.

«Құлдарымызға жанымыз ашып, қатты қиналып жүрміз. Сен дереу бар да, бәрінің тілегін орындап қайт. Өне, тыңдашы, құлдық ұрып күңіренген үндері аспан төріндегі бізге естіліп тұр!..» деді Құдай.

«О, Тәңірім, Ием! Бұл зарды құлағы бар біз тұрғай тау да, тас та еститін шығар!» деді ебеп-жебеуші бейәпенді періштеміз.

Сонда Құдай оған былай деп әмір етті: «Зардың көкесі: дүние жүзіндегі маңдайалды сұлу болғысы келетін сиықсыз қыздың, жігіттің келбеттісі болсам дейтін қортықтың, президент болуды сұрап жүрген месқарынның, премьер-министрдің әйелі болуды қалайтын жезөкшенің, тамақ талғамас жүкшінің орнын көздеуші алпауыттың зары болып тұр. Періште, сен дереу аттан. Жерге бар да, құлдарымыздың тілегін орында. Бәрі де алар орындарын алсын – біздің шешіміміз де, бұйрығымыз да осы. Бәрінің тілегі қабыл болсын: сиықсыз қыз ең маңдайалды сұлудың орнын, қортық ең келбетті жігіттің, ақшасының есебіне жете алмай жүрген алпауыт жүкшінің, месқарын президенттің, жүріске салынған бикеш премьер-министрдің әйелінің орнын алсын. Әуелі осылардың тілегін орында, содан кейін басқаларын көрерсің...».

Құдайдың елшісі, құлдардың ебеп-жебеушісі болмақ бейәпенді періштеміз: «Құп болады! Әміріңізге – құлдық!» дейді де, жерге қарай зулай жөнеледі.

Ебеп-жебеуші бейәпенді періште жерге жетіп келді. Мұнда Алла тағаланың миллиардтаған құлы жылап-еңіреп жүргенін көрді. Басқасын былай қоя тұрып, алдымен әлгі тапсырылғандарды іздеуге кірісті.

Періште баяғы сиықсыз қызды тауып алып: «Мен – ебеп-жебеуші періштемін, тілегіңді айта бер» деді.

«Жебеушісің бе, жоқ па – мен оныңды білмеймін. Шынымен періште болсаң, менің не тілегенімді өзімнен сұрап әурелеме» деді сиықсыз қыз.

«Дұрыс айттың. Сен дүниедегі маңдайалды сұлу қыз болайыншы дедің. Ертең таңертеңнен кешікпей ойың орындалады» деді де, періште дереу ғайып болды.

Қыз қуанғанынан отыра қалып жылады – көзінен жас емес, інжу-маржан төгілді десе де болғандай.

Ал періште ол кезде қортыққа жетіп үлгерді де: «Ей, қортық! Құдай сенің зарыңа құлақ қойды. Мен – ебеп-жебеуші періштемін. Кәне, нендей тілегің бар, айта бер» деді.

«Жебеушісің бе, жоқ па – оның маған беймәлім. Егер періште екенің рас болса, ойымды айтқызбай-ақ білерсің».

«Әрине, білем. Сен дүниедегі ең сымбатты чемпион-атлет болсам дейсің. Ойың ертеңнен қалмай орындалады!».

Періште одан соң әлгі президенттікті көксеген месқарынға, премьер-министрдің әйелі болуға құмартқан жолбикеге, тепсе темір үзетін жүкшінің орнын көздеген алпауытқа барды.

Періште балалардың – ересектер орнында, қарттардың – жастар орнында, кедейлердің – байлар, ақымақтардың – ақылдылар, надандардың – данышпандар, саясатшылардың – өнер білгірлері орнында, ал сұрбойдақтардың – әйелдері сұлу жігіттердің орнында болуды көздейтіндерін біліп, жағасын ұстады.

Сөйтіп ебеп-жебеуге дереу кіріскен бейәпенді періштеміз ары-бері шапқылап, тәңірге жалбарынушы жұртқа жәрдем көрсетіп жүріп, бір тұстан төбе құйқасын шымырлатқан зар естіді. Ол әскери қарауыл айдап өкетіп бара жатқан кісендеулі жігіттің зары екен. Жігіт жығылып-сүрініп, зар илеп жалбарынып барады: «О, Ұлы мәртебелі Тәңірім! Менің аз ғана өмірім қалды. Өлімнен қалып, өмірімді ұзартқым келеді, ол үшін мені муниципалитет бастығы ете көрші! Бір рет рахымшылық жасашы, Жаратқан жақсы Ием!» дейді.

Бейәпенді періштеміз қарауылбасымен қатарласып, одан кісіндеулі жігіттің не үшін жазаға тартылғанын сұрады.

«Бұл – елде жоқ бұзық. Қылмысы шашынан да көп. Ол әскерде жүрген бір жігіттің үйіне түнде ұрланып кіріп, әйелін зорлап қойған. Сонсоң тағы да бір әйелдің үйіне кіріп, оны да сөйтпек болған, бірақ әйел көнбеген, содан кейін бұл оны сәбиімен қоса өлтірген. Кейін тағы да төрт кісіні өлтірген. Сот мұны өлім жазасына кесті, ертең таңертең дарға асылады» деді қарауылбасы.

Ебеп-жебеуші бейәпенді періштеміз ойланып қалды. Дарға сөзсіз асылуы керек қылмыстының муниципалитет бастығы болып алып, ажалдан құтылып кетуіне шынымен көмектесуге тиіс пе?.. Амал жоқ. Құдай маған жалбарынғанның бәріне жәрдем бер деді ғой... Бірінің орнын бірі көздеген құлдарымның тілегін қабыл етіп кел деп әмір берді емес пе?..

Періште кісендеулі жігітке қарап тұрып: «Мен – ебеп-жебеуші періштемін, не тілейтініңді айт маған!» деді.

«Жебеушісің бе, жоқ па – оның маған беймәлім. Егер шынымен періште болсаң, тілегімді сұрамай-ақ біліп көр» деді жігіт.

«Тілегіңді қабыл еттім – муниципалитетке бастық бол!» деді періште.

Сонымен, ебеп-жебеуші бейәпенді періште жер бетіндегі пенделердің тілектерін түп-түгел орындап болысымен аспанға тартып отырды. Ол жер мен көктің арасына қас қағым сәт қана ұшатын.

Ол Тәңірге барып, бұйрығының бұлжымай орындалғанын мәлімдеді. Құдайдан алғыс күтті. Бірақ Құдай оған алақөзімен қарап, ашулана сөйлеп:

«Сен не істеп келдің?! Зар көбейіп, күңірену күшейіп кеткені қалай? Арыз-шағым, жалбарыныс бұрынғыдан да көбейіп кетті. Олардың тілектері қабыл болған жоқ па, алар орындарын алған жоқ па? Құлдарым неге еселеп-еселеп еңірейді? Бар, қайтадан барып, не болып қалғанын анықтап кел!» деді.

Жерге қайтадан жетіп барған періште жер мен көк жаратылғалы естімеген күңіреністі естіді. Ол алдымен әлгі сиықсыз қызды іздеп барса, онысы тапқан шешесі де танымастай болып өзгеріп кетіпті: қанша қарасаң да көзің тоймайтын қыр мұрын, қыпша бел, алма мойын, аққутөс, кәдімгі ботакөз, бір кездегі безеу бетінен алаулап нұр тамып тұр, мықыны сұлуланып, аяғы түп-түзу, сүп-сүйкімді болып, шын бар-ау, әлемде жоқ аруға айналған. Бірақ ертеңді-кеш еңірегенде көз жасы етегіне толады.

«Саған енді не керек? Ойың орындалды емес пе?» деп бейәпенді періштеміз аң-таң болды.

«Маған менің өз кейпім керек... Менің бетім қайда, аяғым қайда?» деп қыз баж-баж етті.

«Дүниедегі ең сұлу болсам екен деп тілеген жоқ па едің?».

«Тілегем, тілегем... Сұлу күйімде қалайын, бірақ өз кейпімде болайын. Мен қазір басқа біреумін. Өз кейпімді неге жоғалтып алдым?!» деп қыз еңірей түсті.

Біздің ебеп-жебеуші бейәпенді періштеміз: «Сиықсыз сорлының дүниедегі ең сұлу қыз болуды тілегені несі, болған соң бұрынғы кейпін қайтадан көксегені несі?» деп ойлап, есі шықты. Әу бастағы өз кейпімді қайтарып бере көр деп Құдайға жалбарынып жылаған қыздың қылығын мүлде түсіне алмаған ебеп-жебеуші періште оны сол зарлаған күйінде қалдырды да, баяғы қортықты іздеп кетті. Қортық, әрине, ең сымбатты, ең келбетті жігіт болған шығар деп ойлады. Солайы солай екен, бірақ ол да күңіреніп отыр.

«Құдай тілегінді қабыл алып, арманыңа қолың жетіп еді ғой, енді не керек саған, неге күңіренесің?» деді періште оған.

«Өз кейпінен айырылған адамға басқа не керек болушы еді? Сымбатты атлет болғым келгені рас, бірақ өз кейпімді жоғалтпай болсам дегенмін...» деді бұрынғы қортық.

Ебеп-жебеуші періште еріксіз күліп жіберді: бұл да сол баяғы қортық кейпімде қалсам, бірақ ең сымбатты, ең келбетті

атлет болсам дейді, түк түсінсем бұйырмасын, деп іштей таңдана бір түкіріп, президенттің орнын алған месқарынға кетті.

Месқарын бәйге атындай жарап, байсалды, байыпты болыпты. Бірақ ол да қаралы адамдай халде.

«Өз кейпімді өзім жоғалтып президент болғаным құрысын!.. Бұрынғы қалпымды қайтарып бере көр!..» деп жылап, жалбарына бастады.

Ебеп-жебеуші періште оған дәнеңе демей аттанын кетті де, енді премьер-министрдің әйелі болып отырған баяғы жезөкшеге барды... Мәссаған! Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болса да, оның да көзі бұлаудай.

«Е, неге жылайсың? Еріккенге ермек болудан құтылдың емес пе?».

«Менің өз кейпім қайда? Өз кейпімнен айырылған соң премьердің әйелі болғанымнан не пайда?!».

Бейәпенді періштеміз ақшасының есебінен де, сырқатының санынан да жаңылған бай шалды іздеп тауып алды. Ол балталасаң да өлмейтін атпал жігіт болыпты. Нанды қарбыта асап, көзінен жасы сорғалап: «Менің қайран құяңым қайда?.. Асқазанымның жарасы қайда?.. Қышымам қайда?.. Қылаяғы демікпемнен де ырымға дәнеңе қалмады!.. Тәңірім-ау, темір шайнасам да тісім мұқалмайтын бұл денсаулықтың маған қажеті қанша?!. Бұрынғы кейпімді қайтарып берші!» деп отыр.

Ебеп-жебеуші бейәпенді періштеміз пәленбайдың, түгенбайдың орнында болсамшы деп құдайға күлдық ұра жалбарынғандардың бәрін аралап көрді. Шіркін-ау, бергеніңе ризамын, бақыттымын деп жүрген біреуі болсашы! Ақсақ та, соқыр да, таз да, қортық та, ауру да, сұлу да, қаңғыбас та, ұры да, кедей де, есуас та – баршасы күңіренулі... Бәрі де өз кейіптерін қайтадан сұрайды. Кеше ғана басқаның орнын көксеп жалбарынғандары естерінде де жоқ. Естеріне салса:

«Дұрыс қой, дұрыс, тек бұрынғы кейпімнен айырмаса екен» деседі.

Ал әлгі муниципалитет бастығының орнын берші деп жалынған жігіт қайда, не деп жүр екен?

Ебеп-жебеуші бейәпенді періштеміз соған барды. Барса: ол бәрінен де қатты күңіреніп, көз жасына ие бола алмай отыр... Қатты таңданған періштенің бір сәтке тілі байланып қалды. Сәлден соң ғана оңалып: «Сен өлім жазасынан құтқара көр демеп пе едің?» деді.

«Дегенмін, солай деп тәңірге жалынғанмын» деді муниципалитет бастығы болу арқылы өлім жазасынан құтылған жігіт.

«Тәңір тілегінді қабыл етті ғой, енді не керек, дүниені басыңа көшіріп күңіреніп отырғаның қалай?» деді періште.

«Өз кейпіңнен айрылған соң муниципалитет бастығы болдың не, болмадың не?!».

«Әй, ақылсыз неме, өз кейпіңнен айрылмасаң, ол орынды ала алмайтын да едің. Сен талайдың қанын жүктеген жауызсың ғой!..».

«Біреудің орнын алғанымды қайтейін, өз кейпімнен айырылғанымды қайтейін. Маған өз кейпімде, өз орнымда болғаным керек!» деді жігіт.

«Сен – кәдімгі ақымақсың! – деді періште ашуланып. – Өз кейпіңе түсіп, өз орныңды қайтып алысымен дереу тұтқындалатыныңды, абақтыға қамалатыныңды, дарға асылатыныңды неге ұқпайсың?!».

«Мейлі, солай-ақ болсын, – деді жігіт. – Біреудің орнын алып, өз кейпіңнен айырылып жүргенше өлген артық. Өлтірсе өлтіре берсін, тек өз кейпімді өзіме қайтарсыншы!..».

Ебеп-жебеуші бейәпенді періштеміз өлімнен өз кейпін артық көріп отырған жігітке не дерін білмей аңтарылып тұрып-тұрып, ақырында аспанға бір-ақ тартты да, Құдайға барып: «О, тәңірім! Өзімді жаратқан сәтіңнен бері мен се-

нің тапсырманды бірінші рет орындамай келіп тұрмын. Сол үшін кешірім сұраймын!..» деді.

«Мұның қалай?» деді Құдай.

«Жер бетіндегі адамзаттың нені тілейтінін түсіне алмадым. Бәрі де басқа біреудің орнына көз сүзеді, соны алып бер дейді, бірақ бұрынғы кейіптерінен айырылғысы келмейді, аш-жалаңаш жүрсек те өз кейпімізден айырмасыншы деп зар еңірейді...».

«Біз оларды солай жаратқанбыз. Есінде болсын: тағдырдың тауқыметін тартып жүрмін деп кім елден ерек күңіренсе, тағдырына елден ерек риза болып жүрген де сол болып шығады» деп Құдай кезекті өсиетін айтты.

Сол кезде біздің ебеп-жебеуші бейәпенді періштеміз Құдайға қол қусыра, тізе бүге тағым етіп: «О, тәңірім. Сен маған ренжи көрме, мені қызметімнен босат!..» деді.

Міне, бейәпенді періште ебеп-жебеуші қызметінен босап тынған, оның орнына ешкім тағайындалмаған сол күннен бері жердегілердің тілек-өтініші, мұң-зары ескерілмейтін, естілмейтін болды.

Біреудің қызығын қызғанба деген рас. Әркімнің тағдыры Құдайдың қолында емес, өзінің қолында – ендеше әркім өзінше дұрыс өмір сүре білгей.

ҚАЙРАН СӨЗ!..

Бұл адам баласының ойлап таппайтын ермегі болсайшы. Кейде тіпті жағанды ұстайсың. Ол ермегінің ақыры аурудан да күшті әдетке айналып, коллекция жасау деп аталып тынатыны да жиі кездеседі. Ал коллекция жасау – бірыңғай бір нәрселердің түр-түрін жинау. Біреу, мысалы, марканың «үрім-бұтағын» түгел жинап жүреді, енді біреу-

лер: көбелек, поштаның конверті, қорқор, сіріңке қорабының жарнама-суреті, сигарет қорабы атаулыны, мейманхананың арнайы жасалған салфеткасын жинайды. Бұл сияқты үйреншікті жайттың жанында, айталық, шай қасық түрлерін жинау әжептәуір жаңалық болып көрінуі мүмкін, алайда онымен шұғылданатындар да жеткілікті.

Тарихи маңыз-құны бар нәрсенің белгілі бір түрін бастан-аяқ жинап жүруге құмарлық та бар.

Менде мұндай әдет атымен жоқ, әйтпесе жинағыштардың талайымен таныспын. Солардың бірі, құданың күдіреті, самауырға құштар-ақ. Енді бірі сақал ұстарасын ораған қағазға қызыққыш. Тағы бір танысым бар, оның жинайтын нәрсесін дүние жүзінде бірде-бір тірі жан жинамайтынын білем, ол онысын өлердей мақтаньш етеді. Келесі біреуі асхананың қасық-шанышқысын жинайды, өзіміздің елдегі, шет елдердегі мейманханада бола ма, оған бәрібір – қасық-шанышқыны жымқырып жүре береді. Онысы, әрине, дені дұрыс кісінің қылығы емес. Оның үстіне ұрлықпен жинағаныңды жайып салып көрсету де құптарлық шаруа болар ма... Сондай саппастың тағы да біреуін білемін, ол әйелдердің ішкімін жинайды – онда да жаңасына жуымайды, бірнеше рет жуылғанына құмар. Әлде ол соған табынатын сырқатқа шалдықты ма екен?

Егер адамның жүйкесін тексеретін дәрігерлердің айтқанына сенер болсақ, бұл жарық дүниеде дені дұрыс кісі жоқ көрінеді, әркімнің бойында әйтеуір бір ауру бар екен. Әлгі жинағыш қулар жүйкесі ауыратындардың тобына жатады дейді. Мінез-құлықты тексеретін мамандардың тұжырымы да солай, олар жинағыштардың бәрі желікпе сырқатына шалдыққандар деседі. Олардың анықтауынша, белгілі бір нәрсенің түр-түрін жинау адамның көңіл күйіне байланысты: біреулер «жалғыздықтан жапа шеккендіктен», енді біреулер «ешкімге ұқсамауды көксегендіктен» сөйтеді екен.

Марк Твен бір новелласында Америка Құрама Штаттарының ғажап түлеу жылдарында орасан бай алпауыттардың адам айтса сенгісіз өрескел ермек тапқандарын әжуалағанды. Ақшасын қайда сыйғызарын білмеген бір бай американ ары ойланып, бері ойланып, ақырында жаңғырықтан коллекция жасауды ұйғарады. Иә, иә, кәдімгі дауыс жаңғырығын жинап алмақшы болады. Сөйтіп, дауыс ең қатты, ең ұзақ жаңғыратын тау мен алқап атаулыны түгел сатып алыпты. Ондай нақұрыс коллекционердің, әрине, сатиралық новеллада ғана кездесетіні түсінікті ғой.

Сіздердің де таныс коллекционерлеріңіз бар шығар, бірақ мен айтқалы отырған жинағыштың нәрселері мүлде басқа, ондай мүлік ешкімде жоқ-ау деймін.

Ол жинағыш – егде кісі; бұрын мұғалім болған, қазір зейнетте. Жасын тап басып айтып бере алмаймын, әйткенмен, жетпістен асқан болар деп топшылаймын. Жасының егделігіне қарамай өте сергек, қуатты. Сірә, жинағыштығы денсаулығына жақсы әсер етіп жүрсе керек. Жинайтыны – кісіні жерлеу кезінде қабір басында айтылатын сөздер. Оны таспаға жазып алып жүреді. Әрине, ешкімге сездірмей, құпия жазып алады. Оның коллекциясында бар сөз жүздеп, жоға, мыңдап саналады. Ауыздан шыққанның бәрін ақырын жаза берген ғой.

Сол бұрынғы мұғалім Стамбұлдың шетіндегі бір шағын пәтерде тұрады екен. Қызметке жөнелген елмен бірге ол да құдайдың құтты күні үйінен шығып, зиратқа барып, онда болып жататын жерлеудің бір-екеуіне қатысып, шаршап-шалдығып қайтатын көрінеді. Ал ісін ыждағатпен, мұқият атқаруға төселген. Күнде таңертең көзін тырнап ашып, газетті бас салып, азалы хабарландыруларды оқып шығады да, стамбұлдық марқұмдардың қайсысының жерлеуіне бару керегін белгілейді, сонсоң магнитофонын иығына асып алып (егде адамға әжептәуір жүк қой ол!), аяндап жолға шы-

ғады. Ол күні атақты адам жерлене ме, атақсыз біреу қойыла ма – оған бәрібір. Оның жазбасында әулетті, мансапты, даңқты болғандардың дақпыртты жерлеуіндегі сөз де, беймәлім бейбақтың елеусіз жерлеуіндегі сөз де бар. Дәл ондай коллекция дүние жүзінде басқа ешкімде жоқ екеніне мен әсте шүбәланбаймын.

Мен оның таспаларының біразын ғана тыңдай алғанымға осы күнге дейін өкінемін. Ал біреуді жерлеп тұрған сәтте кімнің не дейтінін естіп білу шынында қызық қой: қай сөзден болсын оны айтқан адамның мінез-құлқы байқалады. Біреулердің сөзі жеңіл-желпі болады, енді біреулердікі – ойлы, тағы біреулердікі – қайғы-қасіретті, мұңды, келесісі – жүйесіз, ойсыз, дөкір болады...

Қарт мұғалімнің көп таспаларын қарап, таңдамай-ақ біреуін ала салдым да, сіздерге ұсыну үшін көшіріп жазып алдым. Соны, міне, қағаз бетіне түсіріп шықтым. Бұл, әрине, оңай тимеді, көп уақытым кетті, бірақ еңбегім еш болған жоқ.

Өздеріңізге оқуға ұсынылмақ бұл сөздер құпия жазылып алынғаны, жерлеулердің ешқайсысында ешқандай ерекше ештеңе болмағаны өзінен-өзі түсінікті. Күні ертең мені, сіздерді, басқаларды жерлегенде де осылай болатыны және белгілі...

Сонымен қабір басындағы қайран сөздерге кезек берелік:

– Осындай да күн болады екен-ау... Жаңбыр тіпті ішек-қарнымызды шайып кететін шығар...

– Жаңбырдан бұрын қара суығы өлтірер...

– Қадірліміздің күні де қадірлі болды ғой...

(Мырс-мырс күлкі.)

– Құдай күнәға жазбасын, бұл марқұмның адам сүйер қылығы болмады емес пе...

– Құдай біледі деп айтайын: бұл бізді тым болмаса қабірдің басында қалтыратып тоңдырып кету үшін әдейі қара суықта өлді.

(Күлкі.)

– Таңертең күн ашық сияқты болатын. Бүйтіп жаңбыр жауатынын білгенде келмейтін едім.

– Біздің келуімізді тосып тұрғандай жауа жөнелгенін қарасаңшы.

– Қырсықты көмерде шілдеде де қар жауады деген.

(Тағы да күлкі.)

– Кетіп қалу ыңғайсыз: туыстары менің келгенімді көрген.

– Сіздің қолшатыр ала шыққаныңыз ақыл болған екен.

– Е, мен бұл марқұмның баяғыдан бергі жолдасымын ғой. Бұл мені талай рет алдап соғып, әбден зәтте қылған. Әлі өлетін емес десе де, мен бұған бәрібір қолшатыр ұстай келетін едім.

(Күлкі қаттырақ шықты.)

– Бұл жақсылықтың не екенін біліп пе еді? Бізге баяғысынша қыр көрсетіп, жаңбырлы күні өлгенін айтсаңшы... Қайта мұның аяз қақап немесе қарлы боран ұлып тұрғанда кетпегеніне шүкір...

– Шүкірді сен айтпа, бұл айтсын. Егер бұл қақаған аязда қата қалса, жерлеуге тірі жан келмес еді. Мысалы, мен өлтірсе аттап аяқ баспас едім.

– Бұған сенің келген-келмегенің бәрібір емес пе?

– Отбасын ойлап тұрмын да.

– Дұрыс айтасың. Мен таңертең құрыстап әрең тұрдым. Біреуді жерлемек тұрғай өзімді жерлейді десе де келер шамам жоқ еді... (Қарқылдаған күлкі.) Бірақ қалай келмейсің? Келмеуге болмады. Мен де бала-шағасын ойладым... Кейін: «Досым, досым деуші еді, топырақ салуға да жарамады!» деп өсек қылады ғой.

– Оның рас...

– Бәріміз де бұл үшін емес, үй-іші үшін келіп тұрмыз...

– Күйеу баласына көз жіберіңдерші: жан-жағына мойнын созып, алақ-жұлақ етеді. Кім келді, кім келмеді деп түгендеп тұр.

– Күйеу баласын айтты ғой. Жесірінің қайтіп тұрғанын көрсендерші одан да: орамалының ұшымен көз жасын сүрткен болып, азагүлдің жазуларын оқып тұр. Кім әкелді, кім әкелмеді деп ол да пәле іздеп тұр баяғы.

– Ой, сұмдық-ай. Дәті қалай барады, а?!

– Мен марқұмның жесіріне де, туған-туысқандарына да көңіл айтқанмын, жаназасын шығарған соң тайып тұруыма болады.

– Суық тигізіп алмайықшы өзі...

– Мешіттен шыққан соң мен де тайып тұрамын.

* * *

– Бауырым, бұ жазмыш дегенің қызық қой: мына марқұм екеуміз күреңқабак боп жүргелі он жылдай болып еді, бүйтіп мұның жерленуіне келемін деп кім ойлаған.

– Солай ма?! Екеуіңізге не жетпеді сонда?

– Мұның қандай екенін білмеуші ме едің?

– Білгенде қандай!

– Біз соншама дос та болған жоқпыз. Араздасып қиратқанмыз да шамалы, тек бұрынғыдай жиі жолықпайтын болдық, жолыға қалғанда бас изесіп қана жүрдік.

– Түсінікті...

– Мұның өзіме жасаған қиястығының бәрін ұмытып, әйтеуір, ақырғы парызымды өтейін деп қана келдім...

– Адамшылығыңыз мол екен, Алланың рақымы жаусын!

– Бізден кінә болмасын дедім...

– Иә, кінә өзінен болса, тартарын өзі тартады. «Адамға жақсылық істей біл, бұ дүниеде қайтпаса, о дүниеде қайтады» деген ғой.

– Е, мейлі... Бұдан көрмеген көресім жоқ, сонда да келдім. Қой, барайын, топырақ салайын дедім. Бар шаруамды тастадым да, келдім.

- Тәңір жарылқасын сізді!
- Соңғы парызымызды өтегеніміз өзімізге жақсы.
- Жөн сөз. Біз де бұл деп емес, Құдай деп келдік...
- Біздің келген-келмегенімізді бұл бәрібір көріп жатқан жоқ...
- Құдай көрсе – болды...
- Парызымызды өтесек – болды...

* * *

- Меніңше, бұл мәселені Миллиет дұрыс жазды.
- Яғни сіз оны толық қолдайды екенсіз. Ал Метіннің мақаласын оқыған жоқсыз ба?
- Қаламын сатқан соларды қойыңызшы!..
- Кешіріңіз, мен олай деп ойламаймын.
- Мейліңіз. Сіз менше ойлауға, мен сізше ойлауға міндетті емеспіз ғой. Вертер: «Мен сіздің пікіріңізге қосылмаймын, бірақ мұқият тыңдауға әзірмін» демеп пе еді?..
- Оны Вертер емес, Вольтер айтқан!..
- Вертер ме, Вольтер ме – бәрібір емес пе?..
- Бейәпенді, «Вертерді» Гете жазған.
- Жарайды, таласпай-ақ қояйықшы. Біздікінің табыты қайсысы?
- Оң жақтан екіншісі.
- Өлім көбейіп тұр-ау өзі...
- Иә, ғажап-ақ.
- Несі ғажап?
- Кеше – бар, бүгін – жоқ...
- Өйтпегенде ше? Әлде кеше өліп, бүгін аман-есен жүруі керек пе еді?..
- (Қарқылдаған күлкі).
- Жо-ға, жай әншейін...
- (Мырс-мырс күлкі).

* * *

- Анау азагүл кімдерден екен?
- Екеуі банктікі.
- Банктер қашаннан бері азагүл беретін болған?
- Кім білсін, мүмкін солардың салымшысы шығар...
- Өлген салымшыларына гүл жібере берсе, банктің несі қалады?
- Оны менен сұрама, анадан сұра!
(Мысқыл күлкі).
- Азагүлдер бірінің үстінде бірі жатыр, ленталарындағы жазуды оқу қиын.
- Сіз азалы хабарландыруды оқыдыңыз ба? Төрт газетте басылыпты.
- Екеуіндегісін оқыдым, әрқайсысында үш-үштен жүр...
Өрескел сияқты. Сұмдық!
- Мұра бөлісінде қырықпышақтың көкесі болар.
- Дүниесінің көбі әйеліне берілетін шығар, ә?
- Кейінгі әйеліне де.
- Аузының салымы бар екен.
- Мұнысының салымын қайтесің, бұрынғы әйелін айтсаңшы, ол мынаның иттігіне жиырма жыл бойы шыдады ғой...
(Күбір-күбір, сыбыр-сыбыр сөз).

* * *

- Бұл жерде айтатын сөз емес, бірақ... қалай десем екен...
- Не боп қалды?
- Ұл маған қарыздар еді. Бүгін-ертең қайтарам деп жүргенінде, мінеки...
- Енді анау мұрагерлерінен талап ету керек.
- Қолхат беріп пе еді?

- Жоқ, жай... ауызша...
- Ендеше Аллауакбар дей бер!..
- (Күлкі).
- Өзі тез кетті-ау, ә? Не себеп болды екен?
- Қонақасыда битін салған шығар.
- Ішуші ме еді?
- Өлген-тірілгеніне қарамайтын. Ақыры, міне, былай болды.
- Өзіне де обал жоқ дегенің бе?
- (Күлкі).
- Алла тағала, мені де өстіп асатынан ала көр!..
- Әумин!..
- (Қарқ-қарқ күлкі).

* * *

- Құдай өзі кешірсін, бұл марқұм тым жеңілтек еді.
- Иә, шектен шығып кететін.
- Оның рас... Содан кейін... енді онысын айту...
- Айтыңыз, айта беріңіз.
- Өсекшіл еді деймін де...
- Сыртыңнан айтқан сөз өсектен де жаман...
- Қара жер бәрін де жасырады ғой...
- Пысық та жылпос болатын. Әйел дегенде албастысы бар еді. Өзімен қызметтес қыз-қырқынға қырғидай тиетін. Анау бір былқылдаған келіншек бар емес пе? Соның күйеуі бұл марқұмның көкесін көзіне көрсете жаздағаны естерінде ме? Бұл әлгі... сыртында: «Өрт бола қалса, алдымен шығарылсын» деген жазуы бар шкафқа тығылып аман қалған жоқ па?!
- (Қарқ-қарқ күлкі.)
- Узкюрю мектакюм биль-хайр!..
- Бұл не деген сөз?

- Өлгенді ғайбаттамас болар.
 - Біз ғайбаттап тұрған жоқпыз!..
 - Көзі тірісінде айтсаң – өсек дейді, өлгенде айтсаң – ғайбат дейді. Сонда қашан айту керек?..
- (Мырс-мырс күлкі.)

* * *

– Мұның қызметте маған қандай кесір-кесапат жасағаны Алла тағалаға аян. Онысы, міне, өзіне жақпады... Өлді де қалды...

– Өлікке келу – сауап...

– Сол сауап болсын деп келдік қой. Табытын көтерісуге де әзірміз...

– Мен де көтерісемін. Егер рұқсат етсе, тіпті зиратқа дейін көтерісіп апарамын. Жұрт көрсін демеймін, сауап болсын деймін.

– Сауаптың ең игісі – қабіріне бірер күрек топырақ салу.

– Саламыз. Өзіміз үшін саламыз. Өмір деген осы. Мұны табытқа салып зиратқа апарамыз, көріне түсіріп, топырақпен бастырып тастаймыз деп кім ойлаған?! О, Алла, әділеттігіңе – құлдық!..

* * *

– Немене дедің?! Осы сайлауда жеңбек пе?! Оттапсың!

– Оттап тұрған – сенсің!

– Әй, қойсаңдаршы, саяси дау-дамайдың орны қабір басы емес қой!..

– Мұның қызы қайсысы?

– Құндыз жағалы манто киіп тұрғаны.

- И-иә, айтары жоқ, өнді екен. Ол да жесір ме?
- Жақында ғана екінші күйеуімен айырылысты.
- Не дейді-ау?.. Не боп қалды?
- Жәй, әншейін... Ештеңе де болған жоқ.

* * *

- Қараңғы тез түсетін болыпты.
- Сонымен, осыдан тура анда барайық та, бір-екі құтыны тастап алайық, марқұмға тие берсін деп...
- Марқұмың малғұн-ақ еді. Есіңе еріксіз түседі. Бір күні іздеп үйіне барсам – жоқ. Әйелі: «Ол қазір келіп қалар, тоса түр» деді. Тосып отырдым. Ел жата келді-ау, әйтеуір. Аяғын әрең басады. Мені көрген де жоқ. «Осы уаққа дейін қайда жүрсің?» деп әйелі айғайға басып еді, мынау, беті бүлк етпей, менің атымды атап, «Соның үйінде болып едім, зорлап ішкізіп жіберді, көңілін қия алмадым» дегені ғой... (Ду күлкі.) Мен де жата қалып күлдім, ішегім түйіліп қала жаздады...
- Ә-ә, сіз де осында ма едіңіз?! Келіңізші, бейәпенді, құшақтасып амандасайықшы, мен сізді сағынып қалдым!
- О, әпенді, аман-есенсіз бе?!
- Осы біз соңғы рет қайда кездесіп едік?
- Ұмытпасам анау әлгі кімнің жерлеуінде...
- Ә, иә, иә... Тек жерлеуде ғана жолығатын болдың-ау!
- Иә, достарымыз бен жолдастарымыз өлмесе, сіз бен біз жолыға да алмайтын шығармыз.
- Мен мына жерлеуге келмей-ақ қояйын деп бір ойлап едім, келгенім жақсы болды, міне, сізбен дидарласып тұрмын!..
- Пәлі, әпенді, жерлеуге қатыспауға болмайды. Көрдіңіз бе, достарымыз бен жолдастарымыз, таныстарымыз – бәрі осында. Қатыспасақ сөзге қалатын едік.

- О, байғұс-ай!..
 - Кімді айтып тұрсыз?
 - Әйелін айтам да.
 - Бұрынғысын ба, кейінгісін бе?
 - Кейінгісін айтам, әпендім. Бар қызығын осы көрді.
 - Бәрі де – өткінші дүние.
 - Аз жаса, көп жаса – бәрібір өлесің..
 - Сіздің «жаса, жаса» дегеніңіз Жасарды есіме түсіргенін қараңызшы, біздің сол Жасар қайда екен өзі?
 - Қай Жасар?
 - Мына марқұммен ұпай ойнап жүріп, ақырында ұрсысып, араздасып кеткен Жасар ше?!
 - Оның аты Жасар емес.
 - Енді кім?
 - Тұрғыт.
 - Ей, шырағым-ай, кім болса да бәрібір емес пе. Мен ол немені бар-жоғы бір-ақ рет көргенмін. Оны әйтеуір, сен ұмытпай жүрсең болды да!..
- (Қарқ-қарқ күлкі.)

* * *

Таспа осымен бітті, ал сіздер осының өзінен-ақ біраз жайтты – қабір басында не айтылатынын аңғарған боларсыздар.

Мен қарт мұғалімнен мұны неге жинағанын сұрадым. Ол жерлеуге барып жүргенінде қайғылы кісілер не айтады екен деген ойға беріліпті де, олардың сөздерін жазып алып жүруді жөн көріпті. Ал зейнеттегі адамда не көп – уақыт көп, яғни оған ермек керек.

– Таспадағы бұл сөздерден кітаптың көкесін шығаруға болады, сіз оны ойлап көрмедіңіз бе? – дедім оған.

– Атамаңыз! Мен ондайға мүлде қарсымын. Өзім өлерде мұны өртеп жіберермін, – деді ол.

– Е, неге? – дедім.

– Ондай кітапты оқыған соң кімде-кім болсын өзін жұртты жинап жерлемеуді өсиет етер. Өсекке жем болуға кім көнуші еді! Сонсоң, егер ертең біздің ел байи қалса, жерлеуді ұйымдастыратын фирмалар ондай кітапты шығартпау үшін ат басындай алтын беріп жанталасар – қарағаннан қарап отырып шөміштен қағылсын ба?! Ал мен мына таспаларды құртып кетуге тырысармын...

– Онда бостан-босқа шаршап-шалдығып несіне жазып алдыңыз? Не пайда көрдіңіз?

– Көрген пайдам көп. Мен мұны кұнара тыңдаймын да, өзімді ың-шыңсыз жерлеудің жолдарын ойлаймын. Менің қабірімнің қайда екенін өзімнен басқа тірі жан білмесе екен деймін. Көрімді көрсетпей қуыстап қазып қойып, дәмтұзым таусыларда аяңдап барып, еңбектеп кіріп жата қалсам деп ойлаймын. Бар арман-тілегім – осы. Өлімнің ең тәуірі – ешкімді алаңдатпай, әуре қылмай, тып-тыныш, оңашада, жаназа, талқы оқытып шулатпай өле қалған ғой...

Сөздің қысқасы: мен оның қабір басындағы қайран сөздерді неге жинап бейнеттенгенін түсінбедім. Одан шынында кітап құрастырып шығарсаң, ғажап болар еді! Оған соны ұқтыруға тырыстым. Ал ол:

– Бұл маған ермек те, пайда да, ләззәт та болды... – деді.

– Демек?..

– Демек, бұл – менің де, басқалардың да көзі жеткен шындық.

– Қандай шындық?

– Адам жалғыздікте өледі!

* * *

Қарт мұғалімді көрмегеніме көп болған. Жақында біздің әйгілі газеттеріміздің бірінен оның фотосуретін көзім шалып қалды: шеткі бағанаға оқшаулап орналастырып, астына: «Осы кісіні іздестірудеміз. Қарт мұғалім... үйінен бұдан он күн бұрын шығып кеткен екен, әлі қайтып оралған жоқ» деп жазыпты.

БЕЛСЕНДІ ӘЙЕЛ

Әйелдің өмірге белсене араласып, отбасы бақытының баянды болуына ықпал етуі – шешімін ондаған жылдар бойы күтіп келе жатқан әлеуметтік мәселе.

Әйелдің өмірге белсене араласуы отбасы бақытын быт-шыт қылады деген тұжырым – түп-тура топастық. Бұған менің үй ішілік тату-тәтті тіршілігім толық дәлел болады дей аламын. Біздің елге демократия сырттан әкелініп, сайлау алдында ағыл-тегіл сөйлеуге қолымыз жеткен соң депутат сайлауымыз жеңілдеп, өмір сүруіміз қиындай түсті, сондықтан мен табыскер, белсенді әйел алуға мәжбүр болдым. Менің әйелім – мейлінше пысық қызметші. Оны мұны киім-кешек тоқудан қолы босай қалғанда төңірегіндегі кәсіпестерімен қызыл кеңірдек болып керісіп алатын қызба мінезі де бар.

Ал мен бір газет редакциясының түнгі жұмысындамын.

Біз үйленуді ұйғарған күні әйелім банкінен сұранып уақыт алды. Мен түні бойы жұмыста болып шықсам да ұйықтамадым. Екеуіміз неке тіркейтін бюроға барып үйлендік. Сол

күні кеште мен әйелімді бақыт ұялаған үйімізде қалдырып, тағы да жұмысқа жөнелдім. Таңертең құстай ұшып үйімізге келсем, әйелім есікке хат қыстырып кетіпті:

«Қымбатты күйеуім!

Банкке кеттім. Көзіңнен сүйдім!» депті.

Әйелімнің сол хатын оқыған сәтте көзімнен жас ыршып кетті. Көңілім көншіп, ұйықтауға кірістім. Кешке бір-ақ ояндым. Сүйген сәулем жұмысынан әлі оралмапты. Мен де жұмысыма кетуге асығып, әйеліме дереу:

«Қалқатайым!

Мен кеттім. Жұмысқа кешікпеуім керек. Бетіңнен сүйдім!» деп хат жаздым да, ол қыстырған тұсқа мен де қыстырып қойдым.

Біз ертеңінде де кездесе алмадық. Менің адал жарым тағы да ағынан жарылып:

«Жаным!

Мен кеттім. Өзіңді мың бір рет сүйдім!» деп жалынды хат жазып қалдырыпты. Хат емес, қолбасшының шабуыл алдындағы бұйрығындай қысқа да нұсқа.

Мен:

«Сәулемшім!

Хатыңды алдым. Көп-көп рахмет! Ерніңнен сүйдім! Өзіңнің күйеуің Хасан Кафадан» деп жауап жолдадым.

Сөйтіп, сол күннен бастап әйелім екеуіміз хат арқылы сүйісіп, хат арқылы аймаласуға кірістік.

Әйелімнің содан үш айдан кейін жазған, баяғы белгілі орнымызға қыстырып кеткен хатында былай делініпті:

«Қуатым-қосағым!

Хат жазып жүргеніңе мың мәрте алғыс айтамын! Менің хал-жағдайым өте жақсы, саған да тек жақсылық тілеймін! Саған бір қуанышты жайтты жеткізгенше шыдай алмай отырмын. Сүйінші! Екеуіміздің бөбегіміз болады. Мен аздап жүкті сияқтымын, тек сен абыржыма. Дәрігер көріп, сегі-

зінші айға кеткен екен деді. Баламыз біздің қоғамымыздың білікті азаматы болып өсіп жетілуі үшін сен екеуіміз күн демей, түн демей еңбек етуіміз керек. Осыны ұмытпа, хат жазып тұр. Тек сендік Пакизе Кафадан».

Мұндай жақсы хабарға қай әке қуанбасын – төбем көкке жетті. Қолма-қол жауап жазып, қыстырып кеттім. Жауап хатымда:

«Періштем!

Қуанышымда шек жоқ. Өзіңе арнап әсем түйреуіш сатып алдым, ол жастығымыздың астында жатыр. Мың бір мәрте сүйдім, сүйдім!» дедім.

Әлбетте, күйеуі мен әйелі бірте-бірте әбден үйренісіп, о бастағы жалындаған махаббаттары бірте-бірте салқындап, екеуі бірін-бірі оншама елемейтінді шығарады. Біз де солай болдық. Кейде хат жазысуды, ал кейде тіпті сол жазған хатымызды баяғы орнына қыстыра салуды ұмытып кетіп жүрдік.

Бірнеше жылдан кейін біз хат жазысуды доғардық.

Алайда әйелім үнемі үйде болып жүрді, бұлай дейтін себебім: мен кейде ас үйдегі үстел үстінен, кейде радиоқабылдағыштың алдынан оның шұлықтарын, ішкөйлектерін көріп жүрдім.

Біздің бақытты тіршілігіміз салтанат құра берді.

Бір күні жұмыстан шаршап қайттым да, көңіл көтермекке киноға бардым. Барған бетте театр дәлізінде бір ғажап оқиғаға тап болдым: бейтаныс бір егде әйел мені бассалып құшақтап:

– Жаным, қымбаттым, қалаулым! – деп сарнап қоя берді.

Мен сасқалақтап қалып:

– Ханым-әпенді, ғафу етіңіз, сізге не болған? Мен балалы-шағалы адаммын, абайлап сөйлесеңізші! – дедім.

Ал әлгі әйел:

– Мені шын танымай тұрсың ба? Ұятың қайда?! Мен сенің әйелің Пакизе Кафаданмын ғой, – деді.

Мен талып қала жаздадым.

– Сен менің сүйікті әйелім Пакизесің бе? Танымай қалғанымды қарашы, ренжімеші, көріспегелі қашан, сен тіпті өсіп кетіпсің, – дедім.

Ол маған тізіліп тұрған үш баланы нұсқады: бойларына қарай қатар түзеген бір қыз, екі ұл баланы көрдім.

– Мыналар біздің балаларымыз! – деді әйелім.

– Қуанышымыз құтты болсын, танысып қояйық! – деп мен олардың қолын әкеге тән ыстық ықыласпен қатты-қатты қыстым.

Сол әредікте менің сүйкімді қызым шешесінің құлағына сыбырлап:

– Анашым-ай, сенің де талғамың талғам-ақ екен. Бізге адам сияқты әке тауып бере алмағаның ба шынымен? – деп еді, мен оны естімеген бола салдым.

Сонсоң әйелім олардың жанында кейкиіп тұрған кербез еркекті нұсқап:

– Бұл кісі – менің туысым, – деді.

Содан бері де талай жыл өтті. Біздің үй ішіміз сау-сәлемет. Тіршілігімізге дән ризамыз.

Егер мен жұмыс істемейтін әйел алған болсам, үйімізде құдайдың құтты күні ұрыс-керіс болар еді. Белсенді әйелге үйленгеніме, міне, пәленбай жыл, ал үйімізде тым құрыса бір рет ыдыс-аяқ шылдырлап көрген жоқ. Өйткені біз осы пәленбай жыл бойы бір-бірімізбен кездесуге уақыт таба алмай жүрміз, жұмысбастымыз, сондықтан біздің арамызда дау-дамай тұрғай дауыс көтеру, қабақ шыту деген де болмайды – бақытты жандармыз!

Менің бұл тірлігім – әйелдің өмірге белсене араласуы отбасы бақытына көлеңке түсіре алмайтынына бірден-бір дәлел.

ШАРАПХАНАДАҒЫ СЫРЛАСУ

- Сәлеметсіз бе, әпенді?
- ...?
- Әпенді, сәлеметсіз бе?
- Қайырлы кеш!
- Мазаңызды алмаймын ба?
- Жо-ға... Тек... сізбен қайда жолыққаным есіме түспей тұр.
- Біз жолыққан емеспіз... Ха-ха-ха...
- Ә, солай де...
- Қарасам: бір кісі шошайып жалғыз ішіп отыр, қой, серік болайын, танысайын деп ойладым.
- Ә-ә-ә...
- Қалай, танысқанымыз үшін ішеміз ғой?!
- Ішпегенде ше?..
- Мен жалғыз отырып ішкенді ұнатпаймын. Жолдас-жораларыңмен немесе досыңмен бірге ішу керек.
- Ал мен ырду-дырдуды ұнатпаймын, жалғыз отырғанды жақсы көремін...
- «Жалғыздық жаратқанға ғана жарасады» дейді...
- Маған да жарасады. Тек: оның жалғыздығы – бәрімізге керек, ал менің жалғыздығым – өзіме ғана керек...
- Әдемі айттыңыз! Келіңіз, сіздің өзіңізге ғана керек жалғыздығыңыз үшін ішелік!
- Рахмет!
- Менің жаныма келіп отырмайсыз ба?
- Рахмет, сізді мазалағым келмейді...
- Онда мен сіздің жаныңызға барсам ше?
- Мейліңіз!
- Қуана-қуана барамын. Ал халіңіз қалай, әпендім?
- Халім бе? Оның несін сұрайсың?! Бүйтіп жүргенше өлген артық.

- О не дегеніңіз, қойыңыз. Сары уайымға салынбаңыз!
- Қане, сіздің денсаулығыңыз үшін!
- Сіздің де!.. Ал өзіңіздің халіңіз қалай?
- Менің бе? Тамаша! Өте жақсы!
- Бақытты екенсіз... Әрқашан осылай шат-шадыман жүруіңізге тілектеспін!
- Енді осы үшін алып қоялық! Мен осы шарапхананы ұнатамын.
- Ал маған мүлде ұнамайды...
- Сізге казино, үлкен ресторан керек қой?
- Жо-ға.
- Су жағасындағы кафелер керек пе?
- Қажеті беш тиын.
- Ендеше неге отырсыз?
- Білмеймін... Ішіп қана шығайын дедім... Келіңіз, енді бір-бір рүмкеден!
- Сіздің көңіл күйіңіз көтерілуі үшін! Сіздің өңіңіз қашып отыр... Қайғылы ештеңе болған жоқ па?
- Болғанда қандай! Өмірім толған қайғы-қасірет!.. Мен шешемнен айырылдым...
- Қайғыңызға ортақпын. Берік болыңыз... Сол кісінің иманды болуы үшін!.. Қашан қайтыс болды?
- Қырық бес жыл толды... Мен онда он үште едім...
- Сабырлы болыңыз! Жазылмайтын жара жоқ...
- Маған әлі де кеше ғана болғандай...
- Иә, қолымыздан келер жоқ... Көнбегенде қайтеміз! Менің шешем өлгелі де қырық бес жыл болды, мен де он үш жасымда қалдым. Кел, ішіп қояйық!
- Шешеннің өлгеніне қайғырмайтын сияқтысың ғой?
- Қойыңызшы!.. Мен де зарлап қалдым... Бірақ, амал не? Ажал мейірімсіз. Қайғымды ұмытуға тырысамын... Тірі тірлігін істеуге тиіс!
- Ал мен ұмытпауға тырысамын!..

- Өмір сүру керек қой!
- Өмірде не қызық бар?
- Ал өлімде не қызық бар? Әрине, бәріміз де кетеміз! Бірақ асығудың қажеті не?!
- Сіз оптимист екенсіз!
- Әрине! Өмір қымбат!.. Ал сіз пессимист екенсіз!
- Әрине... Төңірегің толы қоқыс...
- Сіз қоқысқа қарамаңыз, байқамай жүре беріңіз.
- Мен керең де, соқыр да емеспін ғой... Келіңіз, енді бірден...
- Өте жақсы! Сіздің уайым-қайғыдан арылуыңыз үшін!
- Сізге өте ризамын... Келіңізші, «сен» деп сөйлесейікші, «сен» деген әлдеқайда жақсы!
- Қуана құптаймын!
- Екеуміздің достығымыз үшін!
- Кел!.. Тұнжырағанды қой, бауырым! Көңілденіп отыр!
- Болмайды... Көргенім қайғы-қасірет қана... Әкем де өлді...
- Неткен бақытсыздық... Ол қашан кетті?
- Осы жақында ғана, екі-ай болды... Қатерлі ісіктен кетті.
- Жылама, бауырым... Менің де әкем өлді, оған да екі-ақ ай болды, ол да сол ісіктен кетті.
- Ендеше неге қайғырмайсың?
- Қайғырғанмен не табам? Әкемді бәрібір тірілте алмаймын.
- Саған қараймын да, қайран қаламын...
- Неменеге таңданасың? Ол қыршын кеткен жоқ, екеуміздің жасымызды жасап, сексен беске келіп кетті...
- Не дейді-ау! Менің әкем де сексен беске келген...
- Әкемде арман жоқ деп ойлаймын, ол барлық тауқыметтен құтылып тыныш тапты... Сол кісінің иманды болуы үшін!
- Кел... Қалай десең де, өлім қорқынышты... Өлімді ойлағанда дүние тарылып кеткендей болады...

- Ал мен өлімді ойласам, өмір қымбаттай түседі!
- Менің әйелім кетіп қалды... Әйелім... Ол қорлыққа қалай шыдамақпын?
- Ішіп қоялық, бәрі де ұмытылады... Кетсе, барсын, менің де әйелім кетіп қалды...
- Оның несіне қуанасың? Сен оны сүймегенсің ғой, ал мен онсыз өмір сүре алмаймын...
- Е, неге?.. Мен де жанымдай сүйгенмін, бірақ күштеп сүйікті бола аласың ба? Қашып кетті, жолы болсын!
- Ал мен қайтуым керек?
- Тәйірі-ай! Онымен айырылыс та, тағы үйлен! Бітті! Кел, сол үшін алып қоялық... Махаббат үшін!
- Тұра тұршы... Менің тағы бір қасіретім бар: ашынам екі аптаға жол жүріп кетті...
- Қасіретті тапқан екенсің! Менікі де жол жүріп кетті. Мен де сағынып жүрмін, тағатсыз тосып жүрмін... Кел, сенің ашынаң үшін!
- Саған қарап отырып жынданып кететін шығармын... Мен сырқатпын! Ұқтың ба? Сырқатпын мен!
- Шынымды айтсам, саған жаным ашиды. Кел, сенің денсаулығың үшін! Тартып жіберсең, ауруыңды да ұмытып кетесің...
- Ұмытыла қойса...
- Сенікі асқазан жарасы ма?
- Оны қайдан білдің?
- Менің ауруым да сол.
- Ойыңда дәнене жоқ қой?
- Отқа түсіп өлейін бе? Қатерлі ісік болса, қайтер едің? Бұған да шүкіршілік... Кел, сол пәлекетпен ауырмағанымыз үшін алып қоялық!
- О, Құдай, менің қыр соңымнан неге қалмайсың сен?!
- Тағы не боп қалды?

– Жұмыста көзтүрткі ете береді, жарты жыл болды жоғарылатпай жүр... Бастықтардың ішінде жақын-жақыбайым жоқ, мені ешкім сүйемейді...

– Ха-ха-ха! Күлейін-ай, бауырым, күлейін-ай! Келші, тартып жіберейік!

– Жо-ға...

– Ха-ха-ха!.. Тура менің жағдайым! Менің де қызметім оңып тұрған жоқ...

– Ендеше неменеге мәз боласың?

– Ал жылағанда не табам? Қызметімді дұрыс істеп жүрмін, ешқандай сүйеу-қолдаусыз-ақ жан сақтаймын! Кел, аздап алып қояйық!

– Тоқтай тұр, бәлем, пәтерақыңды төлей алмай бір күні үйшігіңнен қуыларсың, сонда көрермін қалай жүргеніңді.

– Ах-ха-ха-ха!.. Түһ, кеңірдегіме кетіп қалды-ау!.. Ішегім түйілетін болды-ау!..

– Солай де?!

– Мені үйден қуып шығып, дүние мүлкімді қаттап жазып тастағалы қашан!..

– Рас па? Мені де сөйтті: радиоқабылдағышымнан, кілемімнен айрылдым...

Менің ескі-құсқымды да есепке алып қарық болды...

– Соған риза екенсің ғой?

– Қабылдағышым қараң қалған бірдеңе болатын, ал кілемімнің қызығын қандала мен қаракүйе көріп жүрген... Е, мейлі, ақша тапқан соң жаңаларын аламын!

– Сенің үмітің бар екен, менде ештеңе жоқ...

– Сенде неге жоқ?

– Әй, қойшы енді... Осы айтқаным да жетіп жатыр...

– Соған соншама күйреп... Құй, қане!

– Күйремегенде ше... Сайлаудың қорытындысы да масқара болды! Біздің аяулы партиямыз қаншама дауыстан айырылды...

- Оған сен де мүшесің бе? Сол керек бәлеме!
- Немене деп көкіп отырсың?!
- Сезбейсің, ә? Омақасып бір құлаған соң екіншіде дұрыстап ойланып-толғанатын болады... Қазіргі қалпыңда өкімет басына келсе, масқараның көкесі сонда болатын еді...
- Қойшы, кел, ішіп жіберелік...
- Ішпегенде ше!
- Бір айналдырғанды шыр айналдырады ғой...
- Тағы да жылауға кірістің бе?
- Енді қайтейін... Кеше «Қорылдақтар» тағы ұтылып қалды... Біз биыл чемпион бола алмаймыз...
- Әй, оның несіне күйесің? Біздің «Қорылдақтар» ұйқысынан енді оянатын болады, оның жаттықтырушысын сойылдап қуып тастайтын уақыт жетті! Тоқтай тұр, олар келесі жылы қатырады әлі!
- Кел, достым, кел!
- Егер мойнымда қарыз болмаса...
- Тағы бастадың ба? Сонда қарызың қанша?
- Тура төрт мың лира...
- Сол-ақ па? Менде де соншасы сіресіп тұр...
- Оған несіне қуанасың?
- Асылып өлейін бе?! Атты қамшы өрге ұмтылдырады, жігітті қарыз жұмысқа құлшындырады...
- Алдымызда апат тұр!
- Тағы не деп кеттің? Ол не апат?
- Сен газет оқисың ба?
- Оқымағанда ше!
- Біздің планетаға қауіп төніп тұр! Комета мен Жер соғылысады...
- Заманақыр ғой? Қызық болады десеңші! Ха-ха-ха!
- Бәріміз де құримыз!
- Сол керек! Ха-ха-ха! Бұйырса рахаттанып бір күлетін болдық-ау! Ал қағып салайық!

- Өмір әбден тойдырды.
- Әй, сен неге осынша мылжыңдай бересің?
- Жай...
- Жай болса, – мылжыңдама!
- Е, мен ішуге сылтау табу үшін мылжыңдаймын ғой...
- Ә, бәсе! Жарайсың!.. Ха-ха-ха!
- Неменеге күлесің?
- Көңілді болсын деймін... Көңілсіз күйде ішуге болмайды!
- Хо-хо-хо!..
- Ха-ха-ха!..

Шағын шарапханада ине шаншар жер жоқ еді. Сатушыға қарсы қабырғада үлкен айна ілулі тұрған. Айна алдындағы шағын үстел басында кеш бойы бір кісі отырған. Ол өзі мен өзі сөйлесіп, біресе жылады, біресе күлді...

Кенет шалдыр-гүлдір етті! Әлгі кісі айнаны әуелі рүмкемен, сонсоң графинмен періп жіберген-ді. Айнаның күлпаршасы шықты, әлгі кісінің сөйлесіп отырған серігі қазаға ұшырады.

Сонда қазаға ұшыраған қайсысы: оптимист пе, пессимист пе?

ОРНЫҢДЫ ТАБА БІЛ

Махмұд сұлтанға қызметшісі:

- Әміршім, бір кісі келіп тұр, «мен пайғамбармын» дейді, – деп мәлімдеді.
- Алып келгін! – деп бұйырды сұлтан.
- «Пайғамбармын» дегенді алып келісті: жалаң аяқ, жалаң бас, үсті-басы алба-жұлба, бет-аузы қотыр-қотыр, өзі аштан бұралған біреу.

- Алып кетіндер. Бал беріп, май, жаңғақ, жүзім, өрік, мейіз, самса беріп қырық күн күтіндер! – деп бұйырды сұлтан.
- Қырық күннен кейін сұлтан оны қайтадан алдырды.
- Иә, сен әлі де «пайғамбарсың» ба? – деп сұрады одан.
- Әрине...
- Жарайды. Пайғамбарлар тәңірмен тілдеседі. Сен тілдесе алдың ба?
- Тілдестім. Жебірейіл арқылы.
- Алла саған Жебірейіл арқылы не айтыпты?
- Алла маған: «Сен өз орныңды таптың. Байқа, енді одан безініп жүрме!» – деді.

* * *

Мен соның қайдан сап ете түскенін білмей қатты састым. Тереземді доп талқандап тесіп өтіп, дәл алдыма топ ете қалғандай болды. Бірақ ол доп емес – адам екен; тереземді талқандап кірмепті, екпінімен есігімді жұла жаздап кіріп келіпті. Шашы ұйқы-тұйқы, аузы бір жағына қисайып кеткен, қанталаған алақандай көзі шарасынан шығып бара жатқандай.

Әуелде оны танымай қалдым. Өйткені көңілге болмаса, шошып-ақ кеттім. Есімді жиған соң ғана оны ептеп шырамыттым. Аты-жөнін білмеймін. Оны жолдастарымның біреуінің үйінде көргенмін; аз-маз сөйлестім де ғой деймін.

Оған орындықты нұсқап:

– Қош келдіңіз, әпендім, төрлетіңіз! – дедім, шошығандықтан дауысым шырылдаңқырап шығып.

Ол бір қолымен бүйірін таянып, екінші қолымен ауаны осқылай екіленіп, от құсқан жанартауша аузынан жалын атып:

– Бұл қашанға дейін осылай бола береді?! Бұндай әділетсіздік жойылуға тиіс! – деп бажылдады.

Оның нені айтып тұрғанын түсінген жоқпын, тек ашуын тарқатып байқайын деген оймен:

– Дұрыс айтасыз, өтінем, отырыңыз, – дедім.

Мейманым өрт сөндіріп келгендей-ақ түтігіп тұр.

– Салқын сусыннан бірдеңе ішесіз бе? – дедім.

Мейманым сөзіме құлақ салған да жоқ-ау деймін:

– Құрту керек!.. Жою керек!.. – деп тағы бажылдады.

Оны иығынан құшақтап апарып креслоға отырғыздым. Қолына сигарет ұстаттым. Барып терезені аштым. Сонсоң бір стакан су әкеліп бердім.

– Ішпеймін! – деп ол дүңк ете түсті.

– Ішіп жіберіңіз енді, ішіңіз, – дедім.

Жалғызым солдай-ақ жік-жапар болған соң, ол суды сылқ еткізіп бір-ақ жұтты да, кеудесін кернеген жалынды басқандай болды.

Енді оған баптап тұрып кофе қайнаттым. Мейманым жадырай бастады.

– Маған салмақты, салауатты адамдар қатты ұнайды! – деп қарап отыр бір уақта.

– Ойыңызды ашып айтсаңыз қайтеді? – дедім.

– Маған бірбеткей, жігерлі адамдар ұнайды. Олар мықты мансапқа бір ие болып алса, о жерден өлтірсең де кетпей қояды. Қалай өмір сүру керек екенін бес саусағындай біледі. Қашан, қайда, не істейтінін, кіммен не туралы сөйлесетінін болжап отырады. Олар кесімді мерзімінен ауытқымай жүретін автобус сияқты. Тіпті дәретханаға да дәл уақытында барады, бізге ұқсап көшеде қайда кірерін білмей безектеп жүрмейді... Олардың басы ауырмайды, балтыры сыздамайды, ішіп-жегендері бойына жұға кетеді. Олар тырнағы бір іліккен жерден не қаусап зейнетке шыққанда кетеді, не жарық дүниемен қоштасқанда ғана кетеді.

Мейманым тура мені айтып отыр! Әйткенмен ол өмір сүре білетіндерді қаншама дәріптесе де, өзінше айтқанда, тым қарапайым тірлікті ұната да қоймайтын тәрізді.

– Мен қақ-соқсыз тыныш өмір сүргенді ұнатамын, бірақ сол өз қолымнан келмей жүр, – деп бір тұжырды.

– Мақсатыңызға әлі-ақ жетесіз, – деп жұбаттым.

Ол ұйқы-тұйқы шашын шеңгелдеп бас салып:

– Жетесіз дейсіз бе? Қашан?! Мына менің жасымда ма?! Сіз болсаңыз – бір сәрі... Сіз ұсақ тиындарыңызды қайда салып жүресіз? – деді.

– Тиындарымды ма?.. Оны шалбарымның оң жақ қалтасына саламын.

– Ал кесек ақшаларыңызды ше?

– Пенжегімнің ішкі сол жақ қалтасына, не әмиянға салып...

– Ал қол ормалыңызды ше?

– Менде қол орамал екеу: біреуін шалбарымның сол жақ қалтасына, екіншісін пенжегімнің оң жақ қалтасына саламын.

– Тарағыңды ше?

– Оны шалбарымның артқы қалтасына саламын.

– Кілтіңізді ше?

– Оны шалбарымның ышқыр қалтасына саламын.

– Міне, айттым ғой, сіз бәрін де біліп отырсыз. Ал мен білмеймін.

– Неге білмейсіз?

– Өйткені менде дым да жоқ. Қолыма кейде ақша-мақша түсе қалса, қай қалтама тығып жібергенімді білмей далырамын. Ақшаңды, қол орамалыңды, тарағыңды, автоқаламыңды, жазу дәптеріңді жеке-жеке салып қою үшін сенде соның бәрі болуы керек... – деген мейманымның шеке тамыры адырайып кетті. – Ал менде соқыр тиын жоқ! Нәр татпағаным екі күн болды. Міне, менің мына бәтеңкеме

қараңызшы! Көрдiңiз бе?.. Аузын арандай ашқан айдаһар сияқты!.. Бiз шыңырауға құлдырап құлап барамыз! Бүкiл елдi жұмыссыздық жайлап алды! Халық қайыршыланып бiттi! Ар-ұяттан мүлде ада болдық. Жезөкшелiктен басқа ештеңе қалмады. Ауруханада кемтарлардан аяқ алып жүре алмайсың, сырқаттарда дәрi-дәрмек сатып алуға көк тиын жоқ! – Ол сөзiн бiр сәт доғарды да, үстелге шынтақтай итiнiп, бетiн менiң бетiме тақап әкелiп: – Дәл қазiр революция керек, ре-во-лю-ци-я!.. Сiз бұған қосыласыз ба? – дедi.

Мен селк ете түстiм. Өнебойым мұздап кеттi. Әлде заманда ғана тiлiм икемге келiп:

– Мен сiздiң не айтқаныңызды естiмеген болайын. Сiзге бұдан басқа жасар жақсылығым жоқ. Сiз маған дәнеңе айтқан да жоқсыз, тiптi мұнда келген де жоқсыз. Болды! – деп күбiрледiм.

Ол түтiгiп, орнынан ұшып тұрып:

– Мұным бекершiлiк болды! Өкiнiштi-ақ! Сiзге үлкен үмiтпен келiп едiм, – дедi.

– Тәңiр тiлеуiңiздi берсiн, бұл үйде болғаныңызды тiрi жанға айта көрмеңiз. Мен де сiздi көрдiм дей қоймаспын, – дедiм.

Ол кенет сұлкиiп, бiрақ, сiрә, iштей сыздап шығып кеттi.

Бойымды бiр қорқыныш билеп, үйде басылып отыра алмай, сыртқа шықтым. Сағатымды бiр жарым сағатқа шегерiп алдым да, жақын маңдағы жолдас-жораларыма бардым. Олардың қайсысымен сөйлесем де, сағатыма қарағыштап, уақыттың қанша болғанын даурыға айтып қойып отырдым. Өйткендегi есебiм өзiме мәлiм. Жаңағы келiп кеткен мейманым бiрдеңенi қоқсыта қалса, қорғанып шыға келмекпiн. Жолдас-жораларымды куәға тарта қоймақпын!

Үйге келiп, қалтамдағы әмиянымды алып карасам, – салып қойған мың лирам атымен жоқ. Қорыққанға қос көрi-

ніп жүріп, әлгінде таксидің шоферіне он лираның орнына мың лира ұстатып кете берсем керек.

Есім ауыса жаздады. Табысы тиындап қана есептелетін мен байғұсқа мың лира дегенің – дүниенің ақшасы. Сол түні кірпік іле алмадым.

Таңертең жұмысқа кетіп бара жатып кешегі мейманымды жолықтырдым. Жанымда бір танысым бар еді. Соның көзінше анау пәле жабысып жүрмесінші деген оймен теріс қарап өтіп кеткім келді. Бірақ анау өйтуіме мұрша бермеді:

– Оу, бейәпенді, хал-ахуалыңыз қалай? – деп жабыса кетті.

– Шүкір, – дедім онша жаратпай.

– Бүгін күн жақсы екен, ә?

Жақсысы сол, таң атқаннан бастап тамшылап жаңбыр жауып тұрған.

– Несі жақсы? Еңсені басып тұр, – деп күңк еттім.

Оның екі езуі екі құлағына жетті:

– Мен осындай күнді жақсы көремін. Нағыз киноға баратын күн. Түстен кейін барып жаңа фильм көремін. Ал сау бол! – деді.

– Жолың болсын! – дедім.

Ол кете барды. Менің жанымдағы танысым оның соңынан қарап тұрып:

– Бұ адам деген қызық қой. Қалтамызда томпайып ақша жатқан күні қар жауса да, жоқ, нұр жауды дейміз, – деді.

– Анау қудың қалтасында ақша бар демексің бе?

– Бұрын болмаса да, бүгін бар онда. Кеше кешке ол бір жолдасы екеуі Бейоғлы көшесімен келе жатқандарында, бір биік үйдің тұсында, мынаның үстіне торсиған әмиян топ ете түсіпті де, серігінің үстіне гүл отырғызылған қыш құмыра құлап түсіпті. Сорлы серігін жұрт ауруханаға жөнелтпек боп абыр-сабыр басталған сәтте бұл мырза әмиянды қақшып тайып тұрыпты.

Арада бір апта өткенде автобуста мені Құдай ұрды: қалтаға түсетін ұрылардың бірі пенжегімнің қалтасын ұстарымен тіліп жіберіп, әмиянымды сұхиттап кетіпті. Әмиянымда көптен бері тірнектеп жинаған үш мың лирам және сол айдағы жалақым бар еді.

Соның ертеңінде кемеде әлгі бейпілауыз мейманым келіп жаныма отыра қалды. Су жаңа киінген, мұнтаздай боп қырынған, шашын сәндеп алдырған.

– Көңілсіз отырсыз ғой? – деді.

– Оншама көңілсіз емеспін, – дедім.

Күлмің-күлмің етеді.

– Еліміздің экономикалық жағдайы қалай деп ойлайсыз? – деді.

– Мен ол жағын біле бермеймін, өрем жетпейді, алайда экономикамыз мәз емес сияқты.

Ол кенет салмақтана қалды да:

– Құдайдың бергеніне шүкір, жағдайымыз оңалып келеді. Күн өткен сайын жақсара түсуде. Еңбек еткісі келгендерге жұмыс жетіп жатыр. Тек жалқауланбасаң болғаны!.. – деді.

Ол кемеден шығып бара жатқан кезде әудемде қатар отырған екі кісінің бірі оны көзімен меззеп:

– Ана бір кісіні көрдің бе? – деді көршісіне. – Кеше оны машина басып кете жаздады. Ол етбетінен ұшып түсіп, мұрнын бұзып алды. Машинаның иесі бір шылқыған бай екен, «пәледен машайық қашыпты» дегендей, осындай оқиға болды деп газеттердің бірі жазып жүрер деп қорқып, әлгіге үш мың лира ұстатып, өзі зытып отырды.

«Бір айналдырғанды шыр айналдырады» демей ме: таксиске он лираның орнына мың лира беріп, ұрыға әмиянымды қақшытып жүрген мені бір күні жиенім шоңқитып кетті.

– Ойбай, нағашы, орайы келіп тұр, автомобиль сатып ала қояйық! Такси деп тіркетеміз де, ақшаның астында қаламыз! – деп жатып жабысты.

Орайы келіп тұр дегені: сегіз мың лираны қолма-қол төлеп, қалған жиырма мың лираны кейін төлеуге қолхат берсең, аздап мінілген, бірақ жап-жақсы машина алуға болады екен. Мен ол судырлақтың сөзіне иландым да, әйеліміз екеуіміз түтін түтеткен күннен бастап бірлесіп жиған сегіз мың лирамызды банкіден алып бердім. Сонсоң, пендеміз ғой, бұрынғы жоғалған ақшаларымның орнын тезірек толтыратын болдым деп те ойладым. Сөйтіп, жиырма мың лираны кейін төлейтін міндеттеме қағазға қол қойдым. Бұ сорды қойсаңшы! Жиенім машинаға мініп алды да, зым-зия жоқ боп кетті. Сегіз мың лирам желге ұшты!.. Оның үстіне жиырма мың лира берешек боп белшеден батып және қалдым.

Тағдыр мені аяқтан шала берді.

Сөйтіп жүрген күндерімнің бірінде баяғы немемен тағы да ұшырастым. Екеуіміз маршрут таксиінде кездесіп қалдық. Оның жағасы жайлауында, өзінен-өзі мәз-мейрам.

– Керегінде қырсығып жеке такси де табылмай қалады. Мынаған мінуге тура келді... – деп ол сәл-пәл үнсіз отырды да: – Сіз елдің жағдайы қалай деп ойлайсыз? – деді.

Мен абыржып қалдым:

– Шынымды айтсам, білмеймін... Оншама мәз емес сияқты...

– Мен мұныңызға қосылмаймын! Мұныңыз – күнә. Халықтың қойны-қонышы толы ақша. Құдайдың бергеніне шүкір, пайда мол. Жұмыс табу оп-оңай. Бұдан артықты көк-сеу – есуастық!

Ол таксиден түсіп кетті.

Шофердің қатарында отырған жолаушы бұлан-талан болып:

– Жаңағы сөзжадының не деп көкігенін естідіңдер ме? – деді. – «Халықтың қойны-қонышы толы ақша» дейді!.. Жа-

нағы жәдігөйді мен жақсы білем. Аштан бұралып, ісіп-кеуіп жүрген. Осыдан бір апта бұрын көшеден газетке оралған көп ақша тауып алыпты. Қалтасына қампитып ақша салған соң ақылдымсы қалыпты. Оптимист! Қарнын тойдырып алып сайрауын!

«Албасты қабаққа қарап басады» рас екен, тағы бір күні біздің үйге ұры түсіп, әйелімнің сақинасы, білезігі дегендей, ең ақырғы оны-мұнымызды қидай сыпырып кетті.

Ұрының ұсталған-ұсталмағанын білейін деп күнде кешке полиция участогіне барып жүрдім. Бір кеште жолай әлгі бейтанысымды тағы да кездестірдім. Менің еңсем езіліп келе жатқанымда шаруасы жоқ:

– Әпендім, осы кейбіреулер өмірге өлгенше наразы. Қымбатшылық жайлап алды дейді. Оған кім кінәлі? Солардың өздері кінәлі! Беталды, берекесіз өмір сүреді. Есі дұрыс адам есеппен өмір сүрер болар. Дұрыс қой, ә? – деп сампылдай жөнелді.

– Кейде есептің де ебі келмей қалады, – дедім.

– Олай деменіз. Сіздің сөзіңізден үкіметке қарсы насихаттың салқыны сезіліп тұр, – деп сызданды ол.

Сөйтiп, екеумiз анау деп, мынау деп, полиция участогiне жете бере айырылыстық.

Участок алдында тұрған полицейлердің біреуі оны көзімен ұзатып тұрып:

– Кейбіреулердің жолы болғыш-ақ! Анау бір пәле өткен аптада ат жарысында он үш лира бәс тігіп ойнап, жиырма жеті жарым лира ұтып алды! – деді.

Ұры ұсталар деп үміттеніп жүргенімізде бір күні тағы бір сұмдыққа тап болдық: маған әкемнен мұра боп қалған үйіміз өртеніп кетті. Көршімізден шыққан өрт қатар тұрған төрт үйді тып-типыл қылды; төртеудің ішінде біздің үй ғана сақтық шартсыз, тегіннен-тегін кете барды. Сасқалақтап жүріп әйелім гүл құмырасын, мен қорқорымды ғана алып

шығыппыз, – өрттен алып қалған бар-жоқ мүлкіміз сол болды. Әйелім әдемі гүлін құшақтаған күйі, мен қорқорымды ұстаған күйі көшеде өртке қарап сілейдік те тұрдық.

Біз бір жақын-жақыбайларымыздың үйін паналадық. Мен ертеңді-кеш салпақтап қала кезіп, өзімізге лайық баспана іздеуге кірістім.

Бір күні көп қабатты бір үйдің жанынан өтіп бара жатып: «Жалға пәтер беріледі» деген хабарландыруды көзім шалып қалды. Үй иесімен сөйлесіп көрейін деп барсам, – баяғы бейтанысым! Өз көзіме өзім сенбедім. Ол мені жиһазы сірескен бір бөлмеге ертіп кірді. Кірді де, сандуғашша сайрай жөнелді:

– Адал еңбек ете білгенді Алла тағала әрқашан қолдайды. Кержалқау болмау керек! Дұрыс па, құрметтім? Алла тағалаға сиынып жүру керек. Мысалы, мына мен... – деп көсілді дейсің.

Ол әлден уақытта маған қарап:

– Сіз елдің саяси жағдайы қандай деп ойлайсыз? – деді.

– Мен саясатқа шорқақпын, алайда жағдай аумалы-төкпелі-ау деймін.

– Сіз қателестіңіз! Еліміз дәл қазіргідей гүлденіп көрген емес. Құдайға шүкір, бізде басшылық өте мығым. Тек қайсыбір сыңарезулер соған шүбә келтіру үшін қайдағы жоқ өсек-өтірікті өрбітіп кеп жүреді...

Оның мені мегзеп тұрғанын сездім.

Екеуіміз пәтерәқы жөнінде пәтуғаға келе алмай, мен қоштасып шығып кеттім.

– Үш бөлмесіне алты жүз лира сұрайды, неткен бетсіздік! – дедім қақпашысына, сыртқы есіктен шыға бере.

– Шырағым-ау, бұл сияқтыларда ар-ұят, бет болушы ма еді?! – деп күрсінді қақпашы. – Адал еңбекпен мал таппағандарда тойым да болмайды. Бұл да – тойымсыз біреу. Лотореядан жарты миллион лира ұтты да, хан сарайындай мына үйді сатып ала салды.

Иә, бір айналдырғанды, шынында, шыр айналдырады. Бірнеше апта бойы салпақтап жүріп, төрт жүз лираға қабырғасы базданып тұрған үш бөлмелі жеркепені әрең тауып көшкенім-ақ сол еді, мен қызмет істеп келе жатқан фабрика жабылып, аяқ астынан жұмыссыз тотидым да қалдым. Қожайын күйзеліске ұшырадым деді де, бізге жұмыс тауып алғанша талғажау етерлік жәрдем де бермеді.

Салым суға кетіп, аяғымды әрең сүйретіп келе жатқанмын. Кенет дәл жанымға жалтылдаған бір лимузин келіп тоқтай қалды. Рулін ұстап отырған кісі маған:

– Келіңіз, отырыңыз! – деп дауыстады.

Қарасам: баяғымның дәл өзі!

Машинасына міндім.

Бейтанысым шіреніп отыр: май басқан шүйдесі қатпар-қатпар; қарыны төңкеріліп жатыр. Бейтанысым бір сөз айттып – бір күледі, екі сөз айттып – екі күледі.

– Адам мен хайуанның бір-бірінен айырмасы не? – деп маған қарап алды да, өз сұрағына өзі жауап қайтарып сөйлеп кетті. – Хайуан тамақты қарны ашқанда ғана ішеді, ал адам – өйт-пей-ді-і... Адам қашан, не істейтінін білуге тиіс. Тамақты белгілі бір мерзімде ғана ішу керек. Бірақ кейбіреулер... көзіне айтпай-ақ қояйық... қолына не түссе, соны талғамай сылқытып соға береді. Сонсоң олардың асқазаны өз-өзінен бұзылады, бүйрегі де, қуығы да құриды. Ондайларды көшеде келе жатқандарында дәрет қыса қалса, олар ақымақтанып қоғамдық дәретханаларды іздеп аласұрады. Дені дұрыс адамдар сөйте ме? Сіз не істеп жүрсіз, халіңіз қалай?..

– Шүкір...

– Сіз елдің жағдайы қалай деп ойлайсыз?

– Жағдай онша емес... – дей бергенім сол еді, ол:

– Сен не оттап отырсың?! Сен оппозицияшыл екенсің ғой?! – деп ақырды. – Сен байқа!.. Күнге күйе жаға алмай-

сың! Біздің отанымыздың тарихында дәл қазіргідей гүлдену болған емес! Біздің жарқын...

– Мен жеттім, тоқтатыңызшы!

Лимузиннен тепкен доптай боп ытқып шықтым.

Бір танысым тұр екен, жаныма келіп амандасты да:

– Е, не ойлап тұрсың? Танысың ба? – деді.

– Кімді?

– Жаңағыны, «кадиллакпен» кеткенді. Ол жақында төрт мың лира мұра ақысын алды. Мұның сонау Египетте тіпті бет-аузын да көрмеген бір ағасы бар екен. Ол туысы бұ жарық дүниеде жаңағының барын білмей де кетсе керек. Осыдан басқа мұрагері болмаған соң, байдың артында қалған бар дүниесі мына алаяққа бұйырыпты.

Сонымен біздің ең соңғы үмітіміз стамбұлдық көпесте боп қалды. Бұдан бір жыл бұрын біз оған әйелімнің меншігіндегі жер участогін сатқанбыз. Көпес бізге әлі де он үш мың лира берешек болатын. Берген қолхаты – менде. Мен сол ақшаны тезірек алып, тезірек іске жаратуды армандадым. Берер мерзімі өте салысымен қолхатын алдым да, сирек кездесетін адал жанды көпеске аттандым. Мен қолхатын жоғалтып алған күнде де оның қарызынан бас тартпасын білем. Бірақ, амал не, мен барардың алдында ғана ол дағдарысқа ұшырап, дымы құрып қалыпты. Маған жетім лира да бере алмады. Қолхаты түкке жарамай қор болдым. Біз сатқан участок енді оған несие берген басқа өсімқорлардың меншігіне көшіп кетті.

Сол күні кешке мен өмірімде алғаш рет шарапханаға бардым. Барсам: бейтанысым сонда отыр! Мені көріп, жаныма келді. Оған деп бір рюмка араққа заказ бердім.

– Бірдеңеге реніштісіз ғой? – деп сұрады ол.

– Еліміз елдіктен айырылып барады. Халық жоқшылыққа ұшырады. Бүйтіп кете беруге болмайды! Мұндай әділетсіздік жойылуға тиіс!.. – дедім.

Осылай дедім де қойдым.

Ол сәлден соң тұрды да шығып кетті.

Оны жақсы білетін даяшы:

– Бұл бізге жиі келіп тұрушы еді, әйел алғаннан бері келуін сиретті, – деп күңкілдеді.

– Әйел алды дейсіз бе?

– Алды. Бұл сияқты сужұқпастардың ұпайы түгел ғой. Миллионер әйелді алып, мақта плантацияларының қожайыны болып, қазір ақшасының есебінен жаңылып жүр...

Шарапханадан шыға бергенімде екі жағымнан екі кісі басылып ұстай алды да, қолымды бұрап дедектетіп отырып полиция участогіне алып барды. Бейтанысым шалжиып сонда отыр! Сұқсаусағымен мені нұсқап:

– Дәл өзі! – деді комиссарға. – Бұл жаңа ғана шарапханада үкіметті жерден алып, жерге салып балағаттады, – деп маған көпе-көрінеу жала жауып, о баста менің үйімде отырып өзі айтқан сөздің бәрін маған жауып шыға берді.

Оның түрі қараған жан түңілмейтіндей еді. Менің түрім кім қараса да түңілетіндей еді: аяғымдағы бөтеңкем аузын арандай ашқан аждаһаға ұқсап тұрған болатын.

ГАЗЕТ НЕГЕ ЖАБЫЛДЫ?

Біздің елде... (жоқ, бұлай бастауға болмайды). Елімізде... (бұл да ойнамай тұр: бұлай басталған әңгіме сәтсіз аяқталады... авторы да опа таппайды).

Мына біздің елде... (жоқ, басқа тақырып құрып қалғандай, өзімізге мұнша мән бермеген жөн. Жазуға болатынды ғана жазу керек...).

Түркияда... (достым-ау, бүйтіп бірден дүңк еткізбей, жұмсақтап, орағытып бастасаңызшы!).

Сіздерге өзімнің журналистік өмірімнен бір оқиға айтып берейін десем, бастай алмай қор боп отырғанымды қараңыздаршы.

Бірде... (осының дұрыс сияқты. Ғұмырың жетсе, қалай жазуды әлі-ақ үйреніп кетесің) бірде мен оны-мұнымды шығарып жүретін газет жабылып қалды («жабылып қалды» дегенің сәтті табылды, өйткені, газетті кім жауып тастағанын жұмбақтап қойдың, ол енді әлгі ашылмаған қылмыстар қатарына жатқызылады да, бірте-бірте ұмыт болады).

– Әңгімемді жалғастырайын. Газетіміз бір қатенің кеселінен жабылып қалды. Ол қатені бағаламауға, тарихтан лайықты орнын бермеуге болмайды. Сіздер республика дәуіріндегі баспасөзіміздің тарихына енген үлкен екі қатенің жайын, сірә, естіген де шығарсыздар. Соның біреуі мынау: газеттің бірінші бетінде әрқайсысы екі бағанаға берілген екі фотосурет шықты. Бірінші суретте жәрмеңкеде бәйге алған, мүйіздеріне лента байланған сиырлар бейнеленген, екіншісінде – мемлекет қайраткерлері делегациясының Еуропаны аралауға аттанғалы тұрғаны көрсетілген. Бірақ осы екі суреттің түсінік сөздері ауысып кетіпті. Делегация мүшелері бейнеленген суреттің астында: «Жергілікті асыл тұқымды сиырлар» делінген. Келесісінің түсінігі: «Суретте: біздің делегациямыздың Еуропаны аралауға ұшқалы тұрған сәті» делінген. Біздің газетте бұл сияқты былықпайлар болып жатады, бірақ бұған дейін ешбір сиырды ешқашан үкімет делегациясымен шатастырып көрген жоқ едік.

Ал мен айтқалы отырған қатенің ешбір малға қатысы жоқ (бірінші қатем оншама мән берерлік емес те ғой). Алғашқы қызметіме құлшына, құмарта кірісіп, бұйырған жайтты бас салып жазып жүрген кезім. Бір күні газеттің бас редакторы, ол – бүгінде депутат, мені шақырып алды да:

– Мен бүгін кешке бір концертке шақырылған едім, бірақ бара алатын емеспін. Одан мақала жазу керек. Сен бәрін де

бұрқыратып жазып жүрсің ғой, сол концерттен материал бере аласың ба? – деді.

Баяғыда бір помещик жалшысынан: «Сен біздің баланы баға аласың ба?» деп сұрағанда, жалшысы тұрып: «Тәйірі-ай, сол да сөз бе екен? Керек десең, сайтанның да сирағын сындырып берейін!» депті. Мен де сондаймын... Концертті сынап жаза алмайтындай маған не болыпты сонша? Бірақ «до» мен «си»-ді, скрипка мен виолончельді бір-бірінен айыра алмаймын. Оның үстіне: концертке баруға мұршам болмай қалды. (Ол кезде газетте небәрі он-он бес журналист істейтінбіз. Ал қазір бір ғана спорт бөлімінің өзінде сонша кісі бар).

Бас редактор маған концерт бағдарламасын ұсынып:

– Мынаны көр де бірдеңе жаз, – деген.

Оның көңіл күйіне қарағанда, концертті мақтау қажет тәрізді. Бағдарламаны бірнеше рет оқып шықтым. Ол тіпті қытай тілінде жазылса да ептеп ұғармын-ақ деп едім, – болмады. Концерт... аллегро... опус... до минор... соло... Чайковский... дегендей, мен өмірі естімеген сөздер екен.

Аллаға сиынып алдым да, мақаланы жазуға кірістім... «Концерт ғажайып болды, оның ғажайып болғандығы соншама, жазып жеткізу мүлде мүмкін емес. Ә дегеннен ақырына дейін құдіретті музыкаға тәнті болдық. Пианистканың ойынын түп-тура сиқыр дерсің. Рояльдің даусына еріксіз таңдай қақтық. «Музыка – жан азығы» деген анықтаманың ақиқаттығын мен тек осы жолы ғана ұқтым. Опус-екі менің бұған дейін тыңдаған барлық опустарымнан асып түсті, опусты дәл бұлай орындағанды мен ешқашан естіген емеспін... (Осы тұста маған миғұлалар менің өзімді миғұла деп жүрмесін деген ой келді де, ептеп сын пікір қыстыра отыруды жөн көрдім). Опус-екінің орындалуын кейде опус-екіжарым деп қарауға да болатын еді. Ал до минор ше? Тіл жетпес сиқыр емес пе?! Алайда бұған дейін тама-

ша қалпында тұрған рояльдің енді аздап қана ақауы бары байқалғандай болды...».

Ол кезде біздің газеттер халықаралық оқиғаларды баяндауға көп орын бермейтін, бүгінде бізді ондай хабарлармен мол жабдықтап тұрған Америкамен қазіргідей тығыз байланысымыз жоқ болатын. Ал елдің ішкі жағдайынан неғұрлым жиі жазылатыны – концерттер мен лекциялар туралы хабарлар еді. Менің мақалам газеттің ең елеулі, ең көлемді материалы болды, журналистік тірліктегі ең бірінші ірі табысым болды. Сөйтіп, біздің газет сол күні басқа газеттерге шаңын да көрсетпей кетті. Басқа газеттердің бәрі де концерт жайында бірінші беттеріне бірер жол ғана хабар беріп, оның кейінге қалдырылғанын айтыпты. Ал мен қойылмаған концерт туралы мақала жазуда дүние жүзіндегі тұңғыш сыншы боп шыға келдім.

Сондай екінші «табысымнан» кейін жұмыссыз қалдым...

Стамбұлға бір шетелдің мемлекет қайраткері келмекші екен. Газет хатшысы сол мемлекет қайраткерімен әуежайда сұхбаттасуды маған тапсырды.

– Байқа, – деді ол маған, шыға бергенімде, – өткен жолы делегаттардың айтпағанын айтты деп былықтырып, бәрімізді маскара етпедің бе, тағы сондай болып жүрмесін!

Ол жолы мен кінәлі емеспін-ді. Біздің елімізден аттанып бара жатқан шетел делегациясының бес мүшесінің бір де бірі түрік тілін білмейді екен, сонсоң қайтейін, олар үшін пікірді өзімнің айтуыма тура келді.

(Ол кезде «үн» дегенге тілі келген журналистердің бәрі француз тілінің, ал «йес» дей алғандар – ағылшын тілінің маманы болып саналатын).

Менің жазуымша, мен делегация мүшелерінен: «Біздің еліміз туралы пікірлеріңіз қандай?» деп сұраймын.

Олар былай деп жауап қайтарады: «Сіздің еліңіз қысқа ғана уақыт ішінде адам таңданарлық прогреске қол жеткіз-

ді. Сіздер шын мәнінде ғажайып жаңалықтар жасадыңыздар. – *(Бізге шынында неге ғажайып жаңалық жасамасқа?)*. – Сіздер Еуропа елдері арасында лайықты орын алып отырсыздар. Сіздер қарышты қадаммен ілгерілеп барасыздар. Сіздің еліңізде өткен жолы келгенімізден бергі мерзімнің өзінде небір ұлы өзгерістер болыпты».

Менің түбіме жеткен пәле осының соңғы сөйлемі болды. Делегация мүшелерінің ешқайсысы Түркияда бұрын болып көрмепті.

Сұхбатымда жазғанымдай, одан соң делегация мүшелерінен: «Сіздерге біздің елде ең ұнаған нәрсе не болды?» деп сұраймын. Олар: «Айран құйған қияр салаты, сүрленген ет қосып пісірген жұмыртқа, сондай-ақ, шала тұздап сақтаған бітеу қияр. Сіздердің әйелдеріңіз заманымызға әбден сай екен» дейді.

Бұл жерде айта кететін бір жайт – мен сұхбатты бастан аяқ ойдан шығара берген жоқпын. Ескі газеттердің тігінділерін алып ақтардым да, шетел делегацияларының мүшелеріне әдетте қандай сұрақтар қойылатынын, олардың не деп жауап қайтаратынын көріп, айнытпай көшіріп шықтым...

– Тезірек жөнел, әйтпесе кеш қаласың, – деді хатшы.

– Жолға ақша қайда?

– Ертең бухгалтериядан аласың...

Мен ең әуелі Бабаәлідегі «Балқан» асханасына бардым да, котлетке сықиып тойып алдым. Котлеттің қызуымен «Мессерет» сыраханасына барып жайғасып, сол жерде отырып-ақ сұхбатымды жазып тастадым. Сұхбатым газет қызметкерлерінің бәріне ұнады.

Келесі күні басқа газеттер: «Ұшақтың сынып қалғандығы себепті делегация Стамбұлға келе алмады» деп хабарлады. Одан, әрине, менің сұхбатымның құны кеміп қалған жоқ. Бірақ іші тар... әлгі қызғаншақтар мені газеттен қуып жіберді.

Бұл оқиғаны бір кешкі газеттің қожайыны естиді де: «Көрмеген кісіден сұхбат алып жүрген ол журналист ерекше талантты екен, өзін біздің газетке шақырыңдаршы!» депті. (Ұшағы сынып кешіккен шетелдіктерден сырттай сұхбат алатын жас журналистер қазірде де бары ешкімге құпия емес. Мен өз жаңалығымның жалғасып келе жатқанын, лайықты ізбасарларым барын мақтаныш етемін!).

Сонымен, кешкі газетте істей бастадым. Оның штатында төрт тілші, алты қайшы бар екен. Әбден тозып, жүзі желініп қалған екі қайшыны жаңа екі қайшыға айырбастап алды. Сөйтіп, төрт журналист сол алты қайшымен жұмыс істей берді. Қалада бізбен бәсекелес және бір кешкі газет бар көрінеді. Бір күні бастығымыз бізді жиып алды да:

– Біздің газеттің жағдайы қиын (тараламы азайып кеткенде «біздің газет» деп, ал таралымы өсе калса, «менің газетім» дейтіні бар). Қалайда бірдеңе ойластырмай болмайды, – деді.

Алла аузыма сөз салып:

– Бәсекелес газет күндізгі сағат бірде шығады, егер біз сағат төртте шықсақ, таралымымыз көбейер еді, – дедім.

Менің арам ойымды түсіне алмаған кейбір қызметкерлер: «Бұрын шыққан газет күнделікті жаңалықтарды да бұрын жариялайды» деп қарсы дау айтты. Алайда бастық мені қолдап:

– Мынаның айтқанын да байқап көрелік, – деді.

Біз сағат бірде шыққан газеттің барлық жаңалықтарын қайшымен қиып алып, ештеп түзетіп, өз газетімізге желімдеп отыратын болдық. Сөйтіп, екі жаңа қайшының, төрт ескі қайшының көмегіне сүйендік те, он бес кісінің қолынан өрең келетін жұмысты емін-еркін атқара бастадық. Қайшы қайраушы шалға төлейтіннен басқа шығын шығармайтын болдық.

Бір күні бізбен бәсекелес газетте мынадай хабар басылды: «Артин деген азамат үйінің жабығына қадалған жалаудың

сабына оратылып қалғанын байқады да, оны жазып дұрыстап қою үшін секіріп саптың үшкір темірлі ұшынан ұстай алып, тартылып жоғары шықпақшы болды. Оның салмағын көтере алмай сап сынып кетіп, Артин бейшара бесінші қабаттан құлап мерт болды. Жалау оның тура үстіне құлап түсіп, мүлде жауып қалды» депті. Газет қайғылы оқиға болған үйдің әдресін де айтыпты.

Мен ол хабарды дереу қиып алдым да, біраз тұздықтап, тақырыбын «менмұндалатып», өзіміздің газетке бере қойдым. «Ержүрек Артин байғұс шейіт болды» деп атадым. Біреулер: «Мұсылман емес кісіні «шейіт» деуге болмайды» деген соң, мен Артиннің дер кезінде сүндеттелгенін айтып, хабарыма толықтыру енгіздім.

Төккен тердің төлеуі қандай болды дейсіз бе? Мені жұмыстан қуып шықты. Өйткені бәсекелес газетте келесі күні мынадай хабарлама жарияланды: «Бір журналшы, анығырақ айтсақ: бір кәнігі жамаушы, біздің хабарларымызды күнде түп-түгел ойып-қиып алады да, өз газетіне өңдеп шығарады. Біз сол ұрлықшыны түп-тура ұлыттық. Кешегі нөмірімізде Артин дегеннің құлап өлгені жайында жазып едік, ол соны бас салып көшіріп ала қойды. Ал біз айтқан кісі құлаған емес, ол тіпті өмірде болған да емес...».

Өйткенмен ол шатақ менің атымды журналистер әлеміне кең жайып жіберді. Біраздан соң мен үлкен газетке қызметке шақырылдым. Онда да көзге түсуге құлшындым. Ақырында көктен тілегенім жерден табылды. Газет иесі мені шақырып алып:

– Ішкі істер министріміз пойызбен Стамбұлға келе жатыр. Басқа газеттер бұдан бейхабар. Дәл қазір Хайдарпаша вокзалына тарт та, одан сұхбат ал, – деді.

Бәйге өзіміздікі шығар деп үкідей ұшып вокзалға жетіп барсам, журналшылардан аяқ алып жүргісіз. Сөйтсем, пойыз бір жарым сағат кешігіп келе жатыр екен. Дереву таксиге міне

сала Пендикке тарттым. Пойыз Пендикке келіп тоқтасымен біз мүлде күтпеген іс болды. Министр пойыздан түсті де, өзін қарсы алған шенеуніктер бар – бәрі барып автомобильге отырды. Жанталасып жүріп қасына жақындадым да, бастығымның оған ыстық ықыласпен сәлем жолдағанын айтып үлгердім. Иіліп-бүгіліп тұрғанымды ұнатып қалса керек, ол мені өз мәшініне отырғызып алды. Шофердің қатарына жайғастым да, министрден біздің газет үшін лебіз білдіруін өтіндім... Басқа газеттердің жылпостары Хайдарпаша вокзалын айналып жортып жүре тұрсын! Олар менің сарқытымды ішсе де жетер!..

Ішкі істер министріміз өзіне дейінгі министрлер айтып өткен жайттарды қайталап шықты. Халықтың өсуіне полицейлердің өсуі ілесе алмай келеді. Барлық азаматтар полицияға көмек көрсетулері керек. Мұны министр өз атынан баса өтінеді. Полицейлердің санын көбейту керек. Тәжірибелі полицей кадрлар даярлау керек... Біздің полиция участоктарымызда кісі сабау ешқашан болған емес және болмайды да... Еліміздің барлық жерінде тәртіпсіздік жасаушылық атымен жоқ... Полицейлердің жалақысын өсірген жөн. Оларды қазіргі заманға сай жаңаша киіндіру қажет... Бұдан соң министр тыйым салынғанына қарамастан, кейбір полицейлердің ұзын мұрт қойып, сақал өсіріп жүргендерін көргенін айтты.

Министрдің мәлімдемесі ертеңінде тек біздің газетте ғана жарияланды. Сондай аса маңызды істе біз бәсекелестеріміздің бәріне жер соқтырып кеттік. Бірақ сол күні газетіміз жабылып қалды. Неге жабылғанын осы уақытқа дейін тірі жан білмейді. Менің бұл мәлімдемем біздің баспасөзіміздің тарихынан орын алар деп ойлаймын. Ішкі істер министрінің мәлімдемесі жарияланған күнгі газетке бір қылмыс жөніндегі хабарлама және таралымды өсіру үшін бір былапыт романның үзіндісі берілген болатын. Солар: министрдің мәлім-

демесі, кісі өлімі туралы хабарлама және былапыт роман үзіндісі – бірімен-бірі баспаханада араласып кеткен күйінде басылып шықты. Әдейі жасалған әрекет екендігі аңғарылатындай. Ол қоспа материал менде әлі күнге сақтаулы. Бір үзінді келтірейін:

«Құрметті ішкі істер министрінің біздің газетке арнап жазаған мәлімдемесі.

Бақылау-тексеру жұмыстарын жүргізу мақсатымен әйгілі баукеспе ұрылардың бірі Зырыл Шәкір есімді құрметті ішкі істер министріміз кеше жүрдек пойызбен Стамбұлға келді. Соның алдында ғана жасалған қылмысынан кейін ішкі істер министрі Пендикте пойыздан түсті де, біздің газетке арнап былайша байыпты мәлімдеме жасады: «Маған хабарлағанындай, – деді ол әуелде, – менің ашынам семіз Меляхат басқа да біреулермен байланыста көрінеді. Мен оны көптен бері бақылауға алып жүрмін. Бүкіл елімізде темірдей тәртіп орнатылды». Қазір анықталып отырғанындай, құрметті ішкі істер министрі қиын-қыстау кезеңде жантүршігерлік қылмыс жасады, полиция агенттерінің мүлде жетіспейтінін ескертті. Ол өзі өлтірген әйелмен алты ай бойы ойнап-күлген. Түнде аяқ астынан үйіне қайтып келіп, іштен Жанетаның даусын естіп қалады. Есіктің кілт сұғатын тесігінен сығалап қараса, – Жанета тыржалаңаш түр! «Франк, сүйіктім Франк, мені өмірде бірінші рет құшқан еркек сенсің!» деп бажылдады ол. Кенет, бейнебір жынданған жанша, біздің тілшіміздің сұрағына жауап ретінде ол: «Жұртшылықтың полицияға көмектесуін өтінемін» деді. «Бұл мәселені өз газетіңізде жақсылап жазатын болыңыздар» деді ол, одан соң: «Мен іс-әрекеттері күдікті семіз Меляхатты үш ай бойы бақылап жүрмін. Кеше түнде үйге мас боп келе жатып тексергенімде ұзын мұртты, сапсыған сақалды бірнеше полицейді көрдім. Полицейлердің мұртын дереу қырып таста деген бұйрықты естіген Морис шошып кет-

ті. Қолындағы Жанетаны Франк ағай құшақтап көтеріп алғанын көргенде төбе шашы тік тұрды. Франктің жүні көдедей кеудесіне бетін басқан Жанетаға: «Біз полицейлеріміздің жағдайын жақсартуды ойластырып жатырмыз» дегенді айтты. Тілшіміздің киім жөніндегі сұрағына жауап бере келіп, ол былай деді: «Жанетаның ішкімі мен төстартқышы жерде шашылып жатты. Франк Жанетаны итеріп қалды да, мына киім ыңғайсыз деп айқай салды. Полицейлер әрқашан мұнтаздай тап-таза боп қырынып жүруге тиіс. Киімнің неғұрлым жетілдірілген үлгісін шығару ойластырылуда. Қылмыс жасаған қарақшы қашып құтылуға тырысты, бірақ құрметті ішкі істер министрі нан кесетін пышақты ала ұмтылды, одан арғысы есінде жоқ».

Біздің газеттің осы былықпай мақаланың кесірінен жабылып қалғанын ешкім білмейді. Бұл нөмірді газетті шығарған қызметкерлерден басқа тірі жан оқыған жоқ, тіпті бастығымыздың өзі де оқыған жоқ. Бәрі де: «Газет бас мақаласында үкіметті қатты сынаған шығар, сол үшін жауып тасталған шығар» деп топшылап жүр.

ШЕРМЕНДЕ ҚАШАН ТУҒАН?

- **А**нау кісі ғұлама ғалым.
- Жаңалық бірдеңе ашты ма?
- Сұрағының сиқын! Әрине, ашты. Бізде қазір сауатсыз халық былай тұрсын, көзі ашық қаратаяқтарыңның өзі ғылымды керексініп жүрген жоқ. Ал мына ғалымымыз аса маңызды бір шаруа тындырып, әдебиетіміздің тарихына теңдессіз үлес қосты.
- Ол не шаруа?
- Он бесінші ғасырда Шерменде деген ақын болған...

- Естіген емеспін.
- Кейінгі ұрпағына қалың жинақ қалдырған. Оның аты көптеген еңбектерде аталады.
- Онда тұрған не бар?
- Әдеби зерттеу кітаптардың бәрінде де Шерменде төртінші мамырда туды делініп жүр. Ал мына ғұлама оны мүлде жоққа шығарды.
- Қайтіп?
- Алты жүз беттік кітап жазды.
- Өз пікірін сол кітабында дәлелдеген бе?
- Жо-ға. Тым күрделі мәселені бір кітаппен реттей алмайсың. Бірінші том – кіріспесі. Ғұлама ол томында Шерменденің төртінші мамырда тумағанын ғана айтқан.
- Сонсоң?
- Сонсоң – екінші томында ма, үшіншісінде ме, әлде төртінші томында ма – ол төртінші мамырдың қате екенін қалт жібермей дәлелдеген. Ал Шерменденің қашан туғанын бесінші, алтыншы томдарының бірінде хабарламақшы.
- Сонда ол жиыны неше том жазбақшы?
- Ол жағы әлі белгісіз. Әзірше жазып үлгергені бір том. Соның өзіне тура он бес жылын сарп етті.
- Не дейсіз? Он бес жылын?
- Әрине! Ғылымның не екенінен сіз мүлде бейхабар екенсіз ғой.
- Сонда ол қалған томдарын қашан жазбақшы?
- Егер Құдай ғұмыр берсе, енді бір он бес-жиырма жылда екінші томын бітіріп қалар. Қазір ол алпыс төрт жаста.
- Егер әлгі, жаман айтпай...
- Онда оның ісін басқа оқымыстылар жалғастырады, үзілген жерінен ары қарай жаза береді.
- Сізге бір сұрақ қоюыма бола ма?.. Мен сіздің айтқандарыңызды мұқият тыңдап отырмын. Сіздің сөзіңізге қа-

рағанда, Шерменде ақын төртінші мамырда тумаған көрінеді. Сонда ол қашан туған?

– Міне, әдебиетіміздің тарихын тәртіпке келтіріп алу үшін бірден-бір қажет негізгі деректің өзі осы. Шерменде мамырдың төртінде емес, үшінен төртіне қараған түнде туған. Мәселе түнгі сағат он екіге жетпей шешілгендіктен, оның туған күні үшінші мамыр болуы керек. Әдебиет тарихшыларының бәрі осыны білмей шатасып, Шерменде төртінші мамырда туды деп жұртты адастырып келді.

– Ғұламаның жаңалығы соны анықтағаны ма?

– Ол аз ба? Атамзаманғы ақынның туған күнін анықтау ақыретке барып келгенмен бірдей...

– Ғұламаңыз онысын бірер сөзбен айта алмаған ба? Алты жүз бет кітап жазып азаптанғаны несі?!

– Мәссаған! Жаңалығын жә деп айта салса, оның ғалымдығы, былайғы жұрттан артықшылығы қайда? Ғалым – жоқ сөзді көп сөз етіп айта білгендігімен ғалым. Ол бас-аяғы бес сөзді бес жүз бетке соза алады. Ғұлама мен мифұланың бір-бірінен айырмашылығы да сонда.

– Солай-ақ делік, сонда Шерменденің төртінші мамырда емес, үшінде туғанын сіз қайдан білесіз? Кітапты оқыдыңыз ба?

– Сұрағыңызға болайын! Ғалымның өз кітабында не айтқысы келгенін кім ұға алушы еді! Ғылымның күрделеніп кеткені соншама...

– Жарайды, жақсы, ал сонда сіз қайдан білдіңіз?

– Кітапты оқуын оқыған жоқпын. Маған оны өзі айтты... Сонсоң, ғылыми еңбек дегендер ешқашан да оқу үшін жазылмайды.

– Онда не үшін басып шығарады?

– Мұрныңызға ғылымның иісі де бармайды екен-ау. Айталық, бір еңбек басылып шықты делік, жұрт оны жапатармағай сатып алып оқыды делік, түгелдей түсінді делік. Сонда ол еңбекте не қадір-қасиет қалады? Қазір ғалымдар өз еңбе-

гін елге таратуға әсте құлшынбайды, кітаптары сөрелерде шаң басып жатса да айылдарын жимайды. Есіңізде болсын: автордың беделін, әлбетте, бірен-саран кісілер ғана оқитын, немесе ешқашан ешкім оқымайтын, оқыған жұрт әрең түсінетін, немесе ешқашан ешкім түсіне алмайтын кітаптар ғана көтереді.

– Ғажап екен!

– Таңданарлықтай не бар мұнда? Ешкім ештеңе түсіне алмайтын етіп жазу оп-оңай дейсіз бе? Міне, сіз екеуміз мылжындасқалы тура бір сағат болса да, бір-бірімізді жап-жақсы түсініп отырмыз. Кәне, егер қолыңыздан келсе, ешкім түсінбейтіндей етіп бес минут сөйлеп көріңізші. Кәне?

– Қиын ғой.

– Қиын ғой дейсіз. Мүлде мүмкін емес! Бес минут сөйлеу бірбасқа да, сандырақтамай бес жүз беттік кітап жазу – бір басқа. Есі ауысқандар да күні бойы көки алады. Бірақ олар өлсе де ғалым бола алмайды. Бес жүз беттік еңбек жазу оқымыстының ғана қолынан келеді. Келгенде қандай десеңші! Оқып ештеңе түсіне алмай міңгіресің де отырасың. Оның есесіне, айналайын бауырым, бүкіл үрім-бұтағыңды жауып жіберіп іздесең де, ол кітаптан емге бір әріп қатесін таба алмайсың. Ал есі ауысқан бейбақ екі сөздің басын құрап жаза білмей сорлайды.

– Шерменде ақынның төртінші мамырда тумай, үшінен төртінге қараған түнде туғанын ғұлама қалай дәлелдегенін білер ме еді?

– Ол дәнеңені дәлелдеп әуре болмайды. Жинағындағы бір өлеңде Шерменде: «Мен дүниеге кеше менен ертеңді жалғай келдім» деген. Соқырға таяқ ұстатқандай емес пе? Кеше менен ертеңді қай уақта жалғай аласың? Әрине, түн ортасында. Етістіктен өзгерген «жалғай» деген сөз істің әлі аяқталмағанын, алдағы уақта ғана аяқталарын аңғартады. Демек, Шерменде түн ортасы бола бергенде, яғни сағат он

екіге бес минут не екі минут қалғанда шыр ете түскен. Бұдан оның туған күні мамырдың төрті емес, үші деген қорытынды өзінен-өзі шығады.

– Онiкi дұрыс-ақ дейiк, бауырым, бiрақ сонша әуренiң қажетi қанша?

– «Қажетi қанша?»... Пәлi! Бiр ғұлама үш том еңбек жазады да, Шерменденiң төртiншi мамыр күнi жиырма үш сағат отыз минутта туғанын дәлелдеп бередi. Екiншi ғұлама оған: «Шырағым, шатаспаңыз. Шерменде төртiншi мамыр күнi жиырма үш сағат отыз минутта емес, үшiншi мамыр күнi жиырма үш сағат отыз минутта туған дейдi де, бес том еңбек жазып тастайды. Сөйтiп, ақыр аяғында, Шерменденiң туған жерi мен күнi әбден анықталып шығады.

– Ғафу етiңiз, мен әлi де түсiнiңкiремей отырмын, Шерменде үшiншi мамыр күнi жиырма үш сағат отыз минутта емес, жиырма үш сағат отыз бес минутта туса да мейлi. Одан келiп-кетер не бар?

– Оу, баға жетпес боздағым-ау, әдебиетiмiздiң тарихы осындай оқиғалардан құралады емес пе? Ғұламалардың бiреуi «Мамырдың үшiнде» дейдi, екiншi «Мамырдың төртiнде» дейдi, сөйтiп айтыс қызады. Қайсысының кiтабы бәрiнен қалың да түсiнiксiз болса, соның сөзi өтедi.

– Одан кiмге, қандай пайда бар?

– Жарқыным-ау, сондай мәсемен шұғылданғандар профессор-ассистент болып шығады. Жанын шүберекке түймей-ақ даңққа бөленедi, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ боп өмiр сүредi, кейiнгi ұрпаққа аты қалады. Ғалымдар болмаса, мысалы, бiз Шерменденiң қай күнi, қай сағатта туғанын бiлмей өтер едiк. Сол тәрiздес басқа да көптеген жайттардан мақұрым болар едiк. Надандықтың шырмауында сорлап жүрер едiк. Адамзат қашанда айтыспен көркейдi. Көдедей көп ғалымдардың бiрi, әлбетте, ойда жоқта бiр идеяны қылтита қояды. Екiншi оған атойлап қарсы шығады, сөйтiп июкию басталады да кетедi. Үшiншi қарап тұра ма: «Екеуiнде

де ес жоқ!» деп ол да кіріседі. Біздің ғылым, міне, осылай өркендеп келеді.

– Дұрыс-ақ! Байыптап ойлап қарасаң, ғалымдарсыз біздің күніміз қараң екен. О, тоба! Надандық жайлаған мынау жалғанда ақиқаттан адасып қалай тірі жүрміз?! Ғалымдар болмаса, бұ күнімізге де зар болады екенбіз. Ақын Шерменденің қашан туғанын білмей кете барады екенбіз. Оны бәріміз де төртінші мамырда туды деп жүре береді екенбіз. Жо-жоқ, мұндай дүниеде өмір сүру екіталай. Ғұламаларсыз не күн көріп жаритынымызға менің тіпті ақылым жетпейді!

ТІС ЩЁТКАСЫНЫҢ ҚЫЛЫ

Нағашымды көрсем, жынымды көргендей боламын! Ол – битін сығып, қанын жалайтынның нағыз өзі. Жасы жетпіске тақалғанында оған осы бір кесел жабысып жақсы болды, әйтпесе оның шылқыған бай екенін әсте біле алмайтын едік. Басқа туысқандарымыз сияқты ол да ептеп-септеп күнелтіп жүрген шығар дейтінбіз. Қалай ауырды, солай ақшасы атнөпір болды да кетті. Жаны тым-ақ тәтті екен!.. Бәрімізді ақымақ қылып алдап келгеніне біз қатты ашындық.

Кесел оның ішінен жабысты. Дәл қай жерінен екені беймәлім. «Қай жерің ауырады?» десең – қуық тұсын сипалайды. Дәрігерлер не кесел екенін біле алмай дағдарысты.

Мен медицинаға бала кезімнен-ақ сенбеймін. Астрономдар, мысалы, бізден пәлен миллиард шақырым қашықтықтағы жұлдыздардың қайда, қалай тұрғанын айтып береді, ал дәрігерлер жерде, өздерінің жанында жүрген нағашымның ауруын айыра алмайды! Осыдан кейін бұл медицина ғылымына не дауа?

– Меніңше, – деді нағашым, – менің ішімде он шақты ит пен мысық бар секілді. Егер сол мақұлықтарды бір қапшыққа салып, аузын буып қойсаң, бірін-бірі жүндей түтер еді. Менің ішімде де тура сондай бірдеңе болып жатыр.

Әрине, нағашымның құрсағында ырымға ит те жоқ, мысық та жоқ. Ол жас кезінен өлең оқуға, аспандатып әсірелеп сөйлеуге үйір болған көрінеді. Егер оның іші толған ит пен мысық болса, онда халі әлдеқайда жеңіл болар еді. Қаңғыбас хайуандарды қиналмай-ақ қырып салатын қала әкімшілігінің бай тәжірибесін дереу қолданар едік те, нағашыма уға пісірілген жұдырықтай етті жұтқызып жіберіп, байғұсты бейнеттен құтқарар едік.

Өздерінің қай жері, қалай ауыратынын білмей қиналатындар онша аз емес. Яғни, ондайда дәлелді сөзді дәрігер айтуға тиіс. Бірақ менің нағашым да сау сиырдың жапасы емес:

– Міне, мына екеуінің тура ортасы ауырады, – деді ол, бір қолымен құйымшағын, екінші қолымен қуық тұсын басып.

Амал не, дәрігерлер сонда да ауруын таба алмады.

Қалада нағашым көрінбеген дәрігер қалмады. Қыруар ақша желге ұшты.

Нағашыма ауырып әлегі шыққан бір танысымыз өзін емдеп жазған профессор бар екенін айтып, жөн сілтеді. Нағашымды дереу сол әулиеге алып бардық. Ол шалды қарап жіберді де:

– Асқазанына жара шыққан, – деді.

Қуанғаннан төбеміз көкке жете жаздады. Дым біле алмай, діңкеміз құрығалы қашан?!

Алайда мен дәрігерге мектепте анатомиядан біраз мағлұмат алғанымды аңғарттым:

– Нағашымның сырқаты қуығы мен құйымшағының екі арасында. Ал сіз асқазан жарасы дейсіз. Асқазан әлдеқайда жоғары жатыр, – дедім.

Профессор ұпайын жібермеді.

– Сөзіңіздің жаны бар, – деді ол. – Бірақ нағашыңыздың асқазаны сүмірейіп төмен түсіп кетіпті, сіз меззеген деңгейден тура үш сантиметр төмен тұр. Дереву ота жасау керек!

Жаны мұрнының ұшында жүрген нағашым келісе кетті. Бірақ отаның пайдасынан бұрын зияны тиді. Оташы медбикесінің айтуына қарағанда, асқазаннан ешқандай жара табылмапты.

Профессор:

– Бұ ғұмырымда мыңдаған асқазанды алып-салсам да, дәл мынадай сап-сау ғаламат асқазанды көрген емеспін! Мынау тіпті қара тасты да қорытар! – деп таңданыпты.

Солдай дей тұра, алақанына салынған ақыны ақтау үшін, ол нағашымның асқазанының дәл жартысын кесіп алып тастапты.

Профессорға жәрдемші дәрігер:

– Жарасы жоқ бола тұра жартысын неге кесесіз? Сап-сау ғой! – деп қарсылық білдірген.

– Асқазан – қауіпті мүше, – деген профессор, бір жаңалықты жария еткен лекторша желпініп. – Бұған жара қазір шықпаса да, кейін шығады. Мұның екіден бірін алып тастау арқылы біз келешекте жара шығу қаупін де екі есе азайттық.

Сөйтп, нағашым буда-буда ақшасынан ғана емес, асқазанының тең жартысынан да айырылды. Ал денсаулығы нашарлай түсті.

Енді біреу бізге атақты бір терапевт-оташы барын айтты.

– Ол – нағыз сиқыршы! Өлгеніне бір тәулік тола қоймаған кісіні тірілтіп жібереді! – деді.

Тірілтсе тірілтер. Нағашымды қарап жіберді де:

– Бүйрегі. Ота жасау қажет! – деді.

Шалекең екінші рет сойылды.

Нағашымның бүйрегінде түйірдей де ақау жоғын көрген терапевт қалай таңғалды десеңізші! Өзі сап-сау, өзі өте

мықты, екі бүйрек бір кісіге тым артық дәулет болып жүр екен деп ұйғарып, біреуін алып тастауға айналды.

Жанындағы жас дәрігер:

– Сап-сау бүйректі неге аласыз? Құдайға шүкір, гринвич сағатынша сартылдап-ақ тұр, – деп қарсылық білдірді.

Терапевт айылын жиған жоқ:

– Егер бір бүйрегін алып тастамасақ, бұл «Алдап ақшамды қақшыдыңдар!» деп қиғылық салады. Шатақ шығара қалса: «Біз алып тастаған мүшең, міне, мынау!» деп көрсете қоямыз. Сақтықта қорлық жоқ, біздің қолымызда заттай дәлел болуы керек, – деді. Сонсоң бүйректің біреуін бұлтың еттіріп кесті де алды.

Сөйтіп, нағашым және бір жарты мүшесінен айырылды. Оған қоса, ота жасап өлтіріп тастай жаздағандарына атнөпір ақша төлегені былай тұрсын, аурухананың бас дәрігерінен бастап күзетшісіне дейін барлық қызметкерлеріне газет арқылы алғыс айтты.

Атнөпір ақша да, алғыс та далаға кетті. Нағашымның халі нашарлай түсті.

Тағы бір танысымыз:

– Мен он алты рет сойылдым. Ішкі мүшелерімнің бәрін бір алып, бір салып түгел көрді. Бірақ шипа табылмады. Ақырында бір дәрігер кез боп, сол емдеп жазды, – деді.

Нағашымды сол мықтыға дереу алып жөнелдік.

Шалымыз қандай шатқалаңға душар болғанын ақтарып айтып берді. Анау жып-жылы жымыды.

– Асқазан мен бүйрегіңізді бекер кескізгенсіз. Сіздің ішегіңіз түйілген екен, – деді.

Мен де сезе қойдым: сараң байғұс сығып ішіп жүргенде ішегі мүлде ширатылып, түйіліп-түйіліп қалған ғой.

Нағашым ота жасау үстеліне үшінші рет жатты. Оның ішек-қарнын ақтара бастаған оташы қатты абыржып, қолынан скальпелін түсіріп алды.

– Ішектің көкесі мұнда ғой! – деп даурықты ол. – Дәл мынадай сап-сау, ұп-ұзын ішекті өмірі көрген емеспін! Мынау ма, мынау он бес кісіге мол жетеді!

Мен өзім туған күннен бастап жаратылыстың әділетсіздігіне наразымын. Мысалы, бойды алалық. Жаратылыс кейбіреуді бойға жарытпай тәлтитіп тастайды да, оған тиесілі бойды басқа біреуге артылтып беріп қояды. Сол сияқты, әділетсіздіктің салдарынан нағашымның бір өзінде бірнеше кісінің ішегі жүргенін көрдің бе?!

Дәрігер нағашымның кеселін таба алмаса да, құрқол қалмасқа оның ішегін біраз ықшамдауды жөн көрді.

Онысы өкініш қана болды.

Таныстарымыз енді Анкарада теңдесі жоқ бір дәрігер барын айтысты.

– Егер ол жаза алмаса, – деді олар нағашыма, – онда саған ешқандай ем қонбайды, бүйтіп итшілеп жүргенше теңізге батып тұншығып өл!

Анкараның дәрігері нағашымның арызын тыңдап болып күлімсіреді де:

– Соқыр ішекке суық тиген, – деп тұжырды.

Нағашымның қарнын тағы қақыратты, алайда қабынған ештеңе табылған жоқ. Соқыр ішек дегеніңіз күнәсіз қыздың жүрегіндей қылаусыз күйі тұр. Ал жарған ішті жайдан-жай тіге салу медицина әдебіне жатпайды, сондықтан соқыр ішекті сылып тастады.

Қылаусыз ішегінен айырылу нағашыма қылкөпірден өткеннен де қиын тиді-ау деймін. Шалекең отадан кейін мүлде шөміп қалды.

Ол таныстары айтқан дәрігерлердің бәріне бара берді. Әрқайсысының емінен, отасынан кейін оңбай құлдырай берді. Соншама дәрігерлерге жететіндей ақшаны қайтіп қана жинаған! Ақшаны қолдан жасасам да, мен өле-өлгенімше жетерліктей етіп тіпті де жинай алмаған болар едім.

Нағашымның өне бойы өрмекшінің торындай болды. Жүп мүше атаулының бір-бір сыңарынан айырылды. Ықшамдауға келгендері ықшамдалды, келмегендері – мүлде алынып тасталды. Кеселге тап болғанға дейін нағашым алпыс килограмм еді. Артық мүшелері ғайып болған соң салмақ көрсеткіші құлдырап барып-барып, отызға тоқтады.

Нағашым жазылмайтынын сезіп, ұнжырғасы түсіп кеткен кезде әлдекім оған тағы бір білгірдің барын айтты. Үмітсіз – сайтан деген емес пе, нағашым соңғы үмітін арқалап соған тартты.

Дәрігер нағашымның елден ерек эпопеясын тыңдап болып, ащы мысқылмен мырс етіп:

– Селдіреп қалған мүшелеріңізге жаным ашиды. Сіздің кеселіңіз – көмекей безіңізде! – деді.

– Ғафу етіңіз, – дедім мен, – медицинадан хабарсыз мақұлық болсам да, нағашымның ауруы қуық пен құйымшақтың екі арасында екенін айтқым келеді. Оған көмекей безінің қаншалықты қатысы бар?

– Оны өзім де білмеймін, – деп дәрігер иығын қужың еткізді. – Бірақ, сол көмекей безінің қажеті шамалы; ол тіпті текке тұр. Оны сылып тастағаннан залал келмейді. Оның үстіне бұл туысыңыздың тұла бойында алып тастар артық мүше қалмапты. Мүмкін бар пәле осы көмекей безде шығар, кім біледі. Мұны сылып тастайық. Егер отамыздың пайдасы болмай шықса, онда тағы ойланып көреміз.

Көмекей безінің көзі құртылғанмен, нағашымның жағдайы жеңілдемеді. Тілінбеген, тігілмеген жері қалмаған қайран денесі балықшының жамау-жамау ауына үксайды. Оташылар ота жасау үшін скальпелін іздеп әуреленбейтін болды. Кез келген тігісін түртіп қалса, бітті – қарны тозған шүберекше сетінеп жүре береді. Нағашым қатты аһылап-уһилеуді де қойды, өйтсе-ақ болды – ішінің тігістері сөгіле бастайды.

– О, Алла, біздің қарнымызды қаусырып түймелей салатын етіп неге жаратпадың? Сонда дәрігерлер бізді іреп-сойып әлек болмас еді-ау, – деп міңгірлейді ол.

Нағашымды қабылдап, қарап отырған келесі бір дәрігер оның денесінде скальпель тимеген оймақ аузындай сау жер жоғын көрді де:

– Сіздің ішкі секреция бездеріңіз кінәраттаныпты, – деп мәлімдеді. – Дереу емдеу керек. Ұрықты тым көп бөледі екен.

Сонымен, ол дәрігер менің байғұс нағашымнан, ұлы сөзде ұяттық жоқ қой, оның екі енінің біреуін алып тастауға ризалығын беруді талап етті.

Мен таңғалдым. Ішкі мүшелерінің талайынан айырылып әрең жүрген адамда не қуат, не қауқар болмақ?!

– Мәселе шалдың көптеген мүшелерінің істен шыққанында, – деді ол. – Содан барып ішкі секреция бездерінің күші шамадан артық болып тұр.

– Расында солай болса, – деді нағашым нали сөйлеп, – мейлі, тіпті екеуін де алып тастаңдаршы. Маған кеселімнен айыққаным ғана керек.

Дәрігер нағашымның тілегін медицина әдебіне, адамгершілікке қайшы келеді деді де, оның бір енін ғана алып тастады.

Алайда ол отаның да шипасы болған жоқ.

Нағашым жанын жеген азаптан құтылу үшін өзін-өзі өлтіріп тыныш тапқалы жүргенінде, тағы бір танысымыз өзін беймәлім сырқаттан сауықтырған бір дәрігердің адресін айтты.

Ол дәрігер нағашымның бастан кешкен хикаяларын тыңдап отырып-отырып, таңдайын тақ еткізіп:

– Туһ, әттеген-ай! Сіздің сылынып тасталған мүшелеріңіздің өзінен жаңадан бір кісі жасап алуға болар еді! – деді.

Нағашымның аяғын қарап жіберді де:

– Кеселдің түбі сүйеліңізде. Әкеліңіз, сылып алып тастайын, – деді ол.

Байғұс нағашымның өне бойында сүйелден басқа артық-ауыс ештеңе қалмаған да болатын.

– О не дегеніңіз, доктор! – деп шыр ете қалдым, бейшара нағашымның тым құрыса сүйелдері орнында түгел тұруын көздеп. – Қуық пен құйымшақтың ортасындағы кеселге аяқтағы сүйелдің қандай қатысы бар?

– Тұла бойымыз тұтас жаратылған ғой, – деп түсіндірді ол. – Егер сіздің шынашағыңызға жара шықса, саусағыңыз ғана емес, бүкіл он екі мүшеңіз түгел зардап шегеді.

Сөйтіп, сүйелі сазайын тартты. Одан дәрігерден басқа ешкім пайда көрген жоқ, нағашымның бейнеті жеңілдемеді. Ол денсаулық сақтау бөлімінен Түркиядағы тірі дәрігерлердің тізімін беріп жіберуді өтінді. Тізімді оқып көрсек, біз қаралмаған екі-ақ дәрігер қалыпты. Нағашым соларды іздеп шықты.

Әуелгісі нағашымның тірі жүргеніне қайран қалды:

– Сізді енді кісі деуге болмайды! – деп жар салды ол. – Сіздің өміріңізді осыншама ұзартып келе жатқан медицинамыз қандай құдіретті десеңізші!

– Сонда менің сырқатым не? – деді нағашым.

Дәрігер оны қарап шықты да, сырқаттың сырын сезгенін айтты. Оның бұйрығы бойынша нағашымның табанынан төбесіне дейін бір тал түк қалдырылмай түгел қырылды, шашпен бірге қас та кетті. Сонсоң дәрігер жер бетінде ұшырасуы екіталай беймағлұм бітімді нағашымды көрсетіп тамашалату үшін әріптестерін шақырып алып, мәслихат ашты.

Одан кейін бейшара шал тізімдегі ең ақырғы дәрігерге барды. Ол барлық пәле қабынған қызыл иегінде тұр деді. Қызыл иектен келген керімді көріп алайын деп бекінген нағашым тісін түп-түгел жұлдыртты да тастады. Сөйтті де:

– Ұстандар мені, жібермеңдер! Мен ұшып кете жаздап тұрмын! – деп шырылдады.

Ол бекер шырылдамаған екен: ап-ашық бір күні аяқ астынан желемік пайда бола қалды да, нағашымды үрлеген шарша іліп алып, үйдің төбесіне бір-ақ шығарды.

Шалекең сөйтіп тірлік етіп жүрді – адам қалпы жоқ, аруақ кейіптес бір елес.

Бірде ол:

– Қалған тиын-тебенімді жиып барып, Еуропа дәрігерлеріне көрінгім келеді, – деді маған.

Екеуміз Парижге аттандық. Онда тамыр-таныстарымыз жоқ еді, сондықтан біз сыртында «Дәрігер бөлмесі» делінген жазуы бар бір есікті көре сала соған ұмтылдық.

Француз дәрігер нағашымды ары-бері қарап отырды да, қарқылдап кеп күлді. Ішегі түйілгенше күлді. Әлдезаманда әрең тыйылып, қолына пинцетін алды:

– Аузыңызды ашыңыз.

Нағашым аузын ашты. Дәрігер пинцетті сұқты да, қайта алды.

– Ал қалайсыз? – деді.

– Жақсы, – деді нағашым. – Ауруымнан айығып кеткендеймін.

– Міне, кеселіңіздің не екеніне көз салыңыз, – деп дәрігер күлімсіреп, бізге пинцеттің ұшында тұрған ақшыл қылды көрсетті. – Тісті абайлап жуу керек. Щеткаңыздың мынау бір тал қылы, мінеки, көмейіңізге қадалып тұрып қалыпты.

...Біз Стамбұлға қайтып оралдық. Нағашымның ауруынан ешқандай нышан қалған жоқ. Ақшасынан да жетім тиын қалмады. Ауруынан айыққанына жарты жыл тола бере нағашым тіршілікпен қоштасты; кедейліктің кесірінен кетті ме, көп отаның кесірінен кетті ме – онысын білмеймін.

Қалай болғанда да, ол бұ дүниенің адамы емес-ті.

ҚҰДІРЕТТІ ЫСҚЫРҒЫШ

Жұмыс іздеп көше кезіп келемін. Тағдыр менен мүлде теріс айналып кетсе керек. Кісінің сөйтіп жігері құм боп жүргенде басына неше түрлі ой үйірілетіні бар. «Шіркін-ай, әйел болсам ғой, – деп ойлаймын, – жұмыс іздеп мұнша тентіремес едім».

Құрыған ойлардың құрсауына түсіп, Долмабақша жаққа беттеп келе жатырмын. Стадионға жақын көшелерде – құмырсқаша құжынаған жанкүйерлер, ине шаншар жер жоқ. «Мынау ығы-жығы халықтың арасынан өтіп стадионға жету де бір қиямет шығар, – деп ойлап қоямын. Сеңше соғылысқан жұрт мені біресе ілгері, біресе кейін лықсытады. Енді бірде еш жаққа аяқ баса алмай, ұршықша айналып тұрып та қалдым.

Дүлей толқыннан тірі шығуым мұң болуға айналды. Айқаспай ақымақ болдың деменіздер: табандатқан бір сағат бойы жағаластым, бірақ босқа арамтер болдым. Күнімнің батқаны, дәмімнің таусылғаны осы екен дедім.

Сол сәтте ысқырық естілді. Ысқырық болғанда қандай, – төбе құйқам шымырлап кетті! Таскерең боп туғандар да естіген шығар-ау оны!.. Іле-шала көшедегі құжынаған халық сиқырға ұшырағандай боп қақ жарылды. Аршылған жолда қолына ысқырғыш ұстаған біреу келе жатыр. Үңіле қарадым. Тәңірім-ау, мынау біздің Мұса ғой!

– Мұ-са-а! – деп дауыстадым.

Жайшылықта оған, әлбетте, «Әй, Мұса, достым!» деп айғай салар едім, ал бұл жолы мені құдіретті ысқырғышының мысы басты.

Мұса жалт қарады да, жүгіріп келіп қолымнан ұстай алып, декететіп сүйрей жөнелді. Алдымызда шоғыр көріне қалса-ақ шырқырата ысқырады – жұрт тым-тырақай боп бізге

жол береді. Әп-сәтте стадионның қақпасына да жеттік. Мұса тағы да шырқырата ысқырды. Билет тексеруші жолымыздан ыршып кетіп:

– Кіріңіздер, кіріңіздер! – деп бас шұлғып қала берді.

Есіктен есен-сау өткенімізге шүкіршілік етіп:

– Мұса, – дедім мен, – сен физкультура басқармасының бас директоры болғансың ба? Саған жұрттың бәрі неге жол береді?

– Мені қоя тұр. Одан да өз жайыңды айт. Қазір не істеп жүрсің?

– Ештеңе істеп жүргем жоқ. Жұмыс іздегеніме бесінші ай. Еркектерді ешкім жұмысқа алар емес. Әйелдің көйлегін киіп алып іздесем бе екен деп ойлаймын. Қасымды қырып, ернімді бояп қойсам қайтер екен? Бір есептен, қожайындардікі де дұрыс. Алқам-салқам еркектерді қоя тұрып, мен де жұмысқа сұлу сылқымдарды қабылдаған болар едім. Өйту – ақымақтың ісі емес. Берген жұмысыңды еркек те, әйел де жап-жақсы істей алары хақ. Алайда, көз алдында сүп-сүйкімді әйелдердің бұрала басып жүргеніне не жетсін!

– Сен мүлде түңілген екенсің, – деді Мұса.

– Түңілмегенде ше, жұмыссыз бес ай сандалу оңай ма?

Ойын басталып кетті де, біздің әңгімеміз доғарылып қалды...

Футбол аяқталысымен орнымыздан тұрып, шығар есікке қарай беттедік. Мұса ысқырып қойып жол аршып келеді.

Көшеге шығып, алаңға бардық.

– Таксимен кетелік, – деді Мұса.

Таксимен дейді-ау, ол келе қояр ма? Алаңға жиналып такси андығандар қарақұрым. Бос машина келе қалса-ақ атойлап бас салады.

– Мұса, біз мына сиқымызбен кезекте кемінде екі күн тұрармыз, – дедім.

– Саспа, – деді ол. Қалтасынан ысқырығын суырып алды да, өтіп бара жатқан таксиді тоқтата қойды. Ентелеп тұрғандардың бірде-біреуі бізбен бірге отырамыз демегеніне қатты таңғалдым.

– Мұса, сен жол қатынасы полициясының бастығы болғаннан саусың ба? – дедім.

Ол сұқ саусағымен ернін басты: демің ішінде болсын дегені.

Нишанташта таксиден түстік. Мұса жол ақысын төлеу үшін әмиянын алып еді, шофер бір тиын да алмай азар да безер болды:

– Басқан ізіңізден садаға кетейін! – деді.

Міне, қызық!

– Әлгі шофер танысың ба? – деймін таңданып.

– Жоқ.

– Мұса, шыныңды айтшы, сен осы полиция бастығы емесің бе?

Ол тағы да ернін басты.

– Мен оны-мұны сатып алайын, сонсоң үйге барамыз.

Ет дүкенінің алдында кезекте тұрғандардың ұшы-қиыры көрінбейді. Айқай-ұйқай, у-шу. Кейбіреулер төбелесе жаздап жағаласып тұр.

Біздің Мұса ысқырды деңіз! Кезекте кеңірдектесіп тұрғандар жым болды. Тым-тырыс! Дүкенші атып шықты да, Мұсаға құлдық ұрды:

– Келіңіз, кіріңіз!

– Бір келіграмм, тәуірінен, – деді Мұса.

– Тағы не бұйырасыз?

– Ми бар ма?

– Оны жете ме?

– Жетер.

Дүкенші мұқияттап тұрып қағазға орады. Мұса әмиянын аша беріп еді, дүкенші:

– Мырза, мен сізден ақша алмаймын. Ешқашан алмаймын! – деп зар қақты.

– Мұса, сен қала бастығы болғаннан саусың ба? – дедім, екеуміз сыртқа шыққан соң.

Ол жауап бермеді, ернін басты да қойды.

– Бұны ертеңге сатып алдым, – деді ол сәлден кейін, – ал бүгін ресторандардың біріне барып тамақтанайық. Саған ештеңе керек емес пе?

– Жоқ.

Біз әуелі жеміс-жидек дүкенінде, сонсоң азық-түлік дүкенінде болдық. Мұса ысқырып кіреді де, құшағы толып мықшындап шығады. Еш жерде тым болмаса он пара³ төлеген жоқ.

Аларын алып болған соң бір таксиді тоқтатты да, екеуміз оның үйіне бардық. Азық-түліктерімізді қалдырып, өзіміз казиноға тарттық. Ол шофер да жолақы алмады.

Казинода ине шаншар жер жоқ екен. Мұса ысқырғышын алып аузына апара бергенде үкідей ұшып даяшы-күтушілер де, қожайын да жетіп келді.

Қасқағым сәтте сахнаның алдында бізге арнап стол әкеліп қойып, не қажет деп сұрамай-ақ үстін неше түрлі тамаққа толтырып тастады.

– Мұса, осы сен ревизор емессің бе? – деймін.

Ол жауап қатпайды. Саусағын шошайтты – болды. Оның әйтеуір бір мықты екенін сеземін. Тек кім боп істейтінін түсіне алмай далмын.

Саз естілді. Әнші әйел ән бастады.

Рахатқа батып біз отырмыз. От көрген көбелекше бізді шыр айналып күтушілер жүр. Нағыз жұмақ!

Кенет ту сыртымыздан шу шықты. Мәстәр ілінісіп қалыпты. Олар пышақтарына жармасып үлгергенше, Мұсаның ысқы-

³ Пара – түрік тиыны.

рығы шар етті. Арыстанша алыса кетпек болғандар шекесіне шертпек тиген мысықша сүмірейіп-сүмірейіп отыра қалды.

Біз екі жүз лираның тамағын іштік. Бірақ қожайын ақша алмаймын деп безек қақты. Тым болмаса он пара да алмады.

Мен Мұсаның үйіне қонуға бардым. Ертеңінде жексенбі болатын. Таңертең Мұса дәмдеп тұрып тамақ жасады. Ішіп болған соң кетуге айналып едім, Мұса жібермеді.

– Бір апта осында бол, – деді ол. – Мүмкін оны-мұны бір-деңе істеп үйренерсің.

Мен бір апта қонақ болдым. Екеуміз күні бойы қыдырып көңіл көтереміз. Тойғанымызша тамақ ішеміз. Тегін тамақ.

– Сен атақты адам болғансың ба? – деп қоям Мұсаға.

Ол үндемейді. Бір күні өзінің де төзімі таусылды-ау!

– Мен саған құпиямды айтайын. Бірақ сен елге жайып қойма, – деді.

– Тірі жанға айтпаймын.

– Құдай атымен ант бер!

– Бердім!

– Серт бер!

– Бердім!

Менің антым мен сертіме сенді де, ысқырғышын алып сүйіп, маңдайына басты.

– Бұл жай ысқырғыш емес, сиқырлы ысқырғыш. Бір күні мен Қаракөйде такси тосып тұрдым. Кезегім жетпей әбден сарылдым. Қолында шынжыр баулы осы ысқырғышым бар. Шынжырынан ұстап иіріп ермек етіп тұрғанмын. Бір кезде мұны аузыма салып, оқыс ысқырып қалғанмын. Сол-ақ екен, біреу жүгіріп жетіп келді. Сірә, жай киіммен жүрген полицей болса керек. Келді де, қазықша қаздия қалып:

– Не бұйырасыз? – деді.

Мен:

– Мына жерге тәртіп орнатыңыз, – дедім де, өз жөніме кеттім.

Бір тұста көшенің қарсы бетіне өткім келді. Ал қайшы-алысқан мәшине жол берер емес. Не істеу керек? Ысқырғышымды алдым да шырқыраттым. Мәшинелер шиқ-шиқ етіп тоқтай-тоқтай қалды, мен асықпай аяңдап өтіп шықтым. «Мынау ғажап болды-ау!» деймін. Ысқырып қалсаң – бітті: ойың орындала береді екен. Оның себебін де түсіне қойдым. Бізде мәселенің бәрін ысқырық шешеді ғой. Ысқырып қалса – кеме жүзе жөнеледі, ысқырып қалса – пойыз тұра ұмтылады. Ысқырып қалса – өртке бергісіз ұрыс-жанжал да су сепкендей басылады. Ысқырықты естіген кім болса да, сол маңнан қарасын батыруға асығады. Мен қазір бір ысқырып қалайыншы, мына алаңда құжынап тұрғандар жердің астына түсіп кеткендей жоқ болсын. Бізде мәселенің бәрін ысқырық шешетініне көзім әбден жетті сонда. Содан бері осы ысқырғыштың арқасында күн көріп жүрмін. Мұны сен құдай ақыға ешкімге айта көрме. Өйтсең, менімен бақкүндестер көбейеді де, сорлап қор боп қаламын.

«Құпиянды тісімнен шығармаймын» деп Мұсаға серт бердім. Ешкімге айтпаймын дегенім ешқашан жазбаймын дегенім емес қой. Ал енді менің де сіздерге бір өтінішім бар. Менің бұл жазғаным оқыған жерлеріңізде қалсын... Мұсамен қоштасып былай шыға бере мен де бір ысқырғыш сатып алдым. Тәксім алаңына барып ысқырып кеп қалып едім, біреулер мені бассалып ұстап алды. Ертеңінде газет атаулының бәрі мені масқаралап: «Жалған ревизор тұтылды!», «Жалған полицей қолға түсті!» деп жар салды. Құдай куә деп айттайын: менің ойымда титімдей де арамдық жоқ болатын. Гәп ысқырғышта емес, ысқыра білуде екен.

Қолың дірілдеп, көзің жыпылықтап жасқана ысқырсаң – құриды екенсің. Мен соны ұқтым.

ҚҰРДЫМҒА ҚҰЛАП БАРАМЫЗ!

Шарт еткен шапалақ дауысы кофехананы қақ жара жаздады. Гу-гу сөз сап болды, картаның сусылы, асықтың тырсылы тиыла қалды. Жұрттың бәрі оқшаулау екі жігітке жалт қарасты. Екеудің бірі – еңгезердей дәу де, екіншісі – шынашақтай жігіт. Дәудің сол жақ бетінде шынашақтайдың тарбиған шапалақ таңбасы алаулап тұр. Кімнің кімді салып қалғанын полиция да оп-оңай біле қойғандай.

Дәудің тапалды бас салып мыжғылап тастайтынына ешкім де шүбәланған жоқ. Бірақ олай болмады.

– Мен сені сотқа беремін! – деп бажылдады дәу.

Жұртта үн жоқ.

– Сіздер куә боласыздар! – деді дәу. Сонсоң өзінің көлеңкесіндей ғана болып отырған тапалға бұрылды. – Жұр, участокке барамыз!

Тапал мазасын ала берген шыбынды үркіткендей боп қолын ербең еткізді де, ернін шүйіріп:

– Шат-па! – деді.

Дәу тұра жөнелді. Іштегілер карталарын сусылдатып, асықтарын иіріп, ойынға тағы кірісті. Кофехана іші қайтадан гуледі.

Сәлден соң дәу қайтып келді. Жанында полицей бар. Дәу тапалды сұқ саусағымен нұсқап:

– Міне, мынау, – деді де, жағалай қарады. – Бәрі де көрді.

Полицей тапалға және көрші үстөлде отырған төрт кісіге соңымнан еріндер деп бұйырды.

Участокке барған жерде дәу алаулаған жағын ұстап тұрып:

– Комиссар мырза, мен мына сотқарды сотқа беремін. Бұл мені ұрды. Мыналар куә, – деді.

Комиссар шағым иесінің, жәбірлеушінің және куәлардың кім екендіктерін анықтап алды да, жазу мәшинкесін сайлап

әзір отырған полицейге олардың аты-жөндері мен әдрестерін жаздырды.

Дәу өзін ұрған кісімен бұрын таныс еместігін айтты.

– Біз дәнеңе де көрген жоқпыз! – десті куәлар.

Дәу түнере қалды.

– Шапалақ даусын да естіген жоқсыңдар ма?

– Ештеңе көрген де жоқпыз, естіген де жоқпыз!

Шынашақтай сотқарымыз комиссардың жанына барды.

– Мен айыбымды мойындаймын, – деді ол. – Ұрып жібергенім рас.

– Не үшін? Жанжалдасып қалдыңдар ма? – деді комиссар. – Саған тіл тигізді ме?

– Жоқ. Мен мұны танымаймын да.

– He!.. Сонда сендерге не жетпей жүр?

Тапал түсіндіруге кірісті:

– Кеше кешке жұмыстан келсем, ақшасын төлемедіңдер деп электрімізді қиып кетіпті. Қараңғы үйге қамалдық та қалдық. Таң атқанша көз іле алмадым. Екі жылдан бері шешем қатты ауру. Асқазанынан бейнет көріп-ақ жүр. Дәрігер бір дәрі-дәрмек жазып берген. Соны іпсе ептеп тәуір болатын сияқты. Бірақ ол дәріні мен қайдан аламын? Дефицит. Таңертең тұрайын десем: сол жақ қолым, бүйірім – бәрі қозғалтпай қалыпты. Суық тиген. Тереземіздің көзі ойылып, аңырап тұрғалы үш ай болған. Шыны таба алмадым, ол да – дефицит. Тереземізге төсек жапқышты тұтып қоямыз, бірақ одан не қайыр? Бөлмемізді аңырап жел кеулеп тұрады. Мен төсектен тұрдым да, турасын айтқанда, кешіріңіз, дәретханаға бардым. Барсам – су жоқ. Қожайын суды тоқтатып тастапты. Сыртта жаңбыр шелектеп құйып тұр, ал дәретханада бір ұрттам су жоқ. Бөлмеме қайтып оралдым. Менен басқалар да қалшылдап тоңып отыр. Көмір алуға ордер бермейді. Қысқа қарай сатып алған азын-аулақ отынымыз баяғыда-ақ

таусылып қалған болатын. Қазір, қыс ішінде, отын табылмайды.

Пошташы газет әкеліп берді. Күнде таңертең жұмысқа кетерімде газетті шолып шығатыным бар. Қолға алып, тақырыптарға көз жүгірттім: «Сұлулық конкурсы!», «Галатасарай» футбол командасы – еліміздің чемпионы», «Кеденде – үш жүз тонна кофе!», «Абидин Давер» жүк кемесі айлақта тұрып шіріп, жүзуге жарамай қалды!» дегендерді оқығанда, үйден тезірек тұра қашқым келді.

Есік көзінде соттың іс орындаушысымен және қожайынның адвокатымен бетпе-бет ұшырасып қалдым. Біз пәтер ақысын төлемеген соң қожайын бізді сотқа беріпті. Соттың чиновниктері келіп дүние-мүлкімізді жаза бастағанда мен жын-данып кеткендей боламын. Үйде іліп алар, іске жарар дәнене жоқ болады да, мен ұяттан өртеніп кете жаздаймын. «Тақтай төсек қалыпты ғой, алыңдар осыны!» деп бұйырды адвокат.

Ол жапқышты жұлып алып, үстіне ескі-құсқы шүберектер, жыртық көрпелер, тозып біткен шалбарлар жинап қойылған «тақтай төсегімді» – қатар-қатар тұрған бос жәшіктерді көрді. «Радиоқабылдағышын алыңдар!» деді адвокат енді.

«Мейлі ала берсін. Бұл қабылдағыш маған сор болып жүр. Жыл сайын он ай бойы жөндеуде жатады. Таңның атысы, күннің батысы титықтап жүріп тапқан ақшаңды жұтып алады. Бізді қайыршылыққа ұшыратқан осы емес пе екен өзі?» деп ойлады.

Үйден шыға бергенімде:

– Есінде болсын, қызың мектепке бара алмайды, – деді әйелім.

– Неге?

– «Спортқа арнаулы кәстөм және ақ резеңке төпішке киіп келетін бол. Онсыз сабаққа кіргізбеймін» депті мұғалімі. Енді не істейміз?

Мен:

– Жарайды, көрерміз, – деп қолымды сілтей салдым.

Әйелім соңымнан:

– Үйде зәйтүн майы да бітті! – деп айғайлады.

Мен безіп көшеге бір-ақ шықтым. Жұмысқа кешігіп қалдым. «Не болса о болсын. Бүгін тіпті де бармаймын» деп шештім. Жаңбыр әлі құйып тұр. Біздің көшемен трамвай жүрмейді. Автобус дегеніңнің жарты сағатта біреуі әрең келеді. Оған отыру қырғын ұрысқа кіргенмен бірдей. Маршрут таксилерінің шаңын ғана көресің. Менің бәтеңкем аузын ашып, башайларымды су жуып келеді. Жаңбыр шелектеп төгіп тұр. Үсті-басым сығып алғандай болды. Тісім тісіме тимей қалшылдай бастадым. Бір бала жігіт көлденеңдеп жаныма келді. «Ағатай, ғафу етіңіз» деді. Сағат неше болғанын сұрайтын шығар деп ойлады. Ал ол: «Біздің құрама команда қалай ойнады екен, естідіңіз бе?» деді.

О, тәңірім! Футбол менің не теңім?!

Шалп-шалп аттап келе жатып қарасам: кофехана тұр. Кірдім. Судан шыққан құбыжықтаймын. Бір кесе ыстық шай сұрадым. Мынау келіп жаныма отырды да, газет оқуға кірісті. Мен: «Енді қалай өмір сүреміз?.. Нендей күйге тап болдық?.. Мұның ақыры не болады?» деп ойлап, миым ашып отырмын. Ал мынау сол кезде газетін лақтырып жіберіп: «Масқара! Масқара! Біздің ел құрдымға кетіп барады, ойбай!» деп барқырап ұшып тұрды.

Бұл да мен сияқты бір сормандай екен ғой дедім. «О не, әпенді? Сұрамасты сұрасам, ғафу етіңіз. Сіз бірдеңеге қатты ренжідіңіз-ау» дедім мынаған. «Ренжімегенде ше! Біздің елде дені дұрыс бірде-бір футбол төрешісі жоқ!» деді мынау.

Сол кезде не боп кеткенімді білмеймін, комиссар мырза. Не болғанымды білсем, ант атсын. Өмірі тіпті шыбын өлтіріп көрмеп едім. Ал бүгін... Мені біреу электр құралға айналдырып, кнопкамды басып қалғандай болды... Мен ұшып

тұрып, мынаны жаққа салып кеп жібердім. Маған Алла тағала күш бере қойса керек. Мен кінәмді толық мойындаймын. Мына кісіні ұрғаным рас, бірақ ұрайын деп ұрған жоқпын. Шын сөзім, менде арам ой болған жоқ. Қалай болғанын өзім де аңғармай қалдым. Болары болған соң барып қана есім кірді. Сонда менің қалай қорыққанымды білсеңіз ғой, комиссар мырза! «Мына дәу қазір қолқамды суырып алатын шығар» деп ойлады. Ішімнен иманымды айта бастадым.

Комиссар енді дәуге сұстана қарап, тісін шақырлатып, орнынан қопарыла тұрды да:

– Кәне, татуласыңыз! – деді, бұйыра сөйлеп.

– Татуласқым келмейді, – деді дәу қыңырланып.

Комиссар протокол жазып отырғанға бұрылды:

– Жаз! «Жәбір көрген кісі кофеханада отырып, көпшіліктің көзінше, біздің ел шыңырауға құлап барады деп жар салыпты...» – Ол дәуге шұқшия қарады. – Татуласыңыз, кәне!

Дәу жағын бір сипап алып:

– Жарайды, әпенді. Татуласайық, – деді күрсініп.

ІШЕРХАНАДАҒЫ ШАТАҚ

Түнгі ішерханада («бар») басымнан кешкен сол бір оқиғаны тіпті ұмыта алар емеспін.

Ішерхана бұзылып көшірілгелі, оның орнына балалар бақшасы салынғалы қай заман, бірақ сол оқиға көз алдыма елестей береді.

Таң атып келе жатқан. Мен ішерханада қуыршақ беттес венгр қызының қарсы алдында отырмын: ол кезде Стамбүлдің көңіл көтеру орындарында венгр қыздары өте көп болатын. Үстелде, екеуіміздің де алдымызда, үлкен бір-бір шара

шырын-шарап. Қазір ғой, шырын-шарапты фужерге құйып жүргендері, ал ол кезде оны үлкендігі шылапшынға тақау шарамен ішетін. Әлі есімде, бір шарасы он лира тұрады. Мен жиырма жастағы студентпін, азын-аулақ тиын-тебенімді түсіріп алып маскара болмасам еді деп қолымды қалтама қайта-қайта салғыштап отырмын.

Мен қызды биге шақырдым, бірақ билеп қарық болған жоқпын. Қыз ап-арық, ұп-ұзын, құдды қамыс сияқты, ал мен тапалмын, оның иегінен ғана келемін. Біз үстелге қайта оралдық та, әңгімемізді, яғни әңгімесымағымызды, одан ары жалғастырдық. Ол өзі шала-шарпы білетін француз тілінде, мен өзім шала-шарпы білетін ағылшын тілінде былдырақтатып отырмыз. Бір-бірімізді ұғып жарып отырғанмыз шамалы. Әрине, мен өз ойымды тілімді беземей-ақ түсіндіріп бере алар едім, бірақ оным ұяттау болып жүрер деп жүрексіндім. Біздің хайуандардан артықшылығымыздың өзі – сол сөйлей алуымызда емес пе!

Сонымен, біз өзара түсініскіміз келіп терлеп-тепшіп отырғанымызда, залда адам ұғып болмайтын бір ту-талақай басталды да кетті.

Әуелі үйдің төбесі түскендей күрс етіп аспашам құлап, күл-талқан болды. Бұрыш-бұрышта қосалқы шамдар жанып тұрмағанда, залды көрдей қараңғылық басатын еді. Ию-қию төбелес басталып кетті. Орындықтар, үстелдер лақтырылып жатыр. Орта түс құмырсқаның илеуіндей үйме-жүйме бола қалды да, одан соң жеке-жеке жағаласқан топтарға бөліне бастады. Шалдыр-шұлдыр сынған шыны дауысы төбе құйқанды шымырлатады. Рүмке ме, стакан ба – бәрі де қаруға айналған.

Не боп жатқанын түсіне алмай аңырып тұрғанымда бір қарулы қол желкеме сарт етті де, мойнымды үзердей мытып, тұқыртып апарып бетімді алдымдағы шараға былш еткізді. Тұншыға жаздап жанталастым, жүнін тірідей жұлған тауық-

ша тыпырладым. Өлдім-талдым дегенде басымды көтере беріп едім, сирағымнан алды да әуелетті – шалп етіп шараға отыра қалғанымды бір-ақ білдім.

Бішқынған ысқырық естілді. Жүгірген аяқ дүбірі күшейді. Әлдекім мені қолымнан ұстай алды да, дедектетіп сүйрей жөнелді. Тас қараңғы залда оның кім екенін қайдан білейін, фонарь жанып тұрған сыртқа шыққан соң қарасам – полицей. Сыртқа тағы бірнеше жігітті сүйреп алып шықты. Бәрімізді қаз-қатар тұрғызды. Алтау екенбіз. Полицейлер он-он бес.

Біраздан кейін үсті-басы дал-дұл болып бар иесі шықты.

– Дәл осылар, – деді ол. – Мен жаңа Муаммер бейге телефон соқтым.

Полицейлер бізді екі қатар тұрғызып, участокке айдап жөнелді. Барған соң біреуі комиссарға:

– Ұсталғандарды алып келдік, – деп мәлім етті.

– Бұлармен Муаммер бей өзі айналысады. Ол жаңа телефон соғып ескертті, – деді комиссар.

Бізді полицияның мәшинесіне отырғызып алып жүрді. Бейуақта жолығысқан бейбақ серіктерім «шөл қандырып» алған екен, той тойлап бара жатқандай-ақ бәрі ыржалақтап әнге басты.

Бізді полиция басқармасының екінші қабатындағы бір кең бөлмеге апарып кіргізді. Онда екі кісі отыр екен. Біреуі – әлгі ішерхананың иесі. Киімін ауыстырып үлгеріпті, сигаретін бипаздап креслода отыр. Екіншісі – басқарма бастығы – түрегеп тұр. Көзі өңменіңнен өтеді. Буырқанып алған Зевс дерсің. Оны Муаммер бей екенін кейін білдік. Оны көрген жерде-ақ зәрем ұшып, қалтылдап кеттім. Ал менің серіктерімнің қаперінде ештеңе жоқ. Біреуі аузын шылп-шылп еткізіп сағыз шайнап тұр. Екіншісі құлап қалмас үшін қабырғаға сүйеніп алған. Үшіншісі тістеніп ыңылдап тұр. Қалған екеуінің езулері екі құлағында.

– Осылар ма? – деді басқарма бастығы.

– Иә, – деді ішерхананың қожайыны, – Осылар астаң-кестенімді шығарды. Жиһаздың бәрін шағып тастады. Үш қызды жарақаттады. Менің де көзімді көгертіп қойды, міне.

«Ауру қалса да әдет қалмайтыны» рас. Мен мектепте шәкірт болғандағы әдеттерімнен әлі арылған жоқпын. Мені шақырса екен деген оймен бұл жолы да қолымды көтердім.

Муаммер бей резеңке таяғын жұлып алып, қаһарлана үйіріп:

– Сөйлемей тұрыңдар! – деп үстелді салып кеп қалды. Сонсоң сағыз шайнап тұрған жігітке шүйілді:

– Таста андағыңды, жалмандамай! Қайда тұрғаныңды білесің бе?!

Анау жалмандай берді. Басымды ауыртпаңдаршы дегендей көзін кіртитіп қарады. Муаммер бей құтырынып кетті:

– Өңшең сілімтік, тоқтай тұрыңдар, өз сүйектеріңді өздеріңе жинатармын! Тірі жүргендеріңе өкінерсіңдер әлі, малғұндар! – деді.

Жігіттердің біреуі мырс етіп күлді. Басқалары да айылдарын жиған жоқ. Муаммер бей жер-дүниені жат қылып боқтап, шүйіліп жүр. Серіктерім оған елең етер емес. Муаммер бей жаныма жақындай бергенде тізем бүгіліп кетті.

Басқарма бастығы ішерхананың қожайынына бұрылып қарады.

– Мына сүмелектердің әке-шешесіз өскендері бірден көрініп тұр. Сиықтарына қарашы. Адам кейпі жоқ. Көшеде күнелткен қожалақтар өңшең, – деді де, мені нұсқады. – Мына біреуі ғана ептеп тәрбие көрген сияқты. – Ол мені жақтан тартып-тартып жіберді де, бетіме былш еткізіп бір түкіріп: – Бұл ептеп болса да ұялғансиды, әке-шешесі бар тәрізді, – деді. Сонсоң тағы да сыбап боқтай бастады: – Иттің балалары, сұмпайылар! – деп ақырғанда, тіпті терезелердің шынылары шылдырлап кетті. Айызы қанғанша аянбай-ақ тілдеді бізді.

Мен қолымды тағы көтеріп: «Әпенді!» дей беріп едім, ол: – Сөйлеме! – деп барқ етті.

– Мына біреуінің сықыптың қарашы! – деді ол, былқ етпей тұрғандардың біріне шүйіліп. – Бұл ешқашан оңбайды. Осындайларды көріп жүріп: «Жастар – еліміздің болашағы!» деп сандаламыз.

Ол бәрімізге сұстана қарап алды да, баяғы сағыз шайнап тұрғанға шүйілді:

– Сенің атың кім?

– Метін.

– Фамилияң?

Жігіт фамилиясын айтты.

Муаммер бей селт етті:

– Әкеңнің аты кім?

Алған жауабына абыржып қалды:

– Сіздің қадірлі әкеңіз кім боп істейді? – деді мәймөңке-леу үнмен.

– Сіз, немене, шынымен білмейсіз бе? – деп анау дік етті.

– Білем, білем... Әрине, білем... Туһ, шіркін, мына сұмдармен несіне жолдас болып жүрсіз? – Басқарма бастығы өкіне сөйледі. – «Итпен құда болсаң...» деген әлгі бір мақал бар ғой, – деп ол енді ішерхананың иесіне қарады.

– Андағы жігітке менің титтей де өкпем жоқ, – деп қалды онысы. – Ол дәнеңені бүлдірген жоқ, тып-тыныш отырды. Оған наразы емеспін.

– Бұдан былай абайлағайсың, – деді Муаммер бей, нықтап ескерте сөйлеп. – Наразы емеспін дейсің, ал мұның осында әкелінгеніне сен кінәлісің! Ұят! Масқара! Не деп ақталамыз енді?

– Оллаһи, мен әкелген жоқпын! Ол өзі, өз еркімен келді, – деп шырылдады ішерхана иесі.

– Мен сізге тіл тигізген жоқпын, – деді Муаммер бей, сағыз шайнап тұрған жігітке қайта бұрылып. – Ешқандай

ауыр сөз айтқан жоқпын. Сіз ренжімеңіз, мыналарға айтқан сөздеріме мән бермей-ақ қойыңыз... Неге тұрсыз? Аяғыңыз талады ғой, отырсаңызшы. Өз үйіңіздегідей емін-еркін отырыңыз, қысылмаңыз.

Ол енді ыңылдап ән айтып тұрғанға бұрылды:

– Ал сенің атың кім?

– Еркін.

– Сенің әкең кім?

Жігіттің жауабын естіген сәтте Муаммер бейдің өңі күп-кү боп кетті. Бір көзі жыпылықтап жұмыла бастады. Ол ре-зеңке таяғын лақтырып жіберіп, санын салып қалды.

– Сіздің кім екеніңізді қалай ғана танымай қалдым! Не қара басты мені?! Байқасам болмай ма?! Сіздің өнегелі отбасынан шыққаныңыз бірден-ақ көрініп тұр... Отырсаңызшы! Құдай үшін кешіріңіз мені! Маған сене көріңіз, мен сізге ауыр сөз айтқан жоқпын.

Ішерхана иесі де өлі мен тірінің арасында сияқты, бірдеңе деп міңгірлеп отыр.

Муаммер бей келесі жігітке бұрылды:

– Ал сіз... сіз кімнің баласысыз?

– Өзіңіз айттыңыз ғой, иттің баласы деп. Мен – иттің баласымын!

– Кім айтты? Мен бе? Мүмкін емес! Мен сізді айтқан жоқпын!

– Жоқ, мен – иттің баласымын! – деп қыңырайды жігіт.

Муаммер бей жылап жібере жаздады:

– Құдай үшін, сен күә болшы, мен ондай сөз айтқан жоқпын ғой! – деп ішерхананың қожайынына қарады.

– Мен де ештеңе айтқан жоқпын, – деп ол безектеді.

– Ә, иә... мен ешқайсыңа ештеңе деген жоқпын, жай, беталды айта салғаным болмаса.

Муаммер бей қалған жігіттердің де әкелерінің аты-жөндерін, қызметтерін сұрап біліп, оларға да орындық ұсынып бәйек болды.

Қазан түбінде мен қалатын болдым-ау деп уайымдап тұрмын. Муаммер бей қалайда біреуімізді жүндей түтуге тиіс қой. Мені сорлататын шығар. «Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылды» дей бер. Мықтылардың балаларын маңдайға шерте алар ма ол!

Өзіме кезек келгенде мен де бір шонжардың атын атауды ойладым. Сонда кімнің баласы болуым керек? Мені ептеп тәрбие көрген сияқты деп тұрған полицейге енді не десем екен? Өтірігім шығып қалса қайтем? Сағыз шайнап тұрған жігітке көз қиығымды тастап едім: ол жымыып, көзін қысты – онысы не дегені екенін ит білсін.

Муаммер бей сиқырлы пішінмен менің жаныма келді. Тісін шықыратты. Сонсоң, әлдеқалай болады дегендей, жылы жымыып сұрағын қойды:

– Сіз кімсіз? Сіз кімнің баласысыз?

– Ол біздің жолдасымыз, – деп кенет жігіттердің біреуі гүж етті.

– Иә, ол біздің жолдасымыз, – деді сағыз шайнап тұрғанда.

Муаммер бей жалт бұрылып, ішерхананың қожайынына шүйілді:

– О, жексұрын! Санасыз сұмырай! – деп ақырды. Боқтықты қарша боратты. «Ішерхана дегенді кім шығарып жүр?! Олар асыл текті аяулы жастарды адастырып обалына қалғанда, қай мұратына жетпекші?!..».

Масая түскен жігіттер енді шатаққа басты:

– Біз – иттің баласымыз! – деп жарыса айғайлады.

– Ғафу етіңіздер, – деді полицей сасып қалып. – Мен олай деген жоқпын ғой! Мен мына арамзаға айттым!.. – деп қожайынды нұсқады.

О бастағы үміті үзілгенін, тал қармағаннан басқа амалы қалмағанын түсінген қожайын басын изектетіп:

– Иә, иә, сіз маған ұрыстыңыз, маған. Мен айыптымын, мына мырзаларды танымай қалыппын, – деп шала бүлінді.

Полицей бастығы мен ішкерхана қожайыны кешірім сұрап бәйек, ал бес жігіт одан сайын керігіп:

– Біз – иттің баласымыз! Біз – иттің баласымыз! – деп айғайлайды.

– Иттің баласы мына менмін! – деп қожайын бажылдап қоя берді.

Полицей оған ажырая қарап:

– Бұл мырзалар бүгін түні бойы отырып, тойғандарынша ішіп-жесін. Ақшасын мен төлеймін, – деді.

– О не дегеніңіз?.. Бөліп төлейміз ғой... Күнде кешке келіп тұрса да еріктері, – деп міңгірледі анау.

Содан кейін ғана жігіттер жанжалды доғарды. Оларды шығарып саларда полицей қолдарын қатты қысып, біреуіне: «Сіздің мәртебелі әкеңізге құрметім шексіз!» деп, екіншісіне: «Мейірімді әкеңіздің мерейі өсе беруіне тілектеспін!» деп, «Оллаһи, мен сізге емес, анау арамзаға ренжідім!» деп, әйтеуір, жаны қалмай жалбақтай бастады.

Ал кезек маған келгенде, қолын иығыма салып тұрып:

– Сенің бұларға жолдас емес екеніңді білемін, – деп күбірледі, – бірақ сен мына сұрқиялардың арқасында аман кетіп барасың. Сенің тәп-тәуір отбасынан шыққаның түріңнен-ақ көрініп тұр. Байқа, алдап соқтым деп ойлама. Кәнеки, жалтырат табаныңды! – деді.

СИҚЫР АЙНА

Шетелдік қосалқы бөлшекпен жабдықтаушы Дәуіт Сүйбардың үйінде бір күні түскі қонақасы берілді. Шақырылғандар арасында: «Лабада банк» басқарушысы, оның

мөлдіреген жап-жас әйелі мен сүп-сұлу балдызы; біздің «тоң мойындардың» бірі – саяси қайраткер Хамза Ятмаз бен оның бедеу бәйбішесі; ұшы-қиырсыз жеке-меншік жері бар тоғышар Медени бей мен оның жәудір көз хатшысы Ипек бикеш, біздің адандық атышулы саудагер Осман Байыр Қажы мен оның ашынасы Фыстыка бикеш болды.

Сайрап-сұңқылдап тұрған радиоқабылдағыштың дикторы бір кезде: «Қадірлі тыңдаушылар! Түріктің классикалық музыкасынан берілген концертімізді осымен аяқтаймыз. Енді «Соңғы жаңалықтар» атымен берілетін хабарды тыңдаңыздар. Әуелі әйгілі маман инженер Мекки Макинеджи дәріс оқиды» деді.

«Лабада банк» басқарушысының жап-жас келіншегі:

– Дауысы дарылдаған бір жексұрын неме! – деп тыжырынды.

Адандық Осман қажы:

– О не дегеніңіз! Тыңдайықшы! Өткен аптада ол қағаздан мақта жасаудың жолын айтып берген, – деп бәйек болды.

Инженер Мекки Макинеджи дәрісін бастап та кетті: «Құрметті тыңдаушылар! Дәл қазір, біз апта сайынғы «Соңғы жаңалықтар» хабарымызды бастаған сәтте, Американың Атом-Йорк қаласында жаңа атом стансасы қатарға қосылып жатыр. Ол «Атом адамға қызмет етеді» деген ойға сай салынған болатын. Жаңа станса дүние жүзінің түкпір-түкпіріне атом сәулесін түгел таратпақшы. Атом қуатын пайдалануда бұл жаңалық барша адамзатты аяғынан тік тұрғызатын ғажап оқиға болмақ. Жер үстіндегі айна атаулының бәрі сол атом сәулесі барып жетісімен жан біткендей құбылып, әрбір айна өзіне адамның қолы тиген сәттен бастап бетіне түскен бейненің бәрін рет-ретімен қайталап көрсетіп шығады. Айталық, мысалы, сіздің үйдегі айнаның ілулі тұрғанына жиырма жыл болды дейік. Атом сәулесі барып жетісімен айнаңыз сол жиырма жыл ішін-

де үйіңізде не болғанын түгелдей қайталап көрсетіп береді. Жасалған тәжірибелер мұны толық дәлелдеді. Демек, осы бір жаңалықтың арқасында сіздер балалық, жастық шақтарыңыздың қызықтарын, сүйіспеншілік сезімдеріңіздің қымбат сәттерін қайталап сезініп, тіл жетпес ләззатқа бөленесіздер.

Ертең таңертеңгі сағат тоғыздан бастап айналарыңыздың алдында болғайсыздар!».

«Лабада банк» басқарушысының келіншегі алақанын шапаттап жіберді.

– Алақай, алақай! Менің бала кезден бері қаранып жүрген айна бар! Өткен өмірімді қайта бір көріп тамашалайтын болдым-ау!

Қонақтар үстел басынан тұрысып, екеу-үшеуден оңашалана шүйіркелесіп, атомның әйгіленген кереметін әңгіме етуге кірісті.

Біздің «тоңмойындардың» ішіндегі саңлақ саясатшы Хамза Ятмаз мәртебелі тоғышар Медени бейге күбірлеп сөйлеп тұр.

– Мон шер⁴, бұл жаңалық – нағыз сиқырдың өзі. Ол ұмыт қалған талай жайттардың сырын ашатын болды. Сонау бір жылы қауіпсіздік басқармасында мені жазықсыздан-жазықсыз күстәналап, дөрекілеу айтсам ғафу етіңіз, сілейтіп сойып салды емес пе. Мен жанталасып жүріп қашып құтылдым да, көкала қойдай болғаныма сот экспертизасынан анықтама алып, айдап отырып сотқа бардым. Мені кім сабағанын сұрап басын қатырған сот жоқ, шешімін жазып бере салды, ол шешімнің айтуынша, мен өзімді-өзім итше тепкілеп сабапшын.

– Хамза-бей, сіздің сабалғаныңыздың айнаға қандай қатысы бар?

⁴ Құрметтім.

– Пәлі! Сол күні қауіпсіздік басқармасының қабырғасында айна ілулі тұрғаны әлі есімде. Енді содан бәрі көрінбей ме?

– Рас-ау, – деді Медени бей. – Ал енді мен осы сиқырлы айнаның арқасында ең кемінде қырық-елу мыңды қалтаға басатын боламын!

– Қайтіп?

– Көр де тұр! Менің буфетім нұршыны айнамен апталған ғой. Ал Калляви-задениң қызы Алтынгүл екеуміздің жырымыз талай жылға созылғанын өзіңіз білесіз.

– Білем, білем. Оны жұрттың бәрі біледі.

– Калляви-заде қызын маған бермей қойды. Қызы да тым тез ұмытты мені. Оқасы жоқ, Калляви-заде, енді тырп ете алмайсың, мен сенің қызыңды аламын да, миллионер боп шыға келемін!

– Қайтіп, қалайша?

– Алтынгүл екеуміз біздің үйде буфеттің қарсы алдында талай таңды атырып, талай күнді батырғанбыз. Соның бәрі ертең таңертең айнаның бетінен айдай болады. Оған дейін айнаны мен Калляви-задеге алып барамын... Ұқтың ба?.. Ол маған не қызын береді, немесе айнаны сатып алады.

– Ешқайсысына келіспесе ше?

– Келіспей көрсін! Онда мен айнаны театрға айналдырамын да, жұрттың бәріне көрсетіп, ақшаны күреп аламын. Уа, сиқырлы айна жасасын!

Қосалқы бөлшектермен жабдықтаушы Дәуіт Сүйбардың әйелі Осман Байыр қажының ашынасы Фыстыка бикешпен сыбырласып тұр:

– Сол жігітті күндіз есімнен, түнде түсімнен шығара алмай жүрмін!

– Қапланды ма!

– Иә, Қапланды! Ол мені қалайша тез ұмытты екен? Ертең айнаға қарап тұрып сол бір қимас сәттерімнен тағы да ләззат алармын-ау!

– Мен де күйеуімнен есемді бір қайтарайын: онымен алғаш танысқанда қандай сүйкімді болғанымды айнадан көрсетейін оған! Әйтпесе, қазір мені менсінбеуге айналды. Бү еркектер дегенің бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай!

Қонақтар жаңалық жайын қызу әңгімелеп кеткен.

Фыстыка бикеш сабырсызданып:

– Тезірек таң атса екен! – дей береді.

Банк басқарушысының тығыршықтай балдызы да дегбірсізденіп:

– Тез болса екен! Төзімім таусылды ғой! Шіркін, өткен күндер-ай! Қайран жастық шақ-ай! – деп қояды.

Сиқырлы айнадан біреу марқұм шешемді көрсем дейді, енді біреу базарлы балалық шағымды көрсем дейді. Кенеттен есіктің қоңырауы шыр етті. Тағы да бір қонақ – белгілі гинеколог-оташы доктор Шахаб Женабеддин келді. Өңі оңып кеткен шүберектей боп-боз.

– Не боп қалды, доктор? Сырқаттанғаннан саумысың? – деп қалбалақтады үй иесі.

– Сендер ештеңе естіген жоқсыңдар ма? Ештеңе білмейсіңдер ме? – деді доктор ықылық атып.

– О не, Шахаб? Не сұмдық боп қалды?

– Осы жаңа ғана радиодан хабарлады: айналардың бетіне түскен сонау баяғыдағы бейнелердің бәрі қайтадан көрінетін болыпты! Атомның күшімен көрсетіледі дейді! Ал сендердің қаперлеріңде дәнеңе жоқ!

Қонақтар таңдана күлісті.

– Е, доктор, ол дегеніңіз өте жақсы ғой!

Доктор Шахаб Женабеддин жаны шығып бара жатқандай ышқына сөйледі:

– Сендер, сірә, су ми болған шығарсыңдар!

Ол ерлерді ымдап оңшаулап алды:

– Бұл жаңалық менің түбіме жететін болды. Менің ота жасар үстелімнің қарсысында үлкен айна ілулі тұр.

– Тұрса ше?

– Шынымен ештеңе түсінбей тұрсыңдар ма? Мен құрыдым ғой! Түсік-мүсігі, анасы-мынасы бар... Соның бәрі ертең таңертеңнен бастап айпарадай болмақшы.

Ерлер біріне-бірі қарасты.

– Мәссаған!

– Біз бұл жағын ойламаппыз-ау!

– Масқарамыз шықты деші!..

– Ол – ол ма, қылмысымыз да... кешіріңіздер, мен қайдағы жоқты оттап...

Күйеулерінің күбірлесіп тұрғанын байқаған әйелдер де сыбырласа бастады. Дәуіт Сүйбардың әйелі булығы сөйлеп:

– Отбасымның шырқы бұзылатын болды, жиырма жыл отасқан өміріміз босқа кететін болды. Күйеуім ертең бәрін де көреді!.. Байғұс басым-ай... оның алғашқы шоферімен де, кейінгілерімен де... айнаның алдында... – деп мүлде тұтығып қалды.

Фыстыка бикеш те бетін шымшыды:

– Бұ айнасы құрғырдың бүйтіп тажал боларын кім ойлаған!..

– Ал мен күнде таңертең оның қалтасынан да, әмиянынан да нетіп... ол ұйықтап жатқанда... Сезбей-ақ жүр еді. Енді ертең бәрін көріп қоятын болды-ау!..

Осман Байыр қажы да өкініп тұр.

– Үйдегі аспаз қатынмен шатаспауым керек-ақ еді, шайтан азғырып... ақырында енді қор болдым!

Аһылау мен үһілеу үдей түсті. Бір кезде бәрі жым-жырт бола қалды.

Өлі тыныштықты Шахаб Женабеддиннің гүж еткен үні бұзды.

– Құрметті бикештер, мырзалар! Сіздер мына жаңалық, анау сиқырлы айна бәріміздің бақытымызды басқа тебетініне әлі де күмәнданып тұрсыздар ма?

– Күмөнданған қайда, құртты ғой бәрімізді!

Доктор әр сөзін нығыздай сөйлеп:

– Түсінікті: атом сәулесі түскен айналар біздің әлеуметтік жағдайымызды астаң-кестең етеді, – деді.

Басқалар жамырай қостап жөнелді.

– Рас... Рас айтасыз... Енді не істеуіміз керек!?

– Не шара бар?

– Аман қалудың жолы бар ма?

Доктор Шахаб Женабеддин жол тапты:

– Аман қалудың бір ғана жолы бар, ол үшін айналардың бәрін сындырып тастау керек!

Медени мырза үстей түсті:

– Сындырып қана қою аз... Айна атаулыны түгелдей құлталқан етіп үгітіп тастау керек!

Жәудір көз хатшы Ипек бикештің нәзік үні сыңғыр етті:

– Иә, келіге салып түйіп, мүлде ұнтақтап тастау керек!

Қонақтар дереу үйді-үйлеріне тарасты.

Сол түні бүкіл қала таң атқанша шалдыр-шұлдыр етіп шықты. Бірымға айна қалған жоқ.

Азанда қоқыршылар айна сынықтарынан аяқ алып жүре алмай таңғалысты, айна үгіндісінің шаңынан дем ала алмай азап көрді.

Таңертеңгі сағат тура тоғызда музыка ойналып, диктордың дауысы да естілді: «Уа, халайық! – деді ол. – Бұл жарық дүниеде «Сиқыр» маркалы айнадан артық ешқандай айна жоқ! Бетіне мұрныңыз тура тірелгенге дейін одан сіз өз кейпіңізді көре алмайсыз. Айна сатып алмастан бұрын маркасына қараңыздар! «Сиқыр» айнасы ғажап... «Сиқыр» айнасын ғана сатып алыңыздар!..».

«Сиқыр» айна фабригінің иесі бір-ақ күнде миллионер болып шыға келді.

МЫСЕКЕҢ СОРЛАДЫ

Кез келген жайттың бір «негесі» болар.

Жоқ, дұрыс басталмады. Әңгімені бұдан әлдеқайда терең оймен бастау керек. Айталық: «Жер мен көктің арасын өрт алса да, адам бір уақ сергуі керек» деп бастаса...

Шынына келсек, бұл да тауып айтылған жоқ. Ұлағатты сөздер ұлы адамдардың ғана аузынан шығады. Осыны ойланғанда өзіме өзімнің жаным ашиды. Мен әрбір әңгімемді мәңгі ұмытылмас сөздермен-ақ бастаймын, бірақ не оған, не маған назар аударар бір адам, бір тірі жан болсайшы! Сонда, немене, ұлы адам атаулының бәрі елден ерек бірдеңе айтады деп ойлайсыздар ма? Бір ұлы адам: «Жазда күн ыстық болады» депті. Соған жұрттың бәрі таңданып: «шіркін-ай, неткен асыл сөз, шіркін-ай, неткен ғұлама ой!» десіпті. Сіздер сездіңіздер ме: адамзат жүздеген жылдар бойы білмеген ақиқатты ол төрт-ақ сөзбен айтып беріпті. Тағы бір ұлы адам жантәсілім жасар сәтінде: «Есікті ашыңдаршы!» депті. Естіген жұрт естерінен танып қала жаздапты. Ойпыр-ай, бұл сөздерде қаншама ғажап мән-мағына бар десеңші! «Есікті ашыңдаршы!» деген екі сөзбен ол данышпан бүкіл ұрпағына жол нұсқап кетті емес пе?! «Есікті ашыңдаршы!». Бұл не деген ұлы сөз?!

Өздеріңіз ойлап көріңіздерші! Қисапсыз көп кітап етіп жазсаң да, бұл екі сөздің мағынасын толық ұғындырып беру қиын. Ол мұнымен... иә, ол мұнымен не айтты?.. «Ей, жарандар! Көртышқанша көмілмей, бері шығыңдар! Есіктеріңді ашыңдар, көкіректеріңе білім нұры құйылсын!» деді ме?

Әлде: «Есіктеріңді ашыңдар! Жарық дүниеге көз салыңдар. Тұмшалап тұрған рухани надандық тұтқынынан құтылыңдар!» деді ме?

Жо-жоқ. Бейбақ боп жүрген біз тәрізді сол ұлы адам жантәсілім алдында жанталасып, тынысы тарылып әлек боп жатты да: «Есікті ашыңдаршы» деп жалынды.

Бар айтқаны осы.

Өз басым о дүниеге бара қалған күні ең алдымен Гетені іздеп тауып алып:

– Сіз өмірмен қоштасарда: «Терезенің пердесін түріңдерші, аздап жарық түссінші» депсіз. Сол астарлы сөзіңіздің мағынасы не еді? – деп сұрармын-ау.

Меніңше, сонда Гете күледі де:

– Мен «Аздап жарық түссінші» деппін бе? Шын ба? Сірә, көз алдым қарауытып кеткен шығар да, мен қасымда кімдер отырғанын көруге тырысқан шығармын, – дейді.

...Мен аяңдап келе жатыр едім, алдымдағы бір үйден бажылдап бір мысық атып шықты да, алды-артына қарамай безіп жоқ болды. Сол мысықтың сол халі мені қатты ойландырды. Байғұс сонша неге бажылдады екен? Әу баста айтқанымдай, кез келген жайттың бір «негесі» болады. Яғни, мысық неге өйтті?

Оны қазір айтып беремін. Басынан бастап айтамын. Тек қай ыңғаймен айтуды білмей отырмын. Демократиялық ыңғаймен: төменнен жоғары қарай ма, әлде өзіміздің шығыс дәстүрімен: жоғарыдан төмен қарай ма? Яғни, мысықтан министрге көтерілейін бе, әлде министрден мысыққа түсейін бе?.. Қой, өзіміздің дәстүрден айнымайын.

Күндердің бір күнінде барлық газеттеріміз, құдды келісіп алғандай-ақ, министрлердің біреуін бас салып сынады да тастады. Министрдің есі шықты, кімге не дерін білмей қыстықты. Не істеп, не қоярын білмей қаны қайнағанда ол ылғи кеңесшісін шақырып алатын. Министр кеңесшісіне бір сұрақ қойды. Кеңесшісі жауап берді. Тағы бір сұрақ қойды. Онысына да толық жауап алды. Таз ашуын тырнап алуға бір ілгешек табылар емес. «Жер мен көктің арасын өрт алса да,

адам бір уақ сергуі керек» емес пе. Министр үшінші сұрақты қойды. Оның ол тапсырмасы қалай орындалғанын көмекшісі тәптіштеп айтып берді. Сол-ақ екен, дүние асты-үстіне шықты дейсің: өйтпеу керек еді! Олай істемеу керек еді! Өйтуге болмайды!. Болады! Болмайды! Жоқ, болады! Мүлде болмайды! – Ілгешек тапқанына министр іштей қатты қуанды. Көмекшісінің көзіне көк шыбын үймелетіп қоя берді. Сөйтіп, жаны жай тапты.

«Жер мен көктің арасын өрт алса да, адам бір уақ сергуі керек». Олай болса, кеңесші не істеуге тиіс? Отставкаға шығуы керек пе? Жоқ. Ол ненің ақысы? Кеңесші бас басқарушыға бір сұрақ қойды. Бас басқарушы жауап берді. Сонсоң ол бас басқарушыға екінші сұрақ қойды. Бас басқарушы онысына да жауап берді. Үшінші сұрақ қойды. Онысына да жауап берді. Жауап беруін бергенмен, бір әттеңі болып қалды. Бітті! Кеңесші хатшысын шақырып алды.

– Жаз! – деп бұйырды хатшысына.

Кеңесші көп сөйлеп, көп жазғызды, сөйтіп, бірте-бірте сабасына түсті. Өйтпегенде, Құдай өзі сақтасын, ол ашу-ызадан жарылып өліп, бүкіл үрім-бұтағы ұлып қалатын еді.

Қош, енді бас басқарушыға қайтпек керек? Кеңесшіден көрген көресесі көкірегін қазандай қара тас боп басып қала бермек пе? Ол қоңырауын шалдыр еткізді.

– Инспектор Әли бейді шақырыңыз!

– Әли бейдің инспекциялық сапарға аттанғанына он күн болды.

– Әли бейді шақырыңыз.

– Құп.

Инспектор Әли бей келді:

– Әміріңізге құлдық, тақсыр!

– Менің тапсырмамды орындадыңыз ба?

– Орындадым, тақсыр!

– Екіншісін ше?

– Ол да орындалды.

– Кәне, айтып беріңіз.

Әли бей айтып берді.

– Оны олай орындамау керек еді! Олай емес болатын! Ондай нұсқауды сізге кім берді?! Мұныңыз барып тұрған жүгенсіздік! О, Алла!

Бас басқарушы барқырап жөнелді. Өйтпесе булығып, қалшылдап құлап қалатын еді.

Енді инспектор не істеуі керек? Үндемей шыдап жүре берсін бе? Жоқ, шыдамнан пайда шамалы.

– Басқарушы мырза!

– Құлағым сізде.

– Мен бүгін таңертең сізге не дедім?

– Бүгін таңертең бе? Ештеңе деген жоқсыз.

– Солай де. Ойланып байқа!

– Бүгін таңертең мен сізді көрген де жоқпын...

– Ендеше, кеше таңертең!

– Кеше сіз сырқаттанып қалғансыз...

– Ендеше, алдыңғы күні таңертең!

– Иә, ол күні...

– Сол күні айтқанмын! Не деп едім? Неге орындамадыңыз?! Іске өйтіп қарауға болмайды, ұқтыңыз ба? Болмайды! Мен ондайға... мүлде тыйым саламын!

Басқарушының өңі күреңітіп кетті. «Жер мен көктің арасын өрт алса да, адам бір уақ сергуі керек».

– Орынбасарды шақырыңыз!

– Құп.

Басқарушының орынбасары келді. Басқарушы оған:

– «Д» тізімі толтырылды ма? – деді.

– Толтырылды, тақсыр.

– Түгелдей ме?

– Түгелдей.

– Беттері бекітілді ме?

– Бекітілді.

Неткен ұқыптылық десеңізші!

– Жөнелтілді ме?

– Жөнелтілді.

Неткен тәртіп десеңізші!

– Қашан?

– Кеше.

– Не-ме-не?! Кеше?! Бұ неткен салақтық? Бәрі бетімен кеткен! Істің ыңғайын білу деген қайда?! Жұмысты дұрыстап істеу керек, дұрыстап! Күндегісін – күнде! Мен осыны талап етемін! Айтқанды ұқтыңыз ба?!

Ашуың тарқағанда ақ моншаға түскендей боп қалатының-ай, шіркін!

Басқарушының орынбасары бөлім бастығының кабинетіне барып кірді. Булығып тұр:

– Андағың немене?

– Бухгалтерияға жіберетін құжаттар ғой.

– Солай де?! Түсінікті. Айлап, жылдап шашылып жатады да, содан соң...

Басқарушының орынбасары кабинеттен шығып кетісімен бөлім бастығы үстелді жұдырықпен қойып-қойып қалды.

– Хасан бей қайда?

– Қай Хасан бей? Екінші басқармадағы Хасан бей ме? Әлде есепші Хасан бей ме? Тіркеу кеңсесінде де Хасан-бей бар. Әлде хатшылардағы Хасан бей ме?

– Бәрібір. Қолыңа түскенін жетектеп алып кел!.. Алдымен хатшылықтағы Хасан бейді!

– Түскі үзіліс кезі ғой, әпенді, ол тамақ ішуге кетті.

– Онда... сенің атың кім?

– Құсайын.

– Құсайынсың ба, Мұсайынсың ба – бәрібір! Мен адамша айтып тұрсам, сендер шеттеріңнен!..

Бөлім бастығы он минөт бойы ақпандатты. Сонсоң ғана әрең бәсеңдеп, бөлмеден салмақтанып шығып кетті. Кеме де айлаққа кірмей тыншымайды емес пе?

Ал Құсайын бей қоластындағы қызметшісіне тап берді:

– Терезелер неге кірлеп кеткен? Төбеге неге өрмек толып кеткен? Үстелдерді шаң басқан! Еден жуылмаған! Мен бұған енді төзе алмаймын! Төзе ал-май-мын! Ұқтың ба?! Ұқсаң – сол!

Қызметші қақпашының асты-үстін жездей қақтап алуды ойлап еді, ол неме үйіне кете қалыпты. Енді не істеу керек? «Жер мен көктің арасын өрт алса да, адам бір уақ сергуі керек».

Қызметші трамвайға отырды.

– Аяғымды басып кеттің ғой, – деді ол, жанында тұрған жолаушыға ажырая қарап. – Серейген сүйектеріңе ие бола алмай жүрсің бе?!.

Жолаушы үндемеді.

Кондуктор келді.

– Билет алыңыз!

– Сен, немене, ине шаншар жер жоғын көрмей тұрсың ба? Бір қолым жаншылып, бір қолым қайырылып әрең тұрмын... Әмияннан ақша алмақ тұрғай, қыбыр етер мұршам жоқ! Шығарда төлеймін!

– Оныңыз болмайды!

– Е, неге?

– Болмайды! Тексеруші келе қалса ше? Онда қайтесің?

Айқай-ұйқай басталды. Қызметшінің көктен тілегені жерден табылды...

Жұмысы аяқталып, кондуктор үйіне қайтты. Әйелі оны күлімсіреп қарсы алды.

– Сойған түлкіше тісің ырсып не болды? – деп атылды кондуктор. – Кім көрінген келіп сенің күйеуіңе тіл тигізеді, ал сен...

Ол әйелін төмпештеп-төмпештеп алды да, үстел басына барып рахаттанып отырып, кешкі тамағын ішті.

Кондуктордың әйелі көз жасын көл қылды. Мысығы келіп, бырылдап, оның аяғына сүйкенді. Әйел оны қыр арқаға қысқашпен көсіп-көсіп қалды. Мысық бажылдап безе жөнелді.

Кондуктордың әйелі күйеуінің жанына барып отырып, басын иығына сүйеді. Көз жасымен жуылған сайын махаббаттың мерейі арта түспек. Екеуі бір-біріне мейірлене қарады.

Кез келген жайттың бір «негесі» болады. Егер газеттер министрдің бас терісін аузына қаптамаса, байғұс мысық сорламас еді.

Адамдар ақыр аяғында ашуын басып сабасына түсудің жолын әйтеуір табады. Ал мысықтар... Жанымнан құдды аққан жұлдызша өте шықты – ол байғұстың одан ары не күйге ұшырағанынан күні бүгінге дейін хабарым жоқ.

НЕ ЖАҢАЛЫҚ БАР, ЖАФАР БЕЙ?

Сіздер бұл дүниеде екінші сортты кісілер бар екенін білесіздер ме?

Менің өмірімнің көп жылы сондай кісілердің ортасында өтті, мен оларды бес саусағымдай білемін. Оларды айыра білу әрі қиын, әрі оңай. Оңай дейтінім: сырт қарағанда олар бір-біріне тым ұқсас келеді. Айталық: сіз кемемен Патшазада аралдарына, Қадыкөйге бет алдыңыз немесе Босфорда жүзіп келе жаттыңыз дейік. Сонда екінші класс салонына барып қарасаңыз, одан тек екінші сортты кісілерді ғана көресіз. Менің балалық шағым Патшазада аралдарының бірінде, Хейбелиадта өтті. Содан бергі отыз жыл бойында,

меніңше, екінші класс жолаушылары ешқандай өзгермеген тәрізді. Екінші класс салонына қашан кірсем де, сол балалық шағымдағы екінші сортты кісілерді тағы көргендей күй кешемін. Салонда сол баяғы қызыл иек кемпір-шалдар, сақал-мұрты қырылмаған қырқылжыңдар, жасына жетпей қартайған қыз-жігіттер отырады. Әйелдер де, балалар да сол баяғы қалыптарында. Аяқтарында – сондағы жыртық-жамау шұлықтары, үстерінде – сондағы оңып кеткен киімдері. Ол – ол ма, тіпті сөздері де, әңгімелері де, өзіл-қалжыңдары да өзгермеген.

Қазірде мен Эренкөйде тұрамын. Күнде кешке автобусқа мінемін. Ол – Қадыкөйге сағат тоғызда келіп, кемеден түскен жолаушыларды алып қайтатын соңғы автобус. Онда әрқашан тек екінші сортты кісілер сығылысып тұрады. Автобустың өлусіреген жарығында олардың бетіне қарасам-ақ болды, аралға бет алған кемеңің екінші класс салонында тұрғандай сезінемін.

Автобустарда бірінші, екінші класс дейтін орын жоқ, ал бірінші класс жолаушылары арнаулы таксилерге мінеді, бірақ кейде автобусқа да мініп, екінші класс жолаушыларының арасында тұратындары да ұшырасады. Кеше кешке мен солардың біреуін сағат тоғыздағы автобустан көрдім. Ол соңырақ кірді де, оң қолымен аспалы баудан ұстап түреген тұруға мәжбүр болды. Өзі еңгезердей зор екен, төбесі төбеге тие жаздап өңкиіп тұрды. Үстінде қонымды қара-көк пальтосы бар. Басында – қымбат қалпақ. Төрт текше бет-пішініне қарасаң, – құдды Муссолини: талпақ шеке, жалпақ иек. Екінші сортты кісілердің арасына тап болғанына қорланып тұрғаны анық байқалады. Ол автобустың ең ақырғы аялдмасы – Ишеренкөйге билет алды.

Автобустың жүруіне аз-ақ уақыт қалғанда тағы бір кісі кірді. Ә дегенде көзіме оның жамаулы галошы шалынғанына әлі қайранмын. Көзілдірігі сынық екен, сол жағы құлағы-

на жіп баумен шалыныпты. Көне пальтосының жеңі жамап-жасқалған. Екінші сорт «мен мұндамын» деп-ақ тұр. Ол қара-көк пальтолы жолаушының алдына барып қыстырылып:

– Сәлеметсіз бе? – деді.

– Шүкір. – Қара-көк пальтолы теріс айналып кетті. Сөйлескісі келмегені бірден байқалды. Ал анау сөйлеспей тынар емес:

– Жафар бей, халің қалай? – деді.

Жафар бей теріс қараған қалпы:

– Жақсы, – дей салды.

Көне пальтолының көңілі көншімеді. Ей, жарандар, бұл да күні кеше өзіміздей болған дегісі, сөйтіп, өзінің бағасын арттырғысы келсе керек:

– Не жаңалық бар? – деді.

Ұзын мырза алға қарай кетіп қалуға тырысып еді, – онысынан дөнеңе шықпады. Сығылысқан орнынан сырғып кете алмасын сезген соң:

– Жақсы, – дей салды тағы да.

Сөйлескісі келмесе, немене, сабайсың ба оны?! Өзінің бұрын нешінші сортты болғанын жұртқа білдіргісі келмесе, қайтесің? Көзәйнекті кісі соны аңғара қойып, оның мазасын кетіруді ойлады ма, әлде сөзқұмарлығы ұстады ма – ол арасын мен білмеймін:

– Жафар бей, жұмыс қалай? – деді.

– Жұмыс та жақсы! – деді Жафар бей ызғарлы үнмен.

– Алланың рақымы жаусын. Ал балалар қалай?

– Жақсы!

– Тәңірдің бергеніне шүкір!

Автобус ыңқ етіп жүріп кетті. Жұрт ырғалысып қалды. Ұзын соны пайдаланып ілгері бір аттап үлгерді. Екеуінің арасында үшінші бір жолаушы пайда болды. Көзәйнекті:

– Мырза, рақымшылық жасап менің орныма тұрсаңыз қайтеді, мен танысыммен әңгімелесіп келе жатыр едім, – деді оған.

Екеуі орын ауыстырды. Көзәйнекті тәкаппар мырзамен қайта қатарласты:

– Жафар бей, басқа не жаңалық бар?

Жафар бей оның бетін қайтарып тастағысы келген қатқыл үнмен:

– Бәрі де жақсы, шырағым! – деді.

– Е-е, Алланың көзі түзу болсын! – деп галошты жолаушы екі минуттей үнсіз тұрды да: – Жафар бей, тағы нендей жаңалық бар? – деді.

Жафар бей үндемеді. Анау қайтадан сұрады.

Жафар бей естімеген сияқты. Анау үшінші рет сұрап жауап ала алмады да, оны иыққа түртіп қалды. Жафар бей суық жүзбен жалт қарады:

– Не болды?!

– Басқадай тағы не жаңалық бар деймін.

– Бәрі жақсы, қалқам!

– Жақсы болғаны керек. Алланың рақымы жаусын саған! Ал сенің Ахмед бейің не істеп жүр?

– Бұрынғысынша.

– Ал жексұрын бастық ше? Оның да жағдайы жақсы ма?

– Жаман емес.

– Бәрекелді! Бәрі де жақсы бола бергей!

Қадыкөйден үш аялдама ұзадық. Көзәйнекті кісі енді нені сұрасам екен дегендей ойланып тұрып-тұрып, тағы бастады:

– Айтпақшы, Жафар бей, біздің Наджи ме, Неджет пе бір көршіміз болып еді, ол қалай қазір?

– Жақсы!

Мылжың көршісінен аулақ тұруға тырысқан Жафар бей алға қарай ептеп жылжи берді. Бірақ көзәйнекті одан бір елі қалар емес.

– Тағы бір көршіміз болып еді. Аты аузыма түспей тұрғанын қарашы. Әлгі... керемет балықшы ше...

– Ол да жақсы!

– Отбасы ше?

– Жақсы!

– Оның көршілері ше?

– Көршілерінің бәрі жақсы. Бәрі де жақсы, қалқам!

– Әп бәрекелді! Ал, әлгі кім ше? Аты тілімнің ұшында тұрғанын қарашы. Кім еді әлгі?

– Қалқам, ол да жақсы! Бәрі жақсы дедім ғой! Бәрі де аман-есен!

Көзәйнекті кісі бір замандағы көршілерін кезекпен есіне түсіріп: «Ол қалай тұрады? Әлгі анау қалай тұрады?» деп тақымдай берді. Жанындағысы балағаттағандай суық дауыспен: «Жақсы!» дейді. Мен еріксіз ойға қалдым. Көзәйнектінің мұнысы қай қылығы? Сірә, «жақсы!» деген жауап жынын келтіретін шығар. Егер Жафар бей тым құрыса бір рет: «жаман» десе, көзәйнектінің көңілі көншіп, тақымдауын қоюы да мүмкін-ау, ә? Иә, кенеше қадалуында сондай бір гәп бар.

Басқа есебі болуы да ғажап емес. «Мына сәнді киінген сымбатты мырза жұртқа менің байырғы танысым екенін білдіріп, менен: «Ал сен өзің қалайсың?» деп сұрасашы» дейтін шығар әлде. Ол өзінің адамгершілік сезімі елеп-ескерілсе екен дейді; егер Жафар бей аздап болса да жылы шырай білдірсе, көзәйнектінің төбесі көкке жете қуанып: «Құдайға шүкір, жақсымын!» – дер еді де, сол қуанышын малданып, сұрағын доғарар еді. Әлде көкірегіне шер толып, мұңын кімге шағарын білмей, ішқұса болып жүрген шығар ол?

– Жафар бей, бухгалтеріңіз Әлләсен қалай?

– Жақсы дедім ғой! Бәрі де жақсы тұрады! Бәрі де, бәрі де!

Көзәйнекті тағы ойланды да, тағы сұрады.

- Ал әлгі кім ше?
- Жақсы!
- Ал анау...
- Жақсы деймін!
- Әлгі мәшіңкеші болған әйел ше?
- Жақсы, жақсы! Мәшіңкешінің де жағдайы жақсы!

Жаңа пальто киген сымбатты мырза алға жылжи-жылжи шофердің жанына жетті. Есіктің дәл көзінде, босағаға сүйеніп тұрды. Одан ары табан сияр жер жоқ.

Көзілдірікті кісі жамау-жасқау галошын сүйретіп бір елі қалар емес.

- Кір жуатын Фатима бар еді. Ол қалай?
- Жақсы!

Көзәйнекті «ал мен қалаймын?» дегенді қашан айтар екен деп ойлап қойдым. Көп күткен жоқпын.

– Жафар бей, мұнда мен сырқаттанып қалдым. Жүдегенмін, ә? Өңім қалай?

- Жақсы, жақсы! Өңің өте жақсы!

Біз Ишеренкөйге дейінгі жол ортасына жетер-жетпесте-ақ мен Жафар бейдің енді ұзақ шыдамасын, бомбаша жарыларын анық сездім.

- Сенің есінде ме, қожаның шофері...

Жафар бей үндемеді. Көзілдірікті оны түртіп қалды:

- Қожаның шофері қалай? А?..
- Ол да жақсы!..
- Аға мастер Кәзім ше?
- Иә, ол да жақсы! Бәрі жақсы!
- Ал әлгі лазы⁵ бағбан ше?
- Жақсы деп келемін ғой! О, Алла! Бәрі де жақсы!

Кондуктор кезекті аялдаманы хабарлады. Автобус тоқтады. Алдыңғы есік ашылды.

⁵ Түріктің бір руы.

– Меләхат ханым деген тігінші бар еді...

Ол айтып үлгергенше Жафар бей автобустан түсе жөнелді. Көзәйнекті оның соңынан айқайлады:

– Меләхат ханым қалай?

– Жақсы!

– Күйеуі ше?

– Күйеуі де, әйелі де, балалары да жақсы! Бәрі жақсы, дүлей неме, бәрі жақсы! Бәрі жақсы, жын соққан неме, бәрі жақсы! Бәрі жақсы, жексұрын неме! – Жафар бей қараңғыға сіңіп кетті. «Бәрі жақсы!» деп бажылдаған дауысы ғана құлағымызда қалды.

Автобус жүріп кетті. Көзәйнекті өзінен-өзі күңкілдей бастады:

– Әлгі алаяқ өтірік айтты. Оллаһи, өтірік айтты! Қазіргі заманда жұрттың бәрі жақсы тұруы мүмкін емес! Бәріне қайдан жақсы болады? Сонда қалай, жұрттың бәрі бір партияға бірігіп кеткен бе?

Ол ақырын ғана күліп қойды:

– Енді түн ішінде ол такси де, автобус та таба алмайды. Мейлі, Ишеренкөйге дейін мына суықта өңкиіп жаяу барсын, салпақтап, мүмкін ақылы кірер!.. Битін сығып қанын жалаған сараң неме! Ақшасы шіріп жатса да такси жалдамайды. Автобуска мініп дәндегенін қарашы! Дәндеген итке жалаттым, бәлем!

ОРКЕСТР КІСІ

Кейбір кісілердің он саусағынан өнер тамып тұрады. Ал менің саусақтарым ешқандай икемге келмейді. «Ешқандай» дегенмен аздап шынымды айтсам: мен бір ғана нәрсеге – жиын жерде әйелдерді ептеп шымшып алуға икем-

дімін. Бірақ оның ақыры әзірше тек шапалақ жеуіммен тынып жүр.

Ал тал бойымда бір ғана өнер бар. Оны көрсететін құралым – мұрным мен тіл-таңдайым.

Мұрнымды кәдімгі сырнайша сызылтам: таңдайымды тақылдатып, аяғымды тапырлатып барабандатып жөнелгенімде тірі жан маған тең келе алмайды.

Алайда сырнай мұрын мен барабан-ауыздың арқасында жан сақтау оңай емес. Жұрттың музыканы түсіне білудегі талап-талғамы әлі жетіле қоймағаны өкінтеді. Солардың кесірінен бүгінге дейін артист боп таныла алмай, күнара ашығып, азап тартып жүрмін. Жұмыс іздеп бармаған жерім жоқ шығар!

– Қолыңнан не келеді!? – деп сұрайды.

Басқалар сияқты: «Не тапсырсаң, сол келеді!» дей алмаймын.

Тірі пенде тірлік етуге тиіс. Еткенде, өз басым шамаң жеткенге жармас дегенді жақтаймын. Айталық, менің шамам мұрнымды сырнайша сызылтуға жетеді екен, енді одан артыққа тырбанудың тіпті де қажеті жоқ.

Бірақ «Мырзалар, мен мұрнымды сырнайша сызылта аламын» десем-ақ болды, жұрт жын қаққандай күледі, мазақтап миымды ашытады.

– Әуелі тыңдап көріңіздерші, сонсоң айтарсыздар! – деп жік-жапар боламын.

– Көне, баста! – деседі.

Мен өнерімді өзімнің әуендерімді ойнаудан бастаймын. Қажет тұстарда «барабанымды» да дабылдатып қоямын. Тыңдаушыларым таң-тамаша қалады. Сізге – өтірік, маған – шын, мырза, әуелде байсалданып бейжай отырған біліктілердің талайы біраздан соң есі шыға еліріп кетеді. Киімдерін сыпырып лақтырып тастап, ырғалаңдап, бұралаңдап, әлгі қарын биін билеп жөнеледі.

Ал мен сырнайлатып болған соң жұрттың не дейтінін білесіздер ме? Олар:

– Шіркін-ай, осынша өнерімен Еуропада не Америкада тұрса ғой, ендігі миллионер боп кететін еді! – деседі.

Біздің жақта аштан бұралып жүргендерді, әлбетте, осылай жұбатады.

Сонда біз өз елімізде емес, Еуропада немесе Америкада жүруге тиіс екенбіз. Яғни, Тәңірім кісілерді екі сорт етіп жаратыпты. Бірі – африкалықтар мен азиялықтар, енді бірі – еуропалықтар мен американдықтар. Ал біз сияқты жалаңаяқтарды о бастан «екінші» сортқа жатқызып қойғандықтан, бізге кең дүние тар болады да тұрады. Жер-көктегі өнерді түгел біліп тусақ та, екі қолға бір жұмыс таба алмай итшілейміз.

Әлбетте, мықтылар менің өнерімді тамашалап, өзімді әбден мақтап, алақаныма бес-он қуруш салады да, маңдарынан қуып жібереді.

Өнер үшін қандай қияметке шыдап баққанымды енді түсінген шығарсыздар.

Өнер дегенде ішіп отырған асын жерге қоятын бір мың болғыр жолықпағанда, мен бұл өмірден мұрнынан басқа мүлкі жоқ бейшара музыкант күйіме тіленшілеп өтетін едім. Мен онымен театрда уақытша оркестр міндетін атқарып жүргенімде таныстым. Оркестр болғанымға сенбей отырсыз ба? Рас айтамын, сырнайлатып, дабылдатып дегендей, мен бүкіл оркестрдің міндетін жалғыз атқардым. Онымен ғана тынған жоқпын: сахнаға шығып ән салдым, әйелше киініп алып би де биледім. Оған қоса кассада билет саттым, сахнаны безендіруші, театрдың көші-қонын реттеуші және жүгін тиеп-түсіруші болдым. Әртістердің біреуі ауыра қалса, оның рөлін де маған тапсыратын.

Бір күні Шекспирдің «Гамлетін» қоятын болдық. Гамлеттің рөлін маған берді. Ал «Гамлетті» қоятынымызды маған

ол күні ешкім ескерткен жоқ. Ескертсе де есімнен шығып кетті ме, кім білсін... Содан бір күн бұрын ғана әлгі «Хорхордың қуырылған бұршақ сатушысы» деген шағын пьесаны қойған едік, тағы да соны қоятын шығармыз деп соған дайындалып барғанмын. Сахнаға шығар кезегім келе қалғанда сол Хорхордың бұршақ сатушысы боп киініп жүрген күйімде шықтым да, әдетімше мұрнымды сырнайлатып, таңдайымды қағып, барабандата бастадым. Сахна суреттеріне, әртістерге көз тастасам: біз Данияда, король сарайындамыз, демек, мен – дат патшазадасымын. Сол сәтте не істерімді білмей қатты састым: «Хорхордың қуырылған бұршақ сатушысы» боп ойнап, мұрныммен сырнайлата берсем бе екен, әлде Гамлет болсам ба екен? Екі оттың ортасында қалдым. Қой, басталар ойын басталып кетіпті, Гамлет болмасқа амал жоқ, қарсы алдымда Офелия тұр, Христостың былшиған әйелі сыбызғышы Елена тұр – ол қызы Мароның нейлон ішкөйлегін киіп алған. Былшиған бейбақтың кеудесіне тіпті екі кісінің құшағы да жетер емес, нейлон ішкөйлегі кептелген қызғылт түсті көкірек қабы бізде қыздың жасауына қосып беретін жез шөңкенің екеуін қатар төңкеріп қойғанға ұқсайды.

Мен Гамлет боп сөйлей жөнелдім.

– Мен ардан жүрдай болған мынау королеваның, менің шешемнің әкесі үшін кек алам! Мен патшазادا Гамлетпін! Әкемнің жұмбақ өлімі «ашылмаған қылмыстар» есебінде қалып қоймайтын болады! Мен сот сарапшыларына өтініш жазамын да, әкемнің мүрдесін моладан алдырып тексертіп, құлақ естімеген сұрқиялықтың сырын ашамын! Сөйтіп, жауыз ағамды полицияға ұстап беремін!

Айтарымды айттым да:

– Офелия!.. Офе-е-лия! Офе-е-лия! – деп зарлай бастадым.

Суфлер:

– Полиция төресі: бұл мезгілде сатушылардың қатты ай-қайлап сөйлеуіне болмайды дейді, – деп сыбырлап отыр.

Ал мен былшиған Еленаның құшағына кіріп те кеттім.

Мен жұртқа Гамлет боп ұнай қоймадым.

– Сырнайлатшы! Көне, сырнайлатшы! – деген дауыстар естілді.

Көрермендердің талабы қожайынымызды құтыртып жібере жаздады. Ол шымылдықты жабуға әмір етті де, маған:

– Әй, жігітсымақ, бұл жер – сахна! Көшедегі көп тобырдың ортасында тұрғандай-ақ аузыңа не келсе соны көкігеңің не?! – деп тепсінді. Сөйтіп, ол мені қуып жіберді. Тамақ асырау үшін ғана жүрген кісіні қуып шығуға ол, әрине, онша қинала қойған жоқ.

Жұмыс істеп жүргенінде жолдас-жораларыңнан қарызға ақша алып тұру оп-оңай. Ал жұмыссыз жүргенінде кім саған қарыз береді? Әскери қысқы киімдерімнің арасынан әлгі Гамлет боп сахнаға шыққан сайын киетін шалбарымды, меншікті футбол гольфимді, ұстарам мен кеудешемді қолтығыма қысып алдым да театрмен хош айтыстым. Бұл тірлігімнен бейхабарлар маған қарап сыбырласып, біреуі:

– Ананы білесің бе? Ол – әртіс. Оның мұрны мұрын емес, түп-тура сырнай! – деп қалды.

Біреуі жаныма келіп:

– Мырза, сізбен сөйлесем деп едім, – деді.

– Уақытым жоқ. Менімен сөйлескісі келетіндер көп, барып кезекке тұрыңыз, – дедім.

– Сізде өте тығыз шаруам бар еді, – деп соңымнан қалмай қойды.

– Олай болса сигарет бере қойыңыз: бірер сорып, ес жиып алайын.

Ісі аңқыған сигаретті ұстата қойды. Сонсоң мені мәшинесіне отырғызып, бір үлкен фабрикаға алып барды.

Іші жұмақ дерліктей кабинетке кірдік. Таңғалғаным соншама:

– «Гамлетті» осында ойнар ма еді! – деп даурықтым.

– Иске кіріселік. Мен осы фабриктің иесімін, – деді бейтанысым.

– Мұныңызды маған ескертіп қойсаңыз ғой, – дедім, азмаз абыржып қалып, – онда мен мұндай мінез көрсетпеген болар едім.

– Оқасы жоқ, мен демократияшыл адаммын, ондайға мән бермеймін, – деді бейтанысым. – Сен дұрыстап тыңдап ал, – деп ол кенет «сенге» көшті. – Мен фабрикантпын, бірақ ешкімнің құқына қол сұғып жүргем жоқ.

– Па, шіркін! Шалақұрсақпын деңізші?

Ол шамданып қалды:

– Әулекіленбеңіз! Сенбесеңіз, кез келген жұмышымнан сұраңыз.

Біз цехқа бардық. Мен бір жұмысшыны тоқтатып алып:

– Әй, мына қожайыныңның не дегенін естісең ғой! – дедім.

– Біздің қожайын қашанда тек шындықты ғана айтады, – деді ол. – Біздің жалақымыз басқа фабриктелерден екі есе көп. Жылына бір ай ақылы демалысымыз бар. Жұмысты артық істеген сайын қосымша ақы аламыз. Жаңа жыл алдында, басқа да барлық мейрам қарсаңында бізге сыйлық беріп тұрады.

– Жұмақта жүрміз деші! – дедім, таңдана қағытып.

Кабинетке оралысымен:

– Сіз өзі аурусыз ба, ақымақсыз ба? – деп сұрадым.

– Ешқайсысы да емеспін, – деді қожайын. – Мен не істейтінімді білемін.

– Маған дұрыстап түсіндіріп беріңізші! – деп өтіндім.

– Ендеше тыңда. О баста менің фабригімде үш жүз кісі істеді. Олар, әрине, ақшаны аз алатын. «Егер мен жалақы-

ларыңды он пайыз арттырсам, сендер қанша табыс табар едіңдер?» деп сұрадым. «Екі есе көп табар едік» десті. Сонсоң мен жұмысшылардың санын екі жүзге түсірдім. Фабрикте еңбек өнімділігі екі есе өсті. Біраздан кейін: «Егер мен тағы он пайыз қоссам, сендер қанша жалақы алар едіңдер?» деп сұрадым. «Екі есе көп» десті. Сонсоң жұмыстан елу кісіні тағы шығардым. Еңбек өнімділігі төрт есе өсті. Сөйте-сөйте фабрикте жиырма бес жұмысшы қалды. Олар жалақыны басқа фабриктегілерден әлдеқайда көп табады, бір ай демалыс алады, менің табысым да он есе артты.

– Ал маған не істе дейсіз?

– Қазір түсіндірем... Енді жұмысшыларды қысқартуға мүмкіндік жоқ, сондықтан мен еңбек өнімділігін өсірудің басқа жолдарын іздеп жүрмін. Фабриктің іші-сырты мұнтаздай тап-таза; цехтарда жұмыс қайнап жатыр. Терезелер үнемі ашық. Жарық неғұрлым көп болса, жұмыс та соғұрлым өнімді. Ал әр түстің адамға әр түрлі әсер ететінін өзің де білесің. Көгілдір түс пен ақ түс адамды алдарқатады, жадыратады, әлгі ауруханаларда тек көгілдір бояу мен ақ бояудың қолданылатыны сондықтан. Қара бояу еңсеңді көтертпейді. Қызғылт түс пен сары түс көңілді бейжай етеді. Қызыл бояу мен жасыл бояу адамның қанын қыздырып, жігерін тасытады. Ұйықтайтын бөлмелерді қызыл түске бояуда да сондай сыр бар. Мен фабрик цехтарын қызылмен боятып қойып едім, жұмыс қарқыны екі есе артып жүре берді.

– Дегенмен, сіз маған не істе дейсіз?

– Мен қанаушылыққа қарсымын. Алайда еңбек өнімділігін еселеп өсіре беруім керек. Бұл үшін жұмысшыларымның музыка тұрғысындағы талап-тілектерін орындауға тиіспін. Адам музыка тыңдап тұрып жұмысты қалай өндіріп тастағанын өзі де аңдамай қалады. Менде бір оркестр болды, бірақ ол мені жұтатып кетті.

– Табақ ойнатқыш сатып алып, репродукторларды фабрик­тің іші-сыртына самсатып іліп тастап, күні-түні сұңқылдатып қоймайсыз ба?

– Темірдің аты темір емес пе. Оның дауысы кісінің жүй­кесін тоздырады, жұмыс істетпейді. Маған адамның табиғи өз дауысы керек.

– Өте дұрыс! Мен келістім.

– Қоятын жалғыз-ақ шартым бар: ұлттық музыкада ша­руаң болмасын. Ал батыстың оны-мұныларын күндіз-түні ой­насаң да еркің, айтпақшы, солардан бірдеңе ойнай аласың ба?

– Ойнағанда қандай!

– Кәне, венгер рапсодияларының бірін ойнап жіберші!

Мен мұрнымды шулатып, таңдайымды тақылдатып жүріп бердім. Қожайын таңданғанынан шалқасынан түсе жаздады.

– Тамаша! – деді ол. – Тек сырнай мен барабан жеткілік­сіз. Сенің қолдарың да жұмыс істейтін болсын, сонда саған жалақыны да екі есе көп төлеймін.

– Жарайды, – дедім. – Әлгі дәу барабанды ұрғылағандай етіп оң қолыммен қарнымды тоңқылдатайын.

– Дұрыс-ақ! Ал аяқтарың бос қала ма?

– Тәрелке соғыстырғандай етіп бөтеңкемнің нәлілерін сартылдатып отырайын.

– Бәрекелді! Сонсоң!?!..

– Сонсоң ба? Сонсоң... Тоқтай қал!.. Таптым! Менің сол қолым бос қой, ендеше, әуеннің әсерін күшейту үшін сол қолыммен бөксемді ұрғылаймын.

– Сонсоң?!

– Өзіме де бірдеңе қалсын да.

– Жарайды. Сонымен, сен алты музыканты бар оркестр­дің қызметін жалғыз өзің атқаратын болдың. Мұның жақсы. Осынша кісісі бар оркестрді жалдаған күнде мен оларға кү­ніне ең кемі екі жүз лира төлеуге тиіс болар едім. Ал сен елу лираға келісесің бе?

– Тәңір жарылқасын сізді! Мен осы жасыма дейін бір аптада әлі мұншама табыс тауып көргем жоқ!

– Ендеше – келістік! Жұмысшыларыма жалақыны басқалардан екі-үш есе артық төлейтініме өзіңнің де көзің жетті, міне. Мәселе ақшада тұрған жоқ. Мен жұмысшыларымның еңбек өнімділігін арттырудан жанымды да аямаймын. Кәне, сенің қандай талап-тілегің бар? Бөлмеңді жасылмен боятайын ба? Әлде қызылмен бе? Жаңа киім тіктіріп берейін бе? Шарап әкелдірейін бе?

Мен жомарт қожайынның бетіне тура қарадым да:

– Маған сіздің ештеңеңіз керек емес. Бір ғана өтінірім: егер маған шынында қажыр-қайрат бергіңіз келсе, менің бір тілегімді орындаңыз да, біржола келістік деп біліңіз, – дедім.

– Ол не тілек?

– Мен сіздің бет-аузыңызды көрмей-ақ қойсам деймін. Менің бар-жоқ тілегім сол!

Қожайын қуанып кетті:

– Әкел қолыңды! – деді ол даурығып. – Кәне, сыбызғыңды сызылтшы бір!..

АЛАҢДАҒЫ САҒАТ

У ақыт – үш жарым шамасы.

«Жұт жеті ағайынды» деген рас. Мен жұмыссыз жұтап, соқыр тиынсыз сопиып отырмын. Оның үстіне – ғашықпын. Оның үстіне – мені екі кісі сотқа беріп сорлатқалы жатыр. Шын бар-ау, егер азап-сор лотореясы шығарылып ойнала қалса, дәл бұдан асқан ірі ұтыстың болуы екіталай. Ол – ол ма, бұ жарық дүниедегі ауру атаулының қарғыс атқан ең жексұрыны – геморрой болса, ол да маған бұйырды.

Маған қарсы қозғалған сот ісі немене десеңіздер – дәл сонда сіздер қызығатындай дәнеңе жоқ. Тек прокурордың мені түрмеге түп-тура жиырма екі жыл қамап қоюды талап еткенін білсеңіздер болғаны.

Одан да өзімнің қалайша жұмыссыз қалғанымды айтып берейін.

Аптасына жүз лира жалақы беретін бір жерде жұмыс істеп жүрдім.

Бір күні қожайыным:

– Жұмысымыз жидіп барады, сенің жалақыңды енді елу лираға шегермесем болмайды, – деді.

Келесі аптада:

– Жұмыс мүлде оңбай кетті, сенің жалақыңды жиырма бес лираға шегеремін, – деді.

Арада ай өтер-өтпесте:

– Саған енді аптасына он лира ғана жалақы төлеймін, – деді.

Мен таңданайын дедім. Әй, менің бұл қожайыным жалақымды ақырында неше лираға дейін шегере алар екен, ә? Ал ол ақырында:

– Саған соқыр тиын да төлей алмаймын! – деді.

– Оған несіне налысыз? Жалақысыз-ақ істей беремін ғой, – дедім.

Сол-ақ екен:

– Жалақысыз жұмыс істейтін миғұладан не қайыр?! – деп барқырап жөнелді.

Сөйтіп, мені жұмыстан шығарып жіберді.

Менің орныма аптасына жүз елу лира төлейтін болып басқа біреуді алды. Маған берген мінездемесіне: «Жұмысты жалақысыз-ақ істейді» деп жазып қойды да, содан бері мен жұмыс таба алмай жүрмін.

Ақшаның әлегін бір-ақ ауыз сөзбен айтып беруіме әбден болады. Ішім қабысып, ішегім түйіліп қалғалы бүгін, міне, екі күн.

Бәрінен қиыны махаббаттың машақаты боп тұр. Менің ғашық болғаным – он сегіздегі қыз, бүкіл Стамбұлға әйгілі еркекшораның нақ өзі. Оның суқаны сүймейтін жалғыз еркек – менмін. Ол менің бірде-бір хатыма жауап қайтарған жоқ.

Мен геморройымды да, жиырма екі жылға жаппақшы прокурорымды да, жұмыссыздығымды да, ішімнің қабысып қалғанын да ұмытып кеттім. Зар жылаған жүрегім басқаның бәрін ұмыттырды. Асылып өле салғым келді. Ғашығымды аңдып жүріп ұстап аламын да, ақырғы мұңымды шағамын. Егер ол: «Сенің қиқағыңды көтере беретін ессіз қыз мен емеспін» десе, мен де қарап қалмаймын, оның сілекейін мaldанатын сорлылардың бірі емес екенімді айтып саламын. Мен оны өлтіруді ойламаймын да, оған қырық жерден пышақ салмаймын да. Бірақ өзімді-өзім өлтіріп тыныш табамын!

Бір күні баспалап тосып жүріп, оны көшеде қарсы кездестірдім де:

– Мелек, сүйіктім... – дей беріп едім, ол сөзімді аяқтатпастан:

– Ертең трамвайдың Баязид аялдамасында кездеселік, – деді.

Қуанғанымнан жүрегім жарыла жаздады.

– Ах! – дедім, аузымнан жалын бұрқ етіп, жүрегімнің тұсын қос қолдап басып. – Өңім бе бұл, түсім бе?! «Ертең» дедің бе, сонда қашан, сүйіктім?

– Тура онда. Трамвайдың Баязид аялдамасында, – деді де, сәулем сылаңдап кете барды.

«Сағат онда, сағат онда!» деп күбірлей бердім, күбірлей бердім.

– Не деп күбірлеп тұрсың? – деп қалды әлдекім.

Ескікөз жолдасым екен.

– Ей, бауырым-ай, көресіні геморройдан көріп тұрмын ғой, – дедім.

Ол маған визит карточкасын ұсынды.

– Ертең маған кел, мен бір дәрі берейін, ауруыңнан адакүде айығып, тура ойнақтап кетесің.

– Қай кезде барайын? – дедім. – Сағат онда бара алмаймын, бір жерде аса маңызды шаруам бар.

– Ендеше он бірде кел! – деді ол...

«Бұл қыз мені бақытты етеді екен, – деп ойландым мен. – Көптен үздігіп күтіп жүрген жауабымды алумен бірге геморройыма шипа дәрі де табылатын болды. Махаббаттың күдіреті шексіз-ау!».

Мен: «Шіркін, махаббат! Шіркін, махаббат!..» деп күбірлеп келе жатып, баяғыда өзіммен қызметтес болған бір танысыммен соғылысып қалдым.

– Иә, жұмыс таптың ба? – деді ол.

– Жоқ, – дедім күмілжіп.

– Ертең маған кел, жұмысқа орналастырамын, аптасына екі жүз лира алатын боласың, – деп төбемді көкке тигізді.

Қуанғанымнан өліп кете жаздадым.

– Сағат онда бара алмаймын, он бірде де... – деп күбірледім.

– Ендеше он екіде кел. Әрі бірге тамақтанамыз.

Бұл өмірдің бір айналдырса шыр айналдыратын қырсығы ғана емес, бір желпінтсе желкеніңді түсіртпейтін қызығы да бар екен. Қыз менің бақытым болды. Алаңның тап ортасына тұра қалып: «О, махаббат, сен қандай күдіретті едің!» деп аспанды теңселте айғайлағым келді.

– Сәлем бердік! – деді тағы бір танысым.

– Сәлем алдық! – дедім мен.

– Сірә, қалтаң тесік-ау, ә? – деді ол.

– Оны қайдан білдің?

– Ақшадан жүрдай болғанда кісі өзімен-өзі сөйлесетінді шығарады.

– Таптың. Менде соқыр тиын да жоқ!

– Ертең маған кел, бес жүз лира берейін. Кейін, байығанда қайтарарсың.

– Сағат онда бара алмаймын, сағат он бірде де, он екіде де...

– Екіде кел!

Жарты сағаттың ішінде осынша жақсылыққа кім кенеліп көрді екен! Қуанғанымнан билей жөнелдім.

– О, достым! – деп келіп біреу бас салды.

Қарасам, бала кездегі досым! Көріспегенімізге талай жыл болған. Ол бірдеңе деуге оқтала бергенде-ақ, мен:

– Сен адвокатсың ғой? – дедім нық үнмен.

– Оны қайдан білесің?

– Мәселе солай боп тұр. Маған адвокат керек. Сен менің қорғаушым боларсың.

– Иә, мен адвокатпын. Сен сотты болып жүрсің бе?

– Иә, жағдай онша емес.

– Ертең маған бюроға кел, ісінді қолға алайын. Сенен ақы сұрамаймын.

– Ертең сағат екіге дейін қолым тимейді.

– Үште кел!

Жанымды жағамнан алған жоқшылық-таршылық атаулыны түгел ұмыттым. Таңның атуын тағатсыз тосып әлекке түстім. Таң сызат бере төсегімнен ыршып тұрдым. Не автобуска, не трамвайға төлейтін көк тиыным жоқ, оның үстіне трамвайдың Баязид аялдамасына дейін жаяу баруым керек. Менің үйім, дәлірек айтсам: мен жалдап тұрған үйсымақ Левенд кварталында. Сүйіктіммен кездесуіме дейін өз есебім бойынша әлі екі-үш сағат бар. Әйтсе де, уақытты тағы бір анықтап алмаққа Левенд автобус аялдамасындағы сағатқа қарадым. Өз көзіме өзім сенбей, екі көзімді де сүрткілеп қайта қарадым. Мәссаған! Он бес минутсыз он! Автобуска, тіпті таксиге міне шапсам да, құс боп ұшсам да жетіп үлгерер емеспін. Шыбын жаным шырқырап кетті. Екі өкпемді қолыма алып жүгіріп келемін. «Сорлы басым-ай! Екі жыл

соңынан қалмай сорлап жүріп әрең иліктірген қызбен кездесуге кешігіп ит болдым-ау!» деп ойлап та келемін.

Зулап келе жатқаным соншалық, егер соңымнан қуа мылтық атса, әй, оның да оғы маған жете алмас еді. «Қара басып ұйықтап қалғаным ба? Үйден ерте-ақ шыққан жоқ па едім?» деп ойлап қойып, машиналарды басып озып зымырап келемін. Сирағымда хронометрім болса, жолдағы жұрт менің алыс қашықтыққа жүгіруден дүниежүзілік рекорд жасап келе жатқанымды көрер еді. Әзірейілдің өзі де шаңыма ілесе алмас.

Меджидиекөйге жеткен бойда алаңдағы сағатқа қарадым. Түп-тура он екі! Мәссаған, безгелдек! Левенд пен бұл екі ортаға тасбақа да бір-ақ сағат жүрмес пе еді! Мен екі сағат он бес минутта әзер жетіппін! Тротуарға жата қалып, асфальтты басыммен ұрғылай бастадым. Жаны ашып жапырлай қалған жұрт мені көтеріп тұрғызды.

– Сізге не болды? – деседі.

Менің көз жасым – көл.

– Кешігіп қалдым! – деп күңірендім. – Әне, сағат он екі. Ал сағат онда менің аса маңызды кездесуім бар болатын.

– Қайдағы он екі? – деп таңданды әлдекім. – Алаңдағы сағат тоқтап қалғалы қай заман! Ол түнгі он екіні көрсетіп тұр.

– Қазір сағат неше ?

– Сегізден аса қойған жоқ!

Әрі қуанғанымнан, әрі қалжырағанымнан тротуарға қайта сылқ ете түстім. Кездесуге кешікпегеніме шүкіршілік еттім. Жын қаққандай жүгіремін деп, суға малып мылжалап алған тышқандай болдым. Геморройым да үзіп әкетіп барады. Аштықтан көзім қарауытып, басым зеңгіді. Есімді жинай алмай біраз жаттым.

Амал не, ақыры сүйретіліп орнымнан тұрдым. Мазасыз махаббатым демеп тұрғызды. Аяқ басар шамам жоқ. Шишлиге ілбіп әрең жеттім. Алаңдағы сағатына қарадым да,

жан-дәрмен ұмтылдым. Онға жиырма минут қана қалыпты. Тағы да күйіндатып жөнелдім. Геморрой да, аштық та, қа-
жығаным да адыра қалды. Жол-жөнекейінің бәрін қағып-
соғып қақыратып кетіп барамын. Қарсы алдымнан қаралы
көш кездесе де қақ жарып өте шыққандаймын. Бір тұста бір
мотоциклдің үстінен қарғып кеттім. Кедегілі қашықтыққа
жүгірген жаяу бәйгедеймін. Харбиеге жеткенше және бір
рекорд жасаған болармын. Екіарада үш-төрт минут қана
өтсе керек еді, бірақ Харбие алаңындағы сағат жеті жарым
боп тұр! «Аспандағы күн тоқтап қалды ма, әлде мына сағат
тоқтап қалды ма?!» деп аң-таң болдым. Сағатқа тесіліп
тұрып қарадым: ол тоқтамапты, минуттың тілі ілгері ырғып
түсті. Сағат ілулі бағанға мас кісіше сылқ етіп сүйене кеттім.
Көзім бұлдырап, жүрегім айныды. Ары қарай не болғанымды
білмеймін. Есім кіре бере сағатқа қарасам, сегізден үш минут
кетіпті.

Орнымнан әупірімдеп әрең тұрдым. Сүйіктіммен сұхбат-
тасуыма дейін әлі екі сағат бар. Ілгері қарай ілбідім. Басым
айналып, геморройым шанышқылап, ішек-қарным қобыз
тарта бастады. Оқасы жоқ, бәрі де оңдалады. Сағат онда
сәулешіммен жолығамын. Сағат он бірде дәрі алып ішемін.
Сағат он екіде әлгі жолдасым мені тамаққа тойдырады және
жұмысқа орналастырады! Сағат екіде анау жолдасым маған
қарызға ақша береді. Ал сағат үште адвокат жолдасым менің
істеріммен ақы-пұлсыз шұғылданады да, барлық шаруамды
реттеп, жанымды тыншытады!

Мен Тәксім алаңына жеттім. Сағатқа қарадым. Не көрдім
десеңізші! Он болыпты! Түп-тура он! Көзімді тарс жұмып
алып тағы да тұра жүгірдім. Құстай ұшып келемін, күбірлеп
келемін.

«Сәулешім! Бірер минут болса да кешігіп келші! Қыз де-
гендер кездесуге кеш келгенді, жігіттерге тостырып қойған-

ды жақсы көруші еді ғой! О, қымбаттым, тым құрыса он минут кешігіп келші!».

Қарсы ұшырасқан топ-топ жұрттың ара-арасынан, асты-үстінен өтіп зымырап келемін.

Көлденеңдеген машиналардың бергі есігінен зулап кіріп, арғы есігінен атылып шығамын.

Жұрт аузын ашып қалып жатыр.

– Бәйгеге қосылған желаяқ шығар, – деді әлдекім.

– Жоқ, спортшыға ұқсамайды. Киімі келмейді.

– Ә, онда бақылаушыдан қашып безіп бара жатқан алаяқ саудагер болды.

Көз алдым бұлдырап кетті. Екі рет омақаса құладым. Уақытты өлтірмеу үшін екеуінде де екпініммен домалай түрегелдім де, жүгіре бердім. Сөйтіп, Қаракөй алаңына жеттім. Алаңдағы сағатқа қарадым: алты жарым! Е, бәсе, осылай болса керек еді! Мен таң атар-атпаста шықтым емес пе. Қазір сағат ең ары кеткенде жеті ғана болуы керек. Әлі үш жарым сағаттай уақытым бар. Үсті-басымды дұрыстап алайын. Әйтпесе, мына алба-жұлба күйімді көрсе, қыз байғұс талып та қалар.

Мен Қадыкөй жағасына, көпірге қарай аяңдадым. Таза ауада біраз серуендеп, сергіп алуым керек. Барып көпірдің бір жақтау тақтайына жантайдым. Енді біраз жер жүгіргенде он екі мүшем борша-борша боп, мүлде шашылып қалғандай екенмін. Сірә, үш кило, жоқ, бес кило салмақ жоғалтқан шығармын. Таң атқаннан бергі тауқыметтерім есіме түсіп, басымды көтердім. Айлақтың сағатына көзім түсті. Онға он-ақ минут қалыпты!

Бөгемендер мені! Жолдан былай тұрыңдар! Менің жанымда тіпті реактивті ұшақтарыңның өзі тасбақадай-ақ!.. Көпірдегі сабылыс сап тиылды. Біреулер айқайлап, ысқырып қалып жатыр. Полицейлер соңыма түсіп берді. Қуып жетпекші ғой, дәмелерінің зорын! Атып оқ та жеткізе ал-

массыңдар! Қас қағым сәтте Эминоню алаңынан бір-ақ шықтым. Ондағы сағат – екі жарым! Соры қалың маңдайыммен тротуарды сүзе құладым. Жын бұғандай боп жер тепкілеп жатырмын. Енді не болдым? Қыздан да, дәріден де, тамақтан да, жұмыстан да құр қалдым. Бәрінен қиыны: қарызға ақша берейін деген қайран жолдасыма баруға кеш қалдым. Ендігі бар-жоқ үмітім – адвокат жолдасым. Соған кешігіп қалмасам екен! Тағы да тұра жүгірдім. Сиркеджиге қалай жеткенімді өзім де білмеймін. Вокзалдағы сағатқа жалт қарасам, түп-тура тоғыз!

Бір танысым кезіге қалды.

– Саған не болды? – деді ол. – Жерден шыққандай жалба-жұлбасың ғой?

Сәулеммен жолыға алмай сорлап келе жатқан бейбақ басым өкіріп жылап жібере жаздадым.

– Не болғанын сұрап қайтесің!.. – дедім. Бастан-аяқ бәрін айтып бердім.

– Достым, сен бекер налисың, – деді ол, тыңдап алған соң.

– Неге бекер?

Ол сағатына қарады:

– Сенің әлі жарты сағат уақытың бар! Қазір тоғыз жарым ғана.

Еңсем езіле бір күрсініп алдым да, ары қарай жылжыдым.

Баязидке жақындаған сайын аштығым да, шаршағаным да, ауруым да бірте-бірте ұмытылып, жүрегім тағы тулай бастады.

Сөйтіп, ақырында трамвайдың Баязид аялдамасына жеттім-ау. Аялдамадағы сағатқа қарасам – сегізден жиырма минут кетіпті. Университет есігінің оң жағындағы сағатта – онға он сегіз минут қалыпты. Ал сол жағындағы сағатта – тура тоғыз жарым.

Сүйіктімді тосып тұра бердім. Оның маған бақыт әкелгенін, соның шарапатымен жұмыс та, ақша да тапқаным-

ды, енді екеуіміздің үйлене алатынымызды жыр етіп айтпақпын. Кездесуге барып жүргендерден байқағанымды істеп бір сағатқа жуық уақыт ысқырғыштап ары-бері жүрдім, сонша уақыт үнсіз ойланып, екі аяғымды кезек-кезек суытып тұрдым...

Алаңдағы сағатқа тағы қарадым – жиырма минутсыз тоғыз. Ой жетегіне еріп кетсем керек, бірталай тұрып қалғанымды аңғардым... Тағы да ысқырынып ары-бері жүре бастадым. Төңірегімде біреу-міреу бар-ау деймін. Сәлден соң сағатқа қарасам – түп-тура жеті! Мәссаған!.. Бұл не сиқыр, ей? Мына сағат не сандырақтап кейін кетіп тұр, не шынында жеті боп қалды. Университет қабырғаларындағы сағаттарға көз салдым. Бірі үш жарым дейді, екіншісі – тоғыз... Бірдеңе ұқсам – бұйырмасын!

Көшеде кетіп бара жатқан біреуге:

– Ғафу етіңіз, сағатыңыз неше болды? – дедім.

Оным ұйқысынан шошып оянған қызылкөз екен.

– Сен, немене, соқырмысың?! – деп барқ етті. – Әне, банктің сағаты, әне, аялдаманың сағаты. Әне, екі босағада екі сағат ілулі тұр.

Мен жылы орныма қайта оралдым: ысқырынып, екі аяғымды кезекпен суытып, күбірлеп тұрмын. Төңірек қараңғылана бастады.

Ал сағат тілдері онға әлі жиырма бес минут барын көрсетуде. Сірә, күн тұтылған шығар. Мен аялдамаға іргесі тиіп тұрған парк қашасының түбіне барып жайғастым...

Көзімді ашып алдым, есінедім, керіліп-созылдым. Сонсоң дереу ұшып тұрдым да, сағатқа жалт қарадым. Он екі. Сәулем қайда, мен қайда?! Тым болмаса енді тамақтан құр қалмайыншы деп ойладым. Сағат он екіде кел деген жолдасымды іздеп жөнелдім. Барсам – бөлмесі тарс жабық.

– Бұл неге жабық? – дедім.

– Жексенбі күндері жабық болады, – дейді.

Сәулешім екеуіміздің кездеспек күніміз жұма болатын. Яғни, мен парк қашасының түбінде тұяқ серіппестен екі күн ұйықтағанмын ғой? Эминоню алаңына асыға ұмтылдым. Ондағы сағатқа қарасам – сегізге әлі жиырма бес минут бар... Таңертеңгі сегіз бе, кешкі сегіз бе? Сағаттың сырын қайсыңыз жете білесіздер, а?..

ҮШ ПЕРІШТЕНІҢ ШЕШЕСІ

Саудыраған сүйегін сүйретіп бір шал келе жатыр. Тектен-тек келе жатқан жоқ, шым-шытырық ой ойлап келеді ол:

«Өз салмағыңды өзің көтере алмағаннан қиын жоқ...».

«Мынау автомобильдер сайтан құғандай зымырайды...».

«Салмағың азайған сайын шамаң азаятыны қызық екен...».

«Сан түсті, сан түрлі неткен әсем автомобильдер бар десеңші!..»

«Менің салмағым қанша дейсің? Елу килограмм ба? Жоға! Мықтағанда қырық бес шығар!..».

Ол күркілдеп жөтелді. Сонсоң күрсінді:

«Осындай өмір кешемін деп кім ойлаған... Шіркін-ай, тым құрыса екі тоқашқа, бір стақан ыстық шайға жететін тиын-сиыным болсашы...».

Автомобильдер сайтан сүйрегендей зымырап өтіп жатыр.

Жалтылдаған көкшіл лимузин көрінді. Рулін әйел ұстап отыр – аңсап жүрген әніңдей әсем-ақ! Шашы жібекше желбіреген. Автомобиль жүрісін баяулатты. Шалекең рульдегі әйелдің өзіне тесіле қарағанын аңғарғандай болды.

Аруақтай арық шал: «Маған жетпей жүргені желөкпелік еді!» деп іштей күлді.

Жалтылдаған көкшіл лимузин озыңқырап барып тоқтады. Шал жанынан өте бергенде әйел терезеден басын шы-

ғарып қарады. Иә, шал қателеспепті, әйел оған көз салып отыр.

Көкшіл лимузин тағы да озыңқырап барып тоқтады. Әйел көзін алар емес. Әлде басқа біреумен шатастырып келе ме? Әлде жаны ашығаны шығар? «Ей, мен осыған ұнап қалмайын?» деп шал іштей қуланып қойды.

Көкшіл лимузин бір жүреді, бір тоқтайды. Шал көшенің оң жағына өтті. Сұлу әйел енді оған машинасының оң жақ терезесінен қарады. Шал: «Жігіт шағымда сымбатты-ақ едім» деп ойлап, еңсесін көтеріңкіреп аяңдады.

Ол көшенің сол жағына қайта өтті. Көкшіл лимузин жанасалап келіп тоқтады да, әйел:

– Есікті аш та, кел, отыр! – деп дауыстады.

Шал сасып қалды. Бірақ әйелдің жымыбысы дереу жігер беріп, ол қалбалақтап барып машинаға отырды. Лимузин жайлап сырғи жөнелді. Әйелде үн жоқ. Шал да үндей алмады. Лимузин үлкен үйдің алдына тоқтады. Сыртқы есікте қарсы алған қызметші әйел шалға шошына қарады.

Олар жасау-жиһазды бөлмеге кірісімен-ақ әйел:

– Шешін! – деп бұйырды шалға.

– Әміріңізге құлдық, тек жуынып алайын.

– Шешін дедім ғой мен!

«Шыдай алмай тұрғанына қарағанда, ындыны кеуіп жүрген болды». Шал қырық жамау кір көйлегін шешіп тастай берді.

– Шалбарыңды да шеш!

Шалдың енді еш күмәні қалмады. Іші гулеп тұрған аш екенін де, діңкесі құрып шаршағанын да ұмытып, сұлудың далиған мықыны мен дірілдеген төсіне ашқарақтана қарады. «Таңданатын не бар? – деп ойлады ол. – Мені қалады. Жүрегімен ұқты да ұнатты мені!».

Шал: «А, Құдай, өзің қуат бер, пұшайман қыла көрме!» деп іштей жалбарынды да, шалбарын шешіп тастап, әйелге қарай аяқ басты.

– Дамбалыңды да шеш! – деп бұйырды әйел. Қоңырауды қағып қалып еді, өзі сияқты жалпиган қызметші әйел жетіп келді.

Шал сасқалақтап қалды. «Бұлары жарамайды! – деді ол іштей. – Менің жасымда екеуіне бірдей шама жету қайда?!».

Қожайын әйел:

– Тәрбиешіге айт, балаларды ертіп келсін! – деді қызметшісіне.

Қызметшісі шығып кетті. Тыржалаңаш боп шал тұр. Дір-дір етеді. Не тоңғаны, не толқығаны. Опасыздық жасаған күйеуінен есе қайтаруға асыққан бір әйел көшеде кез келе кеткен бір бейтаныс еркекті үйіне алып барыпты дегенді естіген ол. «Мына әйел де мені ерегестің ермегі етпек-ау» деп ойлады шал. Ол басқаға жарамаса да, әрине, ермекке жарайтын еді.

Тәрбиеші, қызметші және үш балақай кірді. Балалардың екеуі – қыз, біреу – ұл; үлкені он жаста, кішісі алты жаста болар. Үшеуі де періштедей.

«Қызметшіні де, тәрбиешіні де қойшы, – деп ойлады шал, – ал мына балалардың көзінше...».

Шалдың мойны қылдырықтай, аяқ-қолы ербиген қу шыбықтай. Қабырғасын көз жетер жерден санап алуға болатын. Тірі адам сияқты емес, салтақ-салтақ сары терімен қаптап қойған қу сүйек секілді...

Қожайын әйел:

– Әсел тамақ ішті ме? – деді тәрбиешіге.

– Азғантай ғана ішті. Кофесін ішпей қойды, – деп жауап берді тәрбиеші.

– Гексель ше?

– Ол мүлде ішкен жоқ.

– Алтан ше?

– Шоколадтан бір тістеді де қойды.

Әсем әйел кір-қожалақ шалды балаларға нұсқап көрсетіп:

– Мына кісіні көрдіңдер ме? – деді. – Бұл әбден жүдеп, тарамысына ғана ілініп тұр. Егер тамақ ішпесеңдер, сендер де дәл осындай болып қурап қаласыңдар!

Шошып кеткен үш періште шешелерінің далиған мықынын паналады. Аңсаған әндей әсем әйел:

– Тез киін де, қараңды батыр! – деп ақырды шалға.

ҚҰПИЯЛЫ ПІРӘДАР

Бауырым, сен біліп ал: біздің ауылда жастар аса сақтықпен, қулықпен тәрбиеленеді.

Айталық: бір бозбала бұлғақтап, ыржақтап, бұзыла бастады делік – дереу құлағын тұндырып тұрып үрсу керек. Оныға болмаса, сілікпесін шығарып сабап ал. Онда да болмаса, ол есекті сүйреп солдатқа бер. Әскерден де оңбай келсе, ол әумесерді үйлендір. Онда да ақылы кірмесе, құйрыққа қайқайта бір теуіп, ауылдан қуып таста. Басқа амал жоқ. Миғұланы өскен ұясынан сөйтіп сандалтып айдап жіберсең, ол басқа ауылға мүлде басқа кісі боп барады. Жарық дүниеге қайта келгендей өзгеріп сала береді!

Ата-бабаларымыз айтқан ғой: «Қолда өскен бураның тайлақ аты қалмайды» деп. Жаны бар сөз. Өз орталарынан шыққан әулиені алақанына салып аялап, данышпаным-ай деп дәріптеп жүргендерді көргенің бар ма? Жоқ, көрген жоқсың, бұл жарық дүниеде көре де алмайсың. Нұх пайғамбарды естіген шығарсың? Жерлестері оны әулие деген. «Сенің Нұх екенің рас, бірақ сен тіпті де пайғамбар емессің» десе керек. Ал Нұх дегенің, бауырым, ұлы әулие болыпты.

Қайталап айтайын: миғұлаңа сөз өтпесе, ақыл қонбаса, қолыңа таяқ ал. Таяқпен намаз үйрете алмасаң, солдатқа жібер. Жуан жұдырық ефрейтор ол көкжалыңды көк төбетке айналдырып береді. Ал егер ефрейтордың да емі қонбаса, онда ол ақымаққа әйел алып бер. Асау атты аштық жуасытады, аусар жігітті әйел жуасытады. Тіпті оған да болмаса, онда анау бір жеріне мықтап бір теп те, тентіретіп қуып жібер.

Баяғыда біздің ауылда Мұрат деген қаныпезер біреу болды, жұрт оны «Доңыз» дейтін. Онымен салыстырғанда сенің тентегің, бауырым, кәдімгі періште ғой. Сол Мұрат жасы онға жетер-жетпесте-ақ апайы Фатима мен кемпір шешесінің басына әңгір-таяқ ойнатты. Күн көрсетпеді. Үй іші оған:

– Мұрат, айналайын, қойшы, тентек болмашы! – деп жалынып, ақыл айтып байқады. Ұғады дегенің! Тыңдамайды да. Иттерді ұстап алып құйрығын кеседі, бау-бақшаның астаң-кестенің шығарады, шатырды шағады, мұржаға су құяды. Қысқасы: жын-шайтанның да қолынан келмейтін шатақтарды жасайды.

Бірде жұма күні біз мешітке бардық. Ауыл адамдары түгел жиналды. Ал имам жоқ. Сарылып ұзақ тостық. Әлде заманда келді. Имамға көзі түскендердің күлкіден ішектері түйілді. Құдай өкілінің бет-аузы әлем-жәлем бояу. Онысын сезіп тұрған имам жоқ:

– Ассалаумағалейкум! – дейді.

Жұрттың сәлемдесуге мұршасы келмейді, қарқылдап күліп жатыр.

Олары несі дейсіз бе? Имам бастаудың басында ұйықтап қалған да, Мұрат Доңыз оның бет-аузына айғыздап бояу жағып қойған. Ол үшін біз оны ұстап алып итше тепкіледік те:

– Әй, Доңыз, Құдайдың өкілінде не өшің бар еді? – деп сұрадық.

– Мұны әдейі істедім, – дейді ол, – оның дәрет алмайтынын сіздер білсін дедім. Егер ол нағыз тақуа мұсылман

болса, мешітке келер алдында дәрет алар еді, бетінің бояу екенін сезер еді.

Біз имамның дүмше діндар екенін, Құран шарттарын шала орындап жүргенін түсіндік. Бірақ Мұрат Доңызға да кешірім жасамадық, жонынан тірідей таспа тілдік. Бәтшағар қыңқ етсеші!

Ей, бауырым-ай, Мұрат Доңыздың істемегені бар ма? Не істегенін айтып беру мүмкін емес. Ол жәдігөй жасы он төртке толған күні Фадик деген жесір кемпірді тауға ұрлап алып кетіп, үш күн бойы көңіл көтерсін. Ол арсызды бүкіл ауыл боп сабылып іздедік. Жалтыртау шатқалындағы аю үңгірінен таптық. Қарасақ: Мұрат үнгір төрінде талтайып, қол соғып отыр, алдында бір бөтелке арақ. Ал Фадик тыржалаңаш билеп жүр.

Қағынған қызталақ сөйтіп ауылымыздың абыройын төкті. Біз Доңыз Мұратты ұстап алдық та, тырдай ғып таяқтадық. Бетіне түкірдік!

– Мен жақсылық істеуді ойладым, – деп Мұрат та болмады. – Байғұс Фадикпен тірі жан сәлемдеспей жүрді емес пе. Ал мен мұны аяп, аздап сылап-сипадым...

Фадик біздің аяғымызға жығылып сарнай жөнелді:

– Жазықсыз жігітті аяй көріңдер, – деді ол, – мен бұның зорлығын кешірдім. Бұл өзі менің шөбереммен шамалас. Бірақ мен бұған өкпелі емеспін. Мұндай нар жігіттің жолына кемпірлерді мыңдап құрбандыққа шалса да болады. Қоя беріңдерші, аяңдаршы!

Сол әредікте әлгі иттің баласы сытылып қаша жөнелгені ғой. Ұзап алған соң:

– Әй, қақпыштар, кіріспеске кірісіп не жындарың бар? Фадик әжем де риза, мен де ризамын, ал сендерге не жоқ?! – деп айғайлады.

Солай, бауырым, жарық дүниеде біздің Мұрат Доңыздай сұрқия болған жоқ шығар.

Бірде түн ортасында шошып ояндық, ауылдың бір шеті қып-қызыл. Көшені түтін буған. Өрт! Қарасақ: Ысмайылдың сабан қорасы өртеніп жатыр. Тайлы-таяқтымыз қалмай үкідей ұшып бардық. Ысмайылдың соры қайнап солдатта жүргеніне екі жыл болған, үйінде үлбіреген келіншегі жалғыз қалған. Енді, міне, соның қорасы лапылдап өртеніп жатыр!

Ол сұмдықтың Мұраттан келгенін түсіне қойдық. Желкесі қиылғырды жерге кіріп кетсе де табу керек!.. Сүмірейтіп ұстап әкелдік те, сұрақ қойдық.

– Әй, Доңыз, мына қораны неге өртедің?

– Асықпаңдар, қазір өздерің көресіңдер, – дейді ол.

Сол сәтте деші, бауырым, қорадан еркек пен әйелдің:

– Құтқарыңдар! Сөндіріңдер! Құрыдық! Күйіп өлетін болдық! – деп қосарлап ойбайлаған дауыстары естілді.

Бір терезеден ауылнай мен Ысмайылдың әйелінің басы қылтия қалды.

– Әй, ауылнай, сен мұнда не бітіріп жүрсің? – деп айғайлады.

– Ойбай, сұрамаңдар! Солдаттың қатынын өрттен аман алып шығайын деп жүгіріп келіп едім... құтқара көріңдер! Өлдік!

Терезе жерден қол созымдай ғана биікте.

– Әй, секіріп түссеңші, ойбайламай! – дейміз.

– Түспеймін, – дейді ауылнай, – мен жалаңашпын. Біреуді менің үйіме жіберіңдерші, шалбар алып келсін.

– Әй, ауылнай, өрт сөндіруге жалаңаш жүгіргенді кімнен көрдің?

Ысмайылдың әйелі де:

– Айналайын көршілерім-ау, көмектесіңдерші! Маған көйлек пен бас орамал әкеліп беріңдерші! – деп зарлай бастады.

Онысы несі? Өрт шалған қорасында ол неге жалаңаш жүрді екен?

Ал Мұрат Доңыз болса:

– Ей, жарандар, ол ұятсыздарға киім беруші болмаңдар! Өйтсеңдер, бәріңнің қора-қопсыларыңды өртеп, итше ұлытамын! – деп барқырап тұр. Оның айтқанын істейтіні тағы рас.

Аусар неме Ысмайылдың әйелі мен ауылнайды түнде аңдып жатыпты да, киімдерін жымқырып, сабанға от қойып тайып тұрыпты.

Ауылнай жыларман халде, жұрт анталап тұрғанда терезеден тыраң етіп секіріп түсуге дәті жоқ. Ашынасының да амалы құрып тұр: ауылдың кәрі-жасы түп-түгел жиналып қалған.

Қора ішінде жанжал басталды. Екі ашына есектің ертоқымы мен жабуын тауып алып, соны бөлісе алмай айқайласып жатыр.

– Мен жамыламын! – дейді ауылнай.

– Жоқ, мен жамыламын! Еркек екенің рас болса, бар, терезеден секір, саған кім қарайды! – дейді әйел.

Ауылнай есектен ары бақырып:

– Сен – бұзылған қатынсың! Мен – ауыл ағасымын! Мен жұртқа жүрдай боп көріне алмаймын! Жабуды маған бер! – дейді.

Әйелдің шашына от тиді.

– Мұсылмандар-ау! – деп шыңғырды ол. – Еркектер-ау! Теріс қараңдаршы! Жақындарыңның жалаңаш әйеліне қарау күнәһарлық қой!

Әйел терезеден секіріп түсті де, алды-артын алақанымен бүркеп жүгіріп, үйіне кіріп кетті.

Ауылнай да қорадан атқып шықты. Есектің жабуын – бөксесіне, тоқымын – алдына жауып алған, үйіне қарай зыта жөнелді.

Өрт сөндіру қайда, жұрт қыран-топан боп күліп қалды.

Солай, бауырым, ол әумесердің қылықтарын айтып тауысу мүмкін емес. Маңайын обаша отап жүргені.

Ақырында сотқа пара беріп жүріп Мұрат Доңызға екі жылды арқалаттық та, бөлемді солдатқа қуып жібердік.

Ауыл тынышталып қалды. Жуанжұдырық ефрейтордың көкжал қасқырыңды көк тоқтыға айналдырып жіберетінін білеміз, сол енді Мұрат Доңыздың да жын-шайтанын қағып, адам кейпіне келтіріп қайтарар деп ойладық.

Арада жарты жыл өтер-өтпесте біздің Мұрат ефрейтор болыпты деп естідік. Ал керек болса! Оны енді кім тәртіпке салады!.. Бірнеше айдан кейін Мұрат сержант боп шыға келді. Ауылдағылар жағасын ұстады: «Бүйте берсе, ол жексұрын не капитан, не майор болып қайтар» десті. Әскери қызмет мерзімі екі жыл емес, айталық, бес жыл болғанда ғой, бауырым, ол шынында офицер боп қайтатын еді.

Мерзімді міндетін өтеген соң Мұрат ауылға қайтып оралды. Мұрнын көкке көтеріп, тіпті илігер емес. Қорлықтың көкесін енді көрерміз дестік. Доңыз кезінде бізді шілше тоздыра жаздаған бұл Мұрат сержант болып алғаннан кейін енді не тамтығымызды қалдырар дейсің.

Иә, Мұрат бұрынғысынан бетер құтырынды. Бой берер түрі жоқ.

Біз, шаруалар, бір күні кофеханаға жиналып ақылдастық: «Бұл бәтшағарды үйлендірейік. Азулы қатын кездесе, мұны ауыздықтап ұстар. Азынаған айғырдың аптығы басылар!» дестік.

Мұрат болса:

– Мен – сержант Мұратпын. Ойыма не келсе, соны істеймін. Үйленуге келісемін, бірақ тек өзіме ұнаған қызды аламын. Оның әке-шешесі қалың малды көксемейтін болады. Жарайды, бақалшы Шүкірдің қызын алуға келісейін! – дегенді айтты.

Шүкір – бүкіл аймақтың сыйлы адамы; қызы – маңдайына басқан жалғыз, нағыз ару. Біз тайлы-таяқтымыз боп жиналып Шүкірге бардық.

– Шүкір аға, бізді аңыз! Әміріңізге құлдық. Бәріміз боп Мұратты тезге салмасақ, ол бізге күн көрсетпейді, ауылдан безіп кетуге мәжбүр боламыз. Қызыңа қанша қалың мал сұрайсың, айтшы, бүгін-ақ жинап берейік! – дедік.

Зәнталақты ақырында үйлендірдік-ау! Бірақ тойдан соң ол мүлде қағынып кетті. Шаруалар азаннан ақшамға дейін салпақтап соның жұмысында жүреді, ал ол арақтан басын ала алмай үйінде күркіреп жатады. Онысымен қоймай:

– Мені солдатқа алдап жібергендерің үшін сазайларыңды тартасыңдар! – деп зіркілдейді. – Аяқты қия басқандарыңның бәрін өкіметке айтып отырамын. Жалғызбасты еркек шаруа өле қалса, қашан жерін сатып бітіргендеріңше оны жасырып қоясыңдар. Жесір әйел өле қалса, оның неке куәлігін бассалып жөндейсіңдер де, иен дүниесіне ие бола кетуге жанталасасыңдар. Алаяқтар өңшең! Көздеріңе көк шыбын үймелетемін! Маған тамақ пен ішімдікті тегін беріп тұратын боласыңдар!

– Сабыр, сержант Мұрат, сабыр, – деп жік-жапар болдық.

– Тамақты да, ішімдікті де тегін-ақ беріп тұрайық, тек айқайламашы!

Сабыр қылғаны неткені! Сұмпайылар сөз ұғар ма?! Тегін арағымызға сылқиып алады да, асты-үстімізді жездей қақтайды.

Бір күні кофеханаға жиналдық та:

– Айналайын Мұрат, сержант мырза! Бізге не істе дейсің, соныңды айтшы! – дедік.

– Мені ауылнай етіңдер! – деп ежірейді.

Мұндай бетсіз болар ма?! Оны ауылнай етіп сайлау дегеннің ауылды мүлде масқаралау емес пе?!

Біздің жауабымыз оны жындандыра жаздады:

– Ауылнай етіп сайлағыларың келмесе, имам етіп тағайындаңдар! – деп бақырды.

Астапыралла! Енді естімегеніміз сол еді. Мешітті Құдайды білмейтін найсапқа тапсырсақ, не болғанымыз?!

Мұрат құтырынған үстіне құтырына берді. Әйелдердің аузын аңқитып кетеді, үй тонайды, қой ұрлайды, қора өртейді.

– Мені имам етіңдер! Әйтпесе, күндіз күлкі, түнде ұйқы бермеймін! – деп безерді. Айтқанын істемей тынбайды ол.

Біз тағы да жиналып ақылдастық. Ол бізді құртып болғанша, біз оны құртып тынайық дестік.

Бір түні ұйықтап жатқан Мұратты бас салып байлап-матап сүйретіп тауға алып бардық та, сілейтіп сойып салдық.

– Мә саған ауылнай! Мә саған имам! – деп тұрып тепкіледік.

Өзі мұндай итжанды болар ма! Бір кезде қолымыздан сытылып тұра қашты.

Тыныш та қашқан жоқ:

– Әй, алжасқан есектер, мен бәрібір имам болам! Көресіңдер әлі! – деп кетті.

– Имам болмақ тұрғай, шайхүлісләм болсаң да еркін, тек бізден аулақ кет! – дедік.

Сол жексұрыннан сөйтіп әрең құтылдық, бауырым.

Бірнеше ай өтті, Мұрат Доңыздың қылықтары ұмытыла бастады.

Ораза айы туды. Ауылға имам шақырттық. Келген имам бір ғұлама боп шықты. Үлкен-кіші боп түгел тәжім еттік. Пайғамбар да сондай-ақ болған шығар! Әр сөзі – алтын!

Ораза айты өтті.

– Қалағаныңызды қалтқысыз орындап тұрайық, кетпеңіз. Біздің ауылда қалыңыз! Бізге имам болыңыз! – деп әлгі имамға жатып жабыстық. Ол тілегімізді қабыл алды.

Арада бір ай өткен шамада көрші ауылдан бізге бір мейман келді. Екі ауылдың арасы – иттің үргені естілетін жер.

Ертеңінде мейман мешітке сәске намазына кетті. Бір уақытта мешіттен айқай-ұйқай естілді. Жүгіріп барсақ: әлгі мейман біздің имам байғұсты домалатып тепкілеп жүр. Тіпті өлтіретін түрі бар. Қарап тұрайық па, біз дереу мейманның өзін тепкілеп ала жөнелдік.

– Қасиетті кісіге қалай ғана қол көтердің?! – дейміз.

– Қайдағы қасиетті кісі?! – дейді мейман бажылдап. – Бұл дінсіз неменің бізге істемегені бар ма! Сақалын күйектей қылып өсіріп алып, имаммын деп сендерді алдап жүр. Мен мұны білмейді дейсіңдер ме? Былтыр жазда менің әйелімді тауға алып қашып кетіп, бір апта бойы мазақ қылған жоқ па?! Қоя беріңдерші мені! Жексұрынды тепкілеп өлтірейін!

Мейманды төпелеп қуып жібердік те, имамнан бүкіл ауыл боп кешірім сұрадық.

Көрші ауылдан бірде тағы бір шаруа келді. Кофеханада имамды көре сала ол да ұмтылды, қолында есек айдайтын істік ағашы бар. Имам байғұсты әрең арашалап қалдық.

– Қоя беріңдер мені! – деп әлгі шаруа тап-тап береді. – Мен мұны өлтіремін! Бұл менің бір отар қойымды ұрлап, қалаға айдап апарып сатып жіберген! Бұл иттің баласы біздің ауылдікі, бұл сұмырайды бүкіл ауыл біледі! Сақалын сапситып жіберіп, қарашы имаммын деп жүргенін!

Біздің шаруалар қараңғы ғой, бауырым. Бір-біріне егіз қозыдай кісілер болатынын білмейді. Алла тағала адамдарды пар-парымен жарататынын олар ұқпайды. Көрші ауылдан кім келсе де, біздің байғұс имамды тарпа бас салатыны содан ғой. Біз ақыр-аяғында имамды көршілердің көзіне көрсетпей тығып ұстауға айналдық, әйтпесе тіпті ұрып өлтіретін түрі бар.

Міне, көрдің бе, бауырым, кейде жақсы кісінің сөйтіп қайдағы біреуге ұқсас боп жапа шегетіні бар.

Бір күні түнде ауыл шетіне жау тигендей айғай-сүреңнен шошып ояндық. Қарасак: көрші ауылдың жігіттері, бір-бір атқа мінген, қолдарында – шоқпарлары:

– Бөрі Махмұтты бізге дереу шығарып беріңдер, әйтпесе тура соғыс ашамыз! – деп тебітіп тұр.

– Бөрі Махмұт деп тұрғандарың кім? – дейміз.

– Сендердің сұмырай имамдарың!

– Сабыр етіңдерші, дұрыстап сөйлесіп алайықшы, – деп өтіндік біз.

Аттылар ауылды айнала қоршап алған. Сірә, біздің имам қашып кетіп жүрер десе керек. Көршілеріміз бізге елшілерін жіберді. Біз де келіссөзге ебі бар шалдарымызды шығардық. Сөйтіп келіссөз басталды.

– Достар, – дедік біз елшілерге, – сіздер біздің ауылды жермен-жексен етіп кетулеріңіз мүмкін, бірақ біреуіміз аман қалған күннің өзінде де біз имамымызды сіздерге бермейміз. Екі арада бір түсінбестік бар. Сіздер қасиетті кісіні қайдағы бір Бөрі Махмұтпен шатастырып жүрсіздер. Бір-біріне ұқсас кісілер болмаушы ма еді? Имамды шығарып беріп күнәһар болар жайымыз жоқ! Құдай сақтасын! Қазір өзі ондай ғұлама пірәдарлар сиреп кетті. Біздің мынау күнәға толы жалғанды заманақырдан сақтап қалып жүргендер солар ғой.

Елшілердің біреуі былай деді:

– Сіздер ғұлама пірәдәрларды түстеріңізде де көрген жоқсыздар. Біздің имамымыз Мұрат қожа ғана – сондай қасиетті кісі. Оның әр сөзі – алтын. Сақалы беліне түскен, аузында – Алла, қолында – Құран. Егер бұ жарық дүниеде қасиетті бір кісі болса, ол – біздің Мұрат қожа.

– Тоқтай қалыңыздаршы, – дедік біз. – Қай Мұратты айттып отырсыздар? Біздің Мұрат Доңыз емес пе? Көзі тұздай ма?

– Иә.

– Сол қолының шынашағы жоқ па?

– Жок.

– Мұрнының ұшында сүйелі бар ма?

– Бар.

Сол сәтте біздің шаруалар шу ете түсті:

– Халайық-ау, бұл тұрысымыз не тұрыс?! Аузымызды ашып тұра береміз бе? Жүріндер, ол алаяқты ұстап алайық! Ол итті өлтіру керек! Көрші ауылға қашып кетіп, қойқыш имам болып жүр екен ғой?!

Енді көршілер бізге жік-жапар бола бастады:

– Бір-біріне ұқсас кісілер болады дедіңіздер ғой. Сіздер жаңылысып отырсыздар! Мұрат қожа – ең пірәдар адам!

– Біздің Мұрат Доңыз пірәдар ма?! Тапқандарын!

Екі ауыл бір-бірімізді бауыздап тастайтындаймыз. Өрт шығуға айналды. Сол кезде бақалшы Шүкір сөзге араласты:

– Тоқтай қалыңдар! Мен бәрін де түсіндім. Біздің Мұрат Доңыз сакалын беліне түсіріп жіберген де, көршілерге имам болған. Ал бұлардың Бөрі Махмұты бізде имам. Ендеше біз неге араздасамыз? Қыңқ демейік. Бұлар біздің Доңыз Мұратқа риза, біз – Мұрат Бөріге ризамыз. Егер біз имамдарымызды аластап қуып жіберетін болсақ, олар барып басқа ауылдардың шырқын бұзады. Сонсоң бізге қандай имам тап боларын ит білсін. Келіндер, кәне, татуласайық. Арамызда еш кірбің болған жоқ деп білейік. Сендердің қасиетті имамдарың – бізге, ал біздікі сендерге қайырлы болсын.

Елшілерді шай мен кофеге қандырып, ат үстіндегілерді айранға тойғызып аттандырдық.

Көршілеріміз кетіп бара жатып:

– Апырым-ау, біз Махмұтты бағалай алмаппыз-ау! – деп таңданысты.

– Мұрат Доңыз сияқты салауатты адамды ауылдан неге ғана қудық екен? Біз де оны жете білмеппіз ғой! – деп өкініп біз қалдық.

– Мұрат – күні бүгінге дейін сол ауылда имам. Ондағылар оны ауыздарының суы құрып мақтайды. Өзіміздің имамға біз де дән ризамыз.

– Солай, бауырым. Ұлым тентек деп налыма. Әлі де кеш емес. Ол біздің Мұрат Доңыздан өткен бұзақы емес шығар. Ұрсып, сабап қой. Оған болмаса – солдатқа бер. Оған болмаса – әйел әпер. Оған да болмаса – өлімші етіп тепкілеп, бәлемді үйден қуып жібер. Көрші ауылдағылар оны құрақ ұшып қарсы алатын болады. Сонсоң оның тап-таза тақуа боп шыға келеді.

АГЕНТ ОХ-13

О л әлемге әйгілі, атышулы барлаушы болды, оның есімі көзінің тірісінде-ақ дүниежүзілік шпиондық тарихқа жазылды. Ұзақ уақыт бойы Шығыста жұмыс істеді, сонда да жинақы, қуатты, жап-жас қалпынан өзгерген жоқ. Үкімет оны ұлттық барлау қызметінің мақтанышы және марқасқасы деп санап, ОХ-13 агент деп айдарлап, оған үнемі үміт артып отырды.

Түркияда аса маңызды бір тапсырмаларды орындау қажет болды да, ОХ-13 Ричард Веллинг деген атпен жолға шықты.

Қай елге жол түсуге айналса, агент ОХ-13, әлбетте, сол елдің тілін үйрене бастайтын, оның шет тілді үйрену қабілеті тым ерекше болатын. Шет ел тілін төсекте жатып үйренген дұрыс деген бір аталы сөз бар ғой, соны жадына тұтқан агент ОХ-13 түрік қызына үйленуді, қабілетін сөйтіп жетілдіруді жөн көрді. Оған лайық қыз іздеп табу онша қиын болған жоқ. Қалыңдықтың әке-шешесінің күйеу бала мұсылман дініне енсін деген талабы да орындалды. Әрі көзі ашық, әрі дін мәселесіне мән беріп әдеттенбеген агент ОХ-13 егде тартса

да, тәуекелге бел байлап ерлік жасады да, Ричард Веллингтен Ришад Уәлиге айнала салды. Ал екі-үш айдан соң түрікше сайрап кетті.

Сөйтiп, ол жат елде қымсынбай тұра беретiндей болып алды да, өзiне жүктелген тапсырманы орындаудың оңтайлы жолдарын қарастыра бастады. Бірақ бiр тосын жайт оған қолбайлау болды. Өздерiңiз бiлесiздер, бейтаныс тұрмыс, бейтаныс қауым кейде кiсiнi мүлде өзгертiп жiбередi. Ислам дiнi, түрiк қызы, түрiктер өмiрi Ришад Уәлиге де күштi әсер еткенi соншалық, безбүйрек барлаушының тас боп қалған жүрегi, жасымас жiгерi, темiрдей жүйке тамыры кенет май тиген көнше былбырап жүре бердi. Адам сенбес iс болды. Сiрә, өзiне көрсетiлген жылы шырайлы құрмет, кiршiксiз меймандостық Ришад Уәлидiң жүрегiн елжiретiп жiберсе керек. Шпиондық тапсырмасы оған тауқымет бола бастады: маңайындағы мейiрiмдi, ақ көңiл адамдарға қастандық жасағысы келмедi. Түрiктiң барлау басқармасына барып шынын айтуға бел байлады, арғы жағын көре жатармын дедi. Не көрсетсе де көнбекшi, тек мейiрiмдi, мархабатты адамдардың арасында, сүйiктi әйелiнiң жанында тыныш та бақытты өмiр сүрсе болғаны...

Сол байламмен үйден шықты.

Ришад Уәли басқармаға жетiсiмен дереу бiрiншi бөлменiң есiгiн қақты да, табалдырықтан аттай бере ондағы қызметкерге өзiнiң Ришад Уәли Ричард Веллинг – агент ОХ-13 екенiн, шпион екенiн, мұнда аса маңызды тапсырмамен келгенiн айтып салды. Ұлы елдiң аты бөлмедегi қызметкерге құдайдың аты боп естiлсе керек, «шпионмын» деген сөздi аңғармаған да сияқты, орнынан ұшып тұрып қаздия қалды да, Ришад Уәлиге өзiнiң аты-жөнiн, қызметiн айтып рапорт бердi.

– Сiзбен танысқанымға өте қуаныштымын, төрлетiңiз, өтiнемiн, отырыңыз... – деп қалбалақтай бастады.

Иә, Ришад Уәли қателеспепті. Меймандос халық тіпті шпионның өзін құшақ жая қарсы алғанын қарашы! Ол қызметкер ұсынған сигаретті алып, жайланып отырып, сөзін қайтадан бастады.

– Мен агент ОХ-13-пін. Мұнда Ричард деген атпен жіберілген едім...

– Сізге менің көмегім қажет пе? – деп қызметкер сұрайды. – Сізге бізден бір нәрсе керек пе?

Ришад Уәли абыржып қалды.

– Мен бөтен елдің барлаушысымын... – деді жасқаныңқырап сөйлеп.

– Ә-ә-ә... Өте жақсы... – Қызметкер сәл-пәл ойланды. – Бізде жұмыс істегіңіз келеді ғой, ә? – деп жайраңдап сөйлеп, жымиып қойды. – Ендеше, ғафу етіңіз, екінші қабатқа көтеріліңіз де, 228-інші бөлмеге кіріңіз!

Ол бөлмедегі кісі Ришад Уәлидің сөзін байыппен тыңдап алды да:

– Сізге берілген тапсырма не? – деп сұрады.

– Астыртын бүлдіру, жарылыс жасау, – деді Ришад Уәли.

– Біздің ол бөлімде бос орын жоқ, жуық арада бола да қоймайды. Амал не, сізді ешқайда орналастыра алмаймыз.

Аспан қақ айырылады десе де мыңқ ете қоймайтын кәсіпті барлаушының жүйкесі жұқаруға айналды.

– Мен барлаушымын дедім емес пе! Мен шпионмын! – деді дауысы қатқылданып.

– Өте жақсы. Сонда сізге не керек! Сізді жақтауымыз, сүйеуіміз қажет пе?

– Мен шет елдің агентімін! Маған шынымен назар аударғыларыңыз келмей ме? – Ришад Уәлидің дауысы дірілдеп шықты. – Мен барлық құпиямды ашып беремін...

– Ә-ә-ә... Онда сөз басқа. Сіз қазір, егер ренжімесеңіз, бір қабат көтеріліңіз де, дәлізбен оңға қарай жүріп, ең түпкі бөлмеге барыңыз. Қопарылыспен шұғылданатындар сонда.

Ришад Уәли үшінші қабатқа көтерілді.

– Әпендім, мен барлаушымын...

Әпенді оған қараған да жоқ:

– Кім жіберді?

– Мен өзім келдім...

Әпенді ашулана көз тастады:

– Сізді маған кім жіберді деймін?

– 228-інші бөлмедегілер. Қопарылыспен сіз шұғылданады деді.

– Ол рас, бірақ қопарылыстың талай түрі бар.

– Мен көпір қопарғышпын.

– Ендеше маған бекер келгенсіз. Қопарылыстың аты – қопарылыс, ал көпірдің аты – көпір.

– Енді кімге баруым керек?

– «Кімге» дейсіз бе? – Әпенді сәл ойланды. – Сіз төртінші қабатқа көтеріліңіз, кімге баруды сондағылар айтады.

Он минуттан соң Ришад Уәли басқа бір кабинетте отырды. Ондағылар да ілтипат көрсете сөйлесті де:

– Сіз қандай көпірлерді қопара аласыз? – деп сұрады.

Ол сұрақты естіген секундта Ришад Уәли тас-талқан боп қопарылып қала жаздады.

– Сіздер, немене, көпірдің қандай болатынын білмейсіздер ме?

– Білеміз. Тас көпір, темір-бетон көпір, ағаш көпір болады... Біздің бөлімдердің әрқайсысы сол көпірлердің бір ғана түрімен айналысады.

– Олай болса, мен темір-бетон көпірмен айналысамын, – деді Ришад Уәли.

– Онда сіз тура келмепсіз. Бесінші қабатқа көтеріліңіз де, 501-інші бөлмеге барыңыз, сіз соларға керексіз.

501-інші бөлмедегі қызметкер де Ришад Уәлидің сөзін байыппен тыңдап, сонсоң әлдебіреуге телефон соқты:

– Бей, маған бір кісі келіп отыр, барлаушымын, темір-бетон көпірлердің күлін көкке ұшыра аламын дейді. Сіз нендей нұсқау бересіз бізге?.. Құп болады! – Қызметкердің жүзі жадырап жүре бергенін көрген Ришад Уәлидің көңілі көншіңкіреді. – Бастығымыз табылмайтын ақыл айтты. Сіз жоғарғы қабатқа барып, сондағы Хашим бейді тауып алыңызшы.

Хашим бейдің ықыласында шек болған жоқ.

– Кешіріңіз, сіз көпірлерді қалай бұзасыз? – деді ол.

Ришад Уәлидің түсі бұзылып кетті:

– Қалай бұзсам да, сізге бәрібір емес пе?

– Ашуланбауыңызды өтінемін... Һм-м... Барлаушымын дейсіз де, жоққа ашуланасыз... Біле білсеңіз, жүйкесі жұқалар бізде жұмыс істей алмайды... «Қалай бұзатынымды неге сұрайды» дейсіз бе? Оның себебі бар. Жарылғышты қою мен бикфорд шнурын тұтату – өз алдына да, мөлшерлеп сағат қою мен алыстан басқарып жарылыс жасау – өз алдына. Бізде соның әрқайсысымен жеке-жеке секторлар шұғылданады.

– Мен кез келгенін білемін! – деді Ришад Уәли түтігіп. – Мен барлаушымын! Түсіндіңіз бе?! Барлаушымын! Аса жетік маманмын! Мен бәрін де білем! Ұқтыңыз ба?

– Онда бізге бекер келгенсіз. Бірінші қабатқа түсіңіз де, оң жақтағы үшінші бөлмеге барыңыз.

Жолы боларынан түңілген Ришад Уәли айтарын енді селқос үнмен үзіп-созып тағы қайталап шықты. Бірінші қабаттың оң жақтағы үшінші бөлмесінде істейтін қызметкерге, ал ол оның сөзін тықыршып тұрып тыңдады. Пальтосын киіп алған, қолсағатына қайта-қайта қарайды.

– Бәрі жақсы, қымбаттым, бәрі түсінікті, бірақ неге кеш келдің? Қызмет аяқталды, комитет қазір жабылады, ал сенің шаруаң маңызды сияқты, сірә, тез шешіле қоймас!

– Мен әдейі кешіккен жоқпын: біріне-бірі сілтеп, күні бойы осында сандалып жүрдім...

– Түсініп тұрмын, қымбаттым, бәрін де түсініп тұрмын, бірақ сен қызмет аяқталды дегенді ұқсаңшы!

Ришад Уәли аузын ашып үлгергенше, қызметкер есікке барып та қалды.

– Сөйтiңiз, қымбаттым, өтiнем, ертең келiңiз, тек ертерек келгейсiз!..

Ришад Уәли, яғни Ричард Беллинг, яғни атақты ОХ-13-інші агент, көшеде ілбіп келе жатыр: «Демек, бұл қарғыс атқан қарекеттен құтылуым мүмкін емес екен... Демек, бұл қарғыс атқан кәсіпті қайта бастауға тиіспін... Оның үстіне қарғыс атқан мынау елде...» деп іштей мүжіліп келеді.

ҚАТЕРЛІ ТҮН

Корольмен, шахпен соттасу менің үш ұйықтасам ойымда бар ма еді? Сіздер Фарук деген корольды египет халқының елден қуып жібергенін, әрине, естіген боларсыздар? Сол король сен ұл таппайсың деп әйелімен ажырасты. Іле-шала Иранның шахы да әйелімен ажырасты, оның да себебі сол.

Содан кейін мен тәж кигендердің тауқыметі туралы шағын фельетон жаздым. Одан басқа не жазбақпын? Мәселен, біздің ішкі мәселелерімізді жазбаймын! Өзіміз жайында жазғаным жарық көрсете алмаймын. Бірдеңе жаза қалсам – бас салып сотқа сүйрейді. Сондықтан мен ендігі жерде шет елдердің тәж кигендері туралы жазуды ғана жөн көрдім. Бірақ жаздым да, тағы пәлеге қалдым: екі монарх жиылып мені сотқа берді. Олардың Анкарадағы елшілері біздің сыртқы істер министрлігімізге барып, менің фельетонымның елдер арасындағы өзара достық қатынасқа зиян келті-

руі мүмкін екенін айтып наразылық білдіріпті. Сөйтіп, маған қарсы іс қозғалды.

– Сен король мен шахиншахты масқараладың!

– Жоқ, масқаралағам жоқ!

– Масқараладың!

– Масқаралағам жоқ!

Сотта ұзақ тәжікелестік. Ақырында мені алты айға кесті (олардың бұрынғы корольдерінің кеселінен менің қиянатқа ұшырағанымды, уай-уай, египеттіктер естіді ме екен, естімеді ме екен?..).

Сіздерге айтқалы отырған оқиғаны мен сол тұста басымнан кешіргенмін.

Түрмеде жағдайым өте қиын болды: қалтамда көк тиын жоқ, көк тиын болар деген үміт те жоқ. Маған тірі жан келмеді, келгені ештеңе әкелмеді. Тұлдырдың күні түрмеде де күн емес. Алты айға кесілген адамның наразылық жасауға да дәті бармайды. Онда жиырма, отыз жылды арқалап отырғандар көп, олар: «Алты айға ма? Наразы болатын жөнің бар екен! Сөреге шық та шалқаңнан жат, біраздан соң бір жамбасыңа, одан соң екінші жамбасқа аунап түс. Сол екі арада алты ай өте шығады!» деп мазақтап күлді.

Шынында солай. Түрмеге түстің екенсің, өлсең де асықпа, жамбасыңды ая. Оң жамбасыңмен жатып жазды өткіз, сол жамбасыңмен қысты өткіз. Жылдың төрт мезгілін төрт қабырғаға телмірумен де тез өткізуіңе болады.

Басқасын қайтейін, не сигарет, не шай алар ақша болмағаны қинады. Түрмеде кейде әлгі «Қызыл Крест» дейтін, иә, азық-түлік береді, бірақ оған қасығыңды құшақтап қашанғы жүгірерсің... Үйде аш-жалаңаш бала-шағаң қалды. Оларға «Қызыл Крестің» шапағаты тимейді. Кей-кейде: «Қартайғанда кәрі боз жорға шығып», король мен шахта қай әкеңнің көз құны қалып еді?!» деп күңіренемін.

Бір күні: «Егер кешірім сұрасаң, босатады» дегенді айтты маған. Ары ойландым, бері ойландым: «Жоқ, болары болды, бояуы сінді, ешқашан кешірім сұрамаймын! Алған беттен қайтпаймын, мерзімімді толық өтеп шығамын!» деп өркештендім. Менің сондай қайтпас қайсарлығым да бар!

Бірақ біздің заманда қайсарлықты бағалай білу жоқ. Сондықтан оны ойлай бермей, жұмыс істеу керек: мақала жазып, жолдас-жоралар арқылы газет-журналдарға жеткізу керек... Мен жазуға кірістім. Мақалаларым аты-жөнімсіз шығып жатса да, оларды жазу мәнерімнен танып қояды. Бір күні мені түрме бастығы шақырып алды. Ол жақсы кісі еді. Ұлы лицейде, қызы университетте оқитын. Бастық менің мақалаларымның кесірінен өзін алыс түкпірге ауыстырып жіберуі мүмкін екенін, өйтсе, балалары оқуын бітіре алмай қалатынын айтты.

– Менің балаларымды аясаңызшы! – деп жалынды ол.

О, Алла! Мен өз балаларымды аясам ба екен, әлде түрме бастығының балаларын аясам ба екен? Жарайды, бастықтың балаларын-ақ аяйын, ал сонда менің балаларымды кім аяйды? Өз балам – бауыр етім. Мен жазуды тоқтатпадым. Содан кейін мені сыртпен қатыстырмауға тырысты. Бірақ олар қанша тырысса да, мақалаларым жарияланып жатты. Бастықтар маған шүкішія бастады. Бірде прокурор келді де, жазғандарымды сыртқа қалай шығарып беріп жүргенімді сұрап жымыды. Мен оған: «Түрмеге гашиш, героин, пышақ дегендер қалай жеткізіліп беріледі? Бұзықтар наркотик пен суық қаруды өткізіп алуға жол тауып жатқанда, менің қол қусырып отырғаным мүлде жараспас» дедім.

Прокурор мәз болып күлді де, мені бір кісілік камераға қаматып тастады. Түрмеде наркомандарға орын жетпей жатса да, менің мақалаларды жалғыз жазғандығым ескеріліп, оңаша камераны оп-оңай тауып берді.

Мені камерадан жұрттың келім-кетімі болатын күні ғана бір сәтке шығарады. Ал маған ешкім келмейді, келе қалған күннің өзінде де ешқайсысы ештеңе әкелмейді.

Сіздер күндіз-түні жападан-жалғыз отырудың қандай қиын екенін білесіздер ме? Шүйіркелесуді жақсы көретін мен сияқтыларға тіпті қиямет. Камерада ары-бері жүресің, дәретханаға сұранасың, қайта кіресің... Уақыт өтпейді-ақ! Ақшаң да жоқ, басқаң да жоқ. Ыңылдап өлең айтудан да жалығасың. Айқайлай берсең – өзің ақымақ боласың. «Жаныма біреу-міреуді әкеліп отырғызсашы!» дейсің... Кісі етін жейтін жалмауыз ба, Әзірейіл ме – бәрібір, әйтеуір, тірі жан болса, ара-тұра сөйлесіп отырасың ғой.

Күнде кешке бақылаушы келіп, камераны тіміскіп шығады. Өліп барам десең де ләм демейді. Үнсіз кіріп, үнсіз шығып, есіктің темір тиегін салдыр еткізіп салады да кетеді.

Жападан-жалғыз тура үш ай отырдым. Босап шығуыма бір ай қалды. Сол күні маған бір кісі келіп қайтты. Сигарет пе, жүзім бе, қауын ба, қарбыз ба, жидек пе, ірімшік пе, қызанақ па... – әкелмеген нәрсесі жоқ! Камерам құдды қойма болды да қалды. Тойғанымша жеп қарық болдым. Әбден көңілдендім. Кәрзеңкелерді сөренің астына тізіп қойдым. Шыққанға дейін жететін тамақ жиналды.

Иә, тамақ бар. Енді бір серік болса, шіркін!..

Түн ортасы болды. Камера суып кетті. Сөреге шығып отырдым да, көрпесымақты жамылып алып өлең жазуға кірістім. Бір кезде сыртқы тиектің салдыры естілді, есік ашылды, екі кісі кірді. Біреуі – бақылаушы. Ол:

– Мынау осында отыра тұрады, – деп онысын қалдырды да, шығып кетті. Ақыры жалғыздықтан құтылдым-ау, деп қатты қуандым.

– Кел, отыр! – деп серігіме қарадым.

Құдая тоба... Мұндай да сиық болады екен... Ап-аласа, жап-жалпақ. Тура мес сияқты. Жүргенде үрлеген бүйенше

ырғалады. Мойыны мүлде көрінбейді. Беті табақтай. Екі көзі қос алақандай. Үкіше бақшиып қарайды.

Серігімнің соқа басы ғана.

– Қош келдің, жарқыным, тез босап шығуыңа тілектеспін!

– Алла риза болсын! – деді ол, гүж етіп.

«Жақсы болғанын қарашы! Сөйлеген соң, мұның кісі болғаны ғой!».

– Отыр, – дедім тағы да. – Не үшін жапты, достым?

– Бір сұмды тұншықтырып тастадым... – деп маған тік қарағанында өне бойым тітіркеніп кетті.

– Қа-қалай... атыңыз қалай?

– Аты-жөнім Бенли Тәджи.

– Қапа болмаңыз, Тәджи бей!

– Мені бей деме, жыным ұстайды.

– Жарайды, Тәджи әпенді.

– Мені әпенді деме, жыным ұстайды...

– Сонда қай жерде болды?

– Жындыханада.

«Күдай берді-ақ...». Өне бойым бір ысып, бір суыды.

– Сонда қашан болды?

– Бүгін кешке жақын... Тұншықтырып тастасымен мені осында алып келді.

– Ой-бу-у...

– Немене «ой-бу-у»?!

– Әлгі, соны дұрыс екен дегенім ғой! Әрқашан аман болыңыз!

Сәл-пәл үнсіз отырдық. «Е, шіркін, менің халім мүшкіл... Бұл пәленің ыңғайын қалай тапсам екен?...» деп серігіме көз қиығын тастадым.

– Ол қалай болды?

– Бүгін жындыханада келім-кетім күні. Әлгі сұмға колбаса әкеліп берді. Ал ол онысын жастығының астына тығып қойды. Біреудің бірдеңені жастығының астына, төсегінің

астына тыққанын көрсем, жыным ұстайды. Кім не әкелсе де, кәне, жеңдер деп ортаға қою керек... Оны сол үшін тұншықтырып тастадым, қорылдап ұйықтап жатқанында.

– Дұрыс істегенсіз, Тәджи бей. Жүзім жейсіз бе? Менде ірімшік те, колбаса да бар...

– «Мені бей деме» дедім ғой, жыным ұстайды...

Тағы да үнсіз отырмыз. «О, тоба, мұның тілін қалай табамын?».

– Жындыханада болды ғой, ә?

– Сонда.

– Қызық екен.

– Неменесі қызық?

– Құдайға тәубе. Мен сіздің сап-сау адам екеніңізді көріп отырмын. Сіз оған қалай тап болып жүрсіз?

– Мен әуелі осы түрмеде жатқанмын. Осында бір сұмды тұншықтырып тастаған соң жындыханаға апарып қамады.

– Ой-пыр-май! Неткен әділетсіздік! Ал сонда, ғафу етіңіз, мұндағыны неге... тұншықтырып тастадыңыз?

– Мені карцерге отырғызып, аяғыма кісен салып тастаған... Сонсоң ол сұмды да карцерге отырғызды. Бір күні оған варенье әкеліп берді. Ал ол оны төсегінің астына тығып қойды. Ондайда менің жыным ұстайды. Кім не әкелсе де, кәне, жеңдер деп ортаға қою керек. Түнде, қорылдап жатқанында, тұншықтырып тастадым.

– Өте дұрыс істегенсіз, Тәджи әпенді! Әрқашан...

– «Әпенді деме» деп неше айтам, жыным ұстайды!

Мен кәрзеңкеден дереу бір құты варенье алып ұсына қойдым:

– Құрметтім, мынаның дәмін көріңізші!..

Тағы да үнсіз отырмыз. Жүрегім дүрсілдеп әкетіп барады. Құтқарыңдар деп айқайлауға мұршамды келтірмей үнімді өшірер мынау деймін іштей.

– Сіздей адамды карцерге отырғызған деген неткен сұмдық!

– Мен камерада бір сұмды тұншықтырып тастадым, сон-соң карцерге отырғызды.

– Ол қалай?

– Ол солай...

– Әбден дұрыс істегенсіз! Алла тағала сізге қуат берсін! Ал... ғафу етіңіз, оны не үшін неттіңіз?

– Оған қарбыз әкеліп берді. Ол оны...

– Төсегінің астына, ә?

– Сен қайдан білесің?

– Жо-жоқ... Жай, солай шығар деп...

– Түнде, қорылдай бастағанда, тұншықтырып тастадым.

Мен қарбызды да, қауынды да суырып алдым:

– Мыналардың да дәмін көріңіз, қысылмаңыз... Өмір – жатқан бір жұмбақ-ау... Сіздей зиялы адамды түрмеге отырғызғандарын қайтерсің! Неткен масқара, ә?!

– Мен үйде бір сұмды тұншықтырып тастадым, сонсоң отырғызып қойды. Ол екеуміз бір бөлмеде тұрдық. Ол...

– Ол қорылдай бере сіз оны...

– Тұншықтырып тастадым. Сен қайдан білесің?

– Жо-жоқ, әншейін...

Бұл жалмауызбен отырып таңға жете алам ба, жоқ па? Мені тұншықтыра салсын деп бұл нақұрысты жаныма әдейі қосты-ау... Ұсақ-түйек әңгіме жазғаным үшін жанымды жаһаннамға жібермек пе?..

– Жеңіз, жеңіз, маған қалдырмай-ақ қойыңыз!

Бес ай бойы маған ешкім ештеңе әкелген жоқ еді. Бүгін ғана әкеліп еді... Босап шыққанымша жетер деп едім...

Өткен түнде жазу жазып, мүлде ұйықтаған жоқ едім, енді көзім еріксіз жұмыла бастады. Бірақ ұйықтасам-ақ, Бенли Тәджи мені тұншықтыра салмақшы... Бұл бас салғанда мен не істеуім керек? Кәрзеңкені басына кептеп жіберіп, осындағы оны-мұнының бәрін үстіне үйе беруім керек... Сөйтіп

таң атқанша жағаласып бақсам... Жоқ, бұл мені табан астында опат қылар...

Мен оған көрпесымағымды ұсындым:

– Жатыңыз, ұйықтаңыз!

– Жоқ, сен ұйықта!

Ұйықтасам қарық болармын... Әлде қалай болар деп сақтана түсіп отырдым.

– Мен бар-жоғы төртеуді ғана түншықтырдым. Соны да сөз қылды! Соғыста мыңдап қырса да, кім қырды демейді... Ал мұнда небәрі төрт сұм үшін... Сол үшін кісіні соттауға бола ма?

Үндемедім. Сәлден соң ол:

– Ал сен не үшін отырсың?! – деп барқ етті.

– Мен бе?.. – Ойым астаң-кестең бола жөнелді... Жо-жоқ! Бір амал таппай болмайды! – Мен... жай... бір... бір қуды қылжита салып едім...

– Не үшін?

– Жай, әншейін... Қылжитқым келді де...

– Жайдан-жай ма?

– Неге жайдан-жай? Мен оның әкесін қылжита салғанмын... ал әлгі неме әкесіне ара түсіп болмады, сонсоң ол қудың өзін де...

Бенли Тәджидің көзі үлкейіңкіреді.

– Әкесін не үшін?

– Жай, әншейін... Бір нәрсеге ашулана қалдым да, әй, осыны қылжита салайыншы деп ойлап, қылжита салдым...

– Жайдан-жай ма?

– Жо-ға... соны тіпті ұмытып қалдым... е, иә, мен әуелі әлгі қудың кемпір шешесін қылжита салған екенмін ғой. Иә, сонсоң оның соңынан байын да аттандырдым...

– Кемпірді не үшін?

– Дәл қазір есімде жоқ, жарқыным... Ол қайда, баяғыда болған.

- Сонда сен... барлығы нешеуді... қылжиттың?
- Он бес пе, жиырма ма...
- Ағатай-ау, сен тура соғыстағыдай қырыпсың ғой!..

Бенли Тәджи жанымнан тұрып кетіп, қашық қарсы бұрышқа барып отырды. Мен ұйықтап кетпеуге тырысып, кімді қалай қылжитқан хикаямды қарша боратып айта бердім, айта бердім...

Таң сызат бере Бенли Тәджи темір есікті тоқпаштай бастады. Бақылаушы жетіп келді. Екеуі бірдеңе деп күбірлесті де, бақылаушы оны ертіп алып кетті.

Сөйтіп, көңілім орнығып, көз шырымын алуға кіріскенмін.

БӘЛЕНІҢ БӘРІ ШҰЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Ол кезде мен тым жас едім, қызметке жаңа орналасқан болатынмын. Кеңсеміздегілердің ең кішісімін. Кеңсемізді Әсім бей басқаратын. Егде тартқан, мейірімді, ақжарқын адам еді. Қызметкерлер оны бейәпенді, Әсім бей дейтін, жайшылықтағы әңгімелерде оны «Әсім – әлемді саған сыйлаймын» деп атайтын. Сол аттың оған ұнайтын-ұнамайтынын мен түсіне алмай-ақ қойдым.

Қалашықтағылар үлкен қалалардағыша өзара бейхабар тұрмайды, олар бір-бірлерін жақсы біледі. Сол себепті мен кеңселестерімнен жаңағы аттың қалай шыққанын сұрадым.

- Оның тарихын өзінен естігенің жөн, – деді біреуі.
- Оны өзінен артық етіп ешкім де айта алмайды, – деді екіншісі.

Мен Әсім бейдің бір кезде Стамбұлда ірі қызметте болғанын ғана біле алдым.

Бір жыл қызмет істеген соң үйленуді ұйғардым. Қыздың әке-шешесі екі тойды бір-ақ жасағылары келді. Кішкене қалашықта қыз бен жігіттің кездесе беруі қайдағы жоқ өсекке ұрындырады деп асықтырды олар мені. Шынтуайттап келгенде, біз бір-бірімізді жақсы біліп үлгерген де жоқ едік: мысалы, мен қыздың мінез-құлқының, жүріс-тұрысының қандай екенінен әлі де мақұрыммын.

Біздің той жасайтынымыз қалашыққа лезде тарап кетті. Бір күні әлдебір қағазға қол қойдырайын деп басқарушыға бара қалып едім, Әсім бейдің:

– Сені үйленгелі жүр дей ме? – дегені ғой.

– Рас, бейәпенді.

Ол көзәйнегінің үстінен қарап қойды.

– Қандай шаңырақтың қызы?

– Сіз білмейтін боларсыз, бейәпенді, олар – орташа ғана адамдар.

– Ә-ә-ә... – деп отырды да, кенет: – Сен бүгін кешке бос болсаң, екеуіміз бірге тамақтанайық, – деді.

Мен оған ризалық алғысымды айттым. Екеуіміз ресторанға баратын болдық.

– Сен менің «Әсім – әлемді саған сыйлаймын» екенімді білетін шығарсың? – деді ол, арақтың алғашқы рүмкесін ішкен соң. – Жә, қызарақтама! Оның себебін өзім айтып беремін... Алдымен сен қызыңның қандай екенін суреттеп берші!

Сұрақтың маған ауыр тигенін өздеріңіз сезіп те отырсыздар-ау... Мен үндемедім. Жауапты Әсім бейдің өзі берді:

– Оның отбасы онша бай емес... Қарапайым қыз... Сенің ұнататының сондықтан. Оның қолын бақытқа жеткізе алатынына сенесің. Солай ма?

– Солай, – дедім.

– Бәрекедлі! – деді ол, риза болып. – Сендей кезімде мен де осылай ойлағанмын... Қалай болғанда да, көне, сендердің

бақыттарың үшін! – Ол рүмкелерге арақ құйды. Ішіп салды. – Ал енді, – деп, ол маған тік қарап қойды, – менің ақылымды жақсылап тыңдап ал: әйеліңе әкесінің үйінде қандай шұлық киіп жүрсе, дәл сондай шұлықты ғана әпер! Бағасы да, сапасы да бірдей сондайын әпер, басқасын сатып алушы болма! Оған бүкіл әлемді сыйлауға асықпа, өйтсең, маған ұқсап сорлап қаласың... Менің сөзіме іштей күліп отырғаныңды сеземін. Әрине, әйеліңе қымбат шұлықты неге әпермеске?! Жо-жоқ, есінде болсын: пәленің бәрі сол шұлықтан басталады! Өйткені: шұлыққа сай туфли алу керек, туфлиге сай – белдемше, оған сай – кеудеше керек... Сонымен бітеді дейсің бе? Біткені неткені... Бір күні әйелсіз қалғаныңды бір-ақ білесің. Бір кезде мен де сендей қызметші болғанмын. Қызметтің аты ғана бар, жалақысы түкке тұрғысыз. Әйелімді асырай алмай жүрермін деп қорқып, талайға дейін сойдиып сүрбойдақ боп жүрдім... Содан ептеп қызметім де, жалақым да өсті. Жасым қырыққа жетіп қалғанда қуықтай бір пәтер сатып алдым. Қой, енді үйленейін дедім. Бір кедейдің қызын алайын, барымды қанағат етіп, қас-қабағыма қарап, риза боп жүрер деп ойлады. Сабиханың жасы жиырма бірге қараған екен. Кедейдің қызы болса да, орта мектепті бітіріпті. Соншама сұлу болмағанмен, сүйкімді-ақ... Мен оның дүние-мүлкі жоқтығына қуанып: «Ештеңе етпейді, мен саған әлі бүкіл әлемді сыйлаймын!» деймін. Бірақ ол көрсеқызар емес-ті: жаңа киім-кешек әперейін десем: «Менде бар ғой, сол жетеді ғой!» дейді; опа-далап алмақ болсам: «Әйел қуыршақ болмауы керек!» дейді; сырға сатып әпергім келсе: «Құлағына сырға тағатындай мен қарақшы емеспін!» дейді. Менің Сабихам сондай еді, қойныма сыймас қуанышым еді ол. Сөйтіп жүріп жарты жылды өткіздік. Бір күні сейілдеп келе жатқанымызда оған бір әдемі, қымбат шұлық сатып әпергім келді. «Керегі жоқ, менде екеуі бар!» деп болмайды. Екі пар жете ме екен! Ері менің өзімде он шұлық бар... Ақырында

көндіріп, оған ең қымбат шұлықты алып бердім. Шіркін-ай, қандай қуанды десеңші! Оған қарап тұрып өзімнің де төбем көкке жетті. Кәне, ішіп қоялық... Сенің денсаулығың үшін!.. Содан кейін бір ай, екі ай өтті. Сабихам жаңа шұлығын киер емес. Бақсам: онымен киер туфли жоқ екен, келгендегі туфли тозып қалыпты... «Айтсаң болмай ма?» дедім. Ол: «Айтудың ретін таба алмадым» деп қызарақтады. Оны аяқ киім сатушыға сүйрегендей боп алып бардым да, қымбат туфлиді алып бердім. Бейбақ басым-ай десеңші, жаңа турфлиі үстіндегі ескі көйлегіне жараспайтынын сол жерде тіпті ойламаппын да. Инабатты Сабихам оны бір аптадан соң сыбырлап әзер айтты. Сөйтіп, бірте-бірте оған: көйлек, кеудеше, кәстөм, қалпақ – бәрін түгел әпердім. Сабихамның киімді кие білу жөніндегі пайымдауларын естіген сайын оған енді немене керек екенін ұға қоятын болдым.

Бір күні қарасам, әйелімнің қабағында кірбің бар. «Сәулем-ау, неге мұнша көңілсізсің?». «Айтуға ұяламын, жаным... Маған ештеңе керек емес десем де... Қажеті жоқ дегеніме қарамай бәрін өзің сатып әпердің де... Саған қалай түсіндірсем екен?.. «Сорпадан кейін су ішпе» деген мәтел барын білесің... Міне, қарашы, менің мына ішкімім жаңа көйлегім мен жаңа туфлиіме жараса ма?».

Тәйір-ай, бар керегі сол ма? Жүзден қарап, мыңнан таңдап алған Сабихама бүкіл әлемді сыйлағалы жүргенімде, ішкіім деген не соншама?! Оған қоса ол бұрын керек етпеген төстартқышты да әпердім... Одан соң ол шашымен алысып есі шығып жүргенін айтты. Онысын сәндеу үшін әлде парик, әлде шиньон сатып алуым керек шығар деп шат-шәлкей бола бастағанымда, әйтеуір, өзі шаштаразға барып тыныш тапты.

Уақыт өтіп жатты. Бір кеште Сабиха тағы сөз бастады. «Жаным, мен керек емес десем де... Маған керек еместің бәрін өзің сатып әперіп жүрсің...» (Сол сәтте менің есіме

сорпа-су жөніндегіден бұрын кедей – байға, бай – құдайға жетсем дейтіні жайындағы мәтел түсті). «О не дегенің, сәулетайым, саған не жетіспей жүр?». «Жетіспей жүрің не?! Керегімнің бәрі бар ғой!.. Тек үйдің сиқын айтпасаң, қарашы, ылғи ескі-құсқы бірдеңе емес пе?!». Жағалай қарасам, рас екен, біз жұртта қалыппыз, жиһазымыз әйелімнің көркіне сай емес екен. Мен лағып сөйлеп кеттім-ау, иә? Кел, достым, алып жіберелік! Одан арғысын екі-ақ сөзбен айтып берейін... Жиһаздан соң теледидарды көкседі. Әкесінің үйінде радио да жоқ болатын! «Мен үшін алмашы» деп қояды, әрине... Басқаларда бар емес пе? Жарасады емес пе? Өзің де сезіп отырған шығарсың, енді пәтер тар бола бастады. Шығынымыздың өскеніне қарай, әйтеуір, сол тұста менің қызметім де аздап жоғарылаған... Сән-салтанатпен тұратындардың қатарынан кең үй сатып алдық. Саған бүкіл әлемді сыйлаймын деп о баста берген уәдем болғандықтан, үйді әйелімнің атына жаздырдым. Одан кейін не болды? Ол маңда тұратындардың бәрінің жекеменшік мәшинелері бар екен. Алмай қойсақ, ұят емес пе?! Мен де сатып алдым. Өзің де түсініп отырған шығарсың, оны да Сабиханың атына жаздырдым... Ақыр аяғында, әйелімнің ажарын ашамын, көңілін өсіремін, талғамын толтырамын, тілегін орындаймын деп жүріп, өзімнің оған тең болмай, лайық болмай, керек болмай қалғанымды бір-ақ білдім...

Солай, қалқам! Бар пәле шұлықтан басталады!..

«КӘДІМГІ ЕСЕКПІЗ!»

Біз – есекпіз ғой, есекпіз! Кәдімгі есекпіз!.. Жарандар-ау, күні кеше ғана біздің бабаларымыз сендерше өз тілінде емін-еркін сөйлеспеші ме еді? Тілдері қандай еді,

шіркін! Күмісше сыңғырлап, құлақ құрышыңды қандыратын. Сөз емес, әсем ырғақты ән болатын! Қанша тыңдасақта жалықпайтынбыз. Ол кезде біз бақыруды білмейтінбіз. Қазір ғой, бақырып жүргеніміз. Өзіміздің бүкіл тілегімізді, ойымызды, сезімімізді, тіпті қайғы-мұңымызды да бақырып білдіруге тырысамыз. Бірақ, «И-а! И-а!» деген екі сөзбен қай халімізді айтып бермекшіміз? Бір кездегі тамаша бай тілімізден бар-жоқ қалғаны осы болған соң, қайтейік!..

Біздің есек тіліміздің қалай құрып кеткенін, мүмкін, сіздердің білгілеріңіз келетін де шығар? Мен оны айтып берейін. Тыңдаңыздар.

Біздің бабаларымыздың бірі – әбден қартайған есекең – айдалада жайылып жүрсе керек. Шамасы жеткен шөбін жұлып жеп, көңілі көктем боп әндетіп жүріпті. Бір кезде әлдеқандай бір жаман иісті сезіпті. Қасқырдың иісі ғой баяғы.

Қолаңса иіс күшейе береді, қасқыр жақындай береді, ажал төне түседі.

Ал есек өзін-өзі жұбатып: «Бұл қасқыр емес! Мұның қасқыр болуы мүмкін емес! – дейді. Қорқыныштан жүрегі қысылып бара жатса да, ол ештеңені сезбеген болып: – Иншалла, бұл қасқыр емес. Бұл жерден қасқыр не алады?» деп күңкілдейді.

Бір уақта ырылдаған дауыс естіледі. Оған онша ұнай қоймайтын қорқынышты ырыл – қасқырдың ырылы. Есек құлағын сақтана қайшылайды да: «Бұл қасқыр емес! Бұл қасқырдың ырылы емес!» дейді.

Ырыл күшейе түседі. Шошыған есек жалт қараса, қасындағы төбе басында, қалың тұманның арасынан, қасқырдың қарасы көрінеді. Есекең: «Ол қасқыр емес. Қарайған бұта ғой» деп өзін-өзі жұбатқан болып, шөбін шайнаңдай береді. Сол кезде қасқыр дөңкиіп шыға келеді. Есек қорыққанынан қалтырай қалса да, қасқырды қасқыр деуге көңілі дауаламайды: «Тәйір-ай, қасқыр бұл жақтан не іздейді? Сірә, менің

көзім нашарлай бастаса керек. Бұтаны қасқыр екен деп қалдым-ау!» дейді.

Қасқыр жақындай бастайды. Есек қалш-қалш етеді: «О, тәңірім! Мынау шынымен қасқыр ма? Жо-жоқ, қасқыр емес, – деп міңгірлейді. – Мынау түйе ғой. Әлде піл ме? Мүмкін басқа бірдеңе болар. Қасқыр сияқты боп көрінетіні несі?».

Қасқыр, екі-үш-ақ қадам қалды, тісін ырситып, тарпа бас-салғалы тұр. Есек: «Бұл қасқыр емес. Мұның қасқыр емесін сезіп тұрмын. Әйтсе де бас сауғалағаным жөн болар» деп ой түйді де, бүлкектей жөнелді. Қасқырдың сілекейі шұбырып, соңынан ұмтылды. Есек аяғын жебей басып, текірекке кірісті. Қасқыр қалар емес.

«Бұл тіпті де қасқыр емес. Бұл – жабайы мысық» дейді есек іштей сөйлеп, артына ақырын қарап қойып. Қасқырдың көзі шоқша жайнап, аузынан атылған ыстық демі есекеңнің құйрығын жалынша шала бастайды. Есек соңындағы пәленің қасқыр екеніне сонда да сене алмайды. Ақырында, не керек, есек әбден титыңтайды да, не болса о болсыншы деп ойлап, көзін тарс жұмып, қалт тоқтай қалады. Тыныш та тұрмай: «Жоқ, бұл қасқыр емес. Иншалла, қасқыр емес» деп күңкілдеп сөйлеп тұрады.

Қасқыр оны бас салып, тыраң еткізіп жыға салады. «Мен сені білем, сен қасқыр емессің. Тәңір тілеуіңді берсін, жарқыным, қытықтамашы, мен қытықтағанды жек көрем!» деп күңкілдейді есек.

Қасқыр оның қоңына түмсықты тығып жібереді де, бүкіл қоң етін қолқ еткізіп жұлып алады. Халінің мүшкіл болғанын есек сонда бір-ақ біледі. Жаны шырқырап, тілі байланып қалады. Бірдеңе дейін десе, аузына сөз түспейді. Ал қасқыр азуды салады кеп, салады кеп. Қанын суша шашады. Бір сәтте ғана есек тілге келіп: «Бұл қасқыр екен... Инша-а-а... ина-а-а... иа-а-а...» деп бақырады.

Қасқырдың көзі тұнып, қомағайлана жұлқылайды. Ал есек байғұс: «Инш... а-а-а... иа-а-а...» деп, «иншаллаға» тілі келместен жан тапсырады.

Бабамыздың бақырған ақтық дауысын естіген әулетіміздің кәрі-жасы тілден түгел айрылып қалыпты. Сол күннен бері біз барлық ойымызды, мұңымызды бақырып білдіретін болыппыз. Егер сол бейшара бабамыз өзін-өзі жұбатпайтын жерде жұбатып, өзін-өзі алдап жүріп алмағанда, жанына төнген қатерден қашып құтылып кеткенде, біз бүгін өз тілімізде сөйлеп қарық болып жүретін едік қой!

Амал не, есекпіз ғой біз, есекпіз!.. Кәдімгі есекпіз!.. И-а... и-а... и-а...

«АДАМ БОЛМАЙМЫЗ!»

Қашан, қай жерде болсын әңгіме-дүкен құрып отырғанмызда дүмбілез біреу: «Жоқ, туысқандар, біз адам болмаймыз!» деп қалса-ақ, бітті: «Иә, иә, біз асыраса да адам болмаймыз!» деп жапа-тармағай бас шұлғып шуласа бастаймыз. «Оу, осы сендер не деп отырсыңдар?! Тым құрыса өздеріңді өздерің сыйласандаршы!» дейтін тірі жан табылмайды.

Жас кезімде, жиырма бестердегі шағымда, менің сондай бір ездікке қаным қайнап қарсы шапқаным бар.

Бірде кемемен Патшазада аралдарына жүзіп бара жатқанбыз. Мосқал тартқан біреу аяқ астынан өз-өзінен тұлан тұтып:

– Оллаһи, біз адам болмаймыз! – дегені.

Салондағылар оны құптап, ал кеп бас шұлғысын.

– Е, неге адам болмаймыз?! – дедім мен, күйіп кетіп. – Болғанда қандай!.. Көр де түр!.. Бүкіл жер-жаһанды таңырқатамыз әлі!..

Салондағы жолаушылар келісіп алғандай-ақ қиқуласып:

– Жо-жоқ, біз адам болмаймыз.

– Бізге басқалардай болу қайда!

– Біз асыраса да адам болмаймыз! – десті.

Жұрттың қошеметіне көңілі көншіген жаңағы мосқал неме:

– Ұлым, қалай, естідің бе? – деді маған. – Барлығы да мені қолдап, қостап отыр ғой. Яғни, біздің адам болмайтынымыз даусыз. Мына халайықты сен соны айт деп ешкім қорқытып-үркіткен жоқ.

– Адам боламыз!.. Боламыз! – дедім мен.

Анау жымиды.

– Байқайсың ба, ұлым, сен өзің де «Адам боламыз» деп тұрсың, ә? «Боламыз!..». Яғни, біз әлі адам бола қойған жоқпыз.

Сол күннен бастап: «Біз неге адам болмаймыз?» деген ой мені жегідей жеді де жүрді.

Бұл сұраққа жауапты торлы терезенің арғы жағында соңғы жолы отырғанымда ғана тауып, көзім ашылып, көңілім орнығып қалды.

Онда саяси тұтқындарға арналған кең камерада отырдым. Менен басқаларының бәрі кілең қасқалар мен жайсандар, әйгілі өсімқорлар, атакты ақсүйектер, губернаторлар, бас директорлар, мәжілістің бұрынғы депутаттары, көрнекті саяси қайраткерлер, ірі шенеуніктер, инженерлер, дәрігерлер. Көпшілігі Еуропа мен Америкада оқып білім алғандар, шет елдерде көп болғандар, бірнеше тілді білетіндер.

Біздің көзқарастарымызда алшақтық болса да, мен олардан көп нәрсені үйрендім, неге адам болмайтынымызды да солардың арқасында түсіндім.

Маған үйден біреу-міреу келген сайын жүйкем жұқарып, есім шығады. Пәтерақыны төлей алмай отырмыз, дүкеншіге қарызбыз деген бейшаралықтан басқа естірім жоқ.

Еңсем түсіп езіліп қаламын. Тіршіліктен түңіліп-ақ кетемін.

Дереу роман жазғаннан басқа амал жоқ. Оны газеттердің біріне өткізіп, аз да болса ақша табу керек. Кітап сюжетін баяғыда-ақ кесіп-пішіп, басымда сақтап жүргенмін.

Іштей бекініп, автоқаламымды сайлап, қағазымды ыңғайлап, тақыр темір төсекке төселіп отырдым. Есіл уақытым текке өтпесін! Қызығы жоқ қысыр әңгіме құрысын!

Он шақты жол жаздым-ау деген кезімде тұтқындардың ішіндегі бір оқымысты жаныма келді де, төбеге түйіп қалғандай етіп:

– Біз адам болмаймыз! Бола алмаймыз! – деді.

Мен үндемедім.

– Себебін айтып берейін бе? – деді ол. – Мен Швейцарияда оқып білім алдым, Бельгияда алты жыл қызмет істедім.

Ол сол елдердің өмірін өмешегі үзіле мәтихтәп жөнелді. Оның ойда жоқта қыстырыла кеткеніне қынжылып-ақ отырмын, қайтейін! Қолым бос емес екенін аңғарар деп қағазыма үңіліп отырған боламын. Ал әңгімешімнің қаперіне ештеңе кіріп шығар емес. Судырлатып отыр:

– О жақта кітапсыз жүрген тірі жанды көрмейсіз. Швейцариялығың да, бельгиялығың да бір минут бос уақыты бола қалса, кітап оқиды. Автобуста, пойызда – бәрінде де кітаптан бас алмайды. Үйлеріне барып көрсеңіз, шіркін! Күндіз-түні оқи береді, оқи береді...

– Апырым-ай, неткен ғажап еді! – деп қойдым, енді ол жайына кетер деген үмітпен.

– Әрине, ғажап! – деді ол. – Ал сіз мына маңайыңыздағыларға қараңызшы. Кілең зиялылар, бірақ біреуінің қолында кітап болсайшы. Жо-жоқ, қымбаттым, біз адам болмаймыз!

– Рас айтасыз! – дей салдым.

Менің құптауыма зәру болып отырғандай-ақ ол екілене түсті, еңбектеген жасынан еңкейген кәрісіне дейін кітап оқитын бельгиялықтары мен швейцариялықтарын одан сайын мадақтап жөнелді.

Түскі тамақ уақыты болды. Екеуміз де төсектен тұрдық.

– Біздің неге адам болмайтынымыз сізге енді түсінікті шығар? – деді ол.

– Түсінікті, – дедім мен.

Сонымен, түске дейінгі уақытым кітапсыз жүрмейтін швейцариялықтар мен бельгиялықтар туралы дәріс тыңдауға кетті.

Тамағымды апыл-ғұпыл ішіп алдым да, төсегіме шығып алып, романыма қайта кірістім. Алдымда – қағазым, қолымда – автоқаламым, ойымда – роман оқиғалары.

Қаламымды қағазыма тигізе бергенімде жаныма тағы бір танысым жетіп келді:

– Не істеп отырсыз?

– Роман жазып отырмын.

– Бұл жерде жаза алмайсыз. Айнала – у-шу!.. Сіз Еуропада болдыңыз ба?

– Жоқ. Түркиядан ұзап көрген емеспін.

– Өкінішті-ақ! Еуропаға қалайда барып келіңіз. Өз көзіңмен көру, онда тұру – бір бақыт! Өміртанымыңыз өседі. Мен Еуропаны көп араладым, бармаған елім жоқ. Мен Данияда, Голландияда, Швецияда біраз жыл тұрдым. Бірін-бірі сыйлайды деп сол жерлердің адамын айт. Маңайымдағылардың мазасын алмайын деп тіпті қатты сөйлемейді де. Ал бізде у-шу, айқай-ұйқай! Менің ұйықтауым керек пе, бірдеңе жазуым, оқуым керек пе, тағы басқа істейтін шаруаларым бар ма – оған ешкім қарамайды... Жоқ, сіз мына у-шудың ішінде роман жазып жарымайсыз. Жаза алмайсыз!

– Мен у-шудың ішінде жаза беремін, тек біреу-міреу құлағымды түріп қойып құран оқымаса болды.

– Қымбаттым-ау, сізге мүлгіген тыныштық керек қой, рас па? Ал мыналардың сізге бөгет жасауға қандай правосы бар? Ақырын сөйлесе, іштері кеуіп өле ме! Ал Дания мен Швецияда, Голландияда бұндай емес. Ол елдердің адамдары бірін-бірін сыйлай біледі, прогреске қолдары жетіп отырғаны да сондықтан.

Ол еуропалықтардың ілтипаты мен тәрбиесі туралы хикаясын мақамдап, ағыл-тегіл сампылдай берді.

Мен қағазға еңкейіп, жазуға ыңғайландым. Жазбасам да жазатын сияқтандым. Оным сыпайыгершілікке жатпайтынын білемін-ақ, қайтейін!..

– Босқа әуре болмасаңызшы, – деді танысым, – бәрібір ештеңе жаза алмайсыз. Текке шаршайсыз. Бұл жер сізге Еуропа емес. Еуропаның адамы болу дегеннің не екенін білесіз бе? Ол – ең әуелі төңірегіндегілерді сыйлай білу. Ал бізде немене бар? Міне, қымбаттым, осыдан соң біз адам бола аламыз ба?! Жоқ, бола алмаймыз!

Адвокаты келіп қалмағанда ол менің құлағымды сарсытатын еді.

Тағы біреуі келіп миымды ашытпаса екен деген қауіппен қағазыма шұқшия түстім.

Бірін жолды жазғаным да сол еді, камералас бір танысым сап ете қалды.

– Жұмысыңыз жемісті болсын! – деді ол.

– Рахмет, – дедім.

Ол төсегіме қыстырылып отырды да:

– Бізге басқалардай болу қайда! – деді.

Сөйлесетін рай танытқым келмеді де, үндемедім.

– Сіз Америкада болдыңыз ба? – деді.

– Жоқ.

– Өкінішті-ақ! Америкада бірер ай тұрып келсеңіз, біздің неге осынша артта қалғанымызды түсінер едіңіз. Американдықтар біз сияқты емес, олар мылжыңдауды сүймейді.

Америкада: «Тайм из мани» дейді. Олар сенде бір шаруасы болғанда ғана келеді. Шаруасын екі-ақ сөзбен айтады да, жұмысын істей береді. Ал біздің Түркияда ше? Осы өзімізді алайықшы. Біз немен шұғылданамыз? Тілімізді безегенді ғана білеміз. Ал Америкада өйтпейді. Сол себепті оларда прогресс бар.

Мылжыңын тыйып, маңымнан кетер ме екен деп ойлап ары күрсінемін, бері күрсінемін, бірақ ол тілін безегенін тоқтатар емес.

Кешкі тамақтың уақыты болды.

– Біз адам болмаймыз. Сөзуарлықтан арылмайынша, біз адам болмаймыз! – деді ол, орнынан тұра беріп.

– Дұрыс айтасыз! – дедім.

Кешкі тамақты да тезірек ішіп алып, жұмысқа қайта кірістім. Роман! Тек роман жазу керек!

– Ең бастысы – еңбек. Басқасы өзінен-өзі бола жатады, – деді әлдекім.

Басымды көтеріп алсам – қарсы алдымда камералас жолдастарымыздың тағы да біреуі тұр.

– Ал сіз қалай дейсіз? – деді ол, қатарлас төсекке отыра беріп.

– Оған дау бар ма? Еңбектің аты – еңбек, – дедім.

– Әке-шешем мені неміс өнегесімен тәрбиелеп өсірді, – деді ол.

Мен ызадан қақ жарыла жаздадым.

Ол ақтарыла жөнелді:

– Мен Стамбұлда неміс лицейін бітірдім. Германияда жоғары білім алып, сонда көп жыл қызмет істедім. Онда жұмыс істемей сандалған бірде-бір немісті көрмейсіз. Ал бізде ше? Осы камерада отырғандарды-ақ алайықшы... Жоқ, жо-жоқ, біз адам болмаймыз. Бізге басқалардай адам болу қайда?!

Мен романымды күндіз жаза алмайтынымды, жүйкемді босқа тоздыратынымды ұқтым. Жұрт шырт ұйқыға кеткен кезде, яғни түнде ғана жазуым керек.

Ал көршім Германияны мақтап әлі сайрап отыр:

– Германияда жұмыс істемеу – нағыз масқара. Неміс қай жерде болсын қол қусырып отырмайды, қалайда жұмыс тауып алады. Бос отырған неміс – неміс емес. Ал бізде керісінше: осында біз ғой пәленбай айдан бері отырмыз, бірақ тым құрыса біреуіміз жұмыс істедік пе? Жұмыс деп аузыңды ашып байқашы: «Түрмеде не істемекшісің?!» деп өзіңді ақымақ қылсын. Қаратаяқ неміс өйтпейді. Ол естелік жазады, мақала жазады, ертең не істейтінін ойластырады, кітап оқиды, әйтеуір, телміріп тек отырмайды. Ал біз ше?.. Жоқ, не десеңіз о деңіз, біз адам болмаймыз!

Ол түн ортасында ғана кетті. Енді іске кірісуіме әбден болады. Енді ешкім келіп төсегіме отырмас, біздің адам болмайтынымызды дәлелдеп ешкім дәріс оқи қоймас.

Жоқ, қателесіпін, тағы біреуі келді. Ол ұзақ жылдар бойы Францияда тұрыпты. Ұйықтап жатқан жолдастарды оятып алмайын деп ақырын сөйледі. Оның айтуына қарағанда, француздар жұмысты да жақсы істей біледі, ойнап-күлгенді де жақсы көреді – әр сағаты есепте.

Ол маған түн ортасынан кейін жұмыс істеме деп ақыл айтты.

– Сіз қазір ұйықтаңыз, жақсылап тынығып алыңыз, сонсоң таңертеңнен бастап жазыңыз. Осы бізде уақытты дұрыс пайдалану деген жоқ. Демалар кезде – жұмыс істейміз, жұмыс істейтін кезде – демаламыз. Содан барып дұрыстап еңбек ете білмейміз. Сол себепті біз адам болмаймыз! Ешқашан адам болмаймыз!

Ол кеткен кезде мен де қалжырап біткенмін. Көзімді ашып-жұмып аз-маз отырдым да, құладым.

Таңертең ертерек тұрып, жұрт ұйықтап жатқан уақта жауға қайта кірістім.

Камерада өзім қатты сыйлайтын бір танысым бар-ды, сол әлгі бір жерге барған екен, содан оралып келе жатып маған бұрылды:

– Англияның ешбір тірлігі мына біздікіндей емес, – деді ол. – Сіз Англияда болдыңыз ба?

– Жоқ.

– Айталық, мына сіз Англияда жүрсіз делік. Пойызда келе жатырсыз. Пәленбай сағат бойы бірге келе жатсаңыз да, купедегі жолсерігіңіз сізге тіс жармайды. Бізде ондайды көре қалса: «Неткен суықбастылық! Неткен жатбауырлық!» дер еді. Ал оның үндемейтіні – суықбастылығы да, жатбауырлығы да емес, тәрбиелілігі, зиялылығы. Мүмкін сіздің онымен сөйлесуге зауқыңыз жоқ шығар. Соны ойлайды да, сізді мазаламайды. Ал бізде ше?.. Бізде сіз оны танысыз ба, танымайсыз ба, сізде жұмысы бар ма, жоқ па – бәрібір: жаныңызға келеді де, жағы талғанша саныпдайды. Міне, сондықтан да біз адам болмаймыз!..

Мен алдымдағы қағазымды жұмарлап-жұмарлап, төсек астына атып жібердім. Автоқаламды қалтама сүңгіттім.

Құрысын!..

Роман жазбақ әрекетім сонымен тынды. Оның есесіне романнан он есе қымбат ақиқатқа көзім жетті. Неге адам болмайтынымызды білдім.

Содан бері, егер мен отырған жерде біреу-міреу кекесімен: «Жоқ, біз адам болмаймыз!..» дей қалса, мен қолымды көтере қоямын да:

– Неге адам болмайтынымызды мен білемін! – деймін.

Менің көзім ашық, көкірегім ояу. Бұл үшін түрмеге мәңгі қарыздармын.

АССАЛО-О-ОУМАҒАЛЕЙКҮМ!

Оқырмандарымнан күніне отыз-қырық хат алатын, телефон соққандармен сөйлесем деп газет оқып үлгермейтін кезім келмесе кетті. Менің пәтерімде кешкілікте орындық, қасық, шанышқы жетпей жататын күндер де келмесе кетті.

Рас, кейде кеткеннің қайтып оралатын сәті де болады...

Мен мынадай бір заңдылықты байқап жүрмін: редакция әлемімен байланысым бәсеңдей бастаса, газет-журналдарда шығармаларым көрінбеуге айналса – үйіме келушілердің саны күрт азаяды; телефон мен есік қоңырауларының безілдегені басылады; жайшылықта ақша сұрап, ақыл сұрап айналсоқтап маңымнан шықпайтын жолдас-жораларым көшеде маған ұшыраспауға тырысады, жолыға қалсақ байқамағанып, жылыстап кетуге асығады, сірә, бұл ақша сұрап, жұмысқа орналастыр деп есімізді шығарар деп шошиды-ау деймін...

Ал егер оны-мұным жариялана бастаса, бәрі де керісінше бола қалады: ақылгөйлер – ақыл сұрап, тиын кеміргендер – ақша сұрап жетіп келеді...

Дүниенің бүйтіп аумалы-төкпелі болып тұрғанын әсте теріс көрмеуші едім, бірақ табаны тайғанақ таныстарым бүгінде несие беретін өсімқорларға айналып, мысымды құртып жүр.

Түрмеден соңғы жолы шыққаннан кейін менің тағдырым жобамен мынадай болды... «Айтасың-ақ, – дейсіздер маған, – бірінші жолың да, бесінші жолың да емес, үйренетін болдың ғой...» – «Жоқ, – деймін мен, – оған тіпті мыңыншы рет болса да үйрене алмайсың! Сеніңіздер маған!..».

Бабаәлі көшесімен өрге қарай еңтігіп әрең келе жаттым. Бұл өрге зымырап жүгіріп шығатын кезім қайда?.. Көшенің бірер аттам осы тұсы алынбас қамалға айналып бара ма деп

қалғандаймын... Қиылысқа жеттім де, ентiгiмдi басу үшiн тоқтадым. Сол әредiкте қарсы өтiп келе жатқан жұрттың арасынан ескi көз танысымды көрдiм. Ол маған құрметпен қарайтын, қашан да болсын қошеметтеп жүретiн. Менi көре қалған жерде құрақ ұша ұмтылып: «Ассало-о-оумағалейкүм! Хал-ахуалыңыз қалай?..» дегендей бiрдеңелердi шұбыртып, даурыға дауыстап амандасатын. Құшағын аямай ашып кеп құшақтап, иығымнан аянбай қаққылап, бетiмнен сүйетiн, сонсоң қолымды алып сiлкiлеп тұрып сампылдап кеп сөйлей беретiн, сөйлей беретiн, сөйлей беретiн. Өз басым өйтiп достық-сыйластық көрсеткендi ұнатпайтынмын, бiрақ «сыйға – сый, сыралғыға – бал», ерiксiз бас салып құшақтап, иығынан қаққылап, қолын сiлкiлеп, даурыға жауаптасып тұратынмын.

Қазiр де ендi сол әдетiмздi баяғыдай, шып-шырғасын шығармай қайталайтынымызды сездiм... Бұрынырақ қамтығым келдi. Арамызда он шақты қадамдай ғана қалғанда құшағымды барынша ашып, даурыға сәлем бердiм: «Ассало-о-оумағалейкүм! Көрмегелi...». Танысым көз қиығымен ғана қарап, бұлт етiп бұрылып, айналып өтiп кете барды. Оның да менi әу баста көргенiн анық байқаған едiм, ендi танданып тұрып қалдым. Илгерi өткендер тобы менi илестiрiп көшенiң ортасына жеткiзiп кетсе керек, алдымда қызыл шам жағулы екенiн, жан-жағым зулаған мәшине екенiн бiрақ көрдiм... Өзiмнiң әлдене деп айғайлап, екi қолымды бiрдей сермеп, бiр орында секеңдеп тұрғанымды аңғардым... Ақылымнан адасқандаймын, бiрақ бұл қылығымның келеңсiздiгiн, масқаралығын анық сезiндiм. «Күдай-ау, мынау қаланың дәл ортасы ғой! Толып жатқан таныстарымның қайсысы көрсе де, менi жынданып кеткен екен дейдi-ау» деп ойлап, мүлде сасқалақтадым...

«Өзiме-өзiм ие бола алар емеспiн. Жүзтаныстарымның бiреуiн кездестiре гөр, бассалып құшақтап, мұңымды шағып,

мауқымды басайын» деп іштей Құдайға жалбарынып тұрмын. Шынында жындануға шақ қалғандаймын...

Қызыл шам сөнді, полицей алатаяғын түсірді, жұрт маған қарсы тағы ағылды. Мен әрқайсысының бетіне үңіліп қараймын. Олар мені орағытып өтеді. Бәрінің де соңдарына бұрылып қарап, маған бағзы бір «сәлемдерін» жолдап бара жатқандарын топшылаймын...

О, тәуба! Қарсы алдымда егде жастағы бір әйел келе жатыр. Жүзі таны! Қателескен жоқпын! Танимын! Тосып тұрмадым, тұра ұмтылдым! Даурыға дауыстап: «Ассало-о-оумағалейкүм! Көріспегелі неше жыл! Хал-ахуалыңыз қалай?» дедім. Оны барар жағына емес, келген жағына қарай сүйрелеп, арқасынан қаққылап, бірдеңелерді айтып келем, айтып келем... Бейшараның шошығандықтан тілі байланып қалды-ау деймін.

Тротуарға жете бергенімізде мәшинелер сигналын баж-баж еткізіп тағы зулады. Мен кемпірді құшақтап сөйлеп тұрмын, сөйлеп тұрмын. Өтіп бара жатқан жүк мәшинесінің терезесінен шофер жігіт бізге ұмсынып қарап таңдай қақты. Қайтадан шам жанды...

Полицейдің «Тез өтіңіз!» деген ашулы даусы естілді. Сірә, маған айтса керек және бірінші рет айтып тұрған жоқ секілді...

Кемпірді құшағымнан босатпаған күйі тағы да үш минуттай сүйреледім. Ақырында: «Сау бол! Жолыққанша!» деп тұра жөнелдім. Бейшараны домалатып кете жаздадым.

Бір үйдің қақпасының қалқасында жарты сағаттай жасырынып тұрдым. Жаңағы әйелді қайдан көргенімді есіме түсірдім: ол осыдан бес жыл бұрын бір редактордың қызметшісі болатын.

Сол қылығыма күні бүгінге дейін қиналып, есім шығып жүр.

СІЗДІҢ ЕЛДЕ ӘЛДЕ ЕСЕК АЗ БА?

Менің байсалды бір жолдасым бар еді, сол бір күні алқын-жұлқын боп кіріп келді де, амандық-саулық жоқ:

– Құрыдық!.. Масқара болдық!.. – деді.

Е, мынаның не өзі, не үй іші бірдеңеге ұшыраған екен деп шошып:

– Аман болсаңдар еді, жоғары шықшы, отыршы, – дедім.

– Неткен масқара! Неткен өлім!

– Не боп қалды?

– Неткен масқара! – деді ол, тісі қақсап отырғандай жағын ұстап. – Қаусап тұрған қотыр есекті екі жарым мың лираға сатып, алдап соқты!

«Мынаның есі дұрыс па?..» деп ойлап бір адым шегініп, бетіне үңіле қарадым. Несін жасырайын, тіпті әйелімді шақырғым да келді.

– Кофе ішесің бе? – дедім.

– Кофең бар болсын! Масқара! Өлім!.. Өзің айтшы, қаусап тұрған, тағаланбаған қотыр есек екі жарым мың лира тұра ма? Екі күннен соң арам қатады ол!

– Кім білсін... – «Жүйкесі жұқарған-ақ екен» деп ойлап тұрмын. – Есекті саудалап сатқанды естіген емеспін, егер шынмды айтсам, тірі есекті көрмегеніме де он жылдай болды...

– Мен де есектің құлағын құшақтап жүрген жоқпын, бірақ өзің ойлашы, о заман да бұ заман есектің екі жарым мың лира тұрғанын көрдің бе?

– Ол енді-і-і... егер ерекше милы болса... – деп міңгірледім.

– Милы болсаң не?! Есектің аты – есек! Есек ел билеп пе еді?! Кәдімгі салпаң құлақ жануар. Соны екі жарым мың лираға сатты. Масқарам шыққанда мен соларға делдал болып құрыдым ғой!

– Енді оның не?

– Әйелім екеуміздің Америкаға барып келгенімізді өзің білесің, – деп ол сабасына түсе сөйледі. – Сонда мен бір профессормен танысқан болатынмын. Түсі игі адам. Түркияға ілтипаты ерекше. Кейін екеуміз хат жазысып тұратын болдық. Осыдан екі ай бұрын ол маған хат жазып, өзінің бір жақсы жолдасы барын, оның өнер зерттеушісі, көне кілемдер сырының, кілем тоқу ісінің асқан білгірі екенін, жақында Түркияға аттанатынын айтып, соған жәрдем жасауымды өтініпті. Мен, әрине, қуана-қуана келісетінімді, тек оның университетімізде каникул басталарда келгені жөн болатынын айттым. Содан соң онысы жолай Үндістанды, Ирак пен Ауғанстанды аралап, келіскен мерзімде бізге келіп жетті.

Стамбұлға келіп түсісімен ол теңкиген-теңкиген шабадандарын ашып, кілемдерін көрсетті. Жағасы – жайлау.

– Мына кілемдер, кілемшелер, паластар мен текеметтер – баға жетпейтін бұйымдар, – деді ол. Оның айтуынша, қолындағы көне кілем пұшпағы ең кемі отыз мың доллар тұрады, ал ол оны ақша ұстап көрмеген қайыршы парсыдан небәрі бір-ақ долларға алыпты. Жыртылып біткен кілемнің қалдығы неге қымбат тұратынын сұрадым.

– Бұл – шедевр! – деді ол даурығып. – Әрбір шаршы сантиметрінде сексен түйін бар! Кілемнің нағыз үлгісі әлгі неде... – деп ол бір музейді атады, – сонда, сақтаулы тұр, сіз оның әрбір шаршы сантиметрінде жүз түйін барын, оның кілем тоқу өнерінің шырқау шегі екенін шынымен білмейсіз бе? Ал мына текемет, – деп ол қулана жымыды, – ең кемі елу мың доллар тұрса да, мен оны бес-ақ долларға алдым!

– Сонша арзанға қалай аласыз?

– Қалай дейсіз-ау... мен бұл іспен шұғылданған қырық жыл ішінде талай қулықты үйрендім, білем...

Менің білгенім: ол шынында әлемге әйгілі көрінеді, үш монография жазыпты, екі альбом құрастырыпты, ескі кілем жинауда алдына жан салмай келеді екен. Көне бұйымдар-

ды жинаудағы құпияларын айтқан кезде көзім шарасынан шығып кете жаздады...

Ертеңінде екеуіміз Шығысқаласына бардық. Ол ғылыми күнделік сияқты бірдеңе жазып, мешіттер мен музейлердегі кілемдерді суретке түсіріп, оны-мұны сатып та алды, бірақ сонда да көңілі көншімеді. Одан кейін екеуіміз археологиялық ірі қазбалар жүргізіліп жатқан жерге бардық. Американдық пен батысгерманиялықтардың екі экспедициясы төңіректі астын үстіне шығарып түгел қазып тастапты. Тақыр жерде топырақ таулар мен құм таулар пайда болғандай. Қазба жұмыстары аса сәтті болатын түрі бар: археологтер жер астынан үй, сарай, тұтас қала тауыпты... Қазба маңында тіміскіленіп жүрген шетел туристерінде есеп жоқ. Жұрт оларға қазба орнынан тауып алған қыш ыдыс сынықтарын, басқа «көне» нәрселерді сатып мәз-мейрам. Сауда қызу. Жалаңаяқ балалар да шетелдіктерге таңбалы тас, тағы оны-мұныны тықпалап: «Ван доллар!.. Ту доллар!..» деп жамырап жүр.

Әйтеуір барып қалған соң ескерткішке мен де бірдеңе алайын деп ойлап, адамның бас сүйегіне ұқсас көкшіл түйментасты саудаладым, алсам – одан жүзігіме көз салдырғым келді. Бірақ сапарласым алдырмады: бұл тастардың тарихқа да, көркемдік талғамға да пайдасы жоқ дегенді айтты.

– Шығыстың тірлігі қызық, – деді ол, – Түркиядан басқа жерлерде де тура осындай. Қазба маңайында тұратындар шетелдік туристердің миын ашытады. Қолдарына түскен ескі-құсқының бәрін көне замандікі деп тықпалайды. Ол найсаптар кейбір нәрселерді өздері жасап алады да, тіпті тәжірибелі археологтерді де шатастырып жібереді... Мына менің университеттегі бір танысыма: «Ойбай, бұл ерте дүние дәрісінің қалдығы ғой!» деп бірде иттің кепкен қиын ұстатып қоя беріпті! Әйткенмен, олар жасанды нәрсені, мысалы, андағы тасынды қарашы, тәп-тәуір етіп-ақ жасайды, ә?

Біраздан соң одан ары жүріп кеттік. Аспан айналып жерге түскендей. Бізге көлеңке де, тамақ та, сусын да керек бола бастады. «Джипті» дырылдатып отырып бір саялы терекке жеткенімізше бір сағат өтті. Теректің көлеңкесінде бір шал жатыр шалжиып. Әріректе есек жайылып жүр. Шалмен сәлемдестім де, жөн сұрауға кірістім, сөзіміздің ұзын-ырғасын американға аударып жеткізіп те қоямын.

– Шаңы шыққан мына тақырға бірдеңе себесіздер ме?

– Е, не себуші едік, – деді шал, – бұрын ептеп себетінбіз, бірақ мына кәпірлер келіп жер-көктің бәрін қазып тастады да, халықтың берекесін кетірді.

– Шаруалар енді қалай күнелтіп жүр?

– Әлгі тас пен қыш сынықтар қазір пұл болуға айналған жоқ па, сонсоң жұрттың бәрі қазбаға қарай жүгіретінді шығарды, қолдарына түскенді сатып мал табуды кәсіп етіп алды...

Американ оның айтқандарын құптап бас шұлғып отыр. Көзқарасы: «Жаңа мен айтпадым ба, Шығыстың тірлігі қызық демедім бе?!» дегендей. Сәлден соң ол тұрып кетті де, есекті айналып қарай бастады.

Шалдың сөзі таусылар емес:

– Ойлап байқасам: бізде жеріміздің баға жетпес қазба байлықтарын шетелдіктерге су тегін сатып жүрген сұмырайлар күшінің битіндей құжынап барады. Қазба байлығымыз қаншалықты мол десеңші! Он Түркияны асырап-сақтауға жетеді! Соны мына кәпірлер қазып әкетіп жатыр, әкетіп жатыр... Бізден тектен-текке алып, ол жаққа апарып әкелерінің құнына сататын шығар... Қала салып алғандарына да жетер... Біздің жердің асты-үстін түгел тонап бітірді. «О, біздің үкімет қазір ақылды болған, шетелдіктерге текке ештеңе бермейді!» дейді кейбіреулер. Ұрлап жатқандар – ендеше сол үкіметтің өзінен ұрлап жатқан болды, тіпті үкіметіміздің өзі сәтіне қарай сатылып та жүрсе, сен оған не дей аларсың...

– Сонда шаруалар қалай жан сақтап жүр? – дедім оған.

– Оны сұрап қайтесің, мырза... Округімізде алты ауыл бар. Солардың кез келген үйіне кіріп көрші... қолыңа ілігер жөнді ештеңе таба алмайсың... Бар-жоқтың бәрін әлгі... әлгі-әлгі... көне заманның нәрсесі деп тасып бітірген. Тот басқан, іріп-шіріп кеткеннің бәрін апарып сатып жібереді. Сондай кәсіпке салынғандар шетінен сұғанақ боп алды... Кеше қарап тұрсам: көршімнің ұлы есегімнің мойнынан қоңырауын шешіп алып тұр. Оны не қылады дейсің бе? Апарып бір жерге зым-зия ғып көміп қояды да, бір күні шетелдіктердің көзінше қазып алады. Ал олжа керек болса! Жұрттың дәніккені соншама, қазір есектің тағасынан атам заманның ақшасы мен медалін жасап сататынды тапты...

– Сен өзің не кәсіп істейсің?

– Мен есек алып-сатып жүрмін.

Ол орнынан тұрып барып есегін шеше бастады. Американым менің жаныма жетіп келді, өңі қашып кетіпті.

– Есек алып-сатқаннан пайда көресің бе? Тапқаның тамағыңа жете ме? – дедім шалға.

– Не десем екен... Ол есекке де байланысты...

Американым тықыршып, төзімі таусылып, құлағыма сыбырлай бастады:

– Сіздер сөйлесіп отырған кезде мен есектің желқомын жақсылап көріп алдым, бағы заманның кілемінен тігіліпті. Нағыз шедевр!

– Не дейсіз? Анау шоқпытты айтып тұрсыз ба? Алба-жұлба, кір-кір шүберекті айтасыз ба?

– Иә, иә! Түр-түсін, өрнегін, тігісін – бәрін көрдім. Ғажайып нәрсе! Әрбір шаршы сантиметрінде жүз жиырма түйін бар, ондай үлгі бүкіл дүние жүзінде жоқ! Баға жетпес құнды бұйым!..

Алқынып тұрған американың таңдана қарадым:

– Оны сатып алғыңыз келе ме?

– Әрине! Бірақ бізге кілемнің жұрнағы керек екенін анау біліп қоймасын. Мен бұл малғұндардың сырын жақсы білем, егер желқомының құнды екенін сезіп қойса, бағасына басыңды кесіп берсең де азсынады бұлар! Сондықтан біз...

– Андағы кәпір не деп күңкілдеп тұр? – деді шал маған.

– Жай әншейін. Жерімізді ұнатып тұр...

– Несі ұнапты оған? Тап-тақыр жер көрмегендей... – деп шал ашуланып қалды.

– ...Сондықтан біз кілемге қызыққанымызды сездірмейік, – деді американ. – Біз есекті сатып алайық! Желқомының аса қымбат қазына екенін білмейтін шал бізге оны текке беретін болады. Есекті былай шыққан соң басқа бір салып қоя береміз... Тезірек саудаласыңызшы!

– Сөйтіп, сен есек алып-сатып жүресің, ә? – дедім шалға.

– Сатамын дедім ғой...

– Сонда, мысалы, андағыңды қаншаға сатар едің?

– Алушысына қарай көрермін...

– Біз алсақ ше?

Шал қарқылдап күлді.

– Мазақтайсыңдар, ә? Сендердей мырзаларға менің есегімнің керегі не?

– Оны қайтесің, басыңды ауыртпай бағасын айтсаңшы.

– Сонда кімге: саған ба, андағы кәпірге ме?

– Сатып алатын осы американ.

– Американ де? Ым-м... Біздің одақтасымыз екен ғой... Болмайды!.. Бұл есек оған лайық емес дегейсің, мүлде кәрі есек.

Оның айтқанын американға аударып бердім.

– Е, жақсы! Арзанға сатады ендеше, – деп қуанды ол.

– Кәрілігі ештеңе етпейді, – дедім шалға. – Сатып алатын болды.

– Ұят қой, Америкасына барған соң мені түріктер алдап соқты деп жүрер...

Мен ақырында екеуіне тілмаш болдым:

– Түріктің шаруалары өте адал деп білетінімді айтыңызшы оған. Шығыстың басқа еліндегілер әрі алдап, әрі қымбатқа сатары хақ. Ал мынау – адал кісі! Есегінің нарқын дұрыстап беретінімді айтқайсыз...

– Америкалық келісіп тұр, – дедім шалға.

– Мына есек Америкаға жете алмай жолда арам қатып қалады! Оның үстіне өзі қотыр есек...

– Саған бәрібір емес пе?! Сатып алады да кетеді. Одан да бағасын айтсаңшы.

– Бұл есек түкке жарамайды деп тұрмын ғой. Американың мұны қайтеді? Содан соң... қызық екен... әлде бұлардың елінде есек аз ба?

– Шал айтады: «Әлде сіздің еліңізде есек аз ба?» дейді.

Америкалық сәл-пәл ойланып алып:

– Сіз оған айтыңызшы: «Бізде есек көп, тек мынадай есек жоқ...» деп.

– Һм-м... Сонда бұған Американың есегі жақпай, түріктің есегі ұнап қалыпты деші... Мейлі. Менде кінә жоқ, шындығын жасырмай айттым. Кәпіріңе айт, өкініп жүрмесін де.

– Қанша сұрайсың?

– Бағасы он мың лира.

– Не-ме-не?! Сен алжыған шығарсың! Арабтың ең асыл тұқымды биесі де төрт мыңнан аспайды ғой!..

– Онда бұған есектің керегі не? Арабтың сол асыл тұқымды биесін алсын да жоғалсын!

Шалдың қанша сұрағанын америкаға жеткіздім.

– Бә-се... Мен бұл малғұндарды білем ғой. Кілемінді сат деші, жүз мың деп ежірейсін. Мен мұның есегін бәрібір аламын, бірақ онымды білсе, бұл жиырма мың деп, жиырма мыңды берсем, елу мың деп шіреніп жүрер. Сондықтан шамаңыздың жеткенінше шыдап саудаласып көргейсіз...

– Өзің қаншаға сатып алдың? – дедім шалға.

– Күнәһар боп қайтем, мен мұны бар-жоғы бес лирге алдым. Бұл бүгін-ертең арам қатады, сонсоң терісін сыпырып алып илеп, өзіме кебіс-мәсі тігіп киемін. Басқа ешбір кәдеге жарамайды бұл...

– Бетің былш етпей он мың сұрағаның неткенің, маскара ғой!

– Әй, қалқам! Мен сатам дегем жоқ, сендер ғой, аламыз деп тұрған! Мен кәрі десем, сенің американың: «Бола берсін!» дейді. Мен қотыр десем, мынауың: «Мейлі!» дейді. Айтпақшы, ұмытып барады екенмін ғой, есегім артқы аяғынан ақсақ...

– Ақсағы дәнеңе етпейді...

– Көрдің бе?! Сірә, бұл есектің бойында мен білмейтін бір қасиет бар шығар! Әйтпесе мына американың әрі қотыр, әрі ақсақ есекті сатып алып қайтеді? Рас қой, ә? Олай болса, айтқаным айтқан, айтқанымнан қайтпан: тура он мың лира!

Американға шалдың сұрағанын төлейсіз бе деп едім, ол басын изеді. Содан соң мен шалмен ары саудаласып, бері саудаласып, бес мыңға түсіріп бір тоқтадым. Одан кейін есекті алмайтын сыңай танытып, «джипке» қарай аяндадық. Шал бізге бұрылып та қарамады.

Он минуттан соң біз оған қайтадан барып едік, ол:

– Қайтып келетіндеріңді білгем!» – деп ернін шүйірді.

– Қайдан білдің?

– Есегіме қосақтап қойғандай-ақ айырылар түрлерің жоғын көрдім ғой!

Жарты сағаттан соң американым шалға екі жарым мың лираны сытырлатып санап берді. Шал есегін нұсқады:

– Тақымдарыңа күт болсын! Мен бірақ тым арзанға бердім-ау деймін, хайыр-хайыр... – деп жалба-жұлба желқомды сыпырып алды да, кете барды. Американның аузы аңқиып, көзі ағып түсе жаздады...

Американ есекті тізгінінен тартып, мен артынан итеріп, орнынан әрең жылжыттық. Қаусап тұрған жарықтықты өліп-талып жиырма адым аттаттық. Американ маған сыбырлай сөйлеп:

– Құдай ақына, сыр бере көрмеңіз, тағы да біраз сүйрейік, сонсоң сіз есектің арқасы тоңады деп желқомды сұраңыз... – деді.

Сол сәтте шал:

– Тоқтаңдар, тоқтай тұрыңдар! Мынаны ұмытып кеткендерің не?.. – деп айғайлады.

– Құдай берді, кілемді өзі әкеліп беретін болды! – деп қатты қуандық.

– Байлайтын мына шығыршығын ұмытып кетіпсіңдер ғой! Америкада шығыршық табыла қоя ма? Ей, мырзалар-ай! Шығыршықсыз есек сатып алушы ма еді?..

– Желқомды сұраңызшы! – деді американ зілденіп.

– Әй шал, мына есек қалтырап әрең тұр, жолда қатып қалса, обал ғой...

– Ә-ә, жо-жоқ, – деді ол, – желқомды бере алмаймын, маған әкемнен қалған бар-жоқ мұра осы... Сендер менен желқом емес, есек сатып алдыңдар!

– Түкке керегі жоқ жалба-жұлба немені құшақтап жүрмекің бе?

– Түкке керегі жоқ болса да өзімдікі, – деді шал маңызданып. – Үйде тағы да бір қотырашым тұр. Бұл желқомды соған апарып жабамын да, оны да жетектеп алып шығамын, сенің мына американың сияқты біреу тағы да табылмас дейсің бе... Алла бұйыртса, оның да жөнін табармын. Бұл желқом менің жебеушім болып жүр, мына кәпірлер біздің жерімізді қаза бастағаннан бергі бес жылда андағыдай өлімтіктің талайын саудалап саттым. Жо-жоқ, андағыңа айт: желқомға көзін сүзбесін, шығыршықты тегін бергеніме риза болсын... Қош болыңдар, жолдарың болсын! – деп бұрылып

жөніне кеткен шал бізге тағы да айғайлап: – Әй! Есекті тастап кеткілерің келсе, байғұсты көп сүйреп шаршатпаңдар!.. – деді.

Біз «джипке» қарай аяңдадық. Американым есінен танып құлап қалмаса жарар еді деп қауіптеніп, оны қолтықтап алдым.

– И-и-ә-ә... Мені бүйтіп ешкім де шоңқитып көрген жоқ еді, – деді американ тістеніп әрең сөйлеп, қолындағы шығыршықты айналдырып.

– Андағы шығыршықты қайтесіз енді?

– Кілемдеріме қосып қоямын... Ескерткіш болсын... Екі жарым мың лирді осы үшін төлеп келе жатқан жоқпын ба...

ӘПЕНДІ ҚАЛҚАМ

Айналмалы шыны есіктен әуірімдеп кірдім де:

– Директорға қалай баруым керек? – дедім есікшіге.

Өзінен жөн сұрағанға кісілігі ұстай қалса керек, есікші маңызданып, маңғазданып, маңқайып біраз тұрды. Сонсоң иегімен оң жақты нұсқады.

Оң жақта лифт бар екен, оның есігі жанында бір кісі отыр, тегі лифтші болар.

Мен лифттіге барып кіре беріп едім, әлгі кісі жолымды бөгеп:

– Қайда кеттің? – деді.

– Директорға.

Ол: «Осылар-ақ қаңғи береді екен!» дегендей бірдеңені мінгірледі де, селқос үнмен:

– Әуелі сұрап білу керек... Біз ай қарап отырған жоқпыз ғой, – дегенді айтты.

– Ғафу етіңіз. Мен директор мырзамен жолықсам деп едім... – дедім.

- Жалғыз сені тасымаймын. Енді үш кісі келгенше тос.
- Мен өте асығыс едім...
- Асығыс болсаң, бола бер! Төрт кісіден азды лифт көтермейді.

Ол екі қолын жаясына салып, менің алдымда ары-бері жүре бастады; маған дертемді қайырып тұрып жауап бергені үшін өзіне-өзі дән риза кейіпте.

Лифтіге және бір кісі келе қалды.

– Қайда зымырап барасың?! Екеу-ақ екендеріңді көрмейсің бе?! – деп ақырды лифтші оған.

Әлдезаманда біз төртеу болдық, төртінші боп бір әйел келді. Сәті түстілеп лифтіге ұмтылды. Бірақ лифтші бізді қақ маңдайдан ұрғандай етіп есікті тарс жауып құлыптады да, кілтін қалтасына сүңгітіп жіберді.

– Бізге жоғары шығу керек... – деді әйел сызылып.

– Онда уақытында келу керек. Қазір түскі тамаққа баруға қоңырау соғылады... Сендер енді сағат бір жарымда келіңдер...

– Ол қалай?

– Ол солай. Түскі үзіліс кезінде лифт жүрмейді, бізде сондай тәртіп бар, – деп лифтші сағатының шынысын саусағымен түрткіледі, – сағат тура бір жарымда келіңдер, сонда жоғарыға шығасыңдар.

Менің директорға тіреліп тұрған ешқандай шаруам жоқ еді, өзімнің кешегі сүйікті шәкіртімді үлкен қызметке тағайындалғанымен құттықтап қана шықпақшы болғанмын. Шәкіртімді бала кезінен бастап кітап оқуға құмар етіп тәрбиелегенмін, ол менің кітапханамнан қалаған кітабын алып оқитын. Оның енді ірі қызметкер боп тез өсіп бара жатқанын мақтаныш етудемін. Ол маған: «Құрметті ұстазым, мені адам еткен – өзіңісіз!» дегенде, төбем көкке жете жаздайтын. Ол Еуропаға жол жүріп кеткен де, екеуміздің жүздеспегенімізге бірнеше жыл болып қалған.

Мен дәмханаға кіріп тамақтанып шықтым да, төңіректегі көшелерде қыдырыстап оны-мұны көріп, сағат бір жарымда көңілдене ыңылдап лифтіге жеттім. Оның алдына бір қора кісі жиналып қалыпты. Кезекке тұрып, сарғая тосып, бір кезде жолымыз болып (жолы болған төртеудің бірі – мен-мін), лифтшімен бесеуге толып, сығылысып жол тарттық. Мен директорға баратынымды тағы да ескерттім. Жоғары көтеріле бердік. Жанымдағылар бір-бірлеп түсіп, мен ғана қалдым. Ең жоғарғы қабатқа жеттік. Лифт тоқтап, лифтші есікті ашты.

– Ол осы қабатта ма? – дедім.

– Кімді айтасыз?

– Мен директор мырзаға баруым керек деп едім ғой?..

– Десең қайтейін!.. Кімнің не дегенін қашанғы есте сақтай берем... Шық та, екі қабат төмен түс.

Төмен түстім. Кең зал, жалпақ дәліз. Дәліздің екі жағында қатар-қатар есіктер. Әр есіктің көзінде – бір-бір есікші. Солардың шеткі біреуіне бардым да:

– Директорға қалай барсам екен? – дедім.

Ол көз құйрығымен келесі есікті мегзеді.

Мегзелген есіктің босағасында отырған есікшіге барып:

– Директор мырзаның кабинеті осы ма, айтып жіберіңізші, – дедім.

– Жазуды оқи алушы ма едің? – деп сызданды ол.

Жарнамада: «Директордың орынбасары» деп тұр екен.

– Ал директордың кабинеті қайда?

Ауызша жауап орнына қарсыға қарай иегін марғаула-на көтерді. Иектің бағытымен барсам: қатар үш есік тұр, ешқайсысында жарнама жоқ. Терезе алдында бір егде кісі шынтақтап еңкейіп газет оқып тұр.

– Ғафу етіңіз, директорға қалай баруға болады? – дедім.

Ол газеттен көз алмаған күйі:

– Қай директорға? – деп сұрады.

Тосын сұраққа не деп жауап берерімді білмей, мешел балаша мөлііп тұрып қалдым.

– Біріншісіне ме, екіншісіне ме, әлде үшіншісіне ме? – деді.

– Мен... мен білмеймін... Оның аты – Шетін.

– Е, әлгі шидиген арық па? Бүкір... жіпсік көз... тісі сойдиган?..

«Айызы қанып тұрғанын қарашы!».

– Маған Шетін бей керек! – дедім ызғарланып.

– Ә, білдім! Шала таз ғой... Сол, дәл өзі! Талтақ... Сол ғой! Быдық, сөзін ұға алмайсың... Одан басқа кім болушы еді! Сонда сізге бас директор керек екен ғой... Онда не шаруаңыз бар еді?

– Не шаруам барында жұмысыңыз болмасын! – деп зіркеттім.

– Мен бас директор мырзаға баяндауға тиіспін.

– Оның хатшысы жоқ па?

– Бар. Оны қайтесіз?

– Директорға барып айтыңыз, мен оған жолығуым керек.

Оныкі қай есік?

– Сіз бүгінгі кезекке жазылып па едіңіз?

– Жоқ...

– Ендеше, бас директор мырза сізді қабылдай алмайды.

– Сіз оған барып баяндаңыз.

– Өйдөйт деген! Кім көрінгеннің бәрін барып баяндап жүрсем-ау!

– Мынаны директор мырзаға апарып беріңіз! – деп өзімнің визит кәртішкемді ұсындым.

Ол оны енжар алып, қолына шошайта ұстап көріп, сонсоң аяғын ілби басып барып есіктің біреуін ашты да, құзға құлап кеткендей-ақ ғайып болды...

Оны қанша тоссам да, сол ғайып болғанынан қайтып оралмады. Мен сопиып өз жөніме кеттім.

Үйге қайтып келе жатып: «Апырым-ау, Шетінге телефон соқсам қайтеді» деген бір ой түсті маған. Пochтаға кірдім де, соқтым телефонды. Шетін тани қойды. Қуанып кеткенін даусынан айқын аңғардым. «Келіп шығыңызшы, өтінем сізден!» дейді. «Жарайды, жақсы, қазір барамын!» дедім.

Бағанағы айналмалы есікке қайта барсам, Шетін тосып тұр. Құшағын жая ұмтылды.

– Келгеніңіз жақсы болды ғой! Өзім іздеп барайын деп едім, сіздің жаңа адресіңізді білмедім, – дейді.

Екеуіміз лифтіге міндік.

– Шетін-ау, мені есік алдында тосып алғаның не? Мен ыңғайсызданып қалдым, – дедім.

Ол мәз боп күлді де, лифтшіге естіртпей құлағыма сыбырлап:

– Себебін сонсоң айтармын, – деді.

Екеуіміз кабинетіне кірдік. Кабинеттің жиһаз-мүлкі көз тұндырады. Бас директордың бөлмесі екенін бірден-ақ білесің!..

– Шетін, қымбаттым! Сен титтей де өзгермепсің, сол баяғы бала кезіндегідейсің. Сені дәл қазір лицейге жіберуге де болар еді. Жасың отызға жетті ме өзі?

– Отыз үштемін, ағабей.

– Отыз үште осындай ірі қызметке тағайындалғаның қандай ғанибет! Шын жүрегімнен құттықтаймын! Өңіңе қарап сені отызда деуге де болмайды.

– Өңімнің жасаңдығынан өзім де көресіні көріп жүрмін, ағабей, жұрттың ешқайсысы мені бас директор дегісі келмейді. Егер сіздің алдыңыздан өзім шықпасам, сіз менімен ешқашан жолыға алмас едіңіз.

Мен осының алдында ғана басымнан кешкен хикаяны оған айтпай-ақ қоюды жөн көрдім.

– Солай, ағабей, мен мұнда жарық дүниеден бейхабар боп жапа-жалғыз отырмын, маған ешкімді кіргізбейді, – деді Шетін.

Мен абыржи түстім:

– Сонда сені жұрттан жасырып ұстауға кімнің дәті барып жүр? – дедім, антарылған кейіппен.

– Шіркін-ай, сіздің келгеніңіз мұндай жақсы болар ма, ағабей! Біреу-міреумен шүйіркелесіп сөйлесуге, хал-жағдайымды айтып шер тарқатуға зар боп отырамын.

Ол үндемей сәл-пәл отырды да, сөзін жалғады:

– Еуропадан қайтып оралысымен мені әуелі Анкараға жіберді. Мен онда көп тұрақтаған жоқпын, қызмет дәрежемді екі рет өсірді де, тура осында бас директор етіп тағайындады. Маған дейін мұнда бас директор боп бір салауатты егде кісі істепті. Ол бас директор десе дегендей екен: қарсы алдынан қарасаң – иегінен тізесіне дейін түп-тұтас қарын; ту сыртынан қарасаң – қатпар-қатпар шүйдесі екі иығын басып тұрған бірдеңе. Мені көре сала кірпіше жиырылды. «Әпенді қалқам, жап-жас бала екенсің ғой! Алланың көзі түзу болсын саған. Міндетіңді ептеп-септеп атқарып кетерсің деп сенем» деп көлгірсіп те қойды. Жерден жеті қоян тапқандай: «Әпенді қалқам! Әпенді қалқам!» деуден жаңылмауға айналды. Жынымды ұстатты. Бір уақта төзімім таусылып: «Менің атым Шетін екенін ұмытпағайсыз!» дедім. Өзінше өкпелеп қалғансыды, бірақ маған бағынышты қызметшілердің, есікшілердің, лифтшілердің көзінше мені «әпенді қалқам» дегенінен танбады. Маған іс қағаздарын тапсырып жүріп: «Алдымен тәжірибе керек... Әпенді қалқам, тәжірибенің маңызы ерекше!» деп тіпті жағы сембеді. Онысының сырын мен де түсіндім. Байғұстың басқа амалы қалмаған екен: өзінің ой өресі мәз емес екенін сезетін сияқты, сонсоң іштей намыстанады білем. Қызметін қабылдап алуға келген кісі өзінің баласындай ғана болған соң, шалекең неге шала бүлінбесін! «Әпенді қалқам, егер тығырыққа тіреле қалсаң, біздің курьеріміз Абдолла ағайдан ақыл сұрайтын бол. Ол үйретуден ешқашан жалықпайды» дейді. «Бей әпенді,

сіз ғафу етіңіз, мен курьерден үйренуге келген жоқпын» дедім. «Әпенді қалқам, ол не дегеніңіз? Курьер екен деп адамды қор тұтуға болмайды. Мен мемлекеттік қызметтерде жиырма алты жыл істедім, бұдан да жауапты жұмыстарда болдым, сондықтан, әпенді қалқам, сізге сырымды айтайын: курьерлерден көп ақыл алуға болады. Ал мен көрген курьерлердің ішіндегі ең тәжірибелісі – Абдолла ағай. Онымен ынтымақта болсаң – өзіңе пайда» деді. Деді де, қоңырау түймесін басып қалып еді, курьер жетіп келді. «Абдолла аға, мына әпенді қалқам – біздің жаңа тағайындалған бас директорымыз. Өзі әлі жас. Тәжірибесі жоқ. Бір кезде маған көмектескеніндей, сен бұған көмектесіп жүр, ісіміз әрқашанғыдай ілгері баса беретін болсын. Сөйт, қымбаттым! Мен сенің адалдығыңа сенемін!» деді курьерге. «Өз ұлыма көмектескендей көмектесемін!... Бұған көмектесу – біздің парызымыз!» деді курьер. Мен одан әрі шыдай алмадым: «Шығыңыздар!» деп ақырып қалдым. Курьер сып беріп шығып кетті.

Бұрынғы бас директор маған сөйтіп «қамқорлық» жасап, сөйтіп менің «беделімді» көтерді.

Ал ісін тапсырып болып, біржола кететін күні ол: «Әпенді қалқам, маған рұқсат етіңіз, сізге өзіміздің қызметкерлерді таныстырайын» деп қарап тұр. «Бей әпенді, текке әуре болмаңыз, өзім-ақ таныса алармын» дедім. Дегенімді қайтейін, қызметкерлеріміз оның қас-қабағын бағып, мені тіпті көздеріне де ілмеді. Менде көнбеске шара қалмады.

Бұрынғы бас директор мені зор қошеметпен қолтықтап, қолпаштап, залға алып кірді. Менің ондайды ұнатпайтынымды, ағабей, сіз жақсы білесіз ғой, бірақ ол жерде мен: «Жарайды, шалекең кетерінде құмарынан бір шықсын да, сөйтіп қарасын батырсын» деп ойладым.

Кәрі албасты сол сәтте қолын менің иығыма салды да: «Құрметті халайық! Сіздерге өздеріңіздің жаңа бас дирек-

торларыңызды таныстыруға рұқсат етіңіздер!» деді. Сонсоң мені жас баланы еркелеткендей-ақ иегімнен қолының ұшымен көтеріңкіреп тұрып: «Біздің бұл әпенді қалқамызды, жасөспірім бас директорымызды ренжітіп алмай сыйлап жүретіндеріңе мен сенемін» деп мені әкелік мейіріммен бетімнен қаққылап-қаққылап қойды.

Ұялғанымнан жерге кіріп кете жаздадым. Амал не?! Қоштасқанымыз осы болсын деп оны құлақ-шекеден қонжита бір ұрып, залдан шығып жүре берсем бе еді?.. Бәрі де ойда жоқта болған соң, омалып тұрып қалдым, жынды кісіше күле берем. Ал шешенім көсіліп сөйлеп тұр: «Құрметті жора-жолдастар! Сіздер «Ақыл – жастан, асыл – тастан» деген мақалды білесіздер. Біздің мына жас досымыз, өзінің жылғындай жастығына қарамай, сонау Еуропада болып қайтыпты, талай кітапты оқыпты. Біздің қызметкерлеріміз мені қалтқысыз сыйлап үйренген қасиеттерін сақтайды деп, біздің мына әпенді қалқамыздың, біздің жасөспірім бас директорымыздың тілін алады, тапсырмаларын орындап жүреді деп мен кәміл сенемін. Уа, достарым, мен сендерден біздің мына айналайын әпендіге, қымбатты бас директорымыз мырзаға ақыл-кеңес беріп жүруді ұмытпауды сұраймын. Біздің қымбатты жасөспірім бас директорымызға өздеріңнің бай тәжірибелеріңді жалықпай үйретуге барлық күш-жігерлеріңді аянбай жұмсайтындарыңды айтып маған уәде беріңдер!» деді. Біреулер: «Береміз» деп айғай салды. Қарқылдаған күлкі залды қақ жарғандай болды. Мен күлерімді де білмей, жыларымды да білмей, тура өртеніп тұрмын. Бірдеңе деп далбасалағым келді. «Рұқсат болса...» дей беріп едім, бұрынғы директор мені бас салып күшақтай алды да, тұншықтырып жібере жаздап қысып көтеріп, екі бетімнен кезек-кезек сүйді. Сонсоң қолын салтанатпен көтеріп: «Аяулы достарым, қош болыңдар!» деді де, көзіне іркілген жасын жүре сүртіп, залдан шығып кетті. Залда отырған жұрт та көз жастарын сығып-сығып тастап,

бұрынғы директордың соңынан тұра-тұра жөнелді. Кейбір кексе әйелдер өксіктерін тыя алмай кетті. Зал ортасында сопиған күйімде мен ғана қалдым...

Сол кезде, ағабей, біз қайынбикемнің үйінде уақытша тұрғанбыз да, қолайлы пәтер іздеп жүрген болатынбыз. Анкарадан ауысып келе салысымен-ақ іздеуге кіріскенбіз, бірақ табыла қоймай, табылғанына қалтамыздың қауқары жетпей жүрген. «Мүртқа өкпелеп жүргенде сақал шығып», қызметтің қырсығы және қосылды. Кіммен сөйлесе қалсам да, бетіме аянышпен қарайды және «әпенді қалқамын» көлденең тарта қояды. Қылаяғы мәшіңкеші әйел де: «әпенді қалқам» деп сөйлеседі. Ертеңді-кеш еститінім: «қалқам, әйте қойшы», «қалқам, бүйте қойшы» деген сөздер. Мен мұнда бас директор емес сияқтымын, асырап алынған жетім бала сияқтымын... Қағаздарды реттеп қарай бастап едім, миым ашып кетті. Ұсақ-түйек шаруаның бәрі, «бүйректен сирақ шығарып» дегендей, шатыстырылған. Ешбір істің бас-аяғын айырып алуға болмайды. Біреуінен сұрап түсініп алайын десем, мұндағылардың бәрі «жауырды жаба тоқып», тіпті маңдарына жуытқылары келмейді. Курьерінен төресіне дейін бәрі ымдасып-жымдасып алған, «қарғаның көзін қарға шоқымайды». Жұмысты дұрыс жолға қою үшін күні-түні істеуге тура келіп жүрді. Бірде түннің бір жеріне дейін отырып қалған екенмін, мысықша жымып басып, ұрыша жылмиып курьер кірді. «Әпенді қалқам, бұрынғы бастығым сізді өзіңнің ұлыңдай көріп қорғаштап жүр деп еді...» дейді. Мен орнымнан ұшып тұра жаздадым: «Жоғал!» деп ақырып қалдым. Ал ол ақымақ ұлының білместігін кешіре білетін мейірімді әкелерше жылы жымыып қарап: «Әпенді қалқам, шық десең, әрине, шығам ғой, әйтсе де бір ауыз сөзіме құлақ салшы...» деді. Мен одан әрмен ашуланып: «Шық, кәне!» деп тебіттім, ал ол тіпті селт етер емес, тәйтиіп тұрып алып, фэлсәфәсін соға берді: «Әпенді қалқам, сіз жұмысқа ұсақ-

түйек қызметкерлермен қатарласып тым ерте келесіз. Солармен бірге қайтасыз, кейде олардан да кеш қайтасыз. Өйте берсеңіз, әпенді қалқам, олардың сізге еті үйреніп алады да, е, өзіміз сияқты біреу екен ғой деп сыйламайтын боп кетеді. Әпенді қалқам, сіз мені ғафу етіңіз, сіз менің ақылыма құлақ қоймай, бай тәжірибемді басшылыққа алмай жүрсіз. Сіз қалай десеңіз де, менің мұнда қызмет істегеніме бақандай жиырма төрт жыл болды. Осынша уақытта мұнда неше директор келіп, нешеуі кеткенін ойлап көріңізші. Мен – сенің әкеңдей адаммын...» деді.

Ағабей, сіз менің морт кететінімді білесіз ғой. Сол жолы да шұғыл шешім жасадым, оны жұмыстан қуып жіберуді ұйғардым: «Дереу қараңды батыр! Табаныңды жалтырат! Бұл маңға жуушы болма!» дедім. Ол есіктен шығып үлгерер-үлгерместе менің орынбасарым мен екінші директор кіріп келді де, екеуі екі жағымнан сарнап қоя берді. Бірі бастап, екіншісі қостап: «Әпенді қалқам, сіздің ісіңіз, әрине, дұрыс... Бірақ, жаңағы кісі – біздің мекемеміздің ардагері... Әпенді қалқам, сіз, әрине, білгірсіз, бірақ жаңағы курьерді жұмыстан шығаруға болмайды... Біз – сіздің жасы үлкен ағаларыңызбыз, не айтсақ та, сіздің өзіңіз үшін айтамыз...» дейді. Олар кетіп еді, басқалары жетіп келді. Ол келгендердің де айтарлары сол. Бірінің ізімен бірі келіп, бірінің сөзін бірі қайталап, мені қақпақылдап бақты... Курьерді жұмыстан қуып шықсам – құлағымнан қаңқу кетпесін, миымнан шаншу кетпесін ұқтым. Сонсоң оны басқа бір жұмысқа ауыстырдым. Сол-ақ екен, бәрі ұлардай шулап шыға келді: «Ондай тәжірибелі адамды маңайыңнан неге қуасың, өз орнын өзіне бер!» деп қасарысып отырып алды – көнбеске шарам қалмады.

Бір күні кабинетте жұмысбасты боп отыр едім, ол жамбастап тағы келді. «Әпенді қалқам, рұқсат етіңіз... Сіз маған ренжи көрмеңіз... бұрынғы директор маған сізді өз ұлындай

көргейсің деген соң... Сіз бәріміздің қызметімізді жалғыз өзіңіз атқармақшысыз. Әпенді қалқам, оныңыз жарамайды... Басқалар да істесін...» деді. Әрең шыдап отырдым. Мысқылмен күле қараймын. «Жарайды, ескеремін...» дедім.

Ертеңінде жылмиып тағы келді. «Әпенді қалқам, жоқтан өзгені сылтауратып келгеннің бәрін неге қабылдай бересіз? Ондай оңай олжа, мол қалжа қылығыңыз өзіңіздің де, сіздің мына мекемеңіздің де беделін түсіреді. Бұл жұрт қажет шаруаның оп-оңай шешіле салмайтынын ұғуға тиіс... Менің мұны тек сіздің абыройыңыз үшін айтып отырғаным Аллаға аян... Қазір мен былай қалдым, менімен ешкім санаспайтын болды. Менен жөн сұрауды қойды. Баса-көктеп тура сіздің қасыңыздан бір-ақ шығады...» дейді.

Оның ертеңінде келіп айтқан ақыл-кеңесі – өз алдына бір жатқан өсиет: алдын ала келіп тізімге жазылмағандарды қабылдамау керек екен, жазылғандардың өзін ол аптада қабылдамай, қазір жұмысбастымын деп, келесі бір аптада ғана қабылдау керек екен; яғни, менде шаруасы барлар маған дейін есікшіден, курьерлерден, бөлім қызметкерлерінен, бөлім меңгерушілерінен, барлық үш директордан жөн сұрауға, солардың алдында жалынып-жалпайып біраз жүруге тиіс көрінеді. «Егер өйтпесең, әпенді қалқам, сенің құның бес-ақ тиын. Бас директор сұсты болуы керек, оның кабинетіне жету қылкөпірден өткенмен бірдей болуы керек!..» деді Абдолла.

Ағабей, сіз оның сөз астарын аңғардыңыз ба? Олардың ешқайсысы бір ғана жалақымен жан сақтап жүрген жоқ. Жаңағыдай жолдармен мал тауып, «кұрыққа сырық жалғап» дәндеген. Мен өйтемін, мен бүйтемін деп пара алып, бірдің орнына екі алып, тегін табысқа кенелген. Ал мен келген күннен бастап ондай көлденең кірістен қағылды ғой.

Сөйтіп, қазір менің қақпанға түскен қасқырдай арпалысып жүрген жайым бар, ал бала-шағам күні бойы пәтер

іздеп сенделуде. Айына алты жүз лира төлеуге болатын бір тәп-тәуір пәтер тапқан екен, пәтер иесі бір жылдың ақысын қолма-қол бер деп қасарысып қалыпты. Әйелім маған: «Үй иесі сенің мекемеңде істейтін көрінеді. Сөйлесіп көрші, мүмкін қасарысқанын қояр» деді. «Ол кім екен?» деймін. «Директорлардың бірі сияқты, аты – Абдусәлем бей» дейді. Қанша ойлансам да, ондай атты естімеген боп шықтым.

Жексенбі күні таңертең әйеліміз екеуіміз пәтерді көруге аттандық. Үш қабатты үлкен үй екен, кіріп иесін іздедік, шақырып берді. Үй иесі кім екен дейсіз бе? Ол – менің курьерім, баяғы Абдолла ағамыз!

Түсіндіңіз бе, ағабей? Мен қолайлы пәтер таба алмай қор болып жүрмін, ал менің курьерім хан сарайындай үйде тұрады. Ол қысылып-қымтырылған жоқ: «Әпенді қалқам, мен сізді өз ұлымдай көретін боламын деп бұрынғы бастығыма уәдемді бергенмін, сондықтан пәтерақының бір жылғысын емес, жарты жылғысын ғана ала тұрайын» деді. Онысынан бұрын әйелімнің көзінше «қалқам» дегені шымбайыма батып кетті. Бірақ мен аузымды ашып үлгергенше: «Егер көңіліңіз қаласа, мен сұраған жылдық пәтерақыны сіз бір-ақ айда табасыз!» деді ол. «Қайтіп?» деймін. «Қызметте кім көрінгенді қабылдай бермесеңіз болды емес пе. Біз сияқты курьерлер мен күзетшілерге де майлық-шайлық нәпақа керек...» дейді. Сонымен, біз сопыып қайттық... Хал-ахуал осы, ағабей. Мұнда келгеніме жақында екі ай толады. Бытысқан жұмысты қайтіп оңдап аларымды білмей миым айналып жүрмін. Мыналар тізелерін ажыратар емес. Былықтарының тым құрыса біреуін аша алсам – бұлардың барлық құпиясын жіпке тізіп, айпарадай етер едім! Соны сезеді де, менің төңірегіме ертеңді-кеш тор құрып, маған ешкімді қатыстырмайды. Торларын тас-талқан етпек те болдым. Кеңсенің бірінші қабатында анықтама бюросын да аштым, бірақ олар ешкім көрмесін деп оның жарнамасын

тұмшалап бүркеп тастады. Сіздің алдыңыздан өзім шыққан себебім осы, әйтпесе сіз мені көре алмайтын да едіңіз. Іздеп келгендер менің кабинетіме жарты айда әрең жететін көрінеді.

– Ал енді қайтпекшісің? – дедім Шетінге, әңгімесін тыңдап болған соң.

– Анкараға барып, министрмен ақылдасам деймін. Ол да жаңада ғана тағайындалыпты. Мен онымен таныспын, керемет жақсы кісі. Бар-жоқ көріп-білгенімді айтып берем.

– Дұрыс делік, сонда ол саған не көмек көрсетеді?

– Әрине, ол мұндағылардың бәрін шетінен ауыстыра алмайды. Ал ауыстырмайынша жағдай да түзелмейді. Тым болмаса үштен бірін ауыстырып берсе, жарар-ақ еді.

– Ендеше, Алла жолыңды оңғарсын!..

Шетінмен көңілім күпті болып қоштастым.

Бірнеше айдан кейін мен Шетіннің отставкаға шыққанын естідім. Содан біраздан соң екеуміз кемеде жолығыстық. Жүзі сынық екен. Отставкаға шыққан себебін сұрағанымда ол былай деді:

– Мен министрге бардым да, мекемедегі жағдайды жасырмай баяндап бердім. «Мен бәрін біліп отырмын, – деді ол, – жағдайды оңдаудың бір ғана жолы – барлығын орындарынан алу керек!.. Сенің мекемедегілерді ғана емес, министрліктегілердің бәрін қуу керек. Жақсы, барлығын қуайық, бірақ, олардың орындарына кімдерді қоямыз?.. Яғни, бұлай істеуге болмайды, оған біздің шамамыз жетпейді». «Сонда не істеуіміз керек?» деймін. Министр айтады: «Не отставкаға кетуіміз керек, не шыдауымыз керек» дейді. Үш айдан кейін мен отставкаға кетіп тыныш таптым.

– Ал министр ше?

– Ол отыр әзірше. Оның орнына біреуді тағайындайды екен деп естідім жуықта. Газеттерден үкімет дағдарысы туралы жазылғандарды оқыған шығарсыз?

– Министрліктің барлық қызметкерлерін ауыстырғаннан, әрине, министрді ауыстыра салған әлдеқайда оңай ғой.

– Былықтың көзі, ағабей, бір ғана министрлікте емес-ау!..

– Өзің қазір қайдасың, не істеп жүрсің?

– Өзім қазір... жұмыссыз жүрмін...

Сол жолдан соң мен Шетінді көпке дейін көрген жоқпын. Ол саясатпен шұғылданып жүр деп естідім, газеттерден аты-жөнін көріп қалатын болдым. Ақырында ол белгілі қайраткер боп шықты, министр болды. Тек бір кезде өзі бас директор болған министрлікті емес, басқа біреуін басқарды. Мен онысына қатты өкіндім. Баяғы өз министрлігіне барса ғой, жағдайды мықтап тұрып түзетіп алар еді... Сонда да болса мен оның өскеніне шынайы қуандым. Министрліктегі жағдайды мықтай алмаса да, өз қалтасын мықтап алды.

Газеттен оның тағайындалғаны туралы хабарды оқи салысымен оған: «Әпенді қалқам, құттықтаймын!» деп телеграмма соқтым. Ол маған жауап хат жазып, Анкараға келіңіз деп шақырыпты. Бардым. Ол мені дереу өз қол астына қызметке алды.

Еңбекақым онша көп емес, айына бір мың сегіз жүз лира ғана аламын. Қызметте таңертеңнен түске дейін ғана боламын. Мүлде бармай қойсам да, мені керек қылып іздейтін ешкім жоқ. Үйде оны-мұны бір тығыз шаруам боп қалғанда болмаса, қызметке күнде барып жүруге тырысам.

Күні бойы үйде отырсаң, ішің пысып өлерсің!..

АХМЕТ БЕЙ МЕН ӨГІЗ

«**Е**рте-ерте-ертеде, ешкі жүні бөртеде» Ахмет бей деген біреу болыпты. Арпа, жүгері, сабан сатады екен. Шылқыған бай екен. Бай болғанда, битін сығып, қанын жалайтын саранңның нағыз өзі екен.

Бір күні әйелі оған:

– Ұлдың башмағы тозып бітті. Жаңасын әперейік, – деді.

Ахмет бейдің астаң-кестеңі шығыпты:

– Бұл қай сандырағың?! Шешем маған екі-үш жылда бір башмақ әпергенде, әкем соған да ренжуші еді. «Біздің кезімізде бір башмақ бес-он жылға жететін. Ал қазір шіріген теріден тігеді түге!» деуші еді. Біздің ұл бір башмақты екі-ақ ай киеді. Сенде өзі... түйсік бар ма?!

– Менің жазығым не? Мен киіп тоздырған жоқпын ғой, – деді әйелі.

Шешесі барып ұлын қуырды:

– О, көгермегір көргенсіз! Сенің әкең бір башмақты екі жыл киеді. Мен де екі жылда бір-ақ туфли киемін... Ал бір башмақты екі-ақ ай кигенді сен қайдан шығардың?!

– Мен кінәлі емеспін, – деді ұлы. – Өздерің білесіңдер ғой, бұрын мен біреуін бір жыл киетінмін. Сонсоң жарты жыл киетін болдым. Қазір тіпті пәле болды... Башмағымның аяққа ілуге жарамай қалғанына мен кінәлі емеспін! Сатушыларда ұят деген қалмаған. Шіріген башмақтарды сататын солар.

Екеуі әрі-бері тәжікелесіп, ақырында аяқ киім сатушыға барып, нашар башмақты неге сататынын сұрады.

– Мен кінәлі емеспін, – деді сатушы. – Ренжіп келген жалғыз сіздер ғана емессіздер. Тұтынушылардың бәрі ренішті. Мен де реніштімін. Бірақ қайтеміз, заман солай. Ешкімде ар-ұят деген жоқ. Етікшілердің бәрі шіріген аяқ киім тігеді.

Сатушы бұлқан-талқан болып ашуланып, етікшіге барып жер тепкіледі.

– Мен кінәлі емеспін, – деді етікші. – Қазір мен теріге бұрынғыдан әлдеқайда қымбат төлеймін. Ал тері түкке жарамайды. Бұрын кісілер ар-ұяттарына қараушы еді. Тек сапалы тері сататын. Қазір ұлтаны да – бір, қонышы да – бір. Шеге ұстамайды, шіріп кеткен.

Етікші ашуға булығып, тері сатушыға жетіп барды да, неге шіріген тері сатасың деп тебітті.

– Мен кінәлі емеспін, – деді тері сатушы. – Тұтынушыларымнан айырылып тотиып қалғым келеді дейсің бе мені? Қазір заман солай, бауырым. Халық қана бұзылған жоқ, өгіздің терісі де бұзылды. Егер мен сізге өзімнің терімді сатқан болсам, онда, әрине, маған ренжуге әбден болады. Ал мен сізге өз терімді емес, өгіздің терісін сатып жүрмін. Маған күй – сеніңіз, күй – сенбеңіз, қазіргі кезде өгіздерде де ұят деген атымен жоқ. Мен кінәлі емеспін, өгіздер кінәлі.

Қаны қайнаған бақташы қасапханаға апарылмақшы өгізге барып әңгір-таяқ ойнатты.

– Сенде өзі ұят бар ма?! Мені масқаралап өлтіретін болдың! Сендердің терілерің неге түкке тұрғысыз боп кеткен осы?!

Өгіздің басы салбырап кетті:

– Біз әсте кінәлі емеспіз, – деді ол. – Мысалға мен өзімді алайын. Қожайыныма жағуға тырысып жанталасып-ақ жүремін. Оған етімді де, мүйізімді де, жапамды да, терімді де беремін. Терімнің қалың болғанын өзім де жақсы көремін. Бірақ заман солай, біздің теріміз ата-бабамыздың терілеріндей қалың емес. Қожайыным топырақ араласқан арпа берсе, қайтемін? Сабанның орнына шіріген шөп береді, оның өзін де өлшеп, аз береді. Тамағым қандай болса, терім де сондай.

Терісінің түкке тұрғысыздығы елге жайылып кеткеніне жаны күйзелген байғұс өгіз қожайынына барып:

– Сен мені неге дұрыстап күтпейсің? Там-тұмдап беретін азығың тым құрыса таза болмайды. Сүйегім шыңылтырланып, терім жұқарып біттім. Бұл үшін жұрт мені кінәлап жүр, – деді.

Қожайын күңк етті:

– Сен дұрыс айттың, бірақ мен кінәлі емеспін. Менің егістігім шағын, арпа мен сабаным аз. Саудагер Ахмет бейге

жалынып-жалынып жүріп жемді әрең аламын. Қазір заман солай боп кетті, өгізім. Ар-ұятын ойлайтын тірі жан қалмады. Ахмет бей топырақ қосқан арпа мен сабанын маған удай етіп қымбатқа сатады. Сені жөндеп жемдей алмай жүргенімнің себебі осы.

Өгізінің алдында жер болған қожайыны Ахмет бейге барды, жеміне қоқыр-соқырды неге қосатынын, неге қымбат сататынын сұрады.

Саудагер Ахмет бей айтты:

– Сөзің жөн. Бірақ мен титтей де кінәлі емеспін. Қазір жұртта ар-ұяттың атымен жоқ. Бір кездерде менің ұлым бір башмақты бір жыл киюші еді. Ал қазіргі башмақтар екі айға әрең шыдайды. Оның үстіне қымбат. Киім-кешек те удай қымбат. Бала-шағамды асырап-сақтауым, киіндіруім керек, сол үшін мен басқалардың маған істегендерін өздеріне істеймін... Өйтпеске шарам жоғын түсінгейсің... Менде титтей де кінә жоқ.

Астаң-кестең ашуланған саудагер Ахмет бей етікшіге жетіп барады. Етікші – тері илейтін зауытқа, зауыт иесі – жидашыға, жидашы – бақташыға, бақташы – өгізге, өгіз – қожайынына, өгіздің қожайыны – саудагер Ахмет бейге жетіп барады. Бәрінің айтар жауабы біреу-ақ.

– Сен дұрыс айттың, бірақ мен титтей де кінәлі емеспін. Қазір заман солай. Жұртта ар да қалмады, ұят та қалмады... – дейді.

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНЫМАҒАН КОРОЛЬ

Анау да сонау атам заманда адам атаулы қол қусырып, аузымен орақ орғанда бір король болыпты. Ол корольды жұрты жақсы көрмепті. Қара халық қана емес, сарай маңын сағалағандар да оны жек көріпті.

Шынында оның Құдай сүйер қылығы жоқ еді...

Ал еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейіннің бәрі мұрагерді жандарындай жақсы көріпті. Ол дегенде өмірлерін қиюға әзір тұрыпты. Олай болатын себебі: мұрагер отан дегенде жүрегін суырып беруге бар екен. Ол король сарайынан сытылып оңаша шыға қалса, ажарынан айырылып жатқан аймақты аралап жүріп: «Қайран жерім, қайтейін, өстіп шаң басып жата берер ме екенсің!..» деп көкірегі қарс айырылады екен.

Шалшықты көрсе: «Мұның суын жырып апарып шөл жерлерді суарса, жұмақ болып-ақ кетер еді» дейді екен.

Мұрагерді журналшылар да жақсы көріпті. Корольдың баспасөзді тұқыртып ұстайтынына өзінің наразы екенін жас мырза кейде ашық айтатын болса керек.

«Баспасөз бостандығы жоқ елде демократия болуы мүмкін емес!» дейді екен ол.

Мұрагер де журналшыларды жан-тәнімен жақсы көріпті. Олармен жиі-жиі шүйіркелесіп, іштегі шерін тарқатып жүріпті.

Корольды тақтан тайдырып, орнына мұрагерді отырғызса ғана баспасөз бостандығы болатынына журналшылар шүбәланбапты. Сондықтан олар жас принцтің соңынан шүбырып еріпті де жүріпті. Принц журналшыларға қонақасы беріп, олармен бірге суретке түсуді ұнататын болыпты. Суретін тарту еткенде, сыртына: «Кіршіксіз достығымыздың ескерткіші болсыншы» деп жазып береді екен. Сөз бен ой бостандығының мұрагердей қамқоршы-жоқшысын барша өнер адамдары жақсы көріпті. Елімізге бұл ие болса, қасіреттен құтылар едік деп кедей-кепшік те оны құрмет тұтады екен. Шенеуніктердің үміті де ерекше болыпты. «Жерімізді жұмаққа айналдырар едім» деген мұрагерді шаруалардың қалай жақсы көргенін айтуға тіпті тіл жетпесе керек.

Жұрттың мұрагерді қошеметтеуі асып бара жатқанын көрген король оны сарайдың бір оңаша бөлмесіне көшіртіп, халыққа көрінуіне тыйым салыпты. Оған алтын-күмісті үйіп-төгіп беріп, жанына сұлу қыздарды қосып қойыпты, бірақ мұрагер ол қулыққа алданбапты, тіпті корольдың қаһарынан да жасқанбапты, ол отаныма қайтсем пайдам тиеді дегенді ғана ойлапты.

Корольды қыл аяғы күзетшілері де жек көреді екен. Олар да мұрагер жағында болыпты, оның құпия сәлемін журналшыларға жеткізіп жүріпті.

Сөйтіп, күндердің бір күнінде езгіге төзе-төзе болған халық көзі ашық азаматтарының бастауымен көтеріліс жасап, корольды тақтан ұшырып, орнына мұрагерді отырғызады. Ұлан-асыр той-думан басталады. Сарай қызметшілері түгел жиналып, жаңа корольды құттықтауға барады.

Тақта отырған король оларға түйіле қарап:

– Сендер кімсіңдер? – дейді.

Сарай қызметшілері сасып қалады. Өздері бәйгеге бас тігіп жүріп таққа отырғызған королі шынымен танымай қалғаны ма?!

– Ұлы мәртебелі, оңаша бөлмеде қамауда отырғаныңыз-да сіздің журналшыларға жазған құпия хатыңызды жеткізем деп жанымды шүберекке түйген мен едім ғой, есіңізде бар ма? – дейді сарай күзетшілерінің бірі.

Король сәл-пәл ойланып отырады да:

– Есімде жоқ. Ол қашан еді? Мен сізді бірінші рет көріп отырмын, – дейді.

Сонда сарай қызметшілерінің басқа біреуі тұрып:

– Ұлы мәртебелім, әлбетте, мені ұмытпаған боларсыз. Екеуміз корольды тақтан қалай тайдырамыз деп ақылдасып талай түнді бірге өткіздік қой, – дейді.

Король оған:

– Сіз, сірә, сондай түс көрген шығарсыз. Мен ондай ештеңені білмеймін, – деп жауап береді.

Сөйтiп, ол ешкiмдi танымай қояды.

Корольды құттықтауға ертеңiне журналшылар барады. Король оларды да танымай қояды. Әрқайсысына бағжия қарап:

– Мен сiздi бiлмеймiн. Ешқашан көрген емеспiн, – дейдi.

– Ұлы мәртебелiм, бұныңыз қалай? – дейдi журналшылардың бiрi. – Сiз менi аға дейтiнсiз. Ылғи да құшақтап сүйетiнсiз. Көңiлiңiз бұзылып: «Бостандық, бостандық!» деп айқайлап та алатынсыз.

– Кiм? Мен бе?!

– Иә, сiз.

– Қашан?!

– Король боларыңыздан бiрнеше күн бұрын.

– Қай жерде?!

– Кездескен жердiң бәрiнде.

– Есiмде жоқ. Сiз менi бiреумен шатастырып отырсыз!

Екiншi журналшы оған бәрi бiрге түскен суреттi көрсетiп, сыртындағы қолтаңбасын оқып бередi. Король сонда да танымай қояды.

– «Қорыққан да – бiр, қуанған да – бiр» деген, сiрә, мұның есi шығып кеткен ғой! – деседi журналшылар, сонсоң корольды сейiлдеп қайтуға шақырады. Оны өзi жұмаққа айналдырар едiм деген жұтаң жерлерге алып барады.

Король көзiн қолымен көлеңкелеп, сығырайып қарап:

– Менi қайда алып келдiңдер? – дейдi.

– Осы жерге көл орнатамын дегенiңiз есiңiзде ме? Жұрт балық аулай алатын болсын дегенсiз. Туристер келiп тамашалап жүрсiн дегенсiз.

Король шаң басқан далаға тағы да бiр қарап алып:

– Бiрiншi рет көрiп тұрмын. О, тәңiрiм, неткен жексұрын жер! – дейдi.

Король өзi мұрагер боп жүрген кездегi оқиғалардың еш-бiреуiн бiлмейтiн, сол кездегi жолдастарының ешқайсысын

танымайтын боп шығады. Онысына жұрттың бәрі аң-таң болады.

– Король кісі таңу қабілетінен айырылған сияқты, тым болмаса өзін-өзі таныр ма екен, көрейікші, – дейді сонда біреу тұрып.

Олар ұлы мәртебелілерінің алдына алтын жақтаулы үлкен айна әкеліп қояды. Король айнадағы өз пішініне қарайды да:

– Мынау кім? – дейді.

– Сіз емессіз бе?!

– Жоқ, мен емеспін! Мен мұны бірінші рет көріп тұрмын! – дейді король.

– Бұл сізсіз, – деседі оған.

– Жо-жөк, мен емеспін! Өздерің қараңдаршы!

Қаумалап тұрған көпшілік айнаға қарайды да, жағаларын ұстайды:

– Король рас айтады. Мынау шынында да бөтен біреу! – деседі.

Айнада: есек құлақ, өгіз мүйіз, маймыл жүн, аю аяқ, шошқа тұмсық, жайын ауыз бір құбыжық тұр еді.

Жұрт оның жаңа король екенін тани қойды... Сарайда қамауда отырған жаңа мұрагерді дереу таққа отырғызу үшін тағы да көтеріліс жасады.

Албастыны айналайын дегенмен әулие болмас.

ӨЗІҢІЗГЕ ҚАРАП АЛЫҢЫЗ

Баяғыда ма, бертінде ме, алыста ма, жақында ма, жоғарыда ма, төменде ме, мен туғанға дейін бе, мен өлгеннен кейін бе – сенсеңіз сеніңіз, сенбесеңіз тағы қойыңыз – әйтеуір, жер бетінде бір қала болыпты, ол қалада бір үй болыпты.

– Уа, менің оқырмандарым, тыңдаушыларым! Сіз қай кезде өмір сүрген болсаңыз да: он ғасыр бұрында ма, он ғасыр кейінде ме, керісінше ме – бәрібір, әйтеуір, жаңағы қала сол кезде, сол елде болыпты. Сіз қай тілде сөйлесеңіз, ол қаладағылар да сол тілде сөйлепті.

Сонымен, әңгімемді бастайын.

Сол қалада бір үй болыпты, ол үйде бір Адам тұрыпты. Бір күні ол таңертең тәтті ұйқысынан оянып, езуі жеткенінше есінеп жатып қараса: дәл жанында, әйелінің жастығында, адам баласы көрмеген бір мақұлықтың басы жатыр! Бұқа көз, есек құлақ, шошқа тұмсық бір пәле! Көрпенің астынан үлкендігі қошқардың мүйізіндей тырнақ, жуандығы жеңді білектей боп иттің құйрығы шығып жатыр. Адам іңірде ғана өзінің әйелімен жатқан еді. Іңірде ғана емес-ау, отыз жыл бойы бірге жатып келеді емес пе?!

Адам мақұлықты құшақтап жатқан қолын тартып алып, ірге жаққа қарай ығысып, бақырып қоя берді. Мақұлық шошып оянып:

– О не, жаным? – деді.

Мақұлық адамша сөйледі. Әйелінің дауысынан айнамайды. Тіпті бұрынғысынан да жұмсақ, нәзік естілді.

Күндегі ғадетінше ішкіімшең ғана жатқан Адам төсегінен ата жөнеліп, бұрышқа барып тығылды. Қызғылт ішкіім киген мақұлық орнынан тұрды. О, Алла, неткен қорқынышты еді! Омырауында бос екі қапшық ілулі тұрғандай. Шашы үп-үзын, сояу-сояу.

Мақұлық ілгері аттап:

– О не, жаным? Саған не болды? – деді.

Мақұлықтың дауысы мұндай әсем болар ма!

Адам оның сықпытын көрмес үшін бетін қолымен басып алып, бар пәрменімен бақырып балағаттады.

Сол сәтте есік ашылып, үш құбыжық кіріп келді. Үшеуі де – адам аяқты, жылтылдаған жүп-жұмыр жылан кеуделі.

Ит құлақты. Шаштары шала таралған кендірдей, біреуінің шашы тіпті иығын жауып кеткен.

Адамның көзі тастөбесіне шығып:

– Жоғал! – деп баж ете түсті.

Ұзын шаштысы оның жанына жетіп келіп:

– Әке! Әкетайым! – деп шырылдады.

Үш құбыжықтың үшеуі де:

– Әке! Саған не болды? – деп шыр-шыр етті.

Адамның есі ауып қала жаздады. Жылан, кісі, өгізден құрап-сұрап жаратқандай боп алдында тұрған үш құбыжықтың дауыстары оның балаларының дауыстарындай.

Адам:

– А-а-па! – деп бақырып, есікке қарай қашты.

Оның жасы сексенге келген шешесі бар еді. Қабырғалас бөлмеден сол шешесінің:

– О не, ұлым? – деген даусы естілді.

Адам есікті ашып қалды да, шалқасынан түсе жаздады. Қарсы алдында – кісі басты қотыр сиыр тұр. Ол аузын арандай ашып:

– Ұлым, саған не болды? – деді. Тура шешесінің дауысы!

Адам асып-сасып киіне бастады. Бес құбыжық оны қаумалап тұра қалып, сұрақты қарша боратты:

– Не болды, жаным?

– Бізге неге мұнша шошып қарайсың? – деді бұқа көзді, есек құлақты құбыжық.

– Неге қалшылдап тұрсың? – деді кендір шаштылардың біреуі.

Адам:

– Жоғалыңдар! Кетіндер! – деп бақырып, далаға ата жөнелді.

Бұл не сұмдық?! Көше толы арса-арса мақұлықтар. Адам да емес, аң да емес. Басы мүйізтұмсықтың басындай боп піл тұр. Шибөрі басты, жылан құйрықты өгіз келе жатыр. Маймыл әлпетті түйе жүр. Үлкендігі сиырдай бақаның басы

құдды кісінің басы секілді. Жер бетіндегі аң атаулыны түгел жинаса да, дәл мұндай қорқынышты көрініс болмас. Бірақ мыналар аң да емес.

Адам алды-артына қарамай зытты. Қиқы-жиқы мақұлықтардың ара-арасынан атқақтап өтеді. Өзі қызмет істейтін кеңсенің есігіне жетіп бір-ақ аялдады. Басқышпен жүгіріп жоғары шықса, – онда да құбыжықтар толып жүр. Адам өз кабинетіне қойып кетті де, орнына барып отыра қалды. Дегреу қоңырауының түймесін басып, хатшысын шақырды. Ит басты, кісі аяқты күркетауық кіріп келіп:

– Әміріңізге құлдық, әпендім, – деді.

– Мен... мен... жынданған шығармын!.. – деп бажылдады Адам.

– О не дегеніңіз? Бірдеңеге қатты ренжідіңіз бе? – деді күркетауық, кәдімгі хатшысының әсем дауысымен.

Адам көзін тарс жұмып алып:

– Ф. бикешті шақырып келіңіз, – деді.

– Құп болады.

Ф. бикеш оның мәшіңкешісі еді. Ғажап сұлу қыз. Адамның наксүйері болатын.

Сәлден соң есік ашылды да, үстінің суы сорғалап түлен кіріп келді, – иттің аяғынан аумайтын төрт аяғы бар.

– Сен кімсің?! – деп Адам баж ете түсті.

– Сіз шақырған екенсіз... – деді түлен.

Есінен танып қалмай тұрып бастығын тауып алғысы келген Адам бас директордың кабинетіне қарай тұра жүгірді. Кіріп барса, үстел басында өңкиіп бір құбыжық отыр.

Адам:

– Мен ұйықтап жатқан шығармын, түс көріп жатқан шығармын, – деп күбірлеп, көшеге атып шықты.

Көше толы сол баяғы мақұлықтар: үйдей-үйдей өрмекшілер, пілдей-пілдей қарақұрттар, кісі әлпетті бүйілер, қазтабан қалтырауындар...

Адам:

– Құтқарыңдар! Құтқарыңдар! – деп бақырып, көше бойлап жүгіре жөнелді.

Оның дауысын естіп опыр-топыр жиналған мақұлықтар қуып жетпек боп соңынан ұмтылды. Адам шибөрінің аузына түсіп қала жаздады. Бір жерде оны қабан аяқтан шалып жалпасынан құлатты, бірақ Адам сонда да ұстатпай:

– Құтқарыңдар! Көмектесіңдер! – деп бақырып безе берді.

Мақұлықтар оны бірнеше сағат бойы қуалап, ақырында болдыртып апарып бір түйыққа қамады.

– О, байғұс-ай, шын-ақ алжасқан екен, – десті қаумалап.

Оны бас салып ұстап алды да, байлап-матап тастады, сонсоң оларын місе тұтпай, аяқ-қолын кісендеп, бір жайдақ арбаға салып, «Жындыхана» деген жарнамасы бар бір үйге алып барды. «Бас дәрігер» деген жазуы бар бөлмеге кіргізді.

– Құтқарыңдар! Шынымен бір кісінің болмағаны ма?! Құтқара көріңдерші! – деп жалбарынды Адам.

Бөлмеге түйе аяқты шаян кіріп келді. Үсінде ақ халаты.

– Босатыңдар! – деді шаян.

Адамды байлап-матаған жіптерді шешіп, аяқ-қолындағы кісенін алды. Адам өзін қоршалаған құбыжықтарды көрмеу үшін бетін тізесіне басып отыра қалды.

Ақ халатты шаян жұмсақ үнмен:

– Сізге не болды? – деп сұрады.

– Ештеңе де болған жоқ, – деді Адам, басын көтерместен.

– Онда жүзіңізді неге жасырасыз?

Адам күні бойы көргендерін айтып:

– Кісілер қайда? Олар қайда кеткен? – деп налыды.

Әлдекім мырс етіп күлді.

– Түсінікті. Сырқатыңыздан қазір-ақ айықтырамын.

Шаян сиырдай бақаға бұрылып:

– Қымбаттым, айнаны алып келіңізші, өзін-өзі көрсін, – деді.

Шошқа мен шибөріден туғандай екі құбыжық үлкен айна алып келді.

Айнаға көз салған Адам өзі әлі көрмеген бір сұмпайы құбыжықты көрді: бет әлпеті кісіге ұқсайды, бірақ кілкілдеп тұрған қан мен ірің. Екі езуінен дәл сойылдай екі тісі шығып тұр. Есек құлақ. Көзі табақтай. Басында – тармақ-тармақ мүйіз. Денесі кәдімгі кесірткенің денесіндей жап-жасыл, жұп-жұмыр, қабыршық-қабыршық.

Адам жан дауысы шыға шыңғырып, есінен танып қалды. Әлде заманда ғана есін жиып, аузы икемге әрең келіп:

– Мен қайда жатырмын? – деді.

Жанында тұрған ақ халатты дәрігер:

– Сіз ауруханадасыз. Жағдайыңыз қалай? – деп сұрады.

– Рахмет, дәрігер мырза, жағдайым өте жақсы, – деді Адам жымышып.

– Күндердің күнінде бүгінгідей сырқатқа ұшырай қалсаңыз, дереу айнаға қарай қойыңыз! – деді дәрігер.

Дәрігердің жанында әп-әдемі екі қыз көмекшісі тұр екен. Адам бәріне алғыс айтып, ауруханадан шықты.

Көшеде – ерсілі-қарсылы өтіп жатқан күндегі таныс-бейтаныс кісілер... Адам кеңсесіне барып қызметіп істеп, кешке үйіне қайтты...

– Хал-жағдайың қалай, жаным? – деді ол әйеліне.

– Қайырлы таң! – деді әйелі. – Сен бүгін көп ұйықтадың ғой... Кофе дайын, тұр, күтіп отырмыз.

Адам төсегінен тұрды, киінді, жуынып-шайынды, балаларын бетінен сүйіп еркелетті.

Қабырғалас бөлмеден:

– Ұлым, хал-жағдайың қалай? – деген дауыс естілді.

– Өте жақсы, апа. Өзің қалайсың? Қуаттымысың? – деді Адам.

ДҮНИЕДЕ ЖОҚ МӘШИНЕ

Бізге беймәлім бір әлемнің әйтеуір бір жерінде бізге одан әрмен беймәлім бір әлем болыпты деседі. Ол әлемде алты құрлық және оларға қоса жетінші құрлық бар екен, жетіншінің барын алты құрлық адамдарының ешқайсысы білмейді екен. Ал жетінші әлемде бір ел бар екен, оның барын ол құрлықтың тірі жаны және білмейді екен. Беймәлім әлемнің беймәлім құрлығындағы сол беймәлім елде ешкімге беймәлім бір адамдар тұрыпты.

Күндердің бір күнінде беймәлім әлемдегі сол беймәлім елге жұртқа мәлім елдің бір кісілері барыпты.

– Уа, беймәлім әлемнің беймәлім елінде беймәлім мезгілден бері тұрып келе жатқан беймәлім халайық! – депті олар. – Біз – баршаға аян әлемнің баршаға аян елінде өмір сүріп келе жатқан адамдармыз. Біз сіздердің осыншама өркендемей қалғандарыңызға қайранбыз. Неге өркендемей қалдыңыздар?

Беймәлім әлемнің адамдары бұл сұраққа қатты шамданыпты.

– Біз өркендемей қалған жоқпыз! – депті.

– «Өркендемей қалған жоқпыз» деп қалай айтасыздар? – депті барғандар.

– Себебі біз аң аулаймыз, балық ұстай аламыз.

– Балық ұстау бұдан бес мың жыл бұрын басталған.

– Сонсоң біз мал өсіреміз. Бізде отар-отар қой, табын-табын сиыр бар. Сүт сауып, айран ұйытамыз.

– Мал өсіру бұдан төрт мың жыл бұрын басталған.

– Біз ауыл шаруашылығы жұмыстарымен де шұғылданамыз. Тұқым себеміз, егін орамыз. Астық өндіреміз, – деп беймәлім әлемнің адамдары да беріспеуге тырысты.

– Оның бәрі бұдан үш мың жыл бұрын басталған, – десті барғандар.

– Біз мақта өсіреміз. Темекі себеміз. Қызылша отырғызамыз. Жаңғақ жинаймыз.

– Ол кәсіптер де бұдан екі мың жыл бұрын басталған.

Беймәлім әлемнің беймәлім адамдары ойға батты, қатты абыржыды. Біріне-бірі қарап:

– Біздің еліміз шынымен дамымай, өркендемей қалған ба? – десті.

Сонсоң өз сұрақтарына өздері жауап беріп:

– Сірә, солай шығар. Сонда өркендеу үшін не істеуіміз керек? – деп олар баршаға мәлім әлемнен барғандардан ақыл сұрады.

Барғандар оларға:

– Біздің жаққа келіндер, көріңдер. Бізден үлгі алыңдар, сонсоң сендер де өркендейтін боласыңдар, – дегенді айтты.

Ол ұсыныс беймәлім әлемнің адамдарына ұнай кетті. Сөйтіп, олар баршаға мәлім елге барды, онда істеліп жатқан істермен жақсылап танысты. Өз елдеріне басқалардан бұрын қайтып оралғандар:

– Мәселенің неде екенін түсіндік. Оларда мәшине бар екен, – десті.

Олардан соң оралғандар да:

– Ондағылардың неліктен өркендегендерін ұқтық. Ондағыларда мәшинелер бар екен, – дегенді айтты.

Баршаға мәлім елге барып қайтқандардың бәрі де:

– Мәселе – мәшинеде... – деп ұйғарысты.

– Өркендеп даму үшін мәшине жасауымыз керек...

– Мәшине жасамайынша өркендей алмаймыз...

Олар ақырында:

– Мәшине жасау керек! – деген тоқтамға келді.

Елдің түкпір-түкпіріне жаршыларын аттандырды.

Ал жаршылар:

– Баршаға мәлім елге барып мәшинелерді көргендер, мәшине жасауды біліп қайтқандар дереу жиналсын, бас қоссын. Біздің елімізде де мәшине болуға тиіс! – деп айғайлаудан жалықпады.

Шақырылғандар орталықта бас қосты.

– Сіздерді не қажеттің бәрімен түгел жабдықтаймыз. Біздің еліміз дамудың даңғыл жолына түсуі үшін сіздер мәшине жасап шығуға міндеттісіздер! – делінді оларға.

Мәшине жасау қолға алынып, талай жылдарға созылып, ақырында мәшине өзір болды.

Мәшинені жасағандар оны алдынан, артынан, үстінен, астынан, алыстан, жақыннан қарап көріп, біріне-бірі жымыңдай қарап:

– Иә, қалай, қатырдық па? – десті.

Баршаға мәлім елге барып мәшинені көріп қайтқандар:

– Бәрекелді! Бұл бір ғажап мәшине болды. Біз көргеннен титтей де айнымайды! – деп күпілдесті.

Бүкіл елге жар салынып:

– Мәшине жасалып бітті. Пәленбай күні, пәленбай сағатта оны салтанатты түрде жүргіземіз. Оны көргісі келгендер түп-түгел жиналатын болсын! – делінді.

Мәшинені көруге асығып апыр-топыр жүгірген жұрттың екпінінен жер солқылдап кетті.

– Мәшине жасалып болды. Енді біз мықтап өркендейміз! – деді аузы уәлі ұлықтардың біреуі.

Сол кезде әлгі баршаға мәлім елге барып келгендердің бірі тұрып:

– Мәшинеміз нашар болмауға тиіс. Алайда мұның бір міні бар. Әлі есімде, мен көрген мәшинелер шотаяқ болатын, ал мынау шотаяқ емес, – деді.

– Иә, иә, рас айтады. Ондағы мәшинелердің дөңгелектерінің сырты іркіс-тіркіс темір тіс болатын. Мынада ол жоқ, – деп құптады біреулер.

Жұмысшылар мен шеберлер мәшиненің мінін түзетуге жұмыла кірісіп кетті. Шот тісті темір дөңгелектердің бірнешеуін жасап, мәшиненің о жер, бұ жеріне орнатып қойды. Аз болып жүрмесінші деп тағы да әлденешеуін жасап орнатты. Мәшине қалбыып үлкейе түсті.

Дөңгелек атаулының біліксіз тұрмасы, бекімесі мәлім. Сондықтан жұмысшылар мен шеберлер мәшиненің өне бойында қай жерге орнатуға болатынына қарай үлкенді-кішілі біліктерді жасап-жасап, орнатып-орнатып тастады. Біліктердің көп орнатылғаны соншама, мәшине қалаға сыймауға айналды.

Зеңбіректер зіркілі жапанды жаңғыртып, мәшиненің дайын болғанын паш етті. Мәшине жүргізілетін күн мейрам деп жарияланып, оған бүкіл елдің кәрі-жасы түгел жиналды.

– О, міне, мәшине деп мынаны айт! Ғажап үлкен мәшине! – деп таңғалды, аузы уәлі ұлықтардың бірі.

– Мәшинеміз әдемі-ақ! Бірақ, меніңше, мұның бір міні бар. Мұның цилиндрі жоқ, – деді екіншісі.

– Иә, иә, рас, рас. Еске салғаның жақсы болды, Тәңір жарылқағыр. Цилиндрсіз мәшинеде не қасиет болушы еді, онсыз біз де өркендей алмаймыз. Мәшинеге дереу цилиндр орнату керек! – десті көпшілік.

Қарбалас жұмыс басталды. Цилиндр жасауға бірнеше жыл кетті. Асты-үстіне, жан-жағына самсатып цилиндр орнатылғаннан кейін мәшине елдің жер көлемінің үштен бірін алып арбайып тұрды. Оны көрген кісілер ауыздарын ашып, көздерін жұмып:

– Құдайым-ау! Мынау қандай ғажап-ғаламат мәшине еді! – десті.

«Той дегенде қу бас домалайды» дегендей, мәшинені тамашалауға елдің тайлы-таяқтысы түгел жиналды.

– Көз тойғысыз көркем екен жарықтық! Бұдан артық ештеңе бола қоймас! – деп аузы уәлі ұлықтар тамсанды.

– Менің қателесіп тұруым да мүмкін, әйткенмен, әлгі біз көріп қайтқан мәшинелердің, меніңше, қазандары да, оттықтары да бар, – деді олардың біреуі.

– Иә, иә, дұрыс айтасың. Біздің мәшинемізге немене жетпей тұр деп мен де бағанадан бері ойланып отыр едім. Қазансыз, оттықсыз мәшинені мәшине деуге болмайды. Қазан мен оттығын дереу жасау керек! – деді екінші бір ұлық.

– Әміріңізге құлдық! – деп жұмысшылар мен шеберлер зыр жүгіріп жөнелді.

Олар бірнеше жыл бойы таңның атысы, күннің батысы жанталасып жұмыс істеді. Ақырында мәшиненің алды-арты, асты-үсті қазан мен оттыққа толды. Мәшиненің ине шаншар бос жері қалмады.

– Мәшине жүргізуге даяр! – делінді.

Халық тағы да жиналды.

– Мынауымыз мәшиненің көкесі болды! Дамудың даңғыл жолымен зырлауымызға енді ештеңе де бөгет бола алмайды! – деп желпіністі олар.

Бірақ, сол әредікте әлдекім:

– Сіздер байқадыңыздар ма, бұл мәшиненің бір кемшілігі бар сияқты. Біз көріп келген мәшинелердің барабандары бар болатын. Ал мынаның барабандары қайда? – деп қалды.

– Тәңір тілеуінді бергір, сен болмағанда барабан мүлде ұмыт қалатын еді. Көне, барабан жасауға дереу кірісіңдер! – деп әмір берілді.

Жұмысшылар мен шеберлер тағы да талай жыл тер төкті. Барабанның түр-түрін көптеп жасап, мәшиненің үстіне сыйғанынша орнатып тастады. Мәшине енді елдің тура жарты жерін алып тұрды.

Жұрт мейрамға тағы да жиналды. Сырнайлатып-кернейлетіп ағылған халайық мәшиненің маңайына өрең сиды. Мәшинені көрген ұлықтар шаттана даурығып:

– Алланың бергеніне шүкір, мәшинеміз дайын болды. Енді біз ештеңеден сескенбейміз: көркейгеннің қандай болатынын көрсетеміз! – десті.

Сол кезде біреу тұрып:

– Егер мен есімнен жаңылмасам, сол әлгі біз көрген мәшинелерде бір нәрселер бар еді... е, иә, олардың тұрбалары бар болатын, есіме түсе қалғанын қарашы... Ал мынаның тұрбалары қайда? Тұрбасыз мәшине болып көрген емес, – деді.

– Ақылыңнан садаға кетсекші! Қайдан ғана біле қойдың? – деп біреулер оған қатты риза болды. – Біз не ойлағанбыз?! Рас айтады, тұрбасыз мәшине болуы мүмкін емес. Баяғыдан бергі қаншама еңбегіміз зая кете жаздағанын қарашы!.. Тұрба жасауды дәл қазір қолға алуымыз керек!..

Жұмысшылар мен шеберлер іске тағы да кірісіп кетті. Олар ұйқы көрмей, күлкі көрмей, күндіз-түні жұмыс басында арпалысты. Бірісін – бір, екісін – екі жасап, мәшиненің үсті-басына сыйғанынша саусылдатып тұрба іліп тастады. Бір мәшине енді бір елдің жеріне әрең сыйып тұрды.

Құмары тасыған жұрт мерекеге тағы да жиналды.

Аузы уәлі ұлықтар мәшинені ары қарап көріп, бері қарап көріп:

– Енді әбден болды. Мәшинемізде енді ешқандай мін жоқ. Ертеңнен бастап өркендеуге кірісеміз! – деп бас шұлғыса уәж қылысты.

– Әй, білмеймін, білмеймін. Меніңше, осыған әлі де бірдеңе жетіспейтін секілді, – деп біреу тағы да киліге қалды.

– Жетіспейтін дәнеңесі жоқ. Бұл мәшине біздің жерімізге қазірдің өзінде әрең сиып тұр, ендеше, мұнда әлі де жетіспейтін бірдеңе болуы мүмкін емес. Сен өйтіп басымызды қатырма! – деді оған басқалар.

– Еріктерің білсін, – деді анау. – Бірақ, мәшиненің бірдеңесі жетіспей тұрғаны даусыз. Біз көріп келген мәшиненің

дауысы қандай екені естеріңде ме? Тарс-түрс, салдыр-гүлдір етпеп пе еді?! Цилиндрде поршеньдері пышылдап, дөңгелектер шиқылдап-шақырлап, қоспа-тіркеме қайыстар ысылдап, шорлары сырылдап, қазандары қайнап, оттықтан түтін будақтап жөнелген. Ол мәшиненің дауысы құлақ тұндырған. Ал біздің мәшинеміз мылқау-меңіреу әлдене сияқты.

Ұлықтар мен шеберлер ары ойланып, бері ойланып:

– Мынаның сөзінің жаны бар, – десті. – Ана жақтың мәшинелері шынында салдыр-гүлдір етіп жүрген болатын. Дөңгелектері шиқылдап, шорлары сырылдап, қайыстары ысылдап тұрған. Оқасы жоқ, біз мәшинемізді жасауын жасап болдық, тек енді дауысын шығаруымыз ғана қалды. Ал дауысын шығару оп-оңай, ол қолдан келеді.

Сөйтіп, жұмысшылар мен шеберлер мәшиненің дауысын шығаруға кірісті. Арада көп жыл өтті. Ақырында мәшине дайын болды. Барлық бөлшектері қиюласып орналасты. Оттығына от жағылып, қазан толы су бұрқ-сарқ қайнады. Қайыстар ысылдап, іркес-тіркес дөңгелектер зырылдап, поршеньдер пышылдап қоя берді. Мәшиненің дауысынан жер қозғалып кеткендей, аспан қақ айырылғандай болды. Жұртшылық қуанғандарынан еңіреп жылап, мәшинені қаумалап қоршап алды. Тамашаға келмеген тірі жан қалмады.

Ұлықтар бірін-бірі құттықтап мәре-сәре.

– Тағы бір рет жақсылап қарап шығындар, оны-мұны кем-кетігі болып жүрмесін. Мәшинеміздің тілеуін тілеп, аллаға мінәжат етіңдер! – десті олар біріне-бірі.

Мәшиненің ешқандай кем-кетігі жоқ секілді. Өздері көріп қайтқан мәшинеден мүлде айнымайды, бір қалыптан шыққандай.

– Міне, мәшинеміз осымен дайын болды. Мұның бойында артық тұрған бірденелер болуы мүмкін, ал енді жетпей тұрған ештеңесі жоқ. Кем-кетігі болса, бұл бүйтіп күркіремес еді. Сонсоң біздің мәшине ана жақтағылардан әлдеқайда ұл-

кен. Даусын айтсаңшы, шіркін! Керең құлақтың да құрышын қандыратын дауыс қой! – деп насаттанды әлдекім.

– Иә, мәшинеміз жасалып бітті. Бұл енді күндіз-түні өстіп жұмыс істеп тұрсын, ал біз өркендеуге кірісейік! – деді екінші біреу.

Оттыққа отын үздіксіз толтырылып, мәшине күркіреді де тұрды.

Халықтың шаттығында шек болмады. Мал жайылатын, егін салатын, жеміс өсіретін жер де қалмады – бір елдің жерін бір мәшине жалғыз өзі жайлап тұрды.

– Оқасы жоқ. Оның есесіне бізде мәшине бар. Еліміз енді өркендей бастайды! – деді халық.

Бір күні оларға баяғы баршаға мәлім елдің кісілері келе қалды.

– Жер мен көкті тітіретіп тұрған мынау не күркір? – деп таңданды меймандар.

– Бұл – біздің мәшинеміздің даусы. Біз өркендеуге кірістік, – деп жауап берді тұрғындар.

– Өркендеуге кірістік дейсіңдер ме? Кіріскендерің кәне? Тұрмыстарың бұрынғыдан да тозып кетіпті ғой? Мынау нендей мәшине? – деп меймандар таңдана түсті.

– Бұл – сендердің мәшинелеріңнің дәлме-дәл көшірмесі, тек үлкен етіп жасадық. Мұнда: тұрба да, шотаяқ дөңгелек те, барабан да, қазан да, оттық та, шор да, цилиндр де – бүкіл қажет бөлшектердің бәрі де бар. Мінеки, көріңдер, мүлтіксіз жүріп тұр, – десті беймәлім әлемнің адамдары.

– Сонда сіздердің бұл мәшинелеріңіз не істейді? Бұл не жасап шығарады, не өндіреді? – деді меймандар.

– Е, бұл не жасауға тиіс, не өндіруге тиіс? – деп таңданды машина иелері.

– Ештеңе жасап шығармайтын, ештеңе өндірмейтін мәшиненің қерегі не?

– Солай дендер... Мәшинені жасаған соң, мұны енді бірденеңе пайдаланамыз ғой, – десті беймәлім әлемнің тұрғындары.

Ал меймандар кетіп, өздері ғана қалған кезде:

– Бұған бірдене істетіп несіне әуреленеміз? Күркіреп тұра берсін. Дауысын-ай жарықтықтың! Пай-пай-пай-о-о-ой! – деп сүйсіністі.

МАЙШАБАҚ ПЕН ШЫНЫКӨЗ

(Балықшының жұмысшылар жиналысында айтқан әңгімесі)

– **Ж**олдастар, мен – балықшымын. Балық аулаудың арқасында мен социализмге аяқ баса алдым. Ол қалай болды дейсіздер ме? Жарайды, тәптіштеп айтып берейін.

Біздің өзен-көлдерімізде акуладан сәл ғана кішірек бір балық өмір сүреді, біз оны Шыныкөз деп атаймыз. Өте қу балық, өте шақар, өте мешкей. Ол майшабақтарды жақсы көреді. Әлгі, кәдімгі құйттай, шынашақтай балық ше... соны көрсе-ақ болды – Шыныкөз құтырып кетеді: байғұстарды қуып жүріп қылғытады. Әрине, майшабақтарға да жан керек, қарағаннан қарап жүріп қырылғысы келмейді. Олар Шыныкөзден қорғанудың тәсілін тауып бағады, оның келе жатқанын алыстан-ақ біле қояды. Иісінен сезе ме, басқа бірденесінен сезе ме – оларын мен білмеймін. Шыныкөз жетіп келген сәтте олар жандәрмен жиналып, шоғырлана қалады, ұзындығы бір жарым метр балықтай боп тұтасып жата қалады: құдды қамал соғып, қорғанысқа көшкені дерсің. Ал Шыныкөз әй-шайға қарамай ұмтылады – сол сәтте майшабақтар оған қабыршақтарын оқша жаудырады да жібереді. Басы-көзіне қабыршақ жабыса қалған Шыныкөз ештеңені

көре алмай дымы құриды да, «байтал түгіл, бас қайғы» боп жайына кетеді.

Су бетіне жыпырлап қабыршақ шықса-ақ болды: біз, балықшылар, су астында қырғын майдан басталғанын түсіне қоямыз. Су беті ақық тастан жасалған алқадай жалтырай қалады. Біз ілгекбас бақанды дереу суға сүнгітеміз де, басы-көзін қабыршақ жауып сенделіп жүрген Шыныкөзді іліп суырып аламыз.

Жолдастар! Шыныкөзді суырып алған соң не істейтінмізді айтып іштеріңізді кептірмей-ақ қояйын, өйткені, сіздер оны бізден кем білмейсіздер. Біз Шыныкөзді асып жіберіп, сорпасын ішеміз немесе сарымсақ турап қосып, баптап қуырып жейміз. Яғни, біз Шыныкөзді су астынан сопаң еткізіп суырып алуға шеберміз, мүлт жібермейміз. Тек сіздер оның көзін қалайда көрмейтін етіп қойсаңыздар екен. Әйтпесе, ол біздің байғұс майшабақтарымыздың тұқымын құрттып жібереді.

* * *

Мен халайыққа пайдасы болсыншы деп шығарылған жүздеген мысалдарды естідім де, оқыдым да. Бірақ, солардың бірде-бірі маған мына балықшының бейқам ниетті әңгімесіндей күшті әсер ете алған емес.

Балықшы бұл әңгімесін қиыстырып ойынан шығарған жоқ, көзімен көргенін, қолымен істегенін айтты да қойды.

Бұл – біздің еліміздің көзі ашық барша жарандарына өте қажет сабақ! Тіршілік ету үшін неғайбыл тәуекелге бел буып, теңіздің бермесін сұрапыл шайқаспен тартып алып жүрген балықшының сөзіне құлақ түрелік! Біздің міндетіміз – жыртқыштың көзін құрту ғана. Оны бақанмен іліп алу – балықшы жолдастардың шаруасы. Олар қапы қалмайды!

ЖИИ-ЖИИ КЕЛІП ТҰРЫҢЫЗ!..

Дүйім жұртқа белгілі бір жазушы жақында өзінің алпыс жасқа толғанын тойлады. Ал оқырман қауым оның жасын алпыстан әлдеқайда үлкен дейді. Сірә, атақ-даңқ адамды ерте егде тартқызып, елге қартайтып көрсететін шығар, оған алда жасар жасынан ептеп үлес беріп те қоятын шығар.

Ол – ол ма, атақты жазушыларды қарт деумен қатар, оларды шындығынан асыра шылқыған бай деп ойлайтын да әдет бар. Болмағанда ше?! Ақшасыз атақ шыға ма?! Кім сенеді оған?! Оның үйі дүние-мүлікке толы ғой! Жиһазына, мысалы, атты кісі түсіп, жаяу кісі жатып қарайтын болар!..

Мен әңгіме етіп отырған жазушыны өзі айтқан жасынан көп үлкен деуге негіз бар да еді. Өйткені, алай-дүлей өмір сүрген басқалар сияқты ол да тым ерте қартайып, мыж-мыж боп мықшиып қалған-ды. Оны шылқыған бай деуге де, әрине, себеп бар еді. Біріншіден, ол әрқашан сыпайы киініп жүреді. Үйінде киімі үйіліп жатпаса да, осыдан он шақты жыл бұрын тігілген бес костюмі сол су жаңа күйінде ілулі тұр және қайсысы болса да оған жараса кетеді. Екіншіден, егер ол қалтасында он сом ақшасы болса, оны пейілдене, жомарттана ұстайтыны соншама, он сомы он мың сомдай боп көрінеді. Ал шындығында ақшасы бір күн бар, бір күн жоқ болып жүреді, тек онысын сездірмейді.

Ақырында оның атақ-даңқы абырой болудан қалды. Дәстүр өзгерді ме, дақпырт тәсілі өзгерді ме, әйтеуір, оның шығармалары басылмайтын болды. Газет-журналдар оны қолқалауды қойды. Кітап баспалары да тілектерін тыйды. Қолына қалам ғана ұстаған, өмір бойы жазушылықпен ғана айналысқан адам енді қайтуі керек? Ол мен әлі де баяғымдаймын деп білді. Онысы бекер ме әлде? Бекер болса: оқыр-

ман оны неге ұмытпай жүр, көшеде кездескенде неге таниды оны, атын неге атасады?..

Ол газетте ұзақ уақыт қызмет істеді. Бірақ «қырсыққанда қымыран іріп» дегендей, газеттерде қазір қарт журналшылардың біреуі де жоқ. Әйтпесе, ескікөз жолдастарына барып, кәне, маған жұмыс бере ғой дер еді. Жас қызметкерлерді танымайды. Ал жастар оны, атақты жазушыны, әрине, біледі, кездесе қалғанда тіпті «ұстаз» деп сыпайы сәлемдеседі де.

Иә, бұрын оны газет атаулының бәрі қошеметтеп қарсы алатын. Оның баспасөзді сыйлайтынын білетіндер кейде мақала, кейде фельетон жаздырып, кейде аударма жасатып алатын...

Бір күні ол таңертең сәнденіп киінді, баяғыда өзінің романы басылған, ежелден байланысы бар газет редакциясына кіріп-шыққысы келді. Бұрын қашан барсын жолы ашық болатын оны есік көзінде есікші тоқтатып:

– Сізге кім керек? – деді.

Ол бас редакторда бұйымтайы барын айтты.

– Сізді кім деп айтайын?

Ол өзінің аты-жөнін атады. Сірә, есікші есіне түсірді білем, орнынан тез тұрып:

– Қазір, әпендім! – деді де, бас редакторға телефон соқты, сонсоң: – Кіріңіз, әпендім, күтіп отыр, – деп қалбалақтады.

Жазушы бас редактордың кабинетіне барып кірді. Кабинет иесі бейтаныс болса да алдынан иіліп шығып, құрметтеп қолын алып сәлемдесіп, төрлетіп отырғызды, қымбатты қонағының не ішкісі келетінін сыпайылап сұрады.

– Бір құлақбас кофе болса, қанты азырағынан.

Бас редактор енді: «Ал, әпендім, не бұйымтайыңыз бар?» дейтін шығар. Жоқ, сыпайы адам бүйтіп төтесінен тоңқ еткізіп қойып қалмайды, ол: «Сіздерге қылша мойнымыз талша боп қызмет істеуге әрқашан әзірміз» деп алыстан орағытып

байқайды. Сонда оған не деуі керек? Жұмыс іздеп келдім дей алмайды... Соны алдын ала ойлаған жазушы:

– Әпендім, маған сіздің мақалаларыңыз, сөз саптауыңыз ұнайды, – деді.

– Тым мақтап жібердіңіз-ау, ұстаз...

– Бас мақалаларыңызды әрқашан сүйсіне оқимын...

– Рахмет, ұстаз, төбемді тіпті көкке жеткізіп тастадыңыз...

– Жол-жөнекей кіріп-шығайын деп бұрылғаным ғой...

– Мұныңыз ғажап ізгілік, ұстаз...

– Қызметіңізге бөгет жасаған жоқпын ба?

– О не дегеніңіз! Сіздің келгеніңіз – біз үшін үлкен мәртебе, ұстаз!..

Кофе ішілді, сыпайыгершілік рәсімі жасалып болды. Енді не отырыс бар?

Бас редактор оның не шаруамен келгенін сұрар. Көптен бері жоламай жүрген жазушыны Құдай өзі айдап келді ғой... Жазушы көрінбей кеткен себебін айтар, ал бас редактор, әрине: «Дайын романыңыз жоқ па, ұстаз? Егер болса, оны біздің газетке беруге келіссеңіз, біз шексіз алғыс айтар едік...» дер. Жазушы оған: «Өкінішке қарай, ала келген ештеңем жоқ. Алайда мен қазір екі роман жазып жүрмін, соның біреуі жуықта дайын боп қалар...» деп жауап берер.

Бірақ екеуінің әңгімесі бұл арнаға түспей-ақ қойды. Сонсоң жазушы сөздің бетін басқа жаққа бұрды:

– Сіз саясатпен де шұғылданасыз, барлық жаңалықты біліп отырасыз. Яғни, премьер-министрдің соңғы сөзі жөнінде қандай пікірдесіз?

Ол сұрақты қоюын қойса да, онысына іштей өкінді, өйткені бас редактордың шұбыртпа жауабын ықыласпен тыңдаған да жоқ, ұққан да жоқ.

Екеуі біраз мәселелерді әңгімеледі, бірақ бас редактор «не романыңызды, не әңгімеңізді әкеліңіз» деп тіс жармады.

– Жарайды, рұқсат етсеңіз мен қайтайын, қызметіңізге кедергі жасамайын..

– О не дегеніңіз, ұстаз! Отырыңыз, асықпаңыз! Біз бір жа-сап қалдық!.. Жиі-жиі келіп тұрыңыз, ұстаз!..

Жазушы сатымен түсіп келе жатып: «Жаңағының «жиі-жиі келіп тұрыңыз» дегені несі? Қылжағы ма, шыны ма? Әлде жете таныспай жатып: пәленді жазып беріңіз деп қол-қа салуға ыңғайсызданды ма екен?..» деп ойлады. «Бас ре-дактор келесі жолы менен мақала сұрайтын-ақ шығар. Бұл жолы мақала ділгірлі болмаған шығар...».

Атақты жазушы енді аяндап басқа газетке барды. Ондағы баспа иесімен кездесуді ойлады, баяғыда оның марқұм әкесі мен екеуі жолдас-жора болып еді, соны айтып, өткен-кеткен-ді еске алып, сонсоң жұмыс жайын құлаққағыс ете салар...

– Сізге кім керек? – деді есікші.

Ол баспашыны көргісі келетінін айтты. Баспашы Еуро-паға аттанып кетіпті. Жазушы кетер-кетпесін білмей есік кө-зінде екі ойлы боп сәл-пәл тұрды да:

– Олай болса, әдебиет бөлімінің меңгерушісімен әңгіме-лесіп шығайын, – деді.

– Кім келіп тұр дейін?

Ол аты-жөнін айтты. Оны ішке кіргізді.

Әдебиет бөлімінің меңгерушісі мен екеуінің әңгімесі әлгі бас редактормен сөйлескендей шамада болды. Тек бұл жолы ол қажет оны-мұныны жазып беруге әзір екенін, газетке ар-нап көптен бері әңгіме жазып та жүргенін ескертіп бақты.

– Әпендім, сіз ертеректегі дүниелерді біле бермейтін шығарсыз? – деді ол.

– О не дегеніңіз, ұстаз! Бәрі де есімде! Сіздің әңгімеле-ріңізді түгел оқыдым. Сіздің кейбір ғажап әңгімелеріңізді ұмыту тіпті мүмкін емес!

– Ондайды қазірде де жазады, – деді жазушы. – Аны-ғырағын айтқанда... ол енді... әрине, тура сондай болмаған-мен... жақсы әңгіме жазу – жалпы оңай шаруа емес...

– Ол түсінікті ғой, ұстаз! Сіздерше жазатындар қазір табыла қояр ма екен?!

Жазушы: «Көзіңе ақ түскеннен саумысың?! Жазатын адам қарсы алдында отырған жоқ па?!» деп ақырып жібере жаздады.

Қоштасарда меңгеруші де:

– Бізге жиі-жиі келіп тұрыңыз, ұстаз. Есігіміз ашық, төріміз әзір, – деді.

Жазушы бір апта бойы редакцияларды аралап, баспа иелерімен де, редакторлармен де, хатшылармен де сөйлесті. Бірімен аударма, түсініктеме туралы, екіншісімен роман жайында әңгімелесті. Бәрінің бар-жоқ айтатыны: «Жиі-жиі келіп тұрыңыз!» ғана. Қайсыбір редакцияларға екі рет, үш рет барса да, ешкім оған тапсырыс та берген жоқ, қызмет те ұсынған жоқ. Сірә, бәрі де сыпайыгершілік сақтаған болар немесе атақты жазушының жағдайы бізсіз де жақсы деп ойлаған шығар.

Жазушы енді маған жұмыс беріңдер, қызметке алындар деп турасын айтуға бел буды. Ол өзіне редактордың, бөлім меңгерушісінің, әдеби қызметкердің, шолушының не тым құрыса тілшінің орны бұйырмайтынын, әрине, білді. Ондай орындарды ол сұрамайды да. Оған тапқаны тамағына жетерлік жұмыс қана керек!..

Ол редакцияларды аралап шықты. Өзіне көрсетілген қошемет, «ұстаз, ұстаз» деген қолпаштау сөздер аузына қақпақ болды да, жағдайының ауыр екенін айта алмай мысы құрыды. Тұғырдан түсіп тұрмаған соң үйде отыра-отыра ішің пысады екен, уақыт өткізу үшін оны-мұны бір жұмыс іздемесем болатын емес деп емеурін жасап та байқады.

«Пәлі, ұстаз, о не дегеніңіз! Мұныңыз ыңғайсыз ғой. Біздің газетте сізге лайық жұмыс қайдан болсын... Оны-мұны жұмыс дегеніңіз не? Бізде сізге ұсынуға татырлық жұмыс мүлде жоқ. Бізге ренжи көрмеңіз, ұстаз!» десті оған.

Сонсоң ол ішім пысты, өйтті-бүйтті дегенді қойды да, ақша табуы керек екенін, жан сақтау үшін тіпті корректор боп істеуге де әзір екенін айтатын болды.

– О не дегеніңіз, ұстаз! – десті оған. – Не айтып отырсыз? Корректорлық жұмыстың сізге қажеті қанша?! Оныңыз не?..

Жазушы тізе бүкпеді. Корректорлық болмаса, басқа кез келген жұмысқа да риза...

– Қылжағыңыз таусылмайды-ау, ұстаз! – десті оған.

Содан кейін ол келесі редакцияда төтесінен бір-ақ тартып, пәтерақыны төлей алмай жүргеніне үш ай болғанын, қарызға белшеден батқанын айтып салды. Қандай жұмысқа болсын қуана-қуана келіседі... Газетте пәленбай жыл істеген еңбегі бар емес пе...

– Алла сақтасын! Бізді ренжіткіңіз келе ме, ұстаз? – десті оған. – Қалжыңыңыз қызық екен. Оны-мұны жұмыс дегеніңіз не, ұстаз?!

Келесі газетте ол мүлде ақтарылды. Аштың аз-ақ алдында жүрмін деді. Үстіндегі киімінен басқаның бәрін сатып болған. Енді айтар несі қалды! Түнде істейтін жұмыс болса да, әйтеуір, бірдеңе тауып беріңдер деп өтінді...

– О не дегеніңіз, ұстаз! Сіздей атақты жазушыға оны-мұны жұмыс жараса ма екен?! О, Алла! Сізді өйтіп кім мазақ ете алмақ! О не дегеніңіз, ұстаз!...

«О не дегеніңіз, ұстаз!» деген сөзді алғаш естігенде ол өзінің сыйлы екенін сезініп, марқайып қалғандай болушы еді, енді бұл сөздің өзінен тезірек құтылу үшін айтылатынын ұқты...

Сонда да редакцияларды қыдырып, жұмыс іздей берді.

Қайда барса да: «О не дегеніңіз, ұстаз!.. Бізге жиі-жиі келіп тұрыңыз!..» дегеннен басқа жауап естімеді.

«Құрғақ қасық ауыз жыртады...».

МАҚАЛА ЖАЗУДЫҢ МӘСЕЛЕСІ

Батыста қай істі қалай істеу керектігін түсіндіретін нұсқау-кеңес кітаптар қап-қап болып шығып жатады. Оның бәрін де білгірлер жазады. Олар қажет еткенінді қалауынша тәптіштеп ұғындырады, тіпті қағаздың қалай жасалатынынан бастап, бостандық пен демократияға қолыңды қайтіп жеткізуіңе болатынына дейін түсіндіріп береді.

Сол кітаптар маған да желік бітіріп, қолыма қалам алдырды. Мен газетке мақаланы қалай жазу керектігі жайында нұсқау-кеңес жазып шығаруды ұйғардым. Оның жексенбілік фельетон сияқты жеңіл-желпі шаруа еместігін білемін. Ол туралы неше том жазсаң да аз болады. Дегенмен бұл мәселе жөніндегі пікірімді неғұрлым тұжырымдап жеткізуге тырысып көрейін.

Сонымен, газет мақаласы қалай жазылады? «Е, ол оп-оңай. Басыңа бір ой келе қалады да, сен қағаз-қаламыңды ала салып жазып тастайсың» дейсіздер ғой, ә? Қай-да-а-ан! Бүгінде оп-оңай не бар... Менің газетке мақаланы қалай жазатынымды естігілеріңіз келе ме өзі? Онда тыңдаңыздар, ештеңені жасырмай айтып берейін.

Баршаларыңыз сияқты мен де күнде таңертең газет оқимын да, жоқтан өзгеге ренжіп отырамын. Қатты ренжіткендерін ысырып тастай беремін. Сөйтіп, алдымда шамамен он, он бес тақырып қалады. Ал ойымда қашанда қырық-елу тақырып жүреді. Соның бірі қаламыма іліне кетуге дайын тұрады, бірақ маған олардың біреуі ғана керек... Он ойланып, жүз толғанып, ақырында өзіме де, газет иесіне де, жарық дүниені жалпағынан басып жүрген жердегі «күдайларға» да зияны тимейтін біреуін таңдап аламын. Сауысқанша сақтанып, бір сөз жазып – бір ойланамын... Сөйтіп, мақалам

дайын болады! Әйелім де дайын болып, есік көзінде көлденеңдеп тұрады:

– Не жазғаныңды оқып көруіме бола ма? – дейді.

Болады десек де, болмайды десек де – бәрібір алып оқиды. Мақалаларымды оның көзіне көрсетпеске тырысып, қашанда тыққыштап жүремін. Бірақ ол көрге тықсаң да тауып оқиды. Бет-аузы батпақша былбырап:

– Өзіңді аямасаң да, балаларды аясаңшы, – деп күрсінеді.

– Е, не боп қалды?

– «Не боп қалды» дейсің бе? Қазіргі кезде бүйтіп жазуға бола ма екен?

– Жарайды, сонда не істе дейсің?

Әйелім байырғы бағбан тәрізді: мынаны алып таста, мынаны қысқарт, мынаны құрт, – деп мақаламды күзей бастайды.

Әйеліммен жекпе-жекке шығар мұршам жоқ, бұйрығын бұлжытпай орындаймын.

Енді бір кезде көзі жыпылықтап ұлым жетіп келеді:

– Әке...

– Не боп қалды?

– Сен жазып қойыпсың...

– Неменені жазып қойыпшын?

Ұлымның бетіне қарасам, өзімнің де жылағым келеді:

– Әке, анау ақырғы сөйлеміңді алып тасташы...

– Ұлым-ау, ең дәмді жері сол ғой...

– Әке, сол дәмдісін алып тастай салшы...

Алып тастай саламын. Сонсоң қызым келеді.

– Әке...

– Айта бер...

– Бірінші сөйлемің нелеу екен...

– Нелеу?

– Алып тастасаң...

Онымен де бітпейді. Менің ескікөз заңгер бір досым бізбен көрші тұрады. Не әйелім, не балаларымның бірі жүгіріп соған барады да: бізге болыса гөр, ол тағы бір мақала жазып қойды, – деп аттандайды. Досым жетіп келеді.

– Иә? Бұл жолы не жаздың? – дейді ол, самарқау кейіппен сазарып.

Мақаламды ұстата беремін, ол көзәйнегін түзеп, сыпайы жөткірініп алады да, оқи бастайды. Қашанда оның оң жақ қалтасында – қылмысты істер кодексі, сол жақ қалтасында – баспасөз туралы заң жүреді.

– Сенің мына бір сөйлемің... Қылмысты істер кодексі бойынша бұл үшін бір жыл түрмеге қамаласың.

Мен ол сөйлемді сызып тастаймын.

– Мына бір жерің... Баспасөз туралы заң бойынша бұл үшін ең кемінде екі жылға кетесің...

Ол жерді де дереу сызып тастаймын.

Оның қалтасында азаматтық істер кодексі де, орман туралы заң да жүреді, біреуіне қарайды да: «алып таста» дейді, екіншісіне қарайды да: «өшір» дейді.

Амал не?! Көнемін.

Досым тағы тұрсын-ау, азаптың көкесін әкемнен көремін.

– Жаның барда маған кел! – деп бұйырады телефонмен.

Барамын.

– Ата сақалы аузыңа бітіп, жасың қырыққа жетсе де ақылық кірмеді ғой! – деп күндей күркіреді ол.

Амандасуының бісмілләсі сол. Сонсоң қолына қалам алады да, қолжазбама қырғидай шүйіледі. «Мынаны алып таста, мынаны сылып таста!» басталады. Арғы-бергі адамзат шығарған заң кодекстерінің бәрін түгел жинасаң да, әкемнің бір ашуына астар да бола алмайды. Әкем сызған сөйлемдерді түп-түгел сылып тастаймын.

Заты жоқ, аты ғана бар мақаламды газетке алып барамын. Ондағылар да құр қалмайды.

– Жалпы емеурініңізді ептеп жұмсартсаңыз қайтеді? – деп газет иесі жүйкеме түз себеді.

– О не дегеніңіз, бұл қазірдің өзінде мамықтай жұмсақ қой. Енді жұмсартсақ ештеңесі де қалмайды...

– Міне, мына бір тұсын алсақ ше?

– Алайық.

– Ал мына жерін өзгертсек ше?

– Өзгертейік.

Әй, енді болған-ақ шығар дейсіз, ә? Қай-да-а-ан!.. Жазғаныңнан жарыққа шығаруың оңай болса, екінің бірі фельетоншы болып кетпей ме... Ендігі кезек – редактордікі:

– Мына бір сөзді аздап жұмсарту керек.

– Жұмсартайын, бірақ бұдан жұмсақ баламасы қалмады.

Екеуіміз ет пісірім уақыт шұлғысып, ол сөздің ең жұмсақ баламасын табамыз да, мәтінге енгіземіз.

– Мынау сөйлеменіз құлаққа түрпідей тиеді екен, мұны былай десек...

– Дейік...

– Пардон... мына бір тұстың қажеті жоқ.

– Алып тастайық.

Енді, әрине, болды дейсіз, ә? Қай-да-а-ан!.. Бір сағаттан соң телефон безілдейді.

– Хасан бей?!

– Тыңдап тұрмын.

– Сіздің мақалаңызда Әли бей деген есім бар ма?

– Бар.

– Әли бей – біздің үлкен бастықтарымыздың бірінің аты.

Енді қайтсек екен?

– Жарайды, Мұста бей деп өзгерте салыңыз.

– Өйтуге болмайды, Мұста бей – одан да үлкен бастық.

– Онда аты аталмай-ақ кете берсін!

Сәлден соң телефон тағы шырқырайды:

– Хасан бей?!

- Иә, менмін!
- Сіз мақалаңызда... бейдің атын атапсыз, ал ол бізге... ғой, одан... алып жүрміз ғой.
- Алып жүрген болсаңыз, ол жерді де ала беріңіз...
- Сөйтіп, мақаланың қаңқасы ғана қалады. Келесі күні оны газет фельетоны деген атпен оқисыз. Оқисыз да күлесіз. Ондай фельетонға күлмеске бола ма? Өзім де күлемін.
- Сол күні газетке мені жалақор деп құстаналаған хат келіп түседі. Оған қалай күлмессің?!

ЖҮЛҚЫЛАСУҒА ҚҰМАРМЫЗ-АҚ

Біз бір-бірімізді неге үнемі қағып-соғып, жұлқып, теуіп, шалып жүреміз?

Төңірегіңізге көз салыңызшы. Әне, екі жақтан екі кісі келе жатыр. Сірә, жолдас-жоралар болса керек, араларында әлі де жүз метрдей жер жатса да, екеуі де: «О-о-о!» деп даурығып, бір-біріне құшақ жайып шүйіліп келеді. Еркін күресте кездескен палуандарша екеуі қазір алқын-жұлқын ұстаса кететін сияқты.

Біздің бір-бірімізге қандай сыпайыгершілік көрсететінімізді байқағаныңыз бар ма? Біз бір-бірімізді әуелі беттен шапаттап, сонсоң құшақтаса кетеміз де, бірімізді-біріміз көтеріп алуға тырысамыз... Құдды әлгі... кілемде алғаш кездескен палуандар тәріздіміз.

Ал біздің қалай қалжыңдасатынымызды өзіңіз де білетін шығарсыз! Бір-бірімізді бассалып ұстай аламыз да, ары-бері жұлқып-сілкіп, аяқтан шалып, шат-шөлекей боламыз.

Мен бірде баяғыда мектепте бірге оқыған кластас екі жолдастың отыз төрт жылдан кейін қалай жолыққандарын көрдім. Екеуі де егде тартқан, байсалды, салмақты кісілер.

Жастары алпыстан асқан. Қалай жолықты дейсіз бе? Олар да бір-бірін тарпа бассалды. Бойларының жеткеніне қарай бірін-бірі бұрап, ішке түйгіштей бастады. Шалдарыңның шалдуарлығында шек жоқ: бірін-бірі жұдырықтап, тепкілеп, шалып, тіпті мұрттай ұшыруға айналды... Кең залды дәл бір қырық пар палуан ұстаса кеткендей астаң-кестең етті. Егде тартқаны есіне түсіп кейде біреуі сәл кідіре қалады да, сонсоң қайтадан жағаласа кетеді, аяқ-қолдар тағы да айқасады...

Ал енді біздің қалай амандасатынымызды еске алайық.

Достық ниетпен сәлемдескеннен кейін саусақтарыңыз аман-есен қалса, – Құдайыңызға қой айтыңыз! Қолыңызды дер мезгілінде тартып ала қоймасаңыз, аман-есен қалуы, әрине, екіталай! Өші бардай қысып-мыжып, сілкіп-жұлқып жөнелгенде қолыңды иығыңмен қоса жұлып ала жаздайды.

Немесе кассаның алдында билет алуға кезекте тұрғандарға қараңызшы: кәдімгі қып-қызыл төбелес! Бірін-бірі итеріп, бүйірлеп, түйгіштеп, ұрғылап, тепкілеп тұрған халық. Спорттық айқас-шайқастан кем бе? Сырнай-кернейі мен дәу барабаны ғана жетіспей тұрған жоқ па?!

Енді біздің қалай сөйлесетінімізге қараңыз. Біріміз үйдек-теп-түйдектеп сөйлеп-сөйлеп аламыз да, екіншімізді ыңқ дегізіп түйіп қаламыз. Кілем үстінде бір-бірінің талмау жерін аңдысқан балуандар сияқтымыз!.. «Оу, жарандар, жарандар, біздің мына батырларға қараңдар!» деген дауыс шыға қалса, шарт-шұрт ұстаса кетуге дайын тұрамыз!..

Өмір бойы осылаймыз!.. Осылай сөйлесеміз, осылай қалжыңдасамыз, амандасамыз, қоштасамыз...

Сіз біздің неге бүйтетінімізді ойлап көрдіңіз бе?.. Мен көрдім, көрдім де мынадай тұжырым жасадым:

Бізде бөріне де тыйым салынған. Айтқың келгенді айта алмайсың, жазғың келгенді жаза алмайсың, салғың келген суретті сала алмайсың – оның бөрін айтып тауысу қиын!..

Ғашық болғың келген кісіңе ғашық та болғызбайды, барғың келген жаққа жібермейді... Ешқандай еркің жоқ, еркін күресте ғана еркін жүруіңе болады. Біз, түріктер, еркін күреске келгенде бүкіл әлемде тірі жанға дес бермейміз. Неге? Өйткені біз шыр етіп жерге түскен күннен бастап сонымен шұғылданамыз.

Еізге еркін күресті берген Құдайдан айналайын! Еркін күресіміз болмағанда еркіндіктен мүлде құралақан қалып, тотып өтеді екенбіз.

ОҢАША ӘРЕКЕТ ЖӘНЕ ГУМАНИЗМ

Төртінші сұлтан Абдол-Былапыт-хан билік жүргізген кезден бастап еліміздің кері кеткеніне не себеп болғанын білесіңдер ме? Кәне, кім айтып жібереді?.. Білмейсіңдер ғой... Өңкей топастар! Бәріңді де екінші жылға қалдырамын!..

Жарайды, дұрыстап тыңдап алыңдар. Біздің елдің өркендеуді қойғанының бірден-бір себебі: бізде үкімет килікпеске килігіп, кіріспеске кірісіп отырады, оңаша әрекетке өлсе де жол бермейді.

Ал гуманизм дегеніміз не, достар?

– Не дедің?.. Күн бұлттанса-ақ буын-буыным шағып, белім қозғалтпай қояды дейсің бе? Жо-жоқ, бауырым, сен гуманизм мен ревматизмді шатастырып отырсың. Гуманизм дегеніміз – адам.

Біз кіміз? Біз бәріміз де – адамбыз. Сығарға биті жоқтар да, әрине, адам!.. Сонда адам кім?.. Тіршіліктің иесі!..

Ал енді ойлана қалайық: елімізге оңаша әрекет пайдалы ма, қоғамдық әрекет пайдалы ма? Бұған дұрыс жауап беру үшін тіршілік иесі – адам екенін әрқашан есте ұстауларың керек. Адам жарық дүниеге қалай келеді?..

– Не дедің?.. Айтуға ыңғайсыз?.. Біз мұнда тек ғылыммен шұғылданамыз. Несі ыңғайсыз, несі құпия?! Сонымен, ал қалай келеді? Оңаша әрекетпен бе, әлде қоғамдық әрекетпен бе? Қоғамдық әрекеттің нәтижесінде жарық дүниеге келген баланы көрдіңдер ме?.. Көрген жоқсыңдар. Ешқашан көрмейсіңдер де!..

Кім? Бибібәтима пірім бе?.. Сен байқа! Аузыңа ие болмасаң, аяғыңды аспаннан келтірермін!..

Сонымен, адам – оңаша әрекеттің нәтижесі. Сіздіңше қалай, оңаша әрекеттің нәтижесі қоғамдық әрекетке құл болсын дегіңіз келе ме? Оныңыз адамның жаратылысына және жалпы табиғатқа қарама-қайшы болады. Шіркін, табиғат-ай! Қандай көркем десеңші! Мен өз табиғатымды өте жақсы көремін.

Табиғат жасасын!

ЕГЕР

Қымбатты досым, Бахри Сыпсып!

Хат жазғаныңа қатты разы болдым. Егер менің хатым поштада жоғалып қалмаса, цензурадан аман өтсе, егер поштабай сенің адресіңді дұрыс оқи алса, егер сен тұрған үйді кәмпескелеп тастамаса не үйдің иесі сені пәтеріңнен қуып шықпаған болса, онда осы жауабымды аларсың деп үміттенемін.

Айналайын Бахри Сыпсыбым, сен менің қашан үйленетінімді сұрапсың. Егер қалыңдығыма жұмыс табылса, егер қожайыны оның есін шығармаса, икемге көнбедің деп қуып жібермесе, егер біз тиын-тебеніміз жетерлік пәтер таба алсақ, егер оны-мұны мебель сатып ала алсақ, егер премьер-министр уәде еткен экономикалық прогресс нәтижесінде менің

де жалақым өссе, егер мен сәби кезімнен бері естіп келе жатқан әлгі әл-ауқатты арттыру жүзеге асса, егер мені күткеніне он жыл болған қалыңдығымның төзімі таусылып бітпесе, егер мені жұмыстан қуып шықпаса, бақылауға алмаса, ит өлген жерге айдап жібермесе – онда мен осы таяуда-ақ үйленемін.

Жанымдай Бахри Сыпсыбым! Сен Сайфи ханша апайдың жағдайы қалай деп сұрапсың. Егер ол өзін қараған жетінші дәрігер жазып берген дәрі-дәрмекті тауып ала алса, егер ауруханада орын болып ота жасата алса, егер отада тірі қалса, егер Еуропаға барып емделіп қайтуына тиын-тебені жетсе, егер ол мінген кеме суға батып кетпесе, өртеніп кетпесе, басқа елге қашып кетпесе, егер иесінің өтелмеген борышы үшін ол кемеңі біздің ел кәмпескелеп тастамаса, баж-тексерісі апайдың түбіне жетіп жүрмесе, егер оны күйеуіне сыйға галстук сатып алғаны үшін контрабандашысың деп түрмеге тығып жібермесе, иә, осының бәрін аман-есен өткерсе – онда апайың Алланың рақымымен тез арада оңалып-ақ кетеді.

Бауырым Бахри Сыпсып! Сен біздің команданың биылғы маусымда халі қалай болатынын сұрапсың. Егер ойын кезінде біздің команданың қақпасы аздап кішірейсе, егер біздің ойыншылардың көзін күн шақырайып қарықтырмаса, егер жел оңынан тұрса, егер төреші әділ болса, яғни біздің командаға жаны ашыса, егер біздің жанкүйерлеріміз қарсыластарымызға: «әй, қисық аяқтар!» деп айқайлап, бәлемдердің жүйкесін жұқарта білсе немесе қолына не түссе соны лақтырып кейбіреуін мертіктіріп қойса, егер біздің командамыз әрбір ойынның алдында қасиетті жерлерге барып түнеп құлшылық етсе, Құдайдан медет алса – онда біздің команда чемпион болады да шығады.

Сен біздің хал-ахуалымызды сұрапсың. Егер жаңбыр жауған сайын телефонымыз тотып қараң қалмаса, оның кесірінен газымызды жауып тастамаса, одан барып электрімізді қиып тастамаса, одан соң радиомыз сөйлемей қалмаса, одан

соң су құбырымыз жарылып кетпесе, одан соң транспорт дағдарысы басталмаса, одан соң нан қымбаттап кетпесе – онда біздің хал-ахуалымыз өте жақсы болады.

Сен нағашымның шаруасы қалай деп сұрапсың. Егер нағашың Анкараға баратын болса, оған аман-есен жетіп, «қарағайға талды жалғап» жүріп жұмысын реттей білсе, егер мектептес жолдасым деген кісісі оған қол ұшын берсе, егер ол банктен рұқсат қағаздар мен несие алып сауда-саттық жасауға кіріссе, сонсоң жынданып кетіп жүрмесе – онда шаруасы таяуда түзеліп-ақ қалар.

Қымбатты Бахри Сыпсып! Сен Жеңгіз балақайдың сабағын сұрапсың. Егер биыл олардың кластарында былтырғыдай тоқсан бала болып жүрмесе, егер сабақ үш кезекте оқытылмаса, егер мұғалімнің жетіспейтіндігінен сабақтары пәле болмаса, егер содан барып мектептер мүлде жабылып қалмаса, егер емтиханды қайталап тапсыруға, немесе «екісі» барларды да көшіре беруге рұқсат етілсе, егер министрлік кластан класқа жаппай көшіруді қолға алса – онда біздің балақайдың сабағы жақсы болады.

Бауырым Бахри Сыпсып! Сенің өтінішіңнің мән-жайын сұрап білдім. Маған: егер қасқа бастарға қалың бұйра шаш шықса, егер өгіз үйеңкінің бұтағына ұя салса, егер қара түстілер аққұбаға айналса, егер күннің көзін кір басса, егер мысықтар киім жууға кіріссе, егер аспанға басқышпен шығу басталса, егер көлде байғыз жүзсе – онда сенің өтінішің кешікпей қабыл болады, – дегенді айтты.

Қымбатты қалқам Бахри Сыпсып, сенің жауабыңды асыға күтулімін. Құшақтап сүйдім.

ЦИФРЛАР СӨЙЛЕСІН

Қазір бізде мылжындықтың мерейі үстем болып, сөздің қадірі кетіп тұр. Ойларына не келсе соны жазады, аузына не келсе, соны айтады. Мұндай жағдайда біздің ұлттық мәселелерімізді байсалды түрде талқылап шешу мүлде мүмкін емес.

Біреуі елдің экономикасын арттыру үшін жоспар керек дейді, екіншісі – күрделі қор керек дейді, үшіншісі – несие керек дейді. Біртұтас бағыт болмаған соң жұртшылық пікірін қалыптастыру қиындайды және берекесіздік белең ала береді. Ал егер біз барлық мәселелерді цифрларға сүйене отырып ғылыми негізде шешсек, ол мәселелердің барлығы баяғыда-ақ реттеліп бітетін еді. Қашанда болсын істің түйінін цифр шешеді.

Кәне, цифрлармен сырласып байқайық.

Айталық: халқымыздың өсу қарқыны жылына үш пайыз, ал ұлттық табысымыздың кему қарқыны екі пайыз дейік. Бұл жағдайда экономиканы дамыту үшін экономикалық өндірістің өсу қарқыны ең кемінде жеті пайыз болуға тиіс. Ал өндірісте еңбек етіп жүрген және ұлттық табыстың алпыс пайызын қамтамасыз еткен жұмысшылар бұл табыстың он тоғыз пайызын ғана алады. Бұдан нені білуімізге болады? Келіңіз, цифрларды сөйлетейік. Экономикалық өндірістің өсу қарқынындағы жеті пайызды аламыз да, халықтың өсу қарқынындағы үш пайызға көбейтеміз, төртке бөлеміз, қалдығын он тоғыз пайыздан алып, сонсоң бес пайызға бөлеміз. Қанша болды? О! Бұл ойыншық емес! Енді бұны алпыс пайызға қосамыз, үш пайызға көбейтеміз, үш жарымға бөлеміз. Сонсоң бұдан шыққан нәтижеге тоғыз жүз сексенді, яғни бағаның өсу пайызын қосамыз және 589561-ді (менің телефон нө-

мірімді) тағы қосамыз. Қанша болды? Міне, көрдің бе, алақаныңа салғандай ап-айқын боп шыға келді!

Әрқашан осылай істеу керек. Мәселені талқылауға кіріспес бұрын цифрларды сайлап алған жөн. Содан кейін барып есептеп кеп жіберсең, – бәрі де беп-белгілі бола қалады, жағдайдың әлі де соншама үмітсіз емес екенін сезесіз... Біздің құрметті премьер-министріміз кез келген мәселені талқылау үшін қашанда болсын әуелі цифрларын сайлап алады.

Ескерту. Егер сіз мәселені цифрларға сүйене отырып таза ғылыми тұрғыдан шешуді ойласаңыз, басыңыздың размерінің тура жартысын көрсететін цифрды алыңыз да, оны бойыңыздың ұзындығына көбейтіп, сонсоң салмағыңызға бөліңіз...

Сонда, жер-көктен іздеп таба алмайтын ғылыми ақиқат ақпарлар сіздің қолыңызда болып шығады!

ЖЕР АУДАРЫЛҒАНДА

(Естеліктен)

Не үшін жер аударылғанымды айтып-айтпай не керек, әйтеуір, бір заманда біз, яғни: мен және екі жандарм үшеуіміз, полиция участогіне итшілеп жеттік-ау. Жеткенімізді қайтейік:

– Бастық әзірше жоқ, сондықтан бұларыңды мен қабылдап ала алмаймын, – деді участок кезекшісі.

Мен иығыма асылған дорбаны қисая сырғытып жерге түсірдім де, жеңіммен маңдайымның терін сүрттім. Бойым жеңілдеп қалды. Егер қолымдағы кісенді алып тастаса, өзімді әжептәуір бақытты адам деп санар едім, қайтейін. Жандармдарға жапақтап қарадым да:

– Қолым ұйып барады, кісенді аздап кеңітсеңіздер қайтер еді? – дедім.

Менің өтінішімді естіген жандармдар кісенді одан әрмен тарылтыңқырап бұрап қойды...

Бір уақта участок бастығы келе қалды. «Бастық мырза келді» дегенге селқостау қарап, сиқына көз тастасам... мәс-саға-а-ан! Өңім бе, түсім бе?! Құдайым-ау, баяғыда өзіммен бірге оқыған Хох Бехшеттің дәл өзі! Ал керек болса!.. Қуанып кеттім. Көз алдыма мектепте оқып жүргенімізде Бехшеттің басынан кешкен хикаялар тізіле қалғаны...

Әлі есімде, бір күні географиядан сабақ беретін мұғалім Бехшетті карта алдына шақырып:

– Кәне, Францияның қайда екенін, қай елдермен шектесетінін көрсетіп бер, – деді.

– Оң жағында Германия, сол жағында теңіз, үстінде Англия, астында тағы да теңіз бар, – деп Бехшет айды аспанға бір-ақ шығарды.

– Ал күн қайдан шығып, қайда батады?

Бехшет терезе жаққа сығырая қарады да:

– Күн Хайдарпаша жақтан шығып, Саматия жаққа батады, – дей салды...

Тағы бір күні химик мұғалім Бехшетті тақтаға шақырды.

– Су қалай жазылады? – деді мұғалім.

Бехшет борды алды да, тақтаға «Су» деп жазды. Ойланып өуре болмады.

– Саған судың химиялық түзілмесін жаз деп отырмын ғой! – деді мұғалім зекіп.

Бехшет мұғалімге мәлие қарап тұрып қалды. Өзінде тым болмаса аздап ойланып көрейінші деген кейіп жоқ, салы суға кетіп, сұлкііп түр.

Мұғалімнің Бехшетке жаны ашып кетті-ау деймін, тұрып барып, тақтаға: H_2O формуласын өзі жазды да:

– Судың алыну реакциясын жазшы! – деді.

Бехшет мұғалімнің не айтқанын мүлде түсінбеген кісіше мелшиіп тұра берді. Мұғалім өз сұрағына жауапты тағы да өзі: НОН (аш-о-аш) деп жазып, оның қалай оқылатынын сұрады.

Бехшет бір күрсініп алды да:

– Хох! – деді, латын әрпіне тели оқып.

Содан бастап біз оны Хох Бехшет деп атап кеттік...

...Енді мен полиция офицері болған сол Хох Бехшетке күле қарап, кісенімді сыңғырлатып жақындай бердім.

Хох Бехшет теріс айналып кетті де, жандармдарға қарап:

– Мыналарың кім? – деп сұрады.

– Жер аударуға кесілген. Стамбұлдан алып келдік, – деді жандарм.

– Хох-х!.. Бөлменің ыстығын-ай! – дедім мен, Бехшеттен көз аудармаған күйімде.

Ол жандармдар ұсынған қағазды алып қол қойды да, маған қарамаған қалпында өмір беріп:

– Андағыларыңды қауіпсіздік басқармасына апарып тапсырыңдар! – дей салды.

...Сөйтіп, жандармдар мені айтқан жерге апарды да тапсырды. Қауіпсіздік басқармасындағы күнім бір рақат болды: кісеннен құтылдым, емін-еркін жүретін болдым. Күнде таңертең және кешке полиция участогіне барамын да, Бурсадан ешқайда кетпегенімді растап қол қойып шығамын.

* * *

Мейманхананың дәлізінде отыратын кезекші қызметкер таңертең мені көре сала:

– Газетте сіз туралы мақала шығыпты, оқыдыңыз ба? – деді. Деді де, маған алдындағы газетті алып ұсынды. Бөлмеме кірген соң ашып қарасам, – менің Бурсаға жер аударыл-

ғаным тура бірінші бетке жазылыпты. Оны хабарлап қана қойса, бір сәрі ғой... Автор мені аянбай-ақ даттапты... Бұ жарық дүниеде нендей жаманшылық болса, соның бәрін бір ғана менің басыма үйіп-төгіпті де, басқа бұзықтарға дәнене қалдырмапты. Мақаланың бір тұсында мен еріксізден-еріксіз қарқылдап кеп күлдім. Журналшы автор менің шетелдік құпия қорлардан алған ақшамның есебіне сан жетпейді деп күйзеліпті.

Күле-күле сілем қатып шаршап, көзімнен аққан жасты сүрте бергенімде есік қағылды. Тәп-тәуір киінген бір жігіт кірді.

– Бурсаға аман-есен келдіңіз бе? – деп сәлемдесіп, қолымды қысты.

Ол мені сырттай жақсы білетінін, жақсы көретінін, өзінің Бурсадағы апталық газет иесі екенін айтты. Мен аңтарылып сәл-пәл отырдым да, үстелде жатқан газетті нұсқап:

– Мына газеттің иесісіз бе? – дедім.

Ол қып-қызыл боп кетті:

– Сіз ренжи көрмеңіз... саяси жағдайдың жай-жапсарын сіз жақсы түсінесіз ғой... – деп күмілжіді.

Оның қысылып, күмілжіп отырғанына жаным ашып кетті де:

– Оқасы жоқ, өмірде не болмаушы еді, – деп жұбаттым.

Ол бөлмемнен шыға бере кідіріп, қалтасынан әмиянын алып бұрылып:

– Айыпқа бұйырмаңызшы... – деді жалынышты үнмен, умаждалған қағаз ақшаны төсек үстіне қойып тұрып.

– Керегі жоқ, мен бәрібір алмаймын! – дедім зілденіп.

Ол шыға жөнелді.

Егер мен естелік жазбай, кәдімгі роман жазған болсам, кейіпкеріме ақшаны түтелеп тұрып жыртқызар едім. Амал не, оны істете алмадым. Төсекке жетіп барып қарасам, он лир екен. Дереву пеш жағуға кірістім.

* * *

...Айдауда үш-төрт ай жүру сіздерге, әрине, айтуға да тұрмайтын жайт боп көрінуі мүмкін. Әрине, қалтаң қалың болса, Бурсада жайбарақат тұра беруге әбден болады. Қалтаң қалың болса дегенде мен күніне екі мезгіл тамақ ішуге жететін ақшаны айтып отырмын. Менде сол да болмай, көбінде аш жүремін. Қалтаңда аздап тиын-сиының барда «Мен ашпын!» деудің оншама ерсілігі жоқ. Ал соқыр тиынның жоқта тіпті аузыңды ашуға дәтің бармайды, жұртта қалған күшіктей күй кешесің.

Бүгін менің қалтамда он шақты ғана қуруш пен жарты қорап сигарет бар.

Ескендірдің шашлыкханасынан келіп тұрған ғажап иіс сілекейімді шұбыртып, есімді шығарып барады. Қайтейін!.. Барып бір тоқаш сатып алдым да, бұрышты айналып кофе-ханаға кірдім. Қалтамдағы тоқашымнан қиқымдап үзіп алып аузыма саламын да, шайымнан бір ұрттаймын. Тамаққа жарымай отырғанда тәбетіңнің ерегескендей ашылып кететіні бар емес пе!

Сол әредікте көрші үстел басына бірнеше кісі жинала қалды да, қайсысы тамақты көп іше алатындарын айтып бәстесе бастады.

– Мен бір жегенде сүзбе қосып бес қатырманы, жиырма жұмыртқаны және бір келі халваны бір-ақ жеймін. Келіңдер, елу лираға бәстесейік! – деді біреуі даурығып.

– Егер жей алмасаң, жүз лира айып төлейсің!

– Төлеймін!

– Тамақтың құнын қоса төлейсің!

– Жарайды!

«Аштан ақыл сұрама» деген. Олардың етектей үлкен бес қатырмасы, жиырма жұмыртқасы, бір келі халвасы менің жұмырыма жұғын да болмайтын сияқтанды. «Әй! Егер мен

андағыларыңнан екі есе көп жеп қойсам, қайтесіңдер?» деп айғай салғым келді.

Ұтылсам... қатты болса бір сабар. Оларға беретін жүз лира менде бәрібір жоқ.

Жетіп бардым да, бәстеріне кірісіп кеттім. Олар маған таңданып қарай қалысты. Ал мен есіп жөнелдім:

– Таңертең тамаққа тойып алмағанымда, мен сендерге жегеннің атасын көрсетер едім! Үш қойдың басын мүжіп, екі астау сорпа ішкен соң тәбетім қазір онша ашылмай тұр, әйтпесе... – деп бір тоқтадым.

Жанымдағылардың көздері тастөбелеріне шықты: мына «меспен» бәстесіп сорлап жүрер ме екенбіз деген сиықтары бар. Мен де өзімнің не шатып кеткенімді енді біліп, жүрегім солқ ете түсті. Болары болған соң, бояуын сіңдіре түскім келіп:

– Егер жей алмасам, бес жүз лир төлеймін! Ал егер жаңағыны түп-түгел жеп қойсам, сендерден дәнеңе алмаймын. Бұған қоса тағы бір шартым бар...

– Ол не?

– Маған қырық стақан лимонад әкеп қойыңдар, артынан ішем.

– Астапыралла! – деп біреуі жағасын ұстады. – Жүдырықтай ғана боп соның бәрін ішіп-жемекші ме?! Жарылып өледі ғой!.. Жарайды, қырық стақан лимонадты мен-ақ алдырайын!

Үлкен-үлкен бес қатырма мен сүзбе алып келді. Мен кірісіп кеп кеттім. Едел-жедел екеуін қылғытып жібердім...

– Тым майлы екен! – деп қойдым. Үшіншісін үзе бастадым.

Одан соң бір стақан лимонад ішіп, келесісіне қол создым.

Жалпы... мен тамақсаулаумын. Ондай қатырманың жайшылықта талайын бірінен соң бірін соғып алып кете беретінім. Бұл жолы оным болмай барады, сірә, ұзақ уақыт ашығып жүргенде кісінің іші қуырылып қалатын болса керек... Қа-

тырма таусылар емес, үсті-үстіне көбейіп барады, тамағыма тасша тіреліп өтпейді.

– Ағатайлар, мұны тегі ішмайға пісірген болар... – деймін.
«Ағатайларым» айғырша арқырап күледі.

Ебін тауып тұра безсем қайтеді?..

– Бес жүз лиранды түсір!.. – десті.

Қалталарымды қарай бастадым.

– Мәссаған! Әмияным жоқ қой?! Қай жерде ғана қағып кетті екен?! – деп далырған болдым.

Олар мені итше тепкілеп, есімнен тандырып кете барды.

Жо-жоқ... Мұндай ештеңе болған жоқ. Мен ойдан шығарып айтып отырмын ғой! Көрші үстелдегілер кімнің қанша тамақ жей алатынын айтып бәстесе бастағанда-ақ менің көзім қарауытып кетті. Бәстескендердің алдына тамақты үйіп-төгіп әкеліп қойды. Бәсі асқан біреуі қолды салып, үсті-үстіне тықпалап күйсеуге кірісті. Ол күйсеген сайын менің сілекейім шұбыра берді, тіпті сілекейіме шашалып, булығып дем ала алмай да қалдым. Есімді жиып алдым да, кофеханадан шыға жөнелдім. Мешкейлердің қайсысы жеңгенін ит білсін.

СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН СҰМЫРАЙ

Мен онымен орманда таныстым... дәрігерлер ауа райы басқаша жерде біраз тұрып қайтқайсыз деп қамқорлық ақыл-кеңес берген соң, сол жаққа барғанмын. Іргесіндегі ауылдан бір үй тауып жалдап, орманның жақын тұсын жаяу аралап, қашықтау тұстарына ақылы машинамен барып қайтып дегендей, қыдырыстап жүргеніме екі апта болған. Онымен сондай қыдырыс кезінде танысқанмын.

Бір күні орманның бір алаңқайында тәп-тәуір, жоға, тіпті өп-әдемі ағаш үй томпайып тұрғанын көрдім. Айналасында үлкен-кіші, ер-әйел кісілер көлбеңдеп жүр, кейбіреулері оқшаулау ошарылып отыр.

Ал үйдің айналасы жайқалған көгал, бір жағында сылдырап бұлақ ағып жатыр. Әріде – ит тұмсығы батпас орман. Бұл көрініс менің есіме бөз-баяғы бір сұлу суретті пошталық құттықтау хатты түсірді.

Мен сол күні жалдап алған машинамен барып түсіп, керіліп-созылып, құрыс-тырысымды жаза беріп едім, машина жүргізуші кенеттен:

– Ондай жексұрынмен амаңдасудың өзі – күнә! – деп бұрқ етті.

– Кімді айтасыз? – дедім, оның сөз мәнісін ұқпаған соң.

– Кімді болсын, осындағы әлгі орман инженерін айтам да.

– Оның аты-жөні кім?

– Аты да құрысын, жөні де құрысын, атаңа нәлеттің!.. Оның аты-жөнін білгіміз де келмейді, өйткені оны суқанымыз сүймейді. Инженер дей саламыз, оған сол да жетеді...

Жүргізушінің байыпты, байсалды екенін, жібі түзу екенін аңғарғанмын. Ол маған бейтаныс адамды беталды даттамаса керек. Ал атасына нәлет дегеніне қарағанда, ол орман инженері шынында оңбай қалған біреу болғаны ғой. Жұмақ дерлік мынандай жерде қайдағы бір қарабасқандардың қаңғып жүрер жөні жоқ-ақ, әрине? Менің көңіл күйім бұзылып, тіпті әлгі үйге аяқ басқым келмей қалды. Бірақ сұлулықтың аты сұлулық емес пе, табиғат тамылжып тәнті етіп, ерік-алдыма қоймады, үйге қарай аяңдадым.

Есік алды ығы-жығы халық екен: имиіп, ыңырсып, теңселіп отырғандар, жерде дөңбекшіп жатқандар – көпшілігінің о жер, бұ жерін таңып тастаған. Ауруханадан аумайды.

Қалың-қалың ағаш үш баспалдақпен көтеріліп барып шыныланған есікті ашып едім – ортасында әлбетте дәрігерлердің бөлмесінде болатын жатаған төсек тұрған кең бөлмеге ендім. Мәссаған! Жатаған төсекте етпетінен түсіп біреу жатыр, шалбарын шешкен, жалаңаш санын қан жуған! Жанында, сірә, оташы шығар, бір жігіт пен бір әйел – медбике күйбеңдеп жүр. Дәрігер жараның үстіне дәріленген дәкені салады да, іріңін шығару үшін қатты- қатты басады. Сырқат біресе басын көтеріп алып бақырады, біресе жастыққа бетін көме басып ыңырсиды. Менің есім шығып кетті...

Маған көңіл аударған тірі жан жоқ; бәрі өз шаруасымен әуре. Оташы іріңді шығарғанын қойып, жараны шүберекпен сүртті. Сонсоң медбике жараны сутегі ерітіндісімен жуып, матамен таңып тастады. Жігіт ақырында басын көтеріп, мені көзі шалысымен жайраң қақты: көзі, бүкіл бет-аузы түгел күліп қоя берді, тіпті көзәйнегі де күліп тұрғандай болды. Маған құдды бір ескі танысын көрген кейіпшен қол ұсынып:

– Сәлеметсіз бе? – деді.

Мен де оның қолын қысып, жасанды болса да оның өзінше жайдары қалып таныттым. Бірақ бағана жүргізушінің оны күстәналағаны есіме түсе қалды да, оған самарқау қарауға тырыстым.

Жарақаттанған шаруа сол екіарада орнынан тұрып, шалбарын киіп, белбеуін буынып:

– Инженер-бей, ғұмыр-жасыңыз ұзақ болсын! Қарындасым, сізге де дән ризамын, – деді.

– Екі күннен кейін келіп жараңды қайта таңдыруды ұмытпа, – деді әйел оған.

– Екі күннен кейін... жақсы, жақсы, тек күндіз қолым тимейді, кешке келуге рұқсат етіңіздер.

– Жарайды, кешке-ақ кел.

Шаруа есіктен шыға бергенде инженер:

– Келесі кім еді, кіріңіз, – деп дауыстап қалды.

Бала көтерген келіншек кірді де, инженер-бейге сәбиінің күңдіз-түні жағы сембей жылайтынын айтты.

– Кешіріңіз, көріп тұрсыз ғой, жұмысбастымыз, – деп инженер маған қарады.

Мен өзімнің кім екенімді, бұл жаққа дәрігерлердің ақыл-кеңесімен келгенімді, қыдыра шыққанымда оның үйін байқап қалып, инженер-бейге сәлем бере кетуге бұрылғанымды айттым...

– Бәрекелді, жақсы болды. Сырқаттарды қарап бітіремін қазір, содан кейін екеуіміз шай ішеміз, әңгімелесеміз, – деп, сонсоң жаңағы жылауық баланы көре бастаған медбикені меззеп:

– Менің әйелім, – деді.

Мен әйелмен сәлемдестім. Олардың жұмыстарына бөгет болып аяқ астынан бара қалғанымға өкініп те, сондай-ақ, орман инженерінің, орман шаруашылығы басқарушысының мүлде басқа іспен шұғылданып жүргеніне таңданып та тұрмын.

Оның әйелі баланы алдына алып қарап, шабын аша бере шошып кетті.

– О, Алла-ай, сұмдық-ай! Мынау не, мынау?! Бәрі базданып, шіріп кетіпті ғой?! Бейшара балаңыз қалайша жыла-масын!.. Дереву жуып, опа-далап себу керек... Тым құрыса құрғақ құм тауып сепсеңіз еді?! – деді.

Ал инженер кезектегі сырқатты шақырып алып, оның шағымын мұқият тыңдап, оған қыстақтағы дәрігерге барып көрінуге кеңес берді. Шаруа ол дәрігерге көрінгенін, бар-жоқ ақшасын текке бергенін, оның дәрісі шипа болмағанын айтты.

– Бұл өтірікті соғып отыр, – деп инженер маған қарап қойды, – ешбір дәрігерге барған жоқ... Рас па? – деді шаруаға.

Анау басын изеді. Инженер әмиянынан жүз лира ақша алып шаруаға ұсынды да:

– Мә, ал! Денсаулығың түзелген соң қарауыл мұнарасында жұмыс істеп өтерсің. Ертең таңертең барып дәрігерге көрін. Қош-сау бол! – деді. Сонсоң шығып бара жатқан шаруаның соңынан дауыстап: – Мен қыстаққа барамын, тексеремін! – деп қалды.

Одан кейін маған бұрылып:

– Бұл байғұстар дәрігерге қалай барады, көрінгеніне де, дәріге де ақша төлеуі керек қой... – деді.

Мен инженер мен әйелінің сырқаттарды қабылдап, емдом жасап, жарақаттарын тазалап-таңғандарын көріп, ақыл-кеңес бергендерін тыңдап бір сағаттан аса отырдым. Инженер бір сырқатқа әлде бір дәрігерге барып көрін деді, ол дәрігерге мына кісіден ақша алмай-ақ қойғайсың деп хат та жазып берді.

Әйелі шай қайнатты. Мені тосып далада отырған жүргізушіні де шайға шақырды. Бағана ғана инженерді даттап шала бүлінген шофер енді емпеңдеп жетіп келіп, үй иелеріне ыстық ықылас көрсете жалбақтап амандасты.

Біз әңгімелесе отырып шай іштік.

Әңгіме барысынан білгенім мынау болды. Инженер, жасы баяғыда асса да, зейнетке әлі шықпапты. Төңірегінде тауқымет тартып жүргендер көп болған соң, оларға қол ұшын бермей болмайтынын көрген соң шыға алмаған. Жұртқа шарапаты тиерлік хал-ахуалы барда шалғай кетіп, шалжиып дем алып жатқысы келмепті. Балалары – екі қызы мен ұлы – бөлек тұрады екен. Ол мұның бәрін өңі ғажап нұрлана отырып байсалды әңгімеледі. Содан кейін орнынан тұрып:

– Біз қарауыл мұнарасын салып жатырмыз. Соған барып, жұмысты байқап қайтуым керек, мүмкін сіз де жүрерсіз? – деді.

Мен олардың уақытын алып, жұмыстарына бөгет болғанымды сездім де, тезірек кетуге асықтым.

Мейманқос әйелі қоштасарда жолым түсе қалса соқпай кетпеуімді өтініп:

– Түскі тамаққа келіп тұрыңыз. Қуана күтеміз... – деді.

Қайтар жолда жүргізушіге:

– Сен инженерді жексұрын деп едің, нағыз періштенің өзі ғой... Несі жаман? – дедім.

– Е, олардың қандай жексұрын екендерін білсеңіз... – деп жүргізуші тыржың етті...

– Түсінбедім.

– Жексұрын деген соң – жексұрын... Айтуға да жиіркенем...

Айт деп мен де қолқалаған жоқпын.

Ертеңінде кешке таман ауыл кофеханасының алдында талдан тоқылған аласа орындықта жайланып отырып, күндегі әдегімізше, кофехана иесі екеуіміз әңгіме-дүкен құрдық. Мен, әрине, орман шаруашылығының басқарушысы туралы сөз қозғап, оның кім екенін сұрап едім:

– Осы уақытқа дейін талай оңбағанды көріп едік, ал тап мұндай көрінде өкіргірді кездестірген емеспіз, – деді кофеханашы.

– Ол не жаманшылық істеді? – деп сөзді сабақтай түстім.

– Қойшы соны, қайсыбірін айтарсың, өсек сияқтандырып... – деп орнынан тұрды да, кофеханасына кіріп кетті.

Орман шаруашылықтарының мен білетін басшылары қашанда қаладағы немесе қыстақтағы әсем-сәнді үйлерінде тұратын, ормандағы бөліктерінде сирек болатын, ал мына инженердің қиыр жайлап, шет қонғаны мынау. Мен мұның себебін өзіме жалға үй берген старостадан да сұрадым.

– Орманның ішінде тығылып отырғанына қарағанда бұл жексұрынның күнәсі басынан асып жатқан шығар, – деді староста.

– Сонда не жаманшылық істепті? – деп қазбалай түстім.

– Онысын менен емес, басқалардан сұра... Оның аты аталғанда селк етпейтін жан жоқ... Сұра – айтады...

Шынында, кімнен сұрасам да, бәрі де инженерді барып тұрған сұмырай дейді. Ал себебін түсіндіруден ат-тондарын ала қашады.

Мен тұрған ауылда бір орманшы бар. Басқалар сияқты ол да инженерді сұмырай дейді, басқалар сияқты ол да оған ешқандай себеп-дәлел келтірмейді. Ақырында мен инженерді жұрттың неге жек көретінін қалайда білуге бел байладым.

– Ол орманға әдейі өрт салып, содан соң өртенген алаңқайларды шаруаларға удай қымбатқа сатып жүр ме? – дедім орманшыға.

Орманшы қарқылдап күлді:

– Бұл не дегенің? Бұрын біздің орман жыл сайын үш-төрт рет өртенетін. Ал мына пәле келгелі, міне, төрт жылдан асты, әлі бірде-бір өрт болған жоқ.

– Өрт бұрын неге болды, қазір неге болмайды?

– Анау әлгі инженерің күндіз-түні орманнан шықпайды, қарауыл мұнарасынан түспейді, жұмыста басы қалғандай тіпті ұйқы көрмейді... Адам емес, түп-тура хаджиятқаз (балалардың қаншама жантайтса да тік тұра беретін ойыншығы – F.Қ.). Бұрын біздің орманда қарауыл мұнарасы төртеу-ақ еді және оларда телефон жоқ болатын, ал анау келді де мұнараны жыпырлатып салдырды кеп, салдырды кеп, санын жетпіске жеткізді, көпшілігіне телефон тарттырып, оларды өз үйіндегі телефонға жалғастырып қойды. Одан соң өрт шыға қалса, иә, оның бетін ары қылсын, өрт шыға қалса тез жетіп сөндіретін боламыз деп орманға жол салғызды.

– Бұрынғылар неге өйтпеді?

– Бұрын ақша болмады.

– Мынаған көп ақша берді ме?

– Жоқ, қымбаттым, ақша сол баяғысынша аз, бірақ мынау бәріне жеткізіп жатыр...

– Сонда оның сұрқиялық істері не?

Орманшы ауыр күрсініп, сонсоң кеудесін жұдырығымен бір періп:

– Біз, біз білеміз! Ол – хайуан! – деді.

Сірә, инженер қазынаның ағашын ұрлайтын шығар. Ондай ептілер болады. Жұмысты аянбай істейді, пайда да келтіреді. Бірақ... ұрлықтың да тігісін жатқыза біледі.

Мен тұрған жерден бір сағаттық жолдағы бір ауылда таныс мұғалім бар еді. Зейнетке шыққалы жүрген. Қаладан келген мұғалім емес, ауылдың өз түлегі. Екеуіміз кейде кездесіп, шүйіркелесіп қалатынбыз. Мен соған барып қайтуды, инженер туралы анық-қанық мағлұмат алуды ойладым.

– Мен осындағы орман шаруашылығының басқарушысымен таныстым, меніңше, ол – баукеспе ұры, орманды отап жүр... – дедім төтесінен.

Мұғалім орнынан таңдана ұшып тұрып:

– Оны сізге кім айтты? – деді.

– Ешкім айтқан жоқ, өзім сездім...

– Сезгені қалай?

– Ол жоғарғы ауылдағы бір шаруаның адвокатына ақша беріпті. Шаруа орман шаруашылығы министрлігімен тәжікелесіп жүрген көрінеді. Сонда қалай? Оның өз министрлігімен соттасып жүрген шаруаға ақша бергені несі?.. Яғни, ол одан бір пайда түсіріп жүрген болды ғой?..

– Жо-ға... Шаруаның ісі оң. Инженер сондықтан ақша берген. Өйтпегенде ше? Шаруа байғұста адвокатқа берер ақша қайдан болсын...

– Ал инженер де – қатардағы қарапайым қызметші. Оған ақша қайдан келеді? Әлде ол шіріген бай ма?

– Иә, ол бай... Оның әйелі шіріген бай... Инженер жалқысының көбін кедей шаруаларға үлестіріп береді... Былтыр ол мектепті жөндеуге бізге де ақша берді.

– Мәссаған!

– Немене?

– Жұрттың бәрі оны сұмырай деп жүр ғой?..

– Ол жағы... Әрине, өзінен өзі түсінікті... оның сұмырай екені рас... Ондай сұмырай жер-көкте болмаған шығар...

– Қолынан іс келеді екен, жұмысы жақсы, ұрлығы жоқ. Қысылып-қиналғанға көмек береді... Сонда ол неге сұмырай болады?

– Менен құпиялап сыр тартпақшысыз ба?

– Жо-ға... Себебін біле салайын деймін де.

– Мен сізге айттым ғой, ол – сұмырай дедім. Себеп-мебептің қажеті жоқ. Сұмырайдың аты – сұмырай. Бітті!

Бәрі де: «инженер – су жұқпас сұмырай» дейді. Себебін ашып айтар пенде жоқ. Қайран адамдар-ай!.. Алайда оның сыртынан сыпсың сөз таратқан ешкім көрінбейді. Бұл араның халқында осындай қасиет бары ғажап-ақ.

Бір күні мен инженердің үйіне тағы бармақ болдым. Жолда жүргізушіні сөзге тартып:

– Мүмкін ол пара алатын шығар? – дедім.

– Құдай сақтасын, адамды нахақтан күстәналауға болмайды. Ол – барып тұрған оңбаған, бірақ пара алғанын көрген кісі жоқ.

– Әлде суайт па?

– Жо-жоқ, тіпті де суайт емес.

...Біз салдырлатып отырып инженердің сәнді үйіне жетіп барсақ – қожайын үйінде жоқ екен. Әйелі бізді құрақ ұша қарсы алып:

– Келіңіздер, төрлетіңіздер, күйеуім қазір келіп қалар, – деді. – Ол сіздерді көріп қатты қуанатын болды... Үйден аттанғанына екі күн. Кесілетін ағаштарға белгі салмақшы еді... Орманшылар шаруаларды алдап, жарамсыз ағаштарды беретінін білген соң өзі басы-қасында болуға кеткен. Бүгін таң ата оралмақ болатын, қазір келіп қалар. Төрлетіңіздер, демалыңыздар...

– Рахмет, мен орманды аралап қайтайын, кешікпеймін...

Мен орманның біраз жеріне бардым. Сәлден соң ысқырық, дабыр-дұбыр дыбыс, автомобиль гудогы естілді. Дөңеске шығып, жолға көз тастадым. Зымырап бара жатқан джипті көрдім.

Аз-маз қыдырыстадым да, үйге бет алдым. Инженер келіпті. Үйінің алдында тұр. Жанында үш орманшы және бірі егде, бірі жас – екі шаруа бар.

– Қош келдіңіз! – деді инженер менімен амандасып. – Мен жұмысты қазір аяқтаймын...

Орманшылар мен инженердің сөздерінен аңғарғаным: шаруалар ағашты рұқсатсыз кесіп, арбаларына тиеп, енді тайып тұрамыз деген сәтте қылмыс үстінде қолға түсіп қалыпты. Одан арғысын тыңдап үлгермедім, өйткені инженердің әйелі мені үйге кіруге шақыра қалғаны.

Бірнеше минуттан кейін инженер үйге кіріп:

– Келгендеріңіз жақсы болды ғой... Қатты қуандым... Түскі тамақтың да кезі, – деді.

Тамаққа қарамауға болмады. Оның үстіне мен инженермен жақынырақ танысуды ниет еткенмін. Әйелі – үстел жасады. Жүргізуші екеуіміз үстел басына жайғастық.

Инженер әлгі ұсталған ұрылар жайын әңгімеледі:

– Ол байғұстар өйтпегенде қайтеді? Кесімді жерлері жоқ. Бар дегенінің жері ұлтарақтай ғана, онымен не күн көрсін. Жұмыс жоқ, кәсіпорын жоқ. Мұнда біз берген жұмыстың ақысы бала-шағасының тамағына да жетпейді. Орманды өртеп егістік жер әзірлеп алуына мен рұқсат бермеймін... Енді не істейді, аштан өлсін бе? Ұрланып ағаш кесіп, қаладағыларға отынға сатады... Біз ұстап аламыз да шыбын жанын шырқыратамыз... Орманшыларға бірде-бір ұрыны маған айтпайынша жандармға табыс етуші болмаңдар деп бұйрық бердім. Олардай «қылмыстылар» қала түрмесінде

лық толы. Айып салмайын десең – қызметіңе қиянат, сайлайын десең – арыңа қиянат... Халіміз хал емес – қиямет!

Менің таңдануымда шек болмады. Тәңірім-ау, мұндай жақсы кісіні сонда не үшін даттап жүр бұл жұрт?..

Бірде жақын қалашыққа баратын автобусты міндім. Ол жақтағылардан да сыр тартып көргенше шыдар емеспін. Менің қасыма бір шаруа отырды. Тани кеттім – мен үйлеріне алғаш барған күні инженер мен әйелі жарасын тазалап таңып берген шаруаның дәл өзі. Мен сөз бастап, инженерді мақтап өттім.

Кенет шаруа шала бүлініп:

– Сол инженерде қандай жақсы қасиет бар? Нағыз сұрқия, жексұрын! – дегені.

Оған дәрігерлік көмек көрсеткенін есіне салдым.

– Көмегі – өз алдына, ал найсап екені бесенеден белгілі! – деді ол.

Қалашыққа жеткенше қанша қажап сұрасам да шаруадан: «Ол инженерің – сирек кездесетін сұмырай» дегеннен басқа ештеңе біліп жарымадым.

Қалада бір таныс дүкеншім бар еді. Ол маған жалға үй тауып алуыма жәрдемдескен-ді. Оның дүкенінде сатылмайтын пәле жоқ: радиоқабылдағыш пен телевизордан бастап шаш бояуына дейін, аяқ киімнен бастап кітап пен моторға дейін бәрі бар. Мен оған осы жұрттың бәрі инженерге неге наразы, оны неге жексұрын дейді деп тіке сұрақ қойдым.

– Халық айтса – қалт айтпайды!..

– Оны неліктен жаман дейді?

– Жаман болған соң жаман дейді...

Менің ойым он саққа жүгірді. Ол инженер әлде әйел затына тынышсыздау ма екен, жеңіл жүріске әуес пе екен?

Дүкенші ол ойымды да бекерге шығарды:

– Біздің білуімізше, ол ондай емес, ол күнәһар еркек емес...

Ойым он саққа жүгіргені былай тұрып, күдік дегенің миымның қуыс-қуысын қуалап жөнелді. Инженер, әрине, жылғындай жігіт емес... бірақ кім біледі... жастарды азғында-тып жүргеннен сау ма екен?

– Ондай сандырақты ойлап тапқан кім?! – деп дүкенші тас-талқан болды.

Мен басқа бір күдік айта бастасам болды – дүкенші ба-жылдап қарсы тұрып, инженерді қызғышша қориды.

Мен шыдай алмадым.

– Бәрің жабылып жексұрын, сұрқия дей бергенше оның үстінен министрлікке шағым неге түсірмейсіңдер? – дедім.

– Шағым түсірмеді деп кімді айтты? Жүр, кәне!

Екеуіміз сыртқа шықтық. Дүкенші мені жергілікті адво-каттың кеңсесіне ертіп барды:

– Мына мырза бізге: сендер орман инженерінің, әлгі сұрқияның үстінен шағым неге түсірмедіңдер, – дейді. – Қанша арыз-шағым жазғанымызды көрсетші өзіне...

Адвокат қалың папканы алып ұсынды:

– Мінеки, көріңіз...

Мен папкадағы қағаздарды оқи бастадым. Олар көпте-ген адамдардың, тіпті муниципалдық ұйымдар мен мекеме-лердің, кеңселердің өтініштері екен. Бәрі де орман шаруа-шылығы басқарушысын басқа жаққа ауыстырып жіберуді сұрапты. Өтініш Орман шаруашылығы министрлігіне, тіпті премьер-министрдің тура өзіне жіберіліпті... Жеделхаттар-дың көшірмелері де жатыр.

Мен таңғалдым:

– Оны мұншама шағымнан кейін де ауыстырмағандары ма?

– Көрдіңіз ғой, ауыстырған жоқ, – деді адвокат.

– Сонда бұл инженер не жаманшылық жасап жүр? – де-дім адвокатқа.

– Жасамаған жаманшылығы жоқ, қайсыбірін айтарсың!.. – деді адвокат ажырайып.

Сонымен, көңілімді жайлаған күдіктің себеп-салдарын таба алмауға айналдым. Әйтеуір, инженердің нағыз сұмырай екені белгілі болды. Бірақ неліктен сұмырай ол?.. Бұл сұрағым жауапсыз қалды.

Мен инженердің үйіне жиі баратын болдым. Жақынырақ таныса түскен сайын оны жақсы көре бастадым. Үйі толған кітап. Ол көп оқиды, онымен әңгімелесудің өзі – бір ғанибет. Көмек тілегеннің бәріне қол ұшын береді, ол үшін ақы-пұл да, алғыс-алқау да дәмеспейді.

Оны бұл төңіреkteгілер тегіс қарғап-сілейтінін ойлай-ойлай, сірә, біздің халыққа жақсылық жақпайтын болған-ау деп түйдім.

Бір күні төзімім әбден таусылды да, инженерге:

– Жұрттың бәрі сізді жаман кісі дейді. Сізді мақтайтын тірі жан жоқ. Ал сіз олардың бәріне тек жақсылық жасап жүрсіз ғой, – дедім.

Ол езу тартты:

– Мені даттайтындарын білем, естігенмін.

– Олары несі?

– Өздерінен сұрағайсыз...

– Оларға жақсылық жақпайды, олар алғыс пен қарғысты айыра білмейді, – дедім.

– Жо-жоқ, ол не дегеніңіз, тіпті де олай емес, – деп наразылық білдірді ол.

Менің қалаға қайтар уақытым таяды. Маған үйін жалға берген старостаға көп сыйлық беріп, қоштасып тұрып:

– Староста, кетер алдында сенен өтінерім: инженердің не жаманшылығы бар, соны айтып берші, – дедім.

Староста:

– Ол маған ешқашан жаманшылық жасаған жоқ, бірақ жұрттың бәрі оны жаман дейді, мен халыққа қалай сенбеймін? – деді.

Сөйтіп, староста да жалтарып кетті. Мен таныс мұғаліммен де қоштасып шықтым, ол да жарытып жауап бермеді.

Ауылдан аттанып, ояз қалашығына жеттім. Стамбұл автобусының жолға шығуына әлі екі сағат бар екен. Ішім пысып кетті де, қарт адвокаттың кеңсесіне бардым.

– Үйге қайтып барамын, сізбен қоштасқалы келдім, – дедім.

Адвокат қуанып қалды. Мен сөзімді үзбей:

– Көңілім күдіктен күпті болып бітті... Құдай үшін, шыныңды айтшы: анау инженердің жаманшылығы неде? Қорықпа, тірі жанға айтпаймын, – дедім.

Адвокат маған сенген кейіппен қарап:

– Жарайды, сенің ешкімге тіс жармайтыныңа сенемін, – деді.

– Рахмет!

– Басқа жерлердегідей, бізге де келіп жататын әкімдердің кейбіреуі жақсы, кейбіреуі жаман болады...

– Әрине.

– Жаман әкімді халық тойтаңдатып қоя алмайды, оның үстінен арыз-шағымды дереу жаудыра бастайды.

– Түсінікті.

– Бірақ бір ғажабы: бізге келген әкімнің үстінен арыз-шағым неғұрлым көп түссе, ол мұнда соғұрлым ұзақ тұрады. Үкімет оны басқа жаққа ауыстыруға асыға қоймайды. Ал жаман әкім жақсы әкімнен әлдеқайда көп. Жақсы әкім келе қалса, жұрт оны бірден ұнатады да, аяқ-қолын жерге тигізбей мақтай бастайды. Сол-ақ екен, ол әкімді басқа жаққа ауыстырып жібереді. Жақсы әкім бір орында ұзақ отыра алмайды. Халық оны қозғамауды қанша өтініп арыз жазса да, түк шықпайды. Біз оны өз тәжірибемізден жақсы білеміз. Яғни, біз ортамызға жақсы әкім келгенін сезген сәттен бастап оны ит-шошқалап жамандайтын болдық. Мысалы, қазіргі орман инженерімізді еңбектеген жастан еңкейген кәріге

дейін бәріміз былапыттап сыбап жүрміз. Мына сұмырайды бізден алып кетіңдер деп ара-тұра шағым да айдап жібереміз. Ол шағымға жүз кісі, тіпті мың кісі қол қоямыз. Сөйтіп, инженерді, міне, төрт жыл бойы тырп еткізбей ұстап отырмыз. Енді бір төрт жыл ұстай алсақ, шіркін-ай, қатып-ақ кетер еді!.. Сіз халықтан губернатордың қандай екенін сұраңызшы – құлағыңызды тұндырсын!..

Менің санама саңлау кірді. Ал бірақ үкімет жаман әкімді неге қозғамайды, жақсы әкімді неге ауыстырып жібереді?

Бұған адвокат былай деді:

– Билеуші партия сайлау кезінде бұл жерден көп дауыс ала алмады, үкімет бізді сол үшін жазалап келеді.

– Инженерді екінің бірі балағаттап жүрген бұл жерде билеуші партияның жақтастары жоқ па?

– Бар. Мен өзім де – билеуші партияның мүшесімін. Бірақ мәселе онда емес. Бізге жақсы әкім керек, сондықтан оны бәріміз бірауыздан беталды балағаттаудан танбаймыз...

Адвокат қоштасып тұрып:

– Жұрттан губернатор туралы пікір сұрауды ұмытпаңыз, – деді.

Автобустың сәл-пәл кешіккенін пайдаланып, аялдамада кем дегенде жиырма кісіден губернатор туралы пікір сұрадым. Олар губернаторды жер-көкке сыйғызбай мақтап жөнелді.

Мені таңқалдырған кісі – автобуста қатар отырған көршім, губерния басқармасының бір әкімі:

– Губернатор ма? Сұмпайының сұмпайысы! – деп үзілді-кесілді үкімін айтты.

– Мүмкін емес. Оны сізден басқалардың бәрі мақтайды ғой?

– Әрине... Оны басқа жаққа ауыстыратынын олар әлі білмейді. Нұсқау бүгін таңертең ғана келді. Бұл жаңалықты олар газеттен оқығаннан кейін барып қайтадан сұраңызшы – не дер екен...

ҚАЛАМЫМ – АЛТЫНШЫ САУСАҒЫМ

1. Біздің газет жанры жайында

Азан шақырып дегендей, әдемілеп ат қоюдың орнына асықпаста асыққан әлдекім оны фыкра (анекдот) дей салыпты. Бірақ, дес бергенде, бүгінгі журналшылар қауымында ол анекдот атынан айрылып, әдепті әзілі бар, тапқырлық татымы бар «қысқа әңгіме» делінетін болды. Бұл атау – газетшілердің еншісі емес, қаламы қарымды жазушылардың ойлап тапқаны: газетте жұмыс істеуге тура келген соң олар осы жанрға ен салды. Ғажап болды! Сырқатқа удай ащы дәріні балдай тәтті қабықшаға орап жұтқызатынындай, жылы-жылы әзіл-қалжың сөзбен айналайын-ай деп отырып-ақ бәлемдердің ағаттық-қателігін бетіне басып, ой тереңіне батырып кетесің. Алайда уақыт оза келе журналистика әдебиеттен оқшауланып, жазушыларды газеттен ығыстырып жіберді.

Фыкра көбелек тәрізді. Көзді бірден тартады, қызықтыра қалады. Ғұмыры да көбелектің ғұмырындай бір-ақ күндік. Бұл жанрда, айталық, жиырма жыл құйрық үзбей жазып келе жатқан адам да қаламын тастаған күні ұмыт болады. Мысалы, Махмуд Садықтың «Шейх уль-Мухаррирін» барлықтарыңыз да есте сақтап жүрсіздер ме? Егер жазбасөз шеберінің аты-жөні адамдардың есінде қалар болса, ол – сірә да журналистикаға емес, әдебиетке сіңіре алған азды-көпті еңбегінің арқасы.

Сіздер фыкраның тек Түркияға тән екенін білесіздер ме? Шетелдік әдебиетшілер түрік әріптестерінің газетке күн сайын фыкра жазатынын көргенде жағаларын ұстайды. Бұл оларға ақылға қонбас бірдеңе болып көрінеді.

Басқа елдердің шолушылары ғана біздің жанталасқан журналшыларымыз сияқты. Олар газетке аптасына екі рет, немесе үш рет жазады да, мәселенің мән-жайын өз пайымдауларына теліп, тар шеңберде түсіндіреді. Ал бізде, Құдайға шүкір, біздің өреміз жетпейтін, біз талқыламайтын тақырып дегеніңіз жоқ. Біз күнде таңертең оқырмандарымыздың құлағын түріп қойып, ғұлама кейіппен ағыл-тегіл ақыл айтамыз, жоқтан бар етіп себеп тауып аламыз да, шімірікпестен сылдырата береміз. Кейбір фыкрашыларымыздың ерікті ауыздарына бөрікті бас сиятыны соншама, олар болмағанда газеттің жұртқа тарауы екіталай екен деп қаласың. Алайда, тәжірибе көрсетіп келе жатқанындай, біздің жанрдың ең бесасап жазғышы газет таралымын шырқатып, айталық, жиырма мыңға жеткізіп жіберсе де, ол газет бәрібір сол баяғы деңгейінде тарайды да қояды.

Оқырманның өзі бауыр басқан газеттен қол үзуі қиын. Яғни, газет оқырманынан айырылмау үшін оны қызықтырар әйтеуір бірденелерді тауып жариялап, олқысының орнын толтырып отырады.

Біздің жанрдың шебері газеттің атақ-даңқын асыра беруге тиіс аспап дерсің. Шынында қайсыбір авторлар газеттің беделін көтеріп, берекесін арттырады. Бұл туралы мынадай бір фыкра бар (анекдоттың бабасы десе де болады): Біздің бір мықтымыз жылдар бойы күн демей, түн демей бұрқыратып жазып, әбден титықтап, қажып, ақырында шаршап-шалдыққанын айтып шағыныпты. Газет иесінің оған жаны ашып, екі айлық ақылы демалыс беріпті. Ал жазушы демалысқа шыққанды былай қойып, газетке күн сайын төлейтінін тым-тым үдете түседі. Онысы несі екенін сұрағандарға: «Мұның екі түрлі себебі бар. Біріншісі: «Мен кеткен кезде таралымы кеміп қалуы мүмкін» дейді. «Ал екіншісі ше?». «Екіншісі одан да маңызды... Егер таралым кемімей қойса, қайтемін?» дейді.

2. Жазайын ба, жазбайын ба?

Менің жаза бастағанымға отыз бес жыл. Кәсіби әдебиетшілікке бет бұрғанымға жиырма жыл.

Сонымен, Махмуд Садықты білетіндеріңіз бар ма? Оның аты-жөні күнделікті газет бетінен қырық бес жыл бойы түскен жоқ, журналдарға да жазып жүрді. Оны жұрт «Мухаррирлер шейхі» – журналшылардың ұстазы, бас маман деп атайтын. Менің журналшылық қызметім сол мухаррирлер шейхі қайтыс болған жылы басталды. Сондағы қаралы хабардың: «Махмуд Садықтың қаламы алтыншы саусағы еді» деген сөздері санама өшпестей болып сіңіп қалды.

Осы бір сөз тіркесінде Түркия әдебиетшілерінің өксулі өгей өмірі жатыр. Қарысып ұстаған қаламың алақаныңа кіріп, тіп-тірі алтыншы саусағың болып кеткені қандай сұмдық! Бұл сөз тіркесі есіме түскенде қолымдағы қаламыма қарасам – құйқа-тамырым шымырлайды.

Махмуд Есараның «Едигюн» журналында шыққан бір мақаласындағы: «Алдындағы ақ қағаз түбі жоқ ақ құдық болып елестеп кетті» дегенін де ұмыта алар емеспін.

Бұл – жазушының ақ қағаз алдындағы әлсіздігі. Әдебиетшіге сол күн санап тереңдей түсер ақ құдыққа әр күні миының бір түйірін тастап отыратын тірлік бұйырған ғой.

Рефик Халидтың «Айдэдэ» журналындағы бір мақаласы да есімнен тіпті шықпайды. Ол кезде мен бала едім, ал Рефик Халид жас болса да белгілі әдебиетші еді. Рефик Халид сол мақаласында пәленбай жылдан кейін өзінің қандай күйде болатынын сипаттауға тырысқан... Қаламынан шыққанын жұрт қағып алып оқитын әйгілі әдебиетші, атағы асқар таудай адам. Жылжып жылдар өтті, ол қартайды. Газет редакциясына еңтігіп, сырылдап, қырық рет демалып әрең жетеді. Кілең жас қызметкерлер отырған бөлмеге кіреді.... Оларға бұдан он күн бұрын мақала әкеп берген болатын, онысы жарық

көрген жоқ... Редакторды ренжітіп алмайын деп төменшіктеп, жасқана сөйлейді. Қолы дір-дір етіп, жаңа қолжазбасын алып ұсынады... Ол шығып кеткеннен кейін жастар редакторға: «Жаңағы итиген шал кім?» дейді. «Е, ол ма? Ол бір кезде өте белгілі болған автор... Әлгі... кім ғой... тфу!... Атын ұмытып қалғанымды қараңдаршы!» дейді.

Бекир Сытқы жақында ғана қайтыс болғанмен ол да ұмытылып-ақ қалды. Жас кезінде ол да атақты болды, журналшылық жұмыспен белсене, көп шұғылданды, әңгіме жазды. Сонсоң бәрін тастап, сот болып кетті. «Варлықта» онымен сұхбат жарияланды. «Неге сот болдыңыз?» – деген сұраққа Бекир Сытқы қайтарған жауаптан жадымда қалғаны мынау: Бірде «Вакит» газетінің редакциясына иығына көншек ілген кәрі кісі келеді. Абыржып, кешірім сұрай сөйлеп, редакторға қолжазбасын ұсынады. Ал анау қошемет көрсеткенсіп күлімсіреп, алай деп, былай деп, оны тез шығарып салады. Бекир Сытқы редактордан қарттың кім екенін сұрайды. Редактор оның аты-жөнін атап: «Кейде оны-мұны жазғандарын әкеліп жүреді. Байғұсқа жаным ашиды, әкелгенін жариялап тұрамын. Бес-он қуруш болса да қаламақы алсыншы деймін» дейді.

Арада біраз уақыт өткен кезде Бекир Сытқы ескі журналдардың тігінділерін парақтап отырып, әсем-сәнді «шеңбердің» бір бетінен әлдебір келісті жігіттің келбет-суретін көреді. Суреттің астындағы түсінікте: «Біздің ең атақты, ең сүйікті авторларымыздың бірі...» делініпті. Анау жолы өзі «Вакит» редакциясында көрген шалекеңнің аты-жөні жазулы тұр.

Бекир Сытқының денесі бір ысып, бір суыды. Ол жылдары оның өзі де «ең атақтылардың бірі» еді... Бекир Сытқы газетті тастай салды да заңгерге жөнелді.

Мен алтыншы саусағыма айналған қаламыма, аппақ қағазға – түпсіз ақ құдыққа қарап, журналшы тағдыры туралы

ой ойлап отырмын. Ештеңе жазбағаным көп уақыт болды. Бірақ қаламым – қолымда, қағазым – алдымда, қарғыс атқандай бедірейіп, құрдан-құр ойланамын да отырамын. Жазу жазар мұршам жоқ. Кәсіби «журналшылық сырқатқа» шалдыққандаймын.

Менің бұл сырқатым 1950 жылы Үскідардағы Пашакапысы түрмесінде басталған еді. Пәленің ілінгенін бірден сездім: барлық жұмысыма оңтайлы оң қолым кенет ұйып, қаламды қармаудан қалды. Ешбір икемге көнбейді. Менің қолым сияқты емес, құдды бар-ау, қыстырып қойған таяқша тәрізді, қалам ұстауы, қағазға жолауы қиямет-қайымның дәл өзі болды. Оны менен басқа біреу иемденіп алған дерсің, маған бағынуы қиын. Кейде ептеп икемдеп, бірер жол жазған боламын. Кейде тіпті қолды өрең қоямын.

Сөйтсек, өз қолыңның өзіңе бағынбайтынын дәлелдейтін себеп бар көрінеді. Жазатындарда, сондай-ақ кейде музыкалдарда сондай бір хал болады деседі.

Жоқ, менің сырқатым тақырыптың жұтандығынан пайда болған пәле емес. Бізде жазылмай жатқан тақырып нөпір. Ал мен жазу дегеннен жиіркенетін болдым, қарағым да келмейді. Жазуға тиістімді жаза алмайтын сияқтанамын, оным жазғанмен оңды болмайтын тәрізденеді.

Маған газетке күнде жазып түр деседі. Нені жазу керек? Біз өтірік-өсекке, алдау-арбауға малтығып жүрміз ғой. Қазір Түркияда бостандық, нені жазсаң да еркің деседі. Бұл – шіп-шикі жалған. Шырылдап шындықты айтып жүрмін дегендер де – осы өтіріктің құрбандары. Олар – көпшілік. Мен олардан – көпшіліктен жырылып қалып қоймаймын. Мен жазуға міндеттімін, жазамын, күн сайын мақала шығарып, сіздерге ақыл-кеңес беретін боламын. Не үшін бе? Құлқын тамағыма бес-он қуруш тауып түру үшін...

Әйткенмен, егер бұл жуық арада шындықты бәрібір айта алмайтын болсақ, тек тамақ асырау үшін жазатын болсақ,

одан да мейманханаға кезекші болып кеткеніміз жөн емес пе? Журналистикадан гөрі контрабандамен шұғылданғанмыз қауіпсіздеу болар.

Бүгін нені жазсаңдар да еркің дейтіндерге айтарым: дүние жүзіндегі елдердің ішінде төтенше жағдайда болу мерзімі жағынан Түркия алдына қара салмай келеді, ал біз мұны бес саусағымыздай біле тұра неге олай екенін ұға алмай-ақ қойдық.

Төтенше жағдайда газет қызметкерлерінің қандай күйде болатынын түсіндіріп берудің ділгерлігі жоқ шығар.

Біздің үкіметті алалық. Премьеріміз – Иненю... Өзі оппозицияда болған он жыл бойы елде заңдылық тәртібін орнатуды талмай талап еткен Иненю. Ал ол үкімет басында болғанда оған жанын сала жағынып қызмет еткендер бүгін оған жанталаса жауығып қарсы шығып отыр. Бұл қалай? Қырық құбылатын Иненю ме, әлде оның бұрынғы серіктері ме? Бұл не? Бұл – саясат дейтіннен басқа ештеңе емес. Мұндай жағдайда не жазуға болады? Жазуға зауқың бола ма әуелі?

Әркімнің бір есебі бар. Газетшілердің де өз есебі өзінде. Жазып отырамыз да, мұным жарық көрер ме екен деп ойлаймыз.

Бізде қазір НАТО-ны тиіп-қашып сынау байқала бастады. Бірінші болып Метин Токер шықты. Әлбетте, журналшылардың бәрінде Метин Токердің дәрежесіндей дәреже де, талантындай талант та жоқ. Немесе біз Кореяға әскер жіберген кезде бірде-біреу Метин Токердің НАТО туралы жазғанының мыңнан бірін де жаза алмады. Ал ақиқат дәрежеге де, талантқа да, күнтізбе дейтінге де тәуелді емес еді ғой!

Муаллин Наджидің сөздігінде «сатираға»: «Ащы бір нәрсені аузыңызға салыңыз да, шайнап-шайнап түкіріп тастаңыз. Сатира дегеніміз – сол» деп анықтама берілген. Балалар жерде жиренішті бірдеңенің жатқанын көрсе жиіркене

түкірініп кетеді. Менің де жазғанның орнына сөйтіп өтіп кеткім келеді.

Мен жиырма жылғы әдеби жұмысымды таразылап отырмын. Нәтижесі қандай? Бес жарым жылды тұтқында өткіздім, бір қапшық пәле-жала арқаладым, қырық кітап шығардым. Ал менің бар-жоқ мақсатым халқыма қалтқысыз қызмет ету, өзім күмәнсіз сенетін шындықты жазу болды. Қашанда ең қатал төрешіміз – уақыт. Кезінде біз де ең қатал шындықты айттық та, сол үшін мен Иненюдің тұсында түрмеде отыруға мәжбүр болдым. Ал қазір ол Иненюдің сол шындық негізінде іргелі реформалар жасау қажет деп жүргенін естиміз.

Айтылмай жатқан ақиқаттарымыз баршылық. Дәл қазір айтыла да қоймас. Оны енді жиырма жылдан соң жаңа реформалар талабына сидырып жаңа бір Иненю айтуы мүмкін.

Менде жазуға ықылас жоқ. Ақ қағазға – түпсіз ақ құдыққа қараймын, қолыма кіріге өсіп, алтыншы саусағыма айналған қаламыма қараймын... Мен бәрібір жазамын, өйтпеске шарам жоқ. Мен аста-төк астығынан түсім салығын төлемеудің тәсілін іздеп түлкібұлаңдатып жүрген бай помещик емеспін. Саусағым қанша сірессе де – оған қалам ұстатамын, қолым қанша қарысса да – оны жазуға мәжбүр етемін, әйтеуір, жұрттың басын айналдырып жіберуге шебер әккі газетшілерімнің тобынан саяқ кетпеймін.

Сіздер іркес-тіркес ойларыма қарап мені сарыуайымға бейім екен деп қалмаңыздар. Ұлы Фикрет бұдан алпыс жыл бұрын:

*Таң атады, таң келеді,
Түн түнекке ұласа алмас, –*

демеді ме?!

АТАТҮРІКПЕН ӘҢГІМЕЛЕСТІМ

*Сол күннен беріде жиырма жыл зырлап
өте шығыпты-ау...*

Біз екі жүз жігіт – екі жүз жап-жас лейтенант едік. Сол күні де таңертең Мәшкедегі әскери мектептің ескі казармасын әрқашанғымызша гу-гу әңгімеге толтырып, мәз-мейрам болып отырғанбыз. Бір сәтте бәріміз, құдды келісіп ала қойғандай, жым-жырт бола қалдық. Бүкіл төңірегіміз тым-тырыс болды. Тырс еткен дыбыс жоқ. Сағаттарымыз да тоқтай қалған тәрізді.

– Не боп қалды?

– Бұл не?

Әлдекім күбірлей сөйлеп:

– Ататүрік қайтыс болды, – деді...

Сөзіміз де, көзіміз де, деміміз де, уақыт та, жер де мүлгі қалғандай...

– Салтанат киімдерінді киіндер! Бізден екі кісі Долмабақша сарайына барып, Ататүріктің табыты жанында күзетке тұратын болды, – деді капитан Шидемұлы.

Менің аты-жөнім аталды. Құрметті күзетке түн ортасынан ауа тұратын болдым.

Капитан бастап, екі лейтенант еріп, сарайға бет алдық...

Ататүріктің табыты жанында тұрғанымызға жарты сағат. Төбеге ілінген шырағандардың жарығы оның жүзін ап-анық көрсетіп тұр. Ол жарық капитанның қылышына да ауық-ауық шағылып қалады.

Біз Ататүріктің табытын күзетіп тұрмыз. Біз революцияны күзетудеміз. Ататүрік – революция. Ол революцияның жеңісін бізге қалдырып, тып-тыныш ұйықтап жатыр. Ол бізге кәміл сеніп жатыр. Шырағандардың сәулесі ары-бері шалқып, қылыштың жүзінде ойнап-ойнап қояды.

Жиырма жыл зырлап өте шықты. Сол күні тынысымды буып, көзімде тұнып қалған қайғы кеше мені ағыл-тегіл жылатты... Мен Ататүріктің жанына қайтадан тұрдым. 1938 жылғы қарашаның 10-ы күніне қайтып оралдым...

Бұл жолы да қарауылдамын ба?..

Біз қарауылдамыз ба?..

Біз күзетіне тұрған жеңіс-жетістіктеріміз қайда?

Мені тұман қоршалап, төңірегім қарауытып барады. Шырағдандардың жарығы да көмескі.

– Көке, сені көре алмай тұрмын, – дедім.

– Менің көзқарасымды сыйласаң, менің ой-пайымдарымды түсінсең, сол жетіп жатыр, – деген дауысты естідім.

Өзінің дауысы!

– Көке, сыйлап, түсініп жүрміз, бірақ ашып айта алмаймыз.

– Егер әрекетіміздің бәрі де ардың ісі екенін ұқсақ, ісіміз бен сөзіміз табысып жатса, онда нені болсын именбей, күмілжімей, ашық айтуымыз керек.

– Ісіміздің оң екеніне сенімдіміз. Бірақ қорқамыз. Біз, зиялы қауым, қорғаншақ болып кеттік, бәрінен жасқанамыз.

– Ақиқатты айтудан ешқашан қорықпаңдар!..

– Біз қорқып жүрміз. Сондықтан алдау-арбауға салынып, өзімізді-өзіміз адастырып жүрміз.

– Жағдайды бажайлап, дұрыс шешім жасап, ақиқат қаншама қаһарлы болған күннің өзінде оның жүзіне тура қарауымыз керек. Бірімізді-біріміз алдап-арбайтын сорлы болмайық!

– Бізде шындық шырғалаңға тап болды. Қалыптасқан күйге басқаша көзқарасы барларға күмәнмен, сенімсіздікпен қарайтын салт шықты.

– Әрбір адам өзінің ұлтына не қажет екенін білуге міндетті.

– Еліміздің алдында тұрған мәселелерді шешу үшін неге сүйенуіміз керектігін айтып беріңізші!

– Қай мәселені болсын кездейсоқ оқиғаға телімей, оның мәніне үңілу қажет.

– Ал біздің өйтуімізге мүрсат бермесе ше?

– Мәселені мәжбүрлеумен, қара күшпен, зеңбірекпен, мылтықпен шешуге болмайды.

– Олай болмауы үшін баспасөз еркіндігі керек емес пе?

– Баспасөз – ұлттың үн-дауысы. Баспасөз – тәуелсіз күш, мектеп, басшы. Ол ой-пікірге қорек береді, ұлттың қандай бағытта даму керектігін ұлтқа айтып, көрсетіп отырады, қысқасы: ол бақытқа барар жолды нұсқайды.

– Біз «артта қалған ұлт» деген масқарадан құтылуға күш-жігерімізді жұмсап-ақ жүрміз, алайда игі нәтижесі болар емес.

– Ұлттың бүгінгі ғана мүддесін көздеген шаралар шатқаяқ болады, ол оны-мұны ұсақ-түйекпен ғана шұғылданып, негізгі мәселені шешуден қалады.

– Сіздің бағдарламаңыз қандай еді?

– Менің жасағаным – халық, шаруалар айтқан бағдарлама, бізге жақсы жолдар, мектептер қажет.

– Көке, түрік халқының жетпіс пайызға жуығы сауатсыз.

– Біздің әлеуметтік ұжымда сауаттылықтың деңгейі қаншалықты төмен екенін нақты білсеңдер ғой! Қоғамымыздың негізі – шаруалар сауатсыз. Масқара! Өзін адаммын деп білетіндер үшін, біздің ұлтымыз үшін масқарашылық. Алайда біз бұл масқарадан құтыламыз. Бұл бағыттағы күреске әрбір азамат қатысуға тиіс.

– Бізде мектеп аз. Мұғалімдеріміз жоқшылықтың тауқыметін тартып жүр. Мұғалім жетіспегендіктен мектептер жабылып жатыр.

– Мектеп ісі білікті адамдардың құзырында болуы шарт. Мектептерді еліміздің балаларын сөзімен де, ісімен де тәр-

биелей алатын білімді, абзал мұғалімдермен қамтамсыз ету керек, ол үшін мұғалімді ардақтау, беделін көтеру керек, басқа құрметті мамандықтың иелерінше оларды да ештеңеден тарықтырмау керек.

– Біздің оқу-ағарту жүйеміз қандай болуға тиіс?

– Еліміздің шын мәніндегі иесі, негізгі тұлғасы – шаруалар. Иә, білімге барар жолы бүгінге дейін жабық болған шаруалар. Сондықтан оқу-ағарту саясатымыздың негізі осы ортаның мешеулігін жоюда. Егер біз бұл мақсатымызға жете алсақ, ол оқу-ағартуымыздың тарихындағы киелі кезең болмақ.

– Кертартпа қара күш қағынып барады. Біздің кезімізде жариялауға тиым салынған басылымдар қолдан-қолға көшіп жүр.

– Революцияның қарқыны екпінді кезде ескілікшіл кертартпалар бұғып жүруге мәжбүр болады да, екпін босанса бастаса-ақ дереу белсеніп, революцияның негізін: оның жарқын келешекке ұмтылысын, қасиетті ой-ниеттерін әлсіретуге кіріседі.

– Погон таққан саяси белсенділер сайлауда дауыс алу үшін сол кертартпалармен ауыз жаласып, айтқандарына көне бастайды. Сонысы, көке, жанымызды қинап жүр.

– Кертарпа күштің иелері өздерін жұртшылық қолдайды деп ойлайды, ал онысы – құр қиял. Біз жолымызға көлденең тұруға ыңғайланғандардың бәрін ысырып тастаймыз да, көшімізді ілгері тарта береміз! Жарты жолда тоқтап қалмаймыз! Дүние алға ұмтылуда. Ал бізге сол ұмтылыстан шет қалу жөн бе?

– Әрине, жөн емес. Кейбір саясаткерлер: «демократия – көпшіліктің талап-тілегі» дейді де, соны өз пайдаларына малданып, жетпіс пайызға жуығы сауатсыз жұртты арандатып, өздеріне жандайшап етуге жанталасып жүр. Сөйтіп, революцияның қуатын кемітуге кірісті.

– Шын мәніндегі революциялардың бірде-бірі көпшіліктің қаулысымен, әділеттілердің қуатты күш-қимылынсыз ешқашан жасалмайды. Азиялық төзімпаздық пен бағынмпаздық құрсауындағы, жақсы уәдені үйіп-төгіп беретін, ал іс жүзінде қулық-сұмдығын өткізетін жалаңбилікші күштердің ықпалындағы халықты даурықпа сөзбен шатастыруға болмайды.

– Көке, сіз «қоғамымыздың негізгі тұлғасы» деген шаруалардың жағдайын жақсартуымыз үшін не істеу керек?

– Ең біріншісі: елде жерсіз шаруа болмауы керек. Көп жерді иеленіп алғандардың аранын шектеп, артық жерлерін кедейлерге бөліп беру керек. Ол істі еліміздің қай өңірінде қанша халық тұратынын және жердің құнарлылығын ескере отырып жүзеге асыру дұрыс болады.

– Көке, Түркияны қазіргі заманғы, алдыңғы қатарлы ұлттардың деңгейіне көтеру үшін не істеу керек? Шет елдерден қаржы тартайық па? Әлде жастарымызды Еуропа елдерінде оқытайық па, немесе шетелдік маман атаулының назарын өзімізге аударайық па?

– Біз ештеңеге зәру емеспіз дей аламын. Бізге жетіспейтіні – еңбексүйгіштік қана. Біз әлеуметтік ауруларымызды зерттейтін болсақ, бұдан ауыр кесірді таба алмаспыз. Не істеу керек десек, біз ең алдымен осы сырқаттан сауығуға тиіспіз. Ұлтымызды еңбек етуге ұмтылдыра білуіміз қажет. Молшылық та, бақыт та еңбекқұмарларда болады.

– Көке, кімге, неменеге үміт артуымыз керек?

– Бізде екі Мұстафа Кемел бар. Бірі – жұмырбасты пенде Мұстафа Кемел менмін. Екіншісі – мен өкілі болып жүрген ұлтқа өмірлік өнеге болатын тұлға. Еліміздің тағдырына қауіп төнген кезеңде жарық дүниеге, жұртшылық алдына мені әкелген жан – Түрік-Ана! Ендеше, түрік-аналар мен сияқты кемелдерді таппайды деп кім айтты? Естеріңізде болсын: же-

тістікті жасаушы мен емеспін, ол – біздің ұлтымыз. Демек, өзімізге ғана үміт артуымыз керек.

* * *

Шырағандар сөнді. Төңіректі түнек басты. Бұдан жиырма жыл бұрын тынысымды буған, көзіме тұнып қалған өксік енді ағыл-тегіл жасқа айналды.

1958 жыл

ӘЗИЗ БЕЙДЕН БІР БАЙҒАЗЫ

Естелік

Кол алысып, сәлемдесіп тұрмын. Әзиз Несинмен! Өзімен! Әзіл-сықақшы жазушылардың халықаралық шығармашылық бәйгелерінде бас жүлдені басқаларға бұйыртпай жүрген атақты Түрік Ағамызбен!..

Бойы ортадан пәстеу, денесі жуантық. Шашы қалың, аппақ. Қасы да қалың, бірақ қап-қара. Құлағы – «көдедей көптің» бірі. Көзі... өзіміздікі. Мұрны маймұрын да, қырмұрын да емес, «әрі-сәрі». Ерні... екiнiң бiрiнде бар. Жалпы бет-пiшiнi о баста ат жақты болған сияқты, тек бертінде бұғағының о жағы мен бұ жағына әлгi бар болғыр май жиналса керек, иегiн төрттекшелеу етiп тұр. Ал қоңырқай жүзiнде әжiм жоқ екен, мен соған iштей қуандым, өйткенi алпыс алты жастағы Әзиз бейдiң ауыртпалық-қиыншылықты жастай көп көргенi, билiктiң қияпаттарын әшкерелеп фельетон, сықақ әңгiме жазғаны үшiн бiрнеше рет сотталып, «түрмелердi түгендегенi» бар, соған мойымай, жасымай, қажыр-қайратын сақтап, тiптi еселеп, қаламын қайрай түсiп жүргенi ғажап қой!

Қаламдас аға менiң бас-аяғымның «арақашықтығын» шола жоғарыдан төмен бiр, төменнен жоғары бiр «өлшеп» алып, жымыңдап тұрды. Сiрә, сорайған iнiсiнiң өзiнен бойы озғанын iштей қызықтады-ау деймiн. Онысын сезiп, iшiмнен: «Бойы озса да, ойы озбаған iнiлерiңнiң бiрiмiн ғой, Әзиз бей!» дедiм.

Біздің бұл танысуымыз 1981 жылы, шілде айының 4-і күні, Мәскеуде, Кремльдің Үлкен сарайында, КСРО жазушыларының жетінші құрылтайы мәжілістерінің бір әредігінде болды. Әзиз Несиннің келгенін естіп білсем де, алғашқы күні іздеп таба алмадым. Бір журналдағы фотосуретін қиып алғанмын, сол бойынша іздедім. Содан кейін жазушы-драматург ағамыз Қалекеңе, Қалтай Мұхамеджановқа, қиғылық салдым:

– Қалеке, Әзиз Несин досыңызбен таныстырмақ едіңіз, енді қашан? – дедім.

– Оны өзім де бағана өрең тауып алдым, шашы аппақ болып, қобырап, өзгеріп кетіпті, көрмегелі бес жыл болды, кәне, жүр, кездестірейін, таныстырайын, – деп ертіп, кең залдың орта тұсында тұрған бір шал, екі жігіт және бір әйел тобына алып барды. Жігіттің бірін таныдым: әйгілі әзіл-сықақшы Леонид Ленч. Қалекең оларға менің аты-жөнімді, сатирик екенімді айтып, содан кейін Несинге қайтадан қарап:

– Құрметті Әзиз бей, бұл жігітіміз, – деп бастап, мені біраз сипаттап болып, сонсоң маған: – Көкенді көрдің ғой, кәуласа бер, – деді де, Несинге жымия қарап: – Мен бір шаруама барайын, кешке жолығармыз, – деп кете барды. Әйел Вера Феонова деген тілмаш орыс екен, түрік тіліне мығым болса керек, Қалекеңнің айтқандарын мүдірмей аударып тұрды.

Қоңырау соғылды, мәжіліске шақырылды.

– Қалтай бей айтты ғой, иншалла, кешке кездесерміз, – деп Несин залға беттеді.

Сол күні кеште «Россия» қонақүйінің ресторанында: Әзиз бей мен тілмашы, Қалекең және Шерхан Мұртаза бесеуіміз бас қостық. Өмір, Түркия, Қазақстан, әдебиет, аударма дегендей, біраз тақырыпты шолған әңгіме болды. Әзіл-қалжың ағытылды. Мен, әрине, тыныш тыңдаушымын. Несин қазақ сатирасына, аудармаға қатысты сауал бергенде ғана «қатарға қосыламын».

– Фаббас бей, менің әңгімелерімді орыс тіліндегі нұсқасынан аударып жүрсіз бе? – деді бірде.

– Өкінішке қарай, біздің мектептерде түрік тілі оқытылмайды, кітап саудамызда түрік кітаптары болмайды, – дедім де, соған өзім кінәлідей-ақ ыңғайсызданып, үстелдің сирағына сүйеп қойған портфельмді дереу алып, ашып, «Күлеміз бе, қайтеміз...» деген жинағымды Несинге ұсынып: – Құрметті Әзиз бей, бұл әзіл-сықақ әңгімелерімнің шағын жинағы еді, мұнда сіздің шығармашылығыңыз жайында мақалам бар, «Иә, Әзиз бей, Сіз кімсіз?» деп аталады және біздің бүгінгі көшалды әзіл-сықақшымыз Оспанхан Әубәкіров туралы «Әзиз Несиннің Алматыдағы інісі» деген мақалам да бар, сізге сыйлауға ала келдім, – дегенімде, көзі менде, құлағы тілмашында болған ол аса жайдары күлімдеп, орнынан тұрып, қолын ұсынып:

– Мың да бір рахмет! Иншалла, өзіміздегі қазақ достарымның біріне аудартып оқытып тыңдаймын! Рахмет, Фаббас бей, жүз жасаңыз, көп жазыңыз! – деді, шынайы риза болып.

– Фаббас жолдас, мына сыйың ғажап болды, – деді Шерғаң.

– Ағалар, менде «Қазақстан» бальзамы бар еді, соны шығарсам, ыңғайсыз болмай ма? – деп Қалағаң мен Шерғаңа ортақ сұрақ қойдым.

– Жолбарысым-ау, сұрамай-ақ шығармайсың ба?! – деп Қалағаң лекіте күлді де, – Вера, быстрее переведите, – деп Несинге қарап: – Әзиз бей, бұл інің саған қазақтың бальзамын да ала келіпті, оны да көр, – деді жымыңдап. Мен 250 грамдық ықшам, алақандай ғана жалпақша шишадағы бальзамды алып, үстелге қойдым. Қалекен алды да: – Міне, «Қазақ бальзамы» деп жазылған, ыдысы да қандай, қойынқалтаға сала салатын, көне, Әзиз бей, ұстап көр, содан кейін барар жағына аттандырып жіберейік! – деді. Вера күле отырып аударып айтты. Шишаны әуелі Несин, содан кейін Вера тамашалады.

– Иә, әдемі екен, әдемі. Ішіндегісі денсаулыққа пайдасы жағынан түрік бальзамынан кейін екінші орында шығар, – деген Әзиз бейдің әзіліне ду күлдік. – Ғаббас бей, сыйлығыңыз үшін көп-көп рахмет! Енді өзіңіз ашып жіберіңіз, – деді ол. Сол сәтте Қалекең маған:

– Мұның жалғыз ба, сыңары жоқ па? – деп қалды.

– Енді біреу бар.

– Ай, жолбарысым, жарадың! Андағыны ағаңның алдына қайыра қой да: «Мұны отбасыңызға оралған күні өзіңіз ашасыз, мұнда басқасы ашылады, бізде салт солай» деп, екіншінді алып аш та, рүмкелерімізге бір майқасық мөлшерінде құй, – деді Қалекең (*«жолбарысым» – Қалекеңнің сөз-сыралғысы*).

Айтқанын істедім. Несин күлімсіреп:

– Жахсы, жахсы, – деді қазақшалап.

Мен дәмге тапсырыс берерде Қалекеңнен досының ішімдікке қалай қарайтынын сұрағанмын. «Орыс арағын ішеді, осындағы орекендермен баяғыдан дос қой» деген. Сөйтіп, ақ арақты рүмкелерімізді ашық қоңыр түске «баядым».

Кеш соңында Әзиз бей:

– Қалтай бей, келген сайын саған жаңа кітабымды сыйлаушы едім, биыл әлі шыққан жоқ. Сонсоң сен жалғыз емессің, жаныңда Шерхан бей мен Ғаббас бей бар. Сендерге не сыйласам екен? – деп, бізге де жымия қарап.: – Ә, үшеуіне сурет салып берейін, ескерткіш болсын, – деді де, шолақ жең ақ көйлегінің төс қалтасынан шағын блокнот, қалам алып, үшеуімізге үш парақшаға сурет салып ұсынды.

Маған: «Бұл – бейбітшілік балығы» деп берген мына суреті, әрине, – мен үшін ерекше қымбат ескерткіш.

Әзиз беймен одан кейін екі мәрте әңгімелестім. Жүріс-тұрысы бірқалыпты орнықты, аспайды-саспайды. Сөз сөйлесі де не тез емес, не баяу емес, ал таза қоңыр үні құлаққа аса

жағымды. Сөзін не «иншалла» деп бастайды, не ара-арасында «иншалла» деп отырады.

Әңгіме тақырыбымыз әр қилы болды. Оның туындыларының көбі орыс тіліне аударылған-ды. Аударма сапасына көңілі тола ма екен, соны білгім келіп, Вераға:

– Сіз Әзиз бейдің әңгімелерін түпнұсқасынан оқитын шығарсыз, олардың орыс тіліне аударылуы сізге ұнай ма? – дедім.

Ол басын изей ақырын күлді де, Несинге бірдеңе айтты. Сұрағымды жеткізген сыңайлы. Одан кейін:

– Меніңше, аударма жақсы, алайда түпнұсқаның аты – түпнұсқа ғой, Әзиз бейдің күлкісі орысшада кейде солғын болып қалады, – деді де, Несинге қарап жымиды. «Арғы жағын өзі айтсыны» болар.

– Иншалла, орыс оқырмандарымның құрметіне шынайы ризамын, ол аударманың жақсылығынан ғой. Жалпы мен жұртты күлдірейін деп әдейі күлкілі етіп жазуды ойлаған емеспін. Ішкі-сыртқы саясатымыздағы, тұрмыс-тіршілігіміздегі кем-кетікті өзім көріп-біліп жүрген күйінде айтып беремін. Соным оқырмандарға ұнаса, ол маған Құдай берген жазушылық қабілет қой. Қуана күлетін жағдай болмағанда адам налып, ашынып күледі емес пе? Мен көбінесе солай күлемін. Менің ұстазым – Антон Павлович Чехов. Күлу үшін ғана оқи салғанға оның күлкісі жеңіл, қызықты сияқты көрінеді деп ойлаймын, ал қайталап, ойлана оқысаң, қоғамының, қоршаған ортасының жан ауыртқан көлеңкелі жақтарын ғажап ашып береді. Соны түйсініп, Чеховтың портретіне қарағанымда кейде жылағым келеді, – деген Несин әңгіме ағысын басқа арнаға бұра қойып, қазақ әзіл-сықағының қазіргі ахуалын айтып беруімді қалады.

Мен білетінімді айтып:

– Жазғандарымыз баспасөзде жарияланып, кітаптарымыз шығып тұрады, – деп аяқтадым. Ол «иншалла» деп біраз үн-

сіз отырды да, қағаз-қаламын алып, жымыып, оған төрт текшені сызды. Одан кейін маған қулана қарап:

– Совет сатириктеріне, Ғаббас бей, сіздерге жаным ашиды. Сіздер мына төрт текшенің ішіндесіздер, – деп сызғанын алдыма жылжытып қойды. – Бұдан шыға алмайсыздар. Мұның сыртындағы билікті, коммунист басшыларды сынауларыңызға жол жоқ. Кейіпкерлеріңіз, ең шірегенде, кәсіподақ ұйымының бастығы болады, рас қой? – деді.

– Шындықты мойындамасқа дәт жоқ, – дедім.

– Сатираға еркіндік, кеңшілік керек. Ешкімге, ешқайда жалтақтамай, батыл жазғанда ғана сатириктің ойы да, тілі де еркін, бай болады, кейіпкерін суреттеуіне керек теңеулерді сонда ғана таба алады. Еркіндіксіз совет сатириктерінің кейіпкерлері сол себеппен біріне бірі ұқсас бола береді, сатирасының тілі де тым өткір болмайды. Әсіресаясатшыл редакторлар қосымша цензор болып, жазғанын түзеудің орнына күзеп отырады, ол жағын да білем, менің досым Леонид Ленч анау жылы осында шыққалы жатқан жинағымдағы бір әңгімемді редактор алып тастамақ болғанын менің аудармашымнан естіп, күзегіш редактормен шайқасып, әйтеуір, жеңіпті. Сонда Түркиядағы менің әңгімем, иә, фельетоным емес, жай ғана әзіл әңгімем әлгі редакторға осында зиянды болатын сияқтаныпты. Соның өзі сатираға сюжет қой?! – деп мырс-мырс күлді.

Мен де күлдім: «Жалын» баспасынан шығатын «Тарихта қалғың келе ме?» жинағымдағы бір әңгімемді «саяси қырағы» редактордың пышағына ілініп кетуден қорғап «шайқасып», баспа директорына дейін барғаным есіме түскенді.

– Ғаббас бей, менің әңгімелерімді орысшаға аудармадан оқисыз ғой, аудармасы қандай дер едіңіз? – деді.

– Маған ұнайды, аударуыма жеңіл.

– Көп аудардыңыз ба?

– Төрт әңгімеңізді аудардым. «Литературная газетада», тағы бір журналда шыққандарын. Сіздің кітаптарыңыз бізде жоқ, егер болса, бәрін де аударар едік, қазақ оқырмандары қолына тиген сол аздың өзіне қызығып, бізге хат жазып, кітаптарыңызды қайдан алуға болатынын сұрайды.

– Солай деңіз. Мен бұл жайтты Марковқа, Ленчке айтармын. *(Георгий Марков – КСРО Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы, Леонид Ленч – көрнекті әзіл-сықақшы, Әзекеңнің досы – Ғ.Қ.)*

– Құрметті Несин аға, біздегі бірінші аудармашыңыз – сізге кеше сыйлаған кітабымда айтылған Оспанхан Әубәкіров, ол «Ахиреттен келген хаттар» хикаятыңызды аударып, газетке шығарды. Өте жақсы аударды, өзі жазғандай жеңіл оқылады. Оспанхан – әзіл-сықағымыздың сардары!

– Рахмат, жахсы, рахмат! – деп Әзиз бей ерекше риза болды. «Аға» деуімнің мағынасын сұраған Вераға «старший брат» деп түсіндіргенмін, әлде сол сөзім әсер етті ме, сәл қиықшалау қой көзі күлімдеп, маған жылы қарап:

– Ғаббас бей, Ленчке тапсырамын, иншалла, ол менің кітаптарымды сізге жібертеді, – деді.

...Несин құрылтайдың аяқталуына қарамай еліне аттанып кетіпті. Оны Қалтай ағадан естідім.

– Әзиз бей ағаң саған сәлем айтты, – деп жымыңдады Қалекен. – Ресторанда отырғанымызда «Биыл кітабым әлі шыққан жоқ» деп өтірік айтуға мәжбүр болыпты. Жаңа кітабының он шақтысын ала келген екен, осындағы достары талап алып, әйтеуір, маған біреуін сақтапты. Шерхан екеуіңе сыйы болмаған соң, маған оңашада берді. Сол кітабы, міне. Түрік тілінде. Мұны да аттанарында саған бер деп тапсырды. «Ғаббас бейге арнап салып жіберермін, саған сонда қайтарар, оған дейін түпнұсқасымен таныса берсін» деді.

Ол кітабының аты – «Дүлейлер босады». Хикаяттар жинағы.

Әзиз бейден маған арнайы кітап келмеді. Еліне оралысымен жауапқа тартылып, «байтал түгіл, бас қайғыға ұшырағанын» естідім. Оның есесіне кейінде Мәскеуден әзіл-сықақ әңгімелерінің орыс тіліндегі үш жинағын және түрік тіліндегі «Gol kroli» («Гол королі») романын алдым. Кім жібергені атап көрсетілмепті, «Художественная литература» баспасынан келді. Автордың өтінуімен шығар. Солардан «Футбол королі» романын, «Әңгіме оқи отырыңыз» деген атпен әңгімелер жинағын – екі кітабын қазақшалап шығардым. Роман аудармасын қайта қарап, атын «Футболдың сұлтаны» деп өзгертіп, түрік әлеміне «сұлтан» сөзі етене ғой, осы жинаққа енгізуді жөн көрдім.

* * *

Қазақ оқырмандар Әзиз Несиннің өмірбаянынан толық хабардар емес. Аударып шығарған екі кітабына алғысөзімде, одан бұрынғы «Иә, Әзиз бей, Сіз кімсіз?» деген мақаламда қысқаша ғана айтылды. Енді сол «әттеген-айдың» орнын толтыруым қажет деп біліп, Несиннің «Оқырмандарыма мың бір сәлемін» алғысөз етіп, өзінен естігенім, Л. Ленчтің, басқалардың жазғандарынан оқығаным бар, соларға сүйеніп, қосымша бірер мағлұмат келтіруді ұйғардым.

Балалық шағының базары жұтаң болған Несин күнкөріс қамындағы әкесіне көмектесіп, шамасы жеткен жұмыстың бәріне жегіліп, «кедейшілік» деген итпен алысып жүріп ержетті де, әскери борышын өтеуге алынды. Ол жақ та оңып тұрған жоқ еді, «әлімжеттіктің» қорасына қамалып, көресісін көре түсті.

Өмірі өрмекшінің торына айналған Несин одан сытылудың қолынан келер бір ғана жолы – оны жұрт алдында келекелеу деп білді де, әзіл-сықақ әңгіме мен фельетонды қару

етті. Әкесінің: «Сен жазу-мазуды қой, тіл ал, жансақтарлық басқа бірдеңемен айналыс» дегеніне иліккен жоқ. Ол, әрине, «жазу-мазумен» мәз болармын деп ойламады, оны-мұны ұсақ-түйекпен сауда істеп, газет сатып, фотограф болып, жалданып есеп-қисап жұмысымен де шұғылданып жүрді. Алайда «қалтасының томпаюына» негізгі себеп «жазу-мазуы» болды, әңгімелерін газеттер таласып жариялай басып, қаламақы төледі.

Найзасы мен шоқпары да, қылышы мен бесатары да қаламы болғанына 40 жыл толғанда сыр шерткен бір сәтінде оның тілектес оқырмандарының бірі:

– Әзиз бей, шығармаларыңыздың басқасын айтпағанда, бүгінге дейін жазған әңгімеңіздің саны екі мың деседі, сол рас па? – дегенде Несин:

– Мен он адамды асырауға тиіс болып жүрмін. Егер отбасымда жиырма адам болса, онда мен төрт мың әңгіме жазған болар едім, – депті.

Жазғандарының жарияланғандарына қаламақы алып, әжептәуір «байи бастағаны» рас болған, бірақ дарынына сай даңғыл жол табылмады. Билік деген сиқырлы дүниенің кем-кетігін «суреттеген» фельетоны шыққан сайын сотқа сүйреліп, түрмеге тоғытыла берді. Құрықтарына ілікпес үшін қитұрқы бүркеншік аттармен жазса да, тауып алады. «Әзиз» деп әкесінің атын да пайдаланғаны кейін белгілі болды (біраз жұрт өзінің аты Әзиз екен деп шатысыпты. Мен де бұрынғы жазбаларымда «Әзеке» дегенмін. Мәскеуде екінші күні «Әзеке» деп қалып отырғанымда маған жылы жымия қарап, тілмашы арқылы мән-жайды ұғындырды да, мен не «Әзиз бей», не «Несин аға» деуге көштім).

Несин жиыны неше фельетон жазғанын, сол үшін түрмеде неше рет, неше жыл отырғанын санап айтқан емес. «Фельетон былай тұрыпты-ау, сықақ әңгімем үшін де таяқ жедім. Анау әңгімемнің, мынау әңгімемнің кейіпкері «өзі екенін

дәлелдегендер» мені түрмеде жиыны алты жылдай ұстады, оның жарты жылын маған Египеттің королі Фарук «сыйлады» – мен бір әңгімемде «оның ар-ұятына тіл тигізіп» қойыппын, сол үшін Анкараның сотынан бір-ақ шығарғаны ғой» дегені ғана бар.

Несин әдебиетке қадамын ақын болуды армандаумен де бастапты. Әуелгі лирикалық өлеңі 1939 жылы «Еди гюн» газетінде шыққанда атақты ақын ағасы Назым Хикмет оған: «Өлеңнің басын ауыртпай, әңгімеңді жаза бергенің жөн болар» деген көрінеді. Інісі бәлденбей, өкпелемей тіл алып, әзіл-сықақ жаққа біржола көшкен. Тұңғыш әңгімесі 1943 жылы «Миллет» газетінде басылыпты. Сөйтіп, ол қалам ұстаған 56 жыл бойында әзіл-сықақ әңгімелерінің 34 жинағы, өлеңдерінің 5 жинағы, 8 романы мен 6 пьесасы шығып, әлем әдебиетіндегі ірі тұлғалардың бірі болды. Әдеби-ғылыми іспен де шұғылданып, «Республика дәуіріндегі түрік әзілінің тарихы» деген еңбек жазды (үш том). Журналшылық сұхбат, репортаж, мақала кітаптары өз алдына.

1976 жылы «Назым Хикмет қоғамын» ашып, ақынның әдеби еңбегін насихаттауды қолға алды және «Бейбітшілікті жақтаушылар қоғамын» ашып, термоядролық соғысқа, Түркияға американдық әскерлерін орналастыруға қарсы күш біріктіруге кірісті. Сонымен қатар 1976-1984 жылдары «Түрік жазушылары бірлестігін» ұйымдастырып, түрік қаламгерлердің құқын қорғау мәселелерімен шұғылданды. Ол игі істеріне қаржы табу үшін 1976 жылы «Әзиз Несин қорын» ашып, жыл сайын бір мың бет шамасы кітап шығарып, одан түскен қаламақыны ортаға салып отырды.

Енді Әзиз бейдің шығармашылық мерейіне көз жіберсек:

1956 жылы әзіл-сықақшылардың Италияда өткізілген Халықаралық ІХ бәсекесінде «Піл» аталған Хамди қалай ұсталды?» хикаятына 1-сыйлық пен «Алтын шынар» медалі берілді.

1957 жылы сол бәсекеде «Қазан орнатудағы қонақасы» әңгімесі тағы да бәйге алды.

1959 жылы «Мен Ататүрікпен әнімелестім» памфлетіне Түркия журналшылары одағының сыйлығы берілді.

1966 жылы Болгарияда өткен бәсекеде «Патриоттық парыз» әңгімесі үшін «Алтын кірпі» медальін;

1968 жылы «Ол қалуға тиіс» әңгімесі үшін «Крокодил» журналының халықаралық сыйлығын;

1970 жылы «Миллет» газетінің негізін қалаған Али Нәджми Қаражанды еске алуға арналған бәсекеде «Қаракөз» пьесасы үшін бас жүлдені алды және сол жылы «Чичу» пьесасына Түрік лингвистер қоғамының сыйлығы берілді. Несиннің бұлардан басқа да жетістіктері аз емес.

1968 жылғы бір сұхбатында Несин: «Мен 53 жастамын. 53 кітабым 23 елде 17 тілде басылып шықты. Пьесаларым 7 елдің сахнасында жүріп жатыр» деді.

Азия және Африка жазушыларының бірлестігі әдебиеттегі аса зор еңбегі, қоғамдық-саяси белсенді қызметі үшін Әзиз бейге 1974 жылы «Лотос» журналының сыйлығын берді.

...1971 жылы болар, Несин, әйелі Мераль, үш ұлы мен қызы бар – бесеуі отбасылық әңгіме-дүкен құрады. Отағасы:

– Мераль, балаларым! Мен өзім көрмеген рахат тұрмысты сендерге көрсете алдым. Айналайын балаларым, әрқайсысыңа үй, саяжай сатып әпердім. Жоғары білім алып, қызмет істеуге кірісетін, яғни өз төтелеріңмен өмір сүретін күндерің де жақын. Сол күннен бастап мен қолымдағы артық ақшамды, алатын қаламақымды жетім балалар үйін салуға және сол үйді ұстауға жұмсасам деймін. Ол үшін арнаулы Қор ашамын. Мен өлгеннен кейін де маған тиесілі қаламақы келетін болса, оның да сол Қорға құйылуын заңдастырамын, – деген кезде ортаншы ұлы Әли әкесін құшақтай алып:

– Көке, көке! Өлмеші! Өлмеші! Маған үй де, саяжай да керек емес! – деп ботадай боздапты. Басқа балалары да қосыла жылап, әңгіме аяқталмай қалыпты.

Алайда Несин отбасылық әңгімені көп ұзатпай тиянақтап, айтқан үйін салуға жер алу, құрылыс жұмыстарын жүргізуге қажет құжаттарды жасатып, жарғысы мен бағдарламасын жазып, іске кірісіпті.

...Стамбұлдың батыс жағында, алпыс шақырым жерде, Чаталжа деген шағын елді мекен бар. Бау-бақшалы. Биік үй дегенде көзге бірден түсетіні – төрт қабатты ғимарат. Ол – «Әзиз Несин қорының» құзырындағы интернат. Қордың басшысы – Несиннің ұлы, физика-математика және философия ғылымдарының докторы, әлгі «жылауық» Әли.

Интернатқа үш-төрт жастағы тұлдыр жетім балалар және тұрмыс жағдайы өте ауыр отбасының сол жастағы балалары қабылданады да, олар жасы кәмелетке толып, қалаған оқуын бітіріп, жұмысқа кіріскенге дейін осында тегін тұрады. Интернаттың бюджеті – Әзиз Несиннің қаламақысы, яғни оның Түркияда, шет елдерде қайталап шығарылып жататын кітаптарынан, қойылып жататын пьесаларынан, оның шығармаларынан жасалған кинофильмдерден түсетін табыстың келісімді шарт бойынша белгіленген пайызы.

Жетімдер үйі әу баста шағын болған да, сегіз ғана бала қабылданған. Одан кейінгі жылдарда ғимарат кеңітіліп, бала саны көбейе берген. Ақпарат құралдарының айтуына қарағанда, Несин қайтыс болған 1995 жылы интернатта 86 бала тұрыпты.

Несин интернаттың жарғысы мен бағдарламасын жазғанда қабылданатын түрік балаларын елдің тарихын, ғылым-білімін, халықтың салт-дәстүрін сыйлайтын, ана тілін құрметтейтін инабатты, білімге, еңбекке құштар етіп тәрбиелеуді қадап-қадап айтқан. Меніңше, интернат түлегін Ататүріктің өсиетіне адал болып: «Мен – түрікпін!» дей алатын Азамат дәрежесіне жеткізуді көздеген. Сол игі мақсатының бір нышаны – интер-

натқа өзінің кітапханасын – 20 000 кітапты тарту еткен. Оған қосымша: көркем табиғат суреттері, сыйлық бұйымдар, әдеби газеттер мен журналдардың тігінділері және бар.

Интернаттың, Қордың жұмыстары Түркияның Білім министрлігімен ынтымақтаса жүргізілетін болған.

Айтпақшы, 1960 жылдың мамырында Түркияда саяси төңкеріс болып, билік генерал Джемал Гюрсел бастаған Ұлттық бірлік комитетіне тигенде халықтың мұң-мүддесін қорғаушылар жағындағы Әзиз Несин «Алтын шынар» жүлдесінің ақшасын мемлекет қазынасына тапсырыпты...

«Мен жұрттан екі жайтты ғана жасыра алдым. Бірі – шаршағандығым, екіншісі – жасым. Егер өмірге екінші рет келсем, азырақ шаршауды ойлар едім, ал жасым... кейбіреулер: «Сенің өңің жап-жас, баяғыда осындай едің, қартаймапсың» деседі. Е, олар менің қартаюға уақытым болмай жүргенін қайдан білсін!» депті Несин бір сұхбатында.

Әлемге танымал Әзиз Несин 1995 жылы, жасы сексенге қарағанда қайтыс болды. Өкінішке қарай, ол өмірінің соңғы кезеңінде, 1993 жылы, бір «қызық» жасады. Тегі үнділік ағылшын жазушысы Ахмед Салман Рушди 1988 жылы «Албастының әуені» деген роман жазып шығарыпты. Ол бүкіл мұсылман әулетін кемсіткен кітап делініп, Иранның басшысы аятолла Хомейни авторды сырттай өлім жазасына кескен және мұсылмандарға оны қолға түскен жерінде өлтіру сауап болатынын жариялаған. Рушди жасырынуға мәжбүр болған.

Несин сол романдан үзінді аударма жасап, бір газетке жариялапты. Сірә, «біздің бетпақ билікке бас шұлғи беретін байғұстығымызды айтқан осы тұсын жұрт оқып көрсін» деген ойы болса керек. Сол үшін қуғынға тап болды. 1993 жылы Сива қаласына мәжіліске жиналған, арасында Несин бар жазушылар жатқан мейманханаға шабуыл жасалып, әйтеуір, достары Әзиз бейді әрең құтқарып қалыпты.

Елдегі биліктің кедір-бұдырын бұрын да әжуәлап жүрген Несин Сивадағы шатақтың шырғалаңына ілігіп, енді билікке ғана емес, билікшілдерге де жақпай қалды. Кітаптары қайталап басылмады. Туғанына 90 жыл, 95 жыл толуы аталған жоқ. 90 жыл толар қарсаңда, 2003 жылғы мамырдың 25-і күні Түркияның премьер-министрі Реджеп Тайып Ердоған мырзаға қазақ сатириктерінің атынан хат жазып: «Әлем әдебиеті, оның ішінде қазақ әдебиеті саясаткер Әзиз Несинді емес, әзіл-сықақтың сардары Әзиз Несинді іздеуде, әдеби мұрасының жағдайынан хабардар болғымыз, кітаптарын алып оқығымыз келеді» деген мәнде хат жолдадым. Өкінішке қарай, жауапсыз кетті.

Шығармалары өзінің ғана қажетіне емес, халқының қажетіне жараған жазушы мерейлі, бақытты. Әзиз бейдің туындылары әлемдік әдеби құндылықтар қорына қосылды, яғни ол ең бақытты қаламгерлердің бірі болды.

Әзиз бейдің: «Егер мен жарық дүниеге қайтадан келсем, осы жолыммен тағы жүрер едім, – деп «бірсөзділігін» байқатып: – бірақ шығармаларымды қазіргісінен неғұрлым көп те жақсы жазар едім. Алайда адамзаттың тарихында о дүниеден оралғандар болмапты, ендеше, мен де оралмасқа осы күйімде кете барармын» дегені есімде. Ғажап күлкісін құдіреттендіре түсуге қабілеті барын, тек уақыты жетпесін айтқаны-ау!

Әлеми атақты әзіл-сықақшы Әзиз Несин өмірінің өрнектері «Әкесі мен баласының хаттары» деген атпен 1994 жылы шыққан кітапта бар. Ол кейінде толықтырылып, 2002 жылы «Менің аяулы әкем», «Менің сүйікті ұлым» делініп шықты – Несин мен Әлидің жазысқан хаттарының жинағы.

Несин Ағамызды алғаш және ақырғы рет көргенімнен беріде 22 жыл өтті. Қоңырқай жылы жүзі – көз алдымда, қоңыр үні – құлағымда.

2003 жыл

МАЗМҰНЫ

<i>Оқырмандарыма мың бір сәлем!</i>	5
Достарым, кешіргейсіңдер!.....	12
Еріксіз демалыс.....	13
Кеңірдегіңді аяма!.....	14
Мойындайсың ба, жоқ па?.....	19
Дамбалына бау алуды ұмытпа!.....	22
Сюжет.....	26
Полицейлерге жаным ашиды.....	29
Су тегін жұмысшы.....	30
Кім не дейді.....	33
Сонымен, сөйтіп, не болды?.....	40
Ешкім ештеңе білмейтін елде.....	43
Тарих неден басталады немесе мұншама ақымақшылық жасағанымыз неліктен?.....	51
Періште босап тынды.....	64
Қайран сөз!.....	74
Белсенді әйел.....	87
Шарапханадағы сырласу.....	91
Орныңды таба біл.....	97
Газет неге жабылды?.....	109
Шерменде қашан туған?.....	118

Тіс щёткасының қылы.....	123
Құдіретті ысқырғыш.....	132
Құрдымға құлап барамыз!.....	138
Ішерханадағы шатақ.....	142
Сиқыр айна.....	149
Мысекең сорлады.....	156
Не жаңалық бар, Жафар бей?.....	162
Оркестр кісі.....	168
Алаңдағы сағат.....	176
Үш періштенің шешесі.....	186
Құпиялы пірөдар.....	189
Агент ОХ-13.....	200
Қатерлі түн.....	205
Бәленің бәрі шұлықтан басталады.....	213
«Кәдімгі есекпіз!».....	217
«Адам болмаймыз!».....	220
Ассало-о-оумағалейкүм!.....	228
Сіздің елде әлде есек аз ба?.....	231
Әпенді қалқам.....	240
Ахмет бей мен өгіз.....	253
Өзін-өзі танымаған король.....	256
Өзіңізге қарап алыңыз.....	260
Дүниеде жоқ мәшине.....	266

Майшабақ пен шыныкөз	274
Жиі-жиі келіп тұрыңыз!.....	276
Мақала жазудың мәселесі.....	282
Жұлқыласуға құмармыз-ақ.....	286
Оңаша әрекет және гуманизм.....	288
Егер	289
Цифрлар сөйлесін	292
Жер аударылғанда	293
Сирек кездесетін сұмырай	299
Қаламым – алтыншы саусағым.....	314
Ататүрікпен әңгімелестім	321
<i>Әзиз бейден бір байғазы.....</i>	<i>327</i>

Үздік шетел классикасы

Әзиз Несин

СИҢЫР АЙНА

Әңгімелер

Аударған Ғаббас Қабышұлы

Редакторы *Айдана Сыдықбай*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқанов*
Корректоры *Мөлдір Мәулетқұлова*
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Басуға 22.02.19 қол қойылды.
Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 19,99
Тапсырыс №0020. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13
«РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13